

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ
ИНСТИТУТЫ

**ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ:
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖАҢА ТРЕНДТЕР**

Алматы, 2023

ӘӨЖ 32 (035.3)

ББК 66.0

Ц 42

*ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының
Ғылыми кеңесімен ұсынылды*

ҚР ҰҒА академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы,
профессор **С.Т. Сейдумановтың** жалпы редакциясымен

Пікір білдірушілер:

Е.К. Алияров, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор

Т.Қ. Әуелгазина, саясаттану ғылымдарының докторы, доцент

Ш.А. Ишмұхамедов, саясаттану ғылымдарының кандидаты

Ц 42 Цифрландыру және қазақстандық жастардың саяси мәдениеті: өзгерістер мен жаңа трендтер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2023 – 322 б.

ISBN – 978-601-269-417-8

Бұл ұжымдық монографияда ел өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және тағы да басқа көптеген салаларының белсенді түрде цифрлануы аясында қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеру тенденциялары жан-жақты зерттелінеді. Саяси мәдениеттің өзгеру беталысын анықтау қоғамдық сананың жаңғыруының жаңа аспектілерін, цифрлы технологияларды енгізумен байланысты оның жағымды және жағымсыз ықпалдарын айқындауға мүмкіндік береді. Заманауи цифрлы технологиялардың жаппай таралуы жағдайында әлемдік цифрландыру саласында көшбасшы саналатын елдер жастарының саяси белсенділігінің артуына салыстырмалы талдау жүргізілді және жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалының ортақ белгілері анықталады.

Аталмыш ұжымдық монография саясаттану мамандығы бойынша ғылыми сарапшылық қауымдастыққа, жастар саясатымен айналысатын мемлекеттік органдарға, жоғарғы оқу орындарында білім беретін оқытушылар мен оқитын студенттерге, жалпы қалың оқырман қауымға арналады.

** Ұжымдық монография №АР09057996 «Қазақстандық жастардың саяси мәдениетіне цифровизацияның ықпалы» ғылыми зерттеу жобасы шеңберінде дайындалды және жарыққа шықты.*

ӘӨЖ 32 (035.3)

ББК 66.0

ISBN – 978-601-269-417-8

© ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты ШЖҚ РМК, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. Саяси мәдениетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері (<i>Төлен Ж.М.</i>).....	7
2. Цифрландыру жағдайында қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруі (<i>Айтымбетов Н.Ы.</i>).....	57
3. Политические последствия цифровизации общества: тренды и перспективы (<i>Токтаров Е.Б.</i>).....	111
4. Цифрлы трансформация: әлемдік және қазақстандық тәжірибені салыстырмалы талдау (<i>Фазылжан Д.</i>).....	175
5. Электронды демократияның даму болашағы мен келешегі (<i>Нысанбек Ү.М., Дүйсенов Н.Т., Беркінбай И.О.</i>)....	227
6. Қазақстанның білім беру жүйесін ақпараттандыру мен цифрландыру: қазіргі жағдайы мен келешегі (<i>Тухмарова Ш.К.</i>).....	246
7. Ақпараттар ағымы заманында қазақстандық жастардың қақтығыстық әлеуетін математикалық модельдеу арқылы анықтау (<i>Ысқақ О.Е.</i>).....	261
ҚОРЫТЫНДЫ	319

КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде цифрландыру үрдісі қарыштап дамып келеді және ол қысқа уақытта жаһандық трендке айналып үлгерді. Бұл трендті әлемдік көшбасшылар бүгінгі күні әлемдік экономиканың дамуының қозғаушы күші ретінде қабылдап отыр. Осы тенденция толқынымен әлемнің жетекші елдері заманауи алдыңғы қатарлы озық технологияларды өз ішінде тек экономика саласына ғана емес, сондай-ақ, адам өміріне қатысты барлық салаға белсенді түрде енгізіп жатыр. Бұл өз кезегінде мемлекет тарапынан да және қоғам тарапынан да уақыттың жаңа талаптарына бейімделуге дайындалуды талап етеді.

Бұл ғаламды жаппай қамтып отырған үрдістен Қазақстан Республикасы да тыс қала алмайды. Қазақстанға цифрлы технологияларды енгізу алдағы уақытта экономикалық өсім мен әлемдік сахнада елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Нәтижесінде бүгінгі күні цифрлы технологиялар кез-келген қазақстандықтың күнделікті өміріне етене араласып, ажырамас бір бөлшегіне айналды. Ақпараттар ағыны өте жылдам қарқынмен таралып жатқан уақытта заманауи озық технологияларсыз бүгінгі қоғамның тыныс-тіршілігін елестету өте қиын. Соңғы жылдары цифрлы технологиялардың өте жылдам қарқынмен қарыштап дамуы қоғам өмірінің барлық саласына өзінің ықпалын тигізіп жатыр.

Бұл ұжымдық еңбектің алғашқы теориялық-әдістемелік бөлімінде саяси мәдениетті зерттеудің ғылымдағы негізгі тұжырымдары мен тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Саяси мәдениетті қалыптастырушы элементтер болып табылатын тұрақтылық, ұлттық құндылық, бағыт-бағдар және тағы басқа да ұғымдардың мәні терең ашылып көрсетіледі. Келесі тәжірибелік бөлімдерде ғаламдық өзекті тақырып болып отырған цифрлы технологиялардың жастардың саяси мәдениетіне ықпалын жан-жақты қарастыратын боламыз.

Нақтырақ айтқанда Қазақстанның болашағы саналатын жастар өздерінің күнделікті өмірінде Интернет пен әлеуметтік желілерді

белсенді түрде қолданатындығын статистика көрсетіп отыр. Олар ақпараттық коммуникациялық технологияларды қарым-қатынас, ақпарат алу құралы және өздерінің пікірін білдіретін алаңы ретінде санайды. Осы орайда елдің саяси өміріне араласуда жастардың белсенділік танытуында цифрлы технологиялардың қаншалықты ықпалы бар деген сұрақ бүгінгі күні қазақстандық сарапшылар қауымдастығын толғандырып отыр. Алайда осы сұраққа олардың арасында ортақ мәмілеге келетін бір жақты нақты жауап жоқ. Сондықтан аталмыш монографияның белгілі бір тарауларында осы сұрақтарға жауап іздестіретін боламыз.

Цифрлы технологиялар мен ақпарат құралдарының ықпалынан жастардың саяси мәдениетінде байқалатын өзгерістер, соның ішінде қазақстандық қоғамда пайда болуы мүмкін қауіп-қатерлер де авторлық ұжымның назарынан тыс қалмайды. Авторлар тарапынан цифрландырудың келешекте тигізетін жағымды және жағымсыз ықпалдарына жан-жақты шолулар және болжамдар жасалынды. Нақты айтқанда қазақстандық жастардың саяси мәдениетіне цифровизацияның тигізетін ықпалдарының түрлі аспектілерін талдап, оны тереңдеп ашып көрсетуге талпыныс жасалды.

Одан басқа да отандық білім саласына цифрлы технологияларды белсенді енгізумен тығыз байланысты «цифрлы теңсіздік» сияқты бүгінгі күннің маңызды проблемасы болып отырған тақырып та терең талданады. Цифрлы теңсіздік қазіргі уақытта жастардың ақпаратқа қолжетімділігін шектеп ғана қоймай, саясатқа қатысу мүмкіндігінен де айырып отыр. Дегенмен, жастардың басым бөлігі оған қарамастан қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, саяси белсенділіктің жаңа формасына оңай бейімделіп келеді. Әсіресе, әлеуметтік желілерде саяси шешімдерді талқылау және пікір білдіру, петициялар мен онлайн акциялар ұйымдастыру олардың саяси белсенділігін арттыруына қолайлы жағдай туғызып отыр. Осы мәселе бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдарға контент-талдау жасау, сарапшылар пікірін талдау және әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткіштеріне сүйене отырып өлшенеді.

Жоғарыда көтерілген мәселелерді тереңінен зерттеуде жалпылама ғылыми теориялық әдістермен ғана шектеліп қалмай, авторлар тарапынан жүргізген эмпирикалық мәліметтерге, математикалық модельдеу әдістеріне де жүгінетін боламыз. Сонымен бірге әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінде (АҚШ, Англия, Сингапур, Эстония, Жапония, ҚХР және т.б.) өмір сүретін жастардың саяси мәдениетінің цифрландырудың ықпалына ұшырауына интернеттегі қолжетімді ақпараттар негізінде салыстырмалы зерттеулер жүргіздік. Қазақстандық қоғамның шынайылығы мен шетелдік тәжірибені салыстыра отырып зерттеу нәтижесінде цифрландырудың жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалының ортақ тенденциялары анықталды. Аты аталған елдер арасында саяси тұрақтылық пен саяси даму үйлесімінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалды.

Біздің ұжымдық монографияның көтеріп отырған тақырыбы қазақстандық саясаттану ғылымы саласында бұрын соңды терең зерделенбеген жаңа бағыт болып табылады. Отандық ғылым саласында бірінші рет заманауи цифрлы технологияларды қолдану келешегі мен онымен байланысты туындауы мүмкін проблемаларды анықтау алға қойылып отыр. Зерттеудің басты мақсаты цифрландыру үрдісінде қазақстандық жастардың саяси көзқарастары мен идеялары, саяси мінез-құлқы мен бағыт-бағдарларының өзгеру тенденцияларын анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған жобаның нәтижелері мен қорытындылары Қазақстанда жастар саясатының дамуы мен тиімді іске асуына жағдай жасайтын болады. Бұл еңбек қазақстандық қоғамдық сананың жаңғыруы шеңберінде Қазақстанда жастардың саяси және цифрлы мәдениетінің қалыптасуын зерттеудің теориялық деңгейінің тереңдеуіне түрткі болады деп үміттенеміз.

1 САЯСИ МӘДЕНИЕТТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Төлен Жеңісбек Мұратбекұлы

Саясаттану ғылымында саяси мәдениет күрделі және көп қырлы құбылыс. Саяси мәдениет – жалпы мәдениеттің белгілі бір бөлшегі, құрамдас бөлігі болып табылады. Саяси мәдениетке қатысты ғылыми ортада мойындалған белгілі бір анықтаманың жоқ екендігін айтпасақ болмайды. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен мәдениеттің өзара байланысын, әртүрлі халықтар мен ұлттардың саяси үрдісінің дамуында дәстүрлер мен дағдылардың ықпал ету деңгейін, саясаттағы психологиялық факторлардың рөлін қарастырғанда, ежелгі тарих үлкен орын алады. Яғни қазіргі саяси мәдениет түсінігінің құрамдас бөліктерін анықтауда ерте замандардан Платон, Аристотель, Н. Макиавелли, Ш. Монтескье, А. де Токвил, М. Вебер үлкен рөл атқарды.

Саяси мәдениетті зерттеудегі негізгі концептуалды көзқарастар

«Саяси мәдениет» сөзін ең алғаш XVIII ғасырда неміс философы И. Гердер «Адамзат тарихындағы философия идеясы» еңбегінде қолданған болатын. Ол саясат пен мәдениеттің арақатынасын зерттей келе, «Саяси мәдениет», «Саяси мәдениеттің дамуы», «Саяси мәдениетті таратушы» деген тіркестерді айналымға енгізді. Бірақ аталған еңбекте саяси мәдениет термині қолданылғанмен, нақты ғылыми айналымға енгізілмеді [1].

Саяси мәдениет концепциясы ең алғаш 1956 жылы қалыптасты. Х. Файнер «Саяси мәдениетті» өзінің (1956) «Еуропа елдерін басқару жүйесі» атты кітабында қысқаша «Ұлыбритания, Франция, Германия, Кеңес Үкіметі елдерінің саяси мәдениеті мен басқару жүйесін салыстырмалы зерттеу» бөлімінде қарастырған [2]. Бірақ аталған кітапта саяси мәдениетке нақты бір анықтама берілмеген.

Дәл сол жылы саяси мәдениет концепциясын жасауға ең алғаш кадам жасаған американдық саясаттанушы Г. Алмонд болды. Ол өзінің «Салыстырмалы саяси жүйелер» атты мақаласында саяси мәдениетке жүйелі түрде анықтама берді. Еңбекте саяси жүйені талдай отырып, оның екі деңгейін ұсынады: институционалды және бағдарлық (ориентациялық). Институционалды деңгей әлеуметтік құрылымды қарастырса, бағдарлық деңгей саяси мәдениетті қарастырады [3].

Саяси мәдениет концепциясын Г. Алмонд пен С. Верба өздерінің «Азаматтық мәдениет», «Бес ұлттың саяси қағидалары және демократия» атты еңбектерінде әрі қарай жалғастырды. Олар бойынша «саяси мәдениет» жүйедегі өзіндік рөліне, саяси жүйеге қатысты және оның әртүрлі бөлімдеріне және қағидаларына қатысты спецификалық саяси бағыт-бағдарлар-қағидалар (attitudes) жиынтығы. Бұл әлеуметтік объектілер мен үрдістердің ерекше жиынтығына (a special set) байланысты бағыт-бағдарлар жиынтығы (a set). Саяси мәдениеттің негізгі міндеті қоғамдық ғылымдардың саяси белсенділігін арттыру немесе демократия қағидалары мен құндылықтарын орнату және оны басқа елдерге тарату [4].

Саяси мәдениет концепциясының одан әрі дамуына ықпал еткен аталған авторлардың 1965 жылы шыққан «Саяси мәдениет және саяси даму» еңбегі болды. Аталған зерттеу жұмысында 13 мемлекеттің саяси мәдениетіне түсініктеме беруге және салыстырмалы талдауға ұмтылған болатын [5]. Бастапқыда саяси мәдениет ұғымы саяси жүйелерді салыстыру мен топтастыру деп айқындалды. Г. Алмонд бұл ұғымға мынадай анықтама берді: «Әрбір саяси жүйе саяси іс-әрекетке, саясатқа қатысты бағдарлардың бірлігіне негізделеді. Яғни саяси мәдениетті саяси іс-әрекетке байланысты анық немесе жасырын бағдарлар құрайды» [6].

Г. Алмонд адамдардың субъективті психологиялық бағдарларын зерттеу арқылы тұтас қоғамның дамуын түсінуге болатынын көрсетті, өйткені ол саяси үрдістің деңгейін оған қатысатын адамдардың көңіл күйлері, сенімдері мен сезіміне тікелей

байланысты қарастырды. Ол өз зерттеулерін халыққа сауалнама жүргізу арқылы жасады. Бұл бағыт ғылымда «бихевиоризм» деп аталды. Бихевиористер қоғамдық саяси тұрақтылық пен дамуға жетудің тетігі мен әдісін анықтауда биліктің бірнеше түрлерін және құқықтық жүйе мен нормаларды көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық даму мен тұрақтылыққа жетуге септігін тигізетін немесе кедергі жасайтын байланыстарды анықтауды мақсат етті.

Г. Алмонд саяси мәдениетті саяси бағдарлар ретінде қарастырды. Т. Парсонс пен Э. Шилстің теориясына негізделі отырып, саяси бағдарлардың келесідей: когнитивті, аффективті, бағалау түрлерін бөліп көрсетеді. Жалпы саяси мәдениетті Алмонд бойынша саяси бағдарлармен сипаттау саяси мәдениеттің мәндік ауқымын тарылтады. Г. Алмонд пен С. Верба өздерінің «Азаматтық мәдениет» атты еңбегінде саяси мәдениетке анықтама бере отырып, саяси мәдениетті анықтайтын оның төрт негізін көрсетті.

1. Саяси мәдениет тұрғындарға тән саяси бағдардың бірлігімен ерекшеленеді.

2. Саяси мәдениеттің танымдық, сезімдік және бағалау құрамалары саяси нақтылыққа қатынастағы сенімдерді, саясатқа қатынастағы сезімді, саяси құндылықтарға бой үйретуді қамтиды.

3. Саяси мәдениет бірқатар факторлардың әсерімен құралады: балалық әлеуметтану, білім алу, бұқаралық ақпарат құралдарына ашықтық, үкімет мекемелерімен қатынасу тәжірибесі, әлеуметтік-экономикалық нақтылықтың әсері.

4. Саяси мәдениет саяси және үкіметтік құрылымдардың қызмет етуіне әсер етеді, бірақ бұл олардың қызметін анықтай алмайды. Саяси мәдениет пен саяси құрылымдар арасындағы себепші тәуелділік олардың қызмет ету саласына сәйкес екіжақты [7].

С. Верба қоғамның саяси мәдениетін тәжірибелік сенімдер, экспрессивті рәміздер мен құндылықтар жүйесі ретіндегі көрініске ие және осылардың жиынтығы саяси әрекет жүзеге асып отырған жағдайдың шеңберін анықтайды, яғни саяси мәдениет саясатқа қатынастағы субъективті бағдарларды қамтамасыз етеді деп қарастырады.

Автор саяси мәдениетті ең бірінші адамдардың саясат туралы эмпирикалық сенімінің жүйесі ретінде көрсетуге мән береді, яғни кез келген елдің саяси мәдениетінің ажырамас бөлігі экспрессивті саяси рәміздер (ұлттық ту, әнұран, елтаңба), сонымен қатар құндылықтар жүйесі болып табылады. Саяси мәдениет, ең біріншіден, саяси сенім, яғни саяси іс-әрекет пен саяси институттардың үлгісі туралы ойлардың құндылықтық-нормативті жүйесі [8]. Сонымен қатар саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен саяси позициясын түсіндірумен бірге, олардың мінез-құлқын реттеп отырады.

Саяси мәдениетті анықтауда С.Верба «тәжірибелік сенімдерге» басты назар аударады. Ол бірінші орынға саяси жүйелер мен акторлардың мінездемесі ретіндегі «тәжірибелік сенімдерді» қояды. Ол саяси мәдениет пен мәдениеттің арасындағы қатынасты қарастыра келе, белгілі бір мәдениет шеңберіндегі сенімдер, нормалар мен құндылықтар нақты саяси мәдениеттің қалыптасуында үлкен рөл атқаратынына баса назар аударады.

XX ғасырдың 60 жылдарының екінші жартысы мен 70 жылдары саяси мәдениет концепциясы американдық атақты саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар Л. Пай, В. Ки, Р. Маркридис, В. Нойман, Д. Марвик және т.б. зерттеушілердің қолына өтті. Ең алғаш бұл концепция АҚШ-та кең етек жайса, біртіндеп басқа да елдерге тарап, саяси үрдістер мен саяси жағдайларды зерттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде қолданылып, дами бастады. Бүгінгі күнге дейін жеке елдердегі, аймақтардағы саяси мәдениеттің әртүрлі аспектісіне байланысты көптеген еңбектер, зерттеулер жарық көрді.

Американ саясаттанушысы Л. Пайдың зерттеуі бойынша: «Кез келген саяси жүйеде саяси әрекетке мән беретін, саяси институттарды тәртіпке келтіретін (underlying assumptions and rules) және іс-әрекетке әлеуметтік мағына беретін саясаттың субъективті сферасы өмір сүреді. Тек саяси мәдениет ғана саяси үрдісті мәнмен, форма мен болжаммен қамтамасыз етеді. «Саяси мәдениет» ұғымы қоғамның дәстүрі, оның қоғамдық-бұқаралық институттарының рухы, оның мүшелерінің эмоциялары мен

ұжымдық қағидалары (set of attitudes, believes and sentiments) – бұл өзара қатынастардың нақты тізбегін құрайтын біртұтастықтың бір-бірімен өзара байланысты бөліктері» [9].

Саяси мәдениет тұжырымдамасын жасауда Л. Пай оны саяси үрдістердің ішкі мәні мен рухы деп қарастырады. Ал американдық саясаттанушы Д. Дивайн «АҚШ саяси мәдениеті» кітабында саяси мәдениет белгілі бір жүйе мүшелерінің ұстанатын түбірлі жүріс-тұрысы, саяси құндылықтардың кең таралған тарихи жүйесі ретінде сипаттайды [10]. Саяси мәдениет қоғамдық-бұқаралық іс-әрекет пен жеке жүріс-тұрыста бірдей орын алады. Байқағанымыздай, бұл тәсілдер саяси мәдениеттің субъективті бағытын көрсетеді. Саяси мәдениетті зерттеуші Т.Парсонс пен Е.Шилс оны саяси бағдардың қызметтік мағынасына орай үш құрамдас бөлікке бөледі:

- Когнитивті (саяси объектілерді білу және сезіну);
- Аффективті (сана элементтері – эмоция мен сезім осы объектілерге қатынаста салыстырмалы);
- Бағалау (осы объектілер туралы пайымдаулар) [11].

Т. Парсонс пен Е. Шилс саяси бағдарларды жіктеуде саяси мәдениетті саяси санамен қосарластыра қарастырады. Саяси мәдениет саяси сана мәдениетімен шектеліп қана қоймайды, ол тәжірибелік іс-әрекет бағытына қарай да дамиды. Осы тұрғыда саяси сана мәдениеті мен саяси жүріс-тұрыс мәдениеті қатар тұрып, тұлғаның саяси үрдіске, саяси жүйеге және саяси үрдістің тұлғаға тәжірибелік қатынасымен сипатталады. Саяси мәдениеттің ең шешуші шегі саяси жүріс-тұрыс (поведение) емес әрине. Сонымен қатар саяси мәдениет институционалданған деңгейдегі жүйенің қызмет атқару мәдениеті.

Саяси мәдениет қоғамның саяси өмірінің барлық салаларына таралады және өзінде саяси сана мәдениетін, саяси жүріс-тұрыс мәдениетін (тұлғаның, топтың, ұлттың), саяси институттар қызметін қоса қарастырады. Ал саяси өмір саласында көрініс беретін қағидалар, ұстанымдар, көзқарастар, жүріс-тұрыс үлгілері саяси мәдениеттің элементтері болып табылады.

Поляк ғалымы С. Вятрдың зерттеуі бойынша саяси мәдениет, үкімет пен азаматтардың өзара қатынасын білдіретін

айқындамалардың, құндылықтардың жиынтығы және мінез-құлықтар үлгісі. Яғни ғалым мәдениеттің мінез-құлықтық сипатына баса назар аудара отырып, мәдениеттің бұл түрінің төмендегі құрылымын бөліп көрсетеді:

- саясат туралы білімдермен, оқиғалармен танысу, оларға қызығушылық;

- саяси жағдайды бағалау, сондай-ақ өкімет не істеу керек деген пікірді бағалау;

- саяси ұстанымның эмоционалдық жағы, отанға деген сүйіспеншілік, жауға деген жек көрініш;

- саяси өмірді қалай ойдағыдай жасауға болатынын анықтайтын қоғамдағы мойындалған саяси мінез-құлықтың үлгісі [12].

С. Вятр саяси мәдениет концепциясын жасауда құндылықтар жүйесі мен мінез-құлықтар үлгісіне баса назар аударады. Осы пікірге сәйкес С. Липсет саяси мәдениетті әртүрлі демократиялық қызметтің заңдылығын сақтауға қызмет ететін қандай да бір дәстүрлердің жиынтығы ретінде анықтайды [13]. Бірақ та С. Липсет көзқарасы бойынша дәстүрлер мен құндылықтар, ол демократия принципінің заңдылығын сақтауға қызмет ететіндігімен ерекшеленеді.

Аталған сынның жалғасы ретінде саяси мәдениетке саяси жүріс-тұрыс элементтерін қоса отырып, оған кең түрде түсіндірме берген. Осы көзқарас негізінде американдық саясаттанушы Д. Пол саяси мәдениет құндылықтар, символдар конфигурациясын көрсетеді, сонымен қоса қоғамың саяси өмірінің негізінде жатқан жүріс-тұрыс және қағидалар үлгісі ретінде қарастырады.

Тағы бір американдық зерттеуші У.Розенбаум саяси мәдениеттің азаматтық өмірде көптеген мәселелерді қалыптастыруда психологиялық күшке негізделетінін айта келе, оған келесідей анықтама береді: саяси мәдениет – бұл азаматтардың күнделікті өмірінде тұрақты орын алатын жүріс-тұрыстары, ойлары, сезімдерінің концептуалды түсіндірмесі [14]. Бірақ саяси мәдениет түсінігінің қалыптасуына байланысты пікірлер уақыт өткен сайын күрделене бастады. Саяси мәдениет түсінігінің кеңдігі, оның қолданылу аясының ауқымдылығына орай Батыс елдерінде бірнеше түсініктер мен анықтамалар пайда болды.

XX ғ. ортасы мен соңына қарай саяси мәдениет концепциясының қалыптасуына байланысты оның мағыналық мазмұнына орай талас-тартыстар пайда бола бастады. Дау-дамай нәтижесінде екі түрлі көзқарас қалыптасты: бірінші, саяси мәдениет саяси бағдарлардың жиынтығы; екінші көзқарас, саяси мәдениетті мінез-құлық арқылы қарастыру керек [15]. Жалпылама алғанда, барлық зерттеушілер қандай да болмасын, қоғамның саяси мәдениетінің ерекшелігін анықтау үшін, саяси қағидалар мен бағыт-бағдарларға, топ пен жеке тұлғаның жүріс-тұрыс үлгілеріне, саяси институттардың қызмет ету ерекшелігіне, құндылықтардың қоғамға таралуы секілді феномендерге сүйенді.

Саяси мәдениет өзіне құраушы бөліктері ретінде көптеген ұрпақтар өмірі негізінде қалыптасқан саяси дәстүрлерді, өмір сүріп отырған саяси тәжірибені, идеяларды, сенімдерді қосып алады. Ол өмір сүріп отырған саяси жүйеге, оны құрайтын институттарға және ондағы қызмет етіп отырған адамның, қоғамның және мемлекеттің өзара қатынастарының принциптеріне қатынастағы адамдардың бағдары мен қағидаларын қамтиды.

Саяси мәдениеттің диктаторлық және демократиялық үлгідегі қоғамдағы азаматтардың жүріс-тұрысындағы ұқсас құндылықты бағдарлардың әрқалай жүзеге асатындығының ерекшелігін К. Манхейм бөліп көрсетті. Қазіргі либералдық бағыттағы қоғамның мәдени өмірі реттелмейтін қоғамдық құрылымдарға тән заңдылыққа бағынса, диктаторлық басқарудағы қоғамда бірінші қатарға институционалдық элементтердің әлеуметтік өмірі шығады [16]. Саяси мәдениет концепциясының тұтас методологиясына екі танымдық басымдық тән. Олардың бірі салыстырмалы, екіншісі әлеуметтанулық. Саяси мәдениеттің концепциясын салыстырмалы пайдалану астары ұлттық саяси құрылымдардағы және іс-әрекеттердегі айырмашылықтарды түсіндірудің өзіндік факторы ретінде қарастырылады. Әлеуметтік басымдық бірнеше саяси мәдениет ішіндегі өзара өзгеріп отыратын қарым-қатынастарды зерттеу кезінде негізгісі болып табылады. Мұнда негізгі талдау объектісі ұлт емес, жеке адам немесе топ болып саналады.

Ағылшын саясаттанушысы Д.Каванах саяси мәдениет туралы теориялық ойларды жүйелендіре келе, оны 4 топқа бөліп қарастырды:

1. Эвристикалық: ол адамның ішкі бағдарының саяси объектіге қатынастағы мінездемесін ашып көрсетіп, оған саяси сана мен саяси психология шеңберінде шектейтін саяси мәдениеттің психологиялық түсіндірмесін жатқызады;

2. Барлығын қамтушы: өзіне психологиялық қағида мен соған сәйкес субъектінің жүріс-тұрысын қамтитын саяси мәдениеттің жалпылама түсіндірмесін жатқызады;

3. Объективтік: саяси мәдениеттің негізін азаматтар мен топтардың жүріс-тұрысын нормалық қабылданған кескінде құрайтын шынайы тәсіл құрайды;

4. Психологиялық: саяси мәдениетті қажетті жүріс-тұрыс пен пайымдаудың жорамалдық нормативті үлгісі ретінде түсіндіретін ойлар құрайды [17].

Саяси мәдениет кең мағынасында елдің, ұлттың, әлеуметтік топтың, тұлғаның өмір сүру образының интегралды сипаттамасы ретінде саяси тәжірибелер, жүріс-тұрыс үлгілері мен саяси субъектілердің қызметі ретінде көрініс береді. Саяси мәдениет - әлеуметтік қоғамдастық пен жеке адамдардың саясат саласындағы тарихи тәжірибесі және тарихи жадылары, олардың саяси жүріс-тұрысына ықпал ететін қалыптасқан бағдарлары мен дағдылары.

Барлық қалыптасқан саяси мәдениет анықтамаларын үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олардың біріншісі салыстырмалы түрде тар ауқымды қамтиды. Саяси мәдениетті тұлғаның саяси бағдарлары, қағидалары мен жүріс-тұрыс үлгілерінің жиынтығы ретінде қарастырады. Екінші топқа саясатпен байланысты жалпы мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі оның кең ауқымды түсініктемесі жатады.

Саяси мәдениет түсінігін қарастыру көптеген зерттеушілердің еңбектерінде азаматтардың саяси өмірге саналы түрде қатысу деңгейімен анықталады. Осы тұрғыда саяси мәдениет мәдениеттің бөлінбейтін құрамдас бір бөлігі ретінде, адамдардың әлеуметтік-саяси қатынастар саласындағы іс-әрекет мүмкіндіктері мен

олардың саяси санасының деңгейімен сипатталады. Сонымен қоса саяси мәдениет саяси қатынас пен саяси биліктің негізгі нормалары мен принциптерімен де сипатталады.

Саяси мәдениеттің спецификалық ерекшелігі ол қоғамның саяси өмірінде қызмет ете отырып, мемлекеттік билікке қатысты адамдардың қарым-қатынастарын, көзқарастарын, ұстанымдарын қамтиды. Ф.М. Бурлацкий саяси мәдениетті саяси жүйенің қызмет ету үрдісіндегі саяси қатынастың сипаттамасы ретінде қандай да болмасын, қоғамның саяси жүйесінің ең маңызды шешуші элементі ретінде қарастыруды ұсынады [18].

Ресей әлеуметтану және саясаттану әдебиеттерінде кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі саяси мәдениетті талдау барысында екі бағытты бөліп көрсетуге болады. Бірінші бағыт өкілдері саяси мәдениетті «қоғамдық санадан» шығарады, оның бір көрінісі – идеология. Н.М. Кейзеров саяси мәдениетті қоғамдық мүддемен сәйкес келетін, топтық мүддені тәжірибелік реттеу мүмкіндігі мен спецификалық анықтау формасы ретінде қарастырады. Түптеп келгенде, барлық жүйе таптың, топтың мүддесіне сәйкес келуімен сипатталады [19]. Бұл бағытты қолдаушылар: В.Э. Бойков, В.Н. Иванов, Ж.Т. Тощенко, Р.М. Бурлацкий, А.А. Галкин. Кейбір авторлар саяси мәдениетті саналы түрде қоғамдық сананың сұрыпталған, електен өткен формасы ретінде қарастырса, ал басқа авторлар ол қоғамдық сананың саналы түрде електен өтпеген формасы түрінде сипаттайды. Аталған екі формада да саяси сананың барлық атрибуттарында орын алып, саяси құндылықтар, қағидалар, бағдарлар, жүріс-тұрыс ережелері мен идеалдарын қарастырады [20].

Екінші бағыттың көзқарасы бойынша саяси мәдениет саяси іс-әрекет, жүріс-тұрыспен (деятельность, поведение) сипатталады. Бұл бағыттың негізгі өкілдері: В.А. Шегорцов, Ч. Махош және т.б. пікірі бойынша саяси мәдениет іс-әрекеттің сапалы жағы, іс-әрекет ету мүмкіндігі өзіне қатынастық құндылықтарды қамтиды, өзіндік іс-әрекет ретінде оның өзіндік нәтижесіне алып келеді [21]. Бұл тұрғыда жаңа құндылықтарды тудыратын шығармашылық іс-әрекетке ұқсайды. Саяси мәдениеттің бұл өзіндік сапалы

тұрғысында барлық рухани мәдениеттегі «ядроны», «тірі жанды» көрсетеді [22, 16 б.].

Саяси мәдениетті түсіндіруге байланысты тағы бір көзқарасты атап өту қажет. Ол бойынша саяси мәдениет бағдарлардың, қағидалардың, құндылықтардың, саяси жүріс-тұрыс, іс-әрекет формаларының тұрақты қатынастық белгілі бір типі. Ал саяси мәдениет туралы қазақстандық ғалымдардың пікірлері ресейлік зерттеушілерден ерекшеленеді. А.И. Артемьев саяси мәдениеттің құрылымына ділдік (менталитет) категориясын қосады. Өйткені ділдік ойлау үлгісі, қоғамның және әрбір тұлғаның жалпы рухани қажеттілігі [22]. Яғни саяси мәдениеттің басты құрамдас бөлігі ділдік қасиет алдыңғы орынға шығарылды.

Қазақстандық әлеуметтанушы К.У. Биекеновтің пікірі бойынша, саяси мәдениет өзінің мән-мағынасы, қоғамдағы атқаратын рөлі арқылы қоғамның барлық рухани мәдениетінің ядросы. Саяси мәдениеттің көрінуі – саяси саладағы адам қызметінің тәсілі мен сипаты болып табылады. Саяси мәдениет бұл саяси құндылықтар мен институттар түрінде өмір сүретін, қоғамдық-саяси институттар мен үрдістердегі адамдардың осы құндылықтарды игеру деңгейін анықтайтын және олардың қатынастарында пайда болатын қоғамдық-саяси қызметті дамытудың және ұйымдастырудың тәсілі [23].

Ал саясаттанушы Ж.А. Шалабаев саяси мәдениетті адамның, әлеуметтік топтардың саяси қатынастары және тәжірибеде іске асырылған саяси мінез-құлық ережесін құндылықтармен байланыстыру арқылы түсіндіреді [24]. Г.А. Әбдікорова саяси мәдениетті тарихи тәжірибені пайдаланатын саяси әрекеттер жөніндегі білімнің, нанымдар мен көзқарастармен қатар шешімдерді қабылдау, саяси жүйе шеңберіндегі әлеуметтік саяси қатынастарды жүзеге асыруға бағытталған іс әрекеттер сапасы, тәсілі деп түсіндіреді [25].

Әлемдік саяси мәдениеттің теориялық-концептуалдық аспектісін қарастыра келе, саяси мәдениетті түсіндіру бойынша пікірлер, көзқарастар мен анықтамалар бір-бірімен кең ауқымда ерекшеленеді. Соның нәтижесінде бірнеше бағыттарға топтастырып қарастыруға болады:

- Психологиялық бағыт (Г. Алмонд мектебі). Саяси мәдениет саяси-әлеуметтік объектілер мен үрдістердегі психологиялық бағдарлардың жиынтығын қарастырады.

- Кешенді бағыт (Д. Мервик, Р. Такер, Л. Дитмер). Саяси мәдениетте саясаттағы болып жататын барлық мәселе жазылып қойылады. Ол саяси қатынастармен белгіленеді бірақ мағынаға ие болмайды.

- Объективтік (нормативтік) түсіндірме (Д. Пол). Саяси мәдениет қабылданған саяси жүйемен нормалар және саяси мінез-құлықтың үлгілерінің жиынтығымен анықталады.

- Эвристикалық концепция (С.Хантингтон). Саяси мәдениет қажет мінез-құлықтың гипотезалық нормативтік үлгісі ретінде ұғылады.

- Әлеуметтанулық бағыт (Р. Карр, Д. Гарджер, Ю. Тихомиров). Саяси мәдениет саяси жүйе қызметі шектеріндегі орнатылған жүріс-тұрыс матрицасы ретінде анықталады.

- Аксиологиялық түсіндірме. Саяси мәдениет құндылықтардың белгілі реттік жиынтығы ретінде көрініс береді.

Ресей зерттеушісі А.И. Соловьев пікірі бойынша қазіргі уақытта саясаттану ғылымында саяси мәдениетті түсіндіруде оның негізгі үш түрлі тәсілін атап өтеді. Бірінші топтағы ғалымдар саяси мәдениетті саясаттың барлық субъективті мазмұндық жақтарымен байланыстырып, рухани жағдайлар жиынтығын қоса қарастырады. (Г. Алмонд, С. Верба, Ю. Краснов, Д. Дивайн, және т.б.). Келесі топ зерттеушілері саяси мәдениетті нормативті талаптардың көрініс беруі (С.Вайт) не саясаттағы адамның жүріс-тұрысының типтік үлгілерінің жиынтығы (Дж. Плейно) ретінде зерделейді. Қазіргі уақытта саяси мәдениет адамның жүріс-тұрысының әлдебір матрицасы ретінде көрініс береді (М. Даглас). Үшінші топтағылар саяси мәдениетті адамның саяси іс-әрекетінің стилі, мүмкіндігі, саяси жүріс-тұрыстағы оның құндылықтық бағдарын нақтылы түрде іске асыруы деп қарастырады (И. Шапиро, П. Шаран, В. Розенбаум).

«Саяси мәдениет» түсінігіне байланысты анықтамалар мен түсініктемелердің көптігіне, әртүрлілігіне орай, олардың бәрін

топтастырып, жүйелі түрде қарастыру қажет. Оларды жүйелі түрде келесідей топтарға бөліп көрсетуге болады:

- *Бірінші топ* – идеология, мұны құрайтын аталған идеологиялық бағытқа негізделген саяси-идеологиялық құндылықтар, сонымен қоса саяси жоспарлар;

- *Екінші топ* – танымдық факторлар, а) пәндік: тарих, саяси дәстүрлер, тарихи шарттастық (алдын-ала келісіп алу), саяси өзгешелік – саяси мәдениеттің дезидеративті моделі; б) инструменталды: саяси әлеуметтену – бұқаралық ақпарат құралдары (тұлғаға, топқа, қоғамға қолжетімділігі);

- *Үшінші топ* – қоғамдық іс-әрекет, саясат саласындағы іс-әрекет;

- *Төртінші топ* – институционалды фактор, қоғамның саяси ұйымдасуы: мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті органдары, саяси ұйымдар (партия, клуб, басқа да саяси ұйымдар), қоғамдық-саяси ұйымдар (халықтық фронт, саяси қозғалыстар, кәсіби кеңестер, жастар ұйымдары);

- *Бесінші топ* – жергілікті қауымдастық өлшеміндегі саяси микрожүйелер;

- *Алтыншы топ* – эмоционалды фактор.

Зерттеушілердің басым бөлігі негізінен қандай да болмасын қоғамның саяси мәдениетінің ерекшелігін анықтау үшін саяси бағдарлар мен қағидаларды, тұлға мен топтың жүріс-тұрыс үлгісін, саяси институттардың қызмет жасау ерекшелігі мен қоғамға құндылықтардың таралуы секілді феномендерді зерттеу қажет екендігіне тоқталады.

Саяси мәдениет концепциясы саяси үрдістерді сипаттаудағы функционалды және нормативтік өлшемдерден шығады. Саясат мәдениет бағытын жасаушылардың ерекшелігі саяси зерттеудің орталығына адам және оның қызығушылықтарын, эмоциясын, стереотиптерін қояды. Саясат мәдениет бағытының, біріншіден, бірқалыпты, бірөлшемді саяси жүйеден ерекшелігі олардың институттары, олардың іс-әрекеттері, барлық қоғам мүшелерінің санасындағы ұлттық мифтері мен дәстүрлерін түсінуі, екіншіден, осыған байланысты, не үшін бірдей формадағы әлеуметтік-саяси

институттар қоғамда және мемлекетте әр түрлі қызмет атқарады, немесе не үшін қайсыбір институттар кейбір мемлекетте іс атқаруға қабілетсіз ал басқа елде керісінше деген сұраққа жауап беруі.

Саяси мәдениет қоғамның саяси жүйесінің эволюциялық ерекшелігін анықтайтын, құндылық ретінде тарихи өмір сүретін саяси іс-әрекеттегі бағдарлардың спецификалық үлгісі. Саяси мәдениеттегі құндылықтар мән ретінде саяси жағдайларды бағалау мен көрсетуді қамтамасыз ете отырып, саяси мүдделерді құрылымдау мүмкіндігіне ие және саяси қатысуды институционалдауда саяси шындықты адекватты қабылдау мен саяси тарихты дұрыс ойлауды қалыптастырады, сонымен қоса саяси жағдайларды алдын-ала болжау мүмкіндігін береді.

Саясаттану ғылымында саяси мәдениетті жан-жақты қырынан ашу үшін саяси мәдениеттің қандай деңгейлерден тұратынын анықтау шарт. Қазірге дейін саяси мәдениеттің деңгейін анықтауға байланысты белгілі бір ортақ көзқарас жоқ. Ғалымдар саяси мәдениеттің екі деңгейін атайды: *жинақталған, біріккен сана түріндегі деңгей*, екінші, *ғылыми-теоретикалық сана деңгейі*. Біріншісі адамдардың өзара қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасса, екіншісі белгілі бір бағытталған идеологиялық іс-әрекеттер нәтижесінде қалыптасады.

Саяси мәдениеттің деңгейінің жоғары болуы, ең алдымен, азаматтардың саяси жүріс-тұрысынан оның ішінде олардың саяси өмірге белсенді қатысуымен көрініс береді. Венгриялық әлеуметтанушы Д. Бадачони саяси мәдениетті саяси институттардың қызмет етуі мен олардың дамуымен сипаттайды. Оның көзқарасы бойынша, саяси мәдениет азаматтардың саяси көзқарастарының жүйесін, құндылықтық бағдарларын, саяси белсенділігін (мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге қатысу) қамтиды [26].

Саяси мәдениеттің жоғары болуы азаматтардың сайлау кезіндегі дауыс беруге қатысу белсенділігін ғана емес, күнделікті қоғамдағы саяси өмірге ерікті түрде белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Саяси мәдениет көп жағдайда биліктің жан-жақты қызметінде азаматтардың белсенді қатысуындағы саяси

құндылықтар, позициялар, жүріс-тұрыс эталондарының жиынтығы ретінде қарастырылады.

Г. Алмонд пен С. Верба 1958-1962 жылдар аралығында Англия, АҚШ, Германия, Италия және Мексика елдерінің саяси мәдениетін анықтау мақсатында эмпирикалық зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында олар саяси мәдениеттің келесідей деңгейінің көрсеткіштерін атап өтеді: азаматтарға қатысты үкіметтің қызметін бағалау, үкімет қызметіне қатысты мүдделердің деңгейі, өз ұлтының саяси институттарына деген мақтанш сезімі, достарымен, таныстарымен не қоғамдық ортада саясат мәселесін талқылауға деген құлшыныстың болуы, жалпыұлттық саяси іс-шараларды өткізуге қатысты қанағаттану сезімінің болуы, үкіметтік саясатқа қатысты біліктілікті пайымдау және жеке не отандасыңмен біріге отырып, сол саясатқа ықпал ету міндетін сезіну; құқықтық қағидаларды қолдану біліктілігі; мемлекеттік басқару жүйесінде қатысу демократиясы қажетті екеніне сену.

Саяси мәдениет саяси жағдайларды тек көрсетумен ғана шектелмейді, сонымен қоса оны бағалау қызметін де атқарады. Саяси болмыстағы мәнге ие саяси құндылықтарды іріктейді және тасымалдайды. Саяси мәдениет мәдениет секілді гуманистік, интегративті, білім беру қызметін ғана атқармайды, сонымен қатар әлеуметтік-саяси тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдап жеткізеді.

Топтың не жеке тұлғаның жетілген саяси мәдениеті индивидтің қоғамдық-саяси өзін-өзі реттеуі мен саяси бірегейлігіне мүмкіндік береді. Саяси мәдениеттің деңгейі саяси жүріс-тұрыс әрекеттерінде, саяси институциялану моделдерінде көрініс береді. Саяси мәдениеттің деңгейі қаншалықты жоғары болса, соншалықты конфликтілік стильге қарағанда саяси диалогтік стиль әлдеқайда жоғары болады және саяси сана-сезімде примитивизм барынша аз көрініс береді.

Габриэль Алмонд анализдің екі деңгейін бөліп көрсетеді – институционалды және бағдарлық (ориентациялық). Егер біріншісі қоғамның шынайы саяси құрылымын зерттесе, екіншісі оған деген ерекше ориентациялық формасын қарастырады.

Бұл екінші деңгей саяси мәдениеттің спецификалық өмір сүру жағдайымен байланысты. Г.Алмонд саяси бағдарлардың үш түрін бөліп көрсетеді: саяси жүйе, саяси үрдіс, саяси билік.

Нақты осы «бағдарлар» мен оның «объектілеріне» сүйене отырып, Г. Алмонд саяси мәдениеттің үш типін айқындайды: «саяси жүйе мәдениеті», саяси үрдіс мәдениеті», «саяси басқару мәдениеті». Осы үш саяси мәдениет жүйелерінің типтерінің жиынтығы азаматтық саяси мәдениетті құрайды. Аталған әр бағдарлардың өзіндік күрделі құрылымы бар.

«Саяси жүйені» ұлттық қоғамдастық, саяси құрылым, басқару формасы, саяси авторитет (институционалданған және заңдастырылған билік) құрайды. Жоғарыдағы аталған субобъектілердің бағдарлары саяси мәдениеттің «ұлттық бірегейлік», «билік режимін қолдау», «саяси авторитетке деген қатынас», «жүйенің легитимділігі» сияқты элементтерін бөліп көрсетеді.

«Саяси үрдіс» бағдардың объектісі ретінде ең бірінші «басқалар» саясаттың акторы ретінде (жеке тұлға не қоғамдық топтың белгілі бір саяси жүйедегі шешім жасау мен қабылдау үрдісіне ықпалы етуі) және өзіне саяси жүйенің акторы ретінде қатынас жасау. Аталған жағдайда саяси мәдениеттің «басқа адамдарға деген саяси сенімі», «саяси компетенттілік», «коллективті компетенттілік» сияқты құрамдас бөліктері көрініс береді. Нақты соңғы компоненті негізінде бағдарлық типі ретінде саяси мәдениеттің үш типін бөліп қарастыруға болады:

Кесте 1 – Саяси мәдениет типтері

Саяси мәдениет типтері	Жүйе толық ретінде	«Кіріс» объектісі	«Шығыс» объектісі	Тұлғаның өзі белсенді қатысушы ретінде
Патриархалды	0	0	0	0
Бодандық	1	0	1	0
Белсенді	1	1	1	1

Алмонд пен Верба саяси мәдениеттің типтерін, саяси бағдарлар арқылы яғни бағдарлардың болуы не болмауы арқылы көрсетеді. «Бір» ол саяси бағдардың көрсеткішінің жоғары екендігін білдірсе, ал «ноль» сол саяси мәдениет тұтынушыларының бағдарларының мүлдем аздығы не мүлдем бағдарланбағандығын білдіреді [27, 17 б.]. Аталған саяси мәдениет бағдарларына жалпы сипаттама беріп өтетін болсақ:

«Патриархалды» бағдар: (parochial political culture) халықтың саясат пен саяси жүйе туралы білімінің мүлдем жоқтығы және саясатқа қатысуға деген құлықсыздығымен сипатталады. Мұндай қоғамда халықтың арнайы саяси рөлінің болмауы мен билік басындағы шамандар мен патшалардың саяси-экономикалық-діни басқару рөлінің толық басымдығы орын алады. Мұндағы қоғам мүшелерінің бағдарлары басқа экономикалық, діни бағдарлардан бөлінбей, біте қайнасып кеткен. Патриархалды бағдар бойынша саяси жүйеден ешқандай да бір нәтиже не үміт күтілмейді.

«Бодандық» бағдар: (subject political culture) саяси жаңалықтар мен саясат туралы білімнің халықта жеткілікті деңгейде болуы мен бірақ саяси жүріс-тұрыс пен саяси белсенділіктің төменділігімен сипатталады. Саяси жүйеге қатысты бағдарлардың жоғары деңгейі мен саяси үрдіске белсенді қатысушы ретіндегі тұлғаның құндылықтық бағадарының толығымен жоқтығы. Бодандық мемлекеттік билікті өте жақсы түсінеді және оған бағына біледі. Ал басқа жағынан мүлдем құлықсыз.

«Белсенді» бағдар: (participant political culture) Тұлғалар қоғамның саяси өміріне белсенді қатысып, шешім қабылдау үрдісіне ықпал етуге тырысады. Осы жағдайда қабылданған шешімдерге құрметпен қарап, оны толық орындайды. Бұл «рационалды-белсенді» тип ретінде де анықталады. Қоғам мүшелері жүйеге жалпылама алғанда оның саяси және административті құрылымына және үрдіске бағытталады [28].

Саяси бағдар объектісін классификациялағанда саяси жүйені және оның функционалды-құрылымдық компоненттерін атап өтуге болады. Бұл соңғысы өз кезегінде үш бағдарлық (ориентациялық) объектіден тұрады: жүйе қызметі және оның институттары (заң

шығарушы, атқарушы, сот билігі); тасымалдаушы қызмет (монарх, президент, депутат, министр және т.б.); мемлекеттік саясатқа бағдарланған (саяси шешім, үкіметтік бағдарламалар).

Бағдарлар жүйедегі «кіріс» және «шығыс» пен байланыстылығына да орай ерекшеленеді. «Кіріс» – қоғам мүшелері талап-тілектерінің трансформациясы мен партия, топ мүдделері, сайлау арқылы саяси шешімге ықпал ету. «Шығыс» – парламент, үкімет, сот және басқа да билік органдары арқылы шешімнің қабылдануы мен саяси үрдіс нәтижесі және қоғам үстінен бақылау жасаудың институционалды әдісі.

Саяси мәдениет саяси іс-әрекетпен және тұлғаның, әлеуметтік топтың саяси санасымен тікелей байланысты. Сондықтан саяси мәдениетті саяси білімнің, құндылықтардың, тәжірибенің, дәстүрдің жиынтығы мен тұлғаның саяси белсенділігінің деңгейі ретінде ғана қарастырмау қажет. Ол сонымен қатар адамдардың нақты саяси мүдделерін анықтау мен реттеу мүмкіндігі ретінде де көрініс береді [29].

Саяси мәдениеттің өзінің шынайы өмір сүруінің екі түрлі формасы бар:

А) рухани (рухани-тәжірибелік), саяси тәжірибе, дәстүрлер, бағдарлар, саясаттағы сезімде көрініс беретін қағидалар мен символдар құрайды.

Б) функционалды-пәндік (белгілі әдістер, формалар, саяси институттар үлгісі, саяси іс-әрекеттер, саяси ойдың материалдануы, саяси үрдіс характері).

Саяси мәдениеттің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – саяси білім. Бұл, ең біріншіден, саясат пен билікке, мемлекеттік және басқа да билік түрлерінің табиғатына қатысты азаматтардың жалпы білімі мен көзқарасы, азаматтарға саясаттың сипаты мен оның күшін реттеуге мүмкіндік беретін, әлеуметтік үрдістерді басқару негізіндегі саясаттың қызмет етуі, нормалары, принциптері мен формаларын білу, мемлекеттің құрылымын білу мен саяси мәселелерді шешу және оны басқаруда азаматтардың қатысу мүмкіндігі. Көптеген ғалымдар саяси мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде тек саяси білімді ғана емес, жалпылама білім

мен құқықтық білімді яғни әрбір азаматтың өз құқықтары мен заңдарын, міндеттері мен еркіндіктерін білуді атап өтеді.

Саяси мәдениеттің бұл аспектісі адамдардың құқықтық мәдениетін, саяси өнегелілігін қалыптастырып, әрбір азамат өзара және мемлекет алдындағы құқықтары мен еркіндіктерінің шекарасын анықтауға, оны сақтауға мүмкіндік береді. Саяси мәдениет тек саяси білім мен саяси сенім ретінде ғана көрініс бермей, сонымен қоса оларды халықтың саяси іс-әрекетінің тәжірибесінде саяси күресті қалай реттеуге болатынын де қарастырады. Осы тұрғыда саяси мәдениетті саяси қатынастар түріндегі саяси іс-әрекет қалыптастырады.

Саяси мәдениетті саяси ақпараттан хабардар болу, саяси белсенділік, саяси білімдер мен саяси сенімдер жүйесі деп те қарастыруға болады. Көптеген зерттеушілер саяси мәдениетке саяси өмірді ұйымдастыру құралын (саяси үрдістер формасы, саяси жүріс-тұрыс стереотиптері, саяси дәстүрлер мен құндылықтар), ал саяси іс-әрекеттің субъективті факторларын – саяси көңіл-күй, саяси білім, саяси сенім, саяси бағдарлар, жеке құндылықтар мен идеалдарды қосады [30].

Саяси мәдениет жеке тұлғаның саяси жүріс-тұрысы мен бағыт-бағдарының қалыптасуына аз не көп ықпал етуші ұлттық қауымның тарихи институтцияландырылған және бейинституцияландырылған әлеуметтік және саяси тәжірибесі. Саяси мәдениет қоғамның саяси өмірінің барлық саласына оның ішінде билік пен басқару мәселесіне қатысты, халықтың саясатқа қатысуы, саясат пен құқықтың, саясат пен экономиканың, саясат пен өнегеліліктің өзара ықпалдасу аясына өз әсерін тигізеді.

Саяси мәдениеттің тұрақты және өзгермелі компоненттерін бөліп қарастыруға болады. Біріншісі қоғамдық-тарихи, мәдени-ұлттық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да ұзақ уақыт бойы қалыптасқан факторлар мен жағдайлар арқылы анықталады. Олар сол қоғамда орын алып отырған қоғамдық-саяси жүйеге қатынасындағы адамдардың бағдарлары мен ұстанымдарын және қоғамдық-саяси жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттің маңызды ережелерін қамтиды. Сонымен қоса оған тұрақтанған моральдық-

этикалық құндылықтар, ұлттық-психологиялық, діни жүріс-тұрыс нормалары мен дәстүрлер жатады. Өзгермелі компоненттері қысқаша мерзімді факторлар негізінде өзгертін бөліктер: саяси көңіл-күй, саяси көзқарас, саяси бағалау және т.б.

Саяси мәдениеттің мазмұнынан келесідей маңызды аспектілерін атап өтуге болады: *саяси білімдер мен көзқарастардың жиынтығы* (ақпараттық аспект); *саяси білімнің сенімге ауысуы* (құндылықтық аспект); *азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуы* (жүріс-тұрыстық - тәжірибелік аспект); *саяси идеялардың нормаларға, дәстүрлерге, қоғамның әлеуметтік институттарына кристалдануы* (нормативті аспект) [31].

Саяси мәдениетті кейбір зерттеушілер саяси сана ретінде, сананың сапалы қасиеті, адамдардың мінез-құлқы мен білімін, тәжірибесін саяси қызметке байланысты қарастырады [32]. Саяси сана азаматтардың қабілетінің саяси саласындағы барлық рухани білімдерінің жиынтығы. Саяси сана қоғамның саяси мәдениетінің түрлері мен деңгейін анықтайды. Саяси сананы екі жүйеге бөліп қарастыруға болады: бірінші, қоғамдық сана, екінші, қоғамның саяси өмірі [33].

Саяси мәдениет элементтері көптеген жылдар және замандар бойы қалыптасқан дәстүрлер, қолданыстағы саяси тәжірибелер, тұжырымдар, концепциялар және қоғамдық-саяси институттардың қарым-қатынастарынан құралады. Ол іс-әрекет етіп отырған жүйеге қатысты адамдардың бағдарлары мен ұстанымдарынан тұрады. Ондағы оның институттарының және маңызды ойын ережелеріне, жекелеген адамдар ұстанымының, қоғамның және мемлекеттің қарым-қатынастарынан құралады. Бұл құрамдас бөліктер әлеуметтік-экономикалық, ұлттық-мәдени, қоғамдық-тарихи және басқа да ұзақ факторларға негізделген. Негізінен, өзінің салыстырмалы тұрақтылығымен, өміршеңдігімен және қоғамның өмірінде терең өзгертін үрдістерге беріле өзгермейтіндігімен сипатталады.

Саяси мәдениетті құнды нормалық жүйе деп қарастыруға болады. Өйткені ол көпшілік халықтың саяси серіктестік субъектісі деп танылады. Ол негізінен, саяси жүйеге қатысты базалық

наным-сенімдер, қағидалар, бағдарлар және символдарды, оған қоса саяси идеялар, құндылықтар және қолданыстағы саяси тәжірибедегі нормаларды да қамтиды. Сонымен қоса оған қоғамда қалыптасқан жүріс-тұрыстағы стереотиптер мен саяси үлгілерді де жатқызамыз. Саяси мәдениет ондағы қоғам мүшелерінің іс-әрекет етіп отырған басқару формасының заңды екенін қабылдап, белгілі бір мағынада қандай да бір шеңберді сипаттайды. Олар өздерінің саяси мүмкіншіліктерінің барлығын біліп, қолданыстағы «ойын ережелерімен» келісетіндіктерін білдіреді. Аталған шеңбердегі пікірлер, эмоциялар, норма мен құндылықтар саяси үрдістерде көрініс алады, олардың бәрі саяси мәдениеттің маңызды компоненттерін құрайды.

Саяси мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі әлеуметтік топтың, жеке азаматтың жалпы көзқарасының бір бөлігін құрайтын *саяси көзқарастар*. Яғни адамдардың саяси бағдарлары, симпатиясы мен антипатиясының сипатына едәуір ықпал ететін қоғамда үстемдік етіп отырған дүниетанымдық позиция жүйесі мен құндылықтық-нормативтік қағидалар жүйесі және қоғамға, адамдарға, мемлекетке, қоршаған ортаға деген фундаментальды көзқарас.

Саяси мәдениетте идеология үлкен рөл атқарады. Жалпы алғанда саясатты идеологиясыз елестетуге болмайды. Ол авторитетпен, билікпен, билік қатынастарымен өте тығыз байланысты. Барлық идеологиялар қандай бағытта екендігіне қарамастан, қоғамның саяси жүйесін және белгілі бір концепциясын мойындауға және аталған концепцияны тәжірибелік тұрғыда меңгеру жолдары негізделеді.

Идеология бір сәтте интегралды және шектеуіш қызметтерін атқара алады, біріншіден, белгілі бір партия өкілдерін тоғыстырады. Ал, екіншіден, сол партияны басқа партиядан шектейді. Саяси философиялық тұрғыдан қарағанда, идеология саяси үрдіске қатысты саяси іс-әрекеттер мен шындыққа негізделген және көпшіліктің қолдауымен басшылық етеді. Сондықтан ол шындығында анық тенденциялық мінезбен сипатталады.

Қандай да болмасын кез-келген ұлттың және мемлекеттің әлеуметтік-мәдени, саяси қауымдастық ретінде бірегейлігінің

қалыптасуы мен көрініс беруінің ажырамас бөлігі – ол ұлттық мемлекеттік рәміздер мен идеалдар болып табылады. Осыны ескере отырып, кейбір авторлар, мысалы, Л. Дитмер саяси мәдениетті – «саяси символдар» жүйесі ретінде қарастыруды ұсынады. Оның пікірі бойынша саяси мәдениет «саяси коммуникация» ретінде сипатталатын барынша кең жүйеге кіретін саяси символдар жүйесі. Т. Арнольд дәстүріне сүйене отырып, кейбір авторлар символдарды саяси жүйенің негізгі өзегі деп қарастырады. Оның негізінде саяси мәдениеттің барын айтады. Оған қоса оларға «жалпы саяси символдарға институтционалдық бейімділік» ұлттық мемлекеттің негізін құрайды.

Символ ол идеялық және идеялды-образды құрылым. Ол – көзге байқалмайтын барлық мүмкін заттар жиынтығы. Символ бір сөзбен айтқанда, кең мағынасында ол – образ [34]. О. Шпенглер айтқандай, кез-келген мәдениет оның символдық тілінде бірігеді. Кез-келген халық өзінің ұлттық-мемлекеттік символдарын жасап, құрмет тұтады. Олар ұзақ дәстүрлер мен құндылықтар негізінен жасалады. Ол әртүрлі таңбалар, жалаулар және атрибуттардан құралып, саяси-мемлекеттік ерекшеліктерді көрсетеді [35]. Символдардың ішіндегі негізгі орынды ресми патриоттық тұрғыдағы ұлттық әнұран алады. К. Серолу айтқандай, «ол елдің ұранының, туының және елтаңбасының әуенді баламасы». Сонымен қатар олар ұлттың мінезін немесе бірегейлігін – оның көңіл-күйін, арманы мен мақсатын көрсетеді. Әнұран да – өзге ұлттық символдар секілді ұлттың «визиттік карточкасы» іспетті [36].

Саяси мәдениет саяси жүйенің сапалы жағдайда өмір сүруінің тәсілі. Оның аталған қызметтері қорғау және бейімделу рөлдерін реттеумен синтезделеді. Шын мәнісінде саяси мәдениеттің әрбір құрамдас элементтері билік жүргізіп отырған әлеуметтік топтың не көпшілік халықтың мүддесіне сай билік институттары мен жүйені басқарудың қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Оның әрбір құндылықтары мен нормалары аталған саяси жүйе базасында қоғам мен топтың интеграциялану мақсатына қызмет етеді. Әрбір құндылықтар, нормалар, институттар жүйесі жалпы

және жеке мүдделердің өзара қарсылығы мен келісіміне негізделіп жұмыс жасауға бағытталған.

Саяси мәдениет аталған жүйенің тек ретсіздікке ұшырауы мен бұзылуының ғана алдын алмайды, сонымен қоса оған динамизм береді және әлеуметтік-экономикалық және басқа да жағдайлардағы өзгерісіне бейімделу механизмінің жаңаша жүйесін береді. Нақты түрдегі факт, марксизм идеясын жақтаушылардың бірбеткей болжамына қарамастан, дамыған капиталистік мемлекеттердің саяси жүйесі құламады, керісінше, тұрақты түрде жетіліп отырды. Сәйкесінше қазіргі таңда өзінің саяси жүйесінің тұрақтылығымен, саяси мәдениетінің жоғарылығымен сипатталуда. Ал керісінше дамушы елдердегі саяси режимнің тұрақсыздығы сол қоғамда саяси мәдениеттің бастысы демократиялық саяси мәдениеттің төмендігін көрсетуде.

Жоғарыда аталғандай *саяси мәдениет* – азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысу деңгейін көрсететін, саяси сенімнің қалыптасуы негізіндегі саяси білімдер мен көзқарастардың жиынтығы. Жеке тұлғаның санасы – оның ақиқатқа және оған деген қарым-қатынасының көрінісі, ол эмоционалдық формада саяси сезім, көңіл-күй және саяси білім арасындағы байланысы төмендегідей сипатталады.

Бір жағынан, саяси білім – саяси сезім мен көңіл-күйдің пайда болуының алғашқы және қажетті шарты, яғни, қандай да бір сезімді бастан кешіру үшін ол нәрсе туралы аз да болса білуің қажет. Екінші жағынан, жеке тұлғаның саяси сезімінің өзі-ақ белгілі бір саяси білімнің қалыптасуына әсер етеді. Осы әсерлердің өзі тұлғаның саяси ақпараттарды қабылдаудағы сыни көзқарасының төмендеуі мен жоғарылауына себеп болады.

Саяси мәдениет тек танымның нәтижесі ғана емес, сонымен қоса жаңа білім алу үрдісі. Егер саяси білім саяси мәдениеттің идеялық-теориялық негізін көрсетсе, саяси сезім адамның саяси шындықпен қатынасымен байланысты, ал саяси ойлау білімді қолдануды үйренуге, фактілер мен жағдайларды салыстыруға, оларды нақты бағалау мен анықтама беруге, дұрыс оймен тұжырым жасауға, аталған және басқа да саяси міндеттер мен мәселелерді шешудің тиімді жолын табуға мүмкіндік береді.

Саяси мәдениет фундаменталды жағдай ретінде қоғамдық өмірдің барлық жақтарымен байланысты қарастырылады. Қоғамның әртүрлі саласының өзгеріске ұшырау үрдісінде ол дамып, әрі толығып отырады. Осы тұрғыда осы және басқа да елдің саяси мәдениеті өз еркімен қоғамдық дамуды ілгерілету мен бәсеңдету үрдісіне ықпал етеді. Саяси мәдениет қандай да бір елдің рухани мәдениетінің саяси институттар мен үрдістермен байланысты элементтері мен феномендерін қарастырады және мемлекеттік және саяси институттардың формаларының қалыптасуы, дамуы мен қызмет етуіне белгілі деңгейде ықпал етеді. Сонымен қатар саяси үрдістің даму бағытын және жалпылама алғанда жеке және көпшілік халықтың саяси жүріс-тұрысын анықтайды.

Осы көзқарасқа сүйене отырып, Г. Алмонд пен С. Вербаға жүгінер болсақ: «біз экономикалық мәдениет не діни мәдениет туралы қалай айтқан болсақ, дәл сол секілді саяси мәдениет туралы да айтамыз». Мұндай саяси мәдениет жеке адамға саяси жүріс-тұрыстың басқарушылық принципін берсе, ал топ не коллектив үшін құндылықтардың жүйелі құрылымын және рационалды мүмкіндіктерді, институттар мен ұйымдардың өзара қатынасы мен бірегейлігін қамтамасыз етудегі саяси нормалар мен идеалдарды береді. Жалпыұлттық мәдениет жалпы қоғамдық өмірде бірлік пен интеграциялануға алып келгені секілді, ол да саяси салада бірлік пен интеграциялануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда саяси мәдениеттің негізгі құндылығы қандай да болмасын қоғамдық-саяси жүйенің өмір сүруі мен өзара түсіністігінің сақталуында басты рөл атқарады [37].

Саяси мәдениет – бұл әлеуметтік тәжірибеде фундаменталды саяси құндылықтар, қағидалар, жүріс-тұрыс үлгілерінің жүйесі түрінде көрініс беретін, әлеуметтік субъектілердің дәстүрлері мен мүдделері және саяси іс-әрекеттердің қабылданған мүмкіндіктер жиынтығы мен олардың нормалары мен ережелерін реттеу мүмкіндігі.

Саяси мәдениет құрылымы келесідей элементтердің жиынтығынан құралады:

Кесте 2 – Саяси мәдениет элементтері

Саяси сана мәдениеті	Саяси жүріс-тұрыс мәдениеті	Саяси институттардың қызмет атқару мәдениеті
1	2	3
Саяси көрініс беру және наным-сенім	Саяси қатысу мәдениеті	Электоралды үрдіс мәдениеті
Саяси құндылықтар, дәстүрлер, салттар, нормалар,	Саяси іс-әрекет мәдениеті	Саяси шешім қабылдау және жүзеге асыру мәдениеті
Саяси қағидалар		Әлеуметтік-саяси қатығыстарды реттеу мен қабылдау мәдениеті

Саяси мәдениет басқалар секілді ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп отырады. Олардың ішіндегі, ең бастысы, адамдардың саяси жүріс-тұрысы. Осындай жағдайда саяси мәдениет өзінің құрамдас элементтері ретінде саяси таным мәдениетін, саяси жүріс-тұрыс мәдениетін, сонымен қоса саяси институттардың қызмет ету мәдениетін де қоса қарастырады. Саяси мәдениет сонымен қатар саяси тәжірибені, стереотиптерді, саяси мифтерді, идеологияны, саяси символдарды, саяси әлеуметтенуді де қамтиды.

Жоғарыдағы теориялар мен түсініктерді тұжырымдай келе саяси мәдениетті зерттеуде оның теориялық-концептуалды мағынасын ашатын негізгі 3 құрамдас бөлігін атап өтуге болады: бұл құрамдас бөліктер адамдардың саяси бағдарлары болып табылады. Бірінші бағдар, адамдардың билік құрылымына қатынасы, екіншісі, қоғамның басқа құрамдас бөліктеріне қатынасы, үшіншісі, әр тұлғаның өзіндік саяси белсенділігі деп қарастыруға болады.

Әлемдік классиктер мен зерттеушілердің саяси мәдениет концепциясын қарастыра келе, саяси мәдениетке келесідей түсініктеме беруге болады. Саяси мәдениет қоғамның саяси жүйесінің эволюциялық даму ерекшелігін анықтаудағы, құндылық түріндегі

тарихи қызмет атқаратын саяси іс-әрекеттегі бағыт-бағдарлардың ерекше үлгілерін қамтиды. Саяси мәдениеттегі құндылықтар саяси жағдайларды бағалау мен реттеу, саяси мүдделерді құру, азаматтардың саяси қатысуын институтцияландыру, саяси жағдайды болжам жасауға мүмкіндік береді.

Саяси мәдениет пен саяси тұрақтылықтың өзара қатынасындағы негізгі аспектілер

Біз білетіндей тұрақтылық қоғамдық үрдістерді тиімді басқаруды арттыруда, тек саяси режимде ғана маңызды рөл атқармайды, сонымен қоса әлеуметтік реттілікті қамтамасыз етуде де үлкен қызмет атқарады. Қандай да болмасын қоғамның тиімді дамуының басты шарты әлеуметтік-саяси тұрақтылық болып табылады. Әсіресе өтпелі кезеңде қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығының мәні еселеп арта түседі. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс мемлекеттің тұрақты даму анықтамасының параметрлерін кеңейте түсуде және барынша өзектілігін арттыруда. Соған сәйкес «тұрақтылық», «саяси тұрақтылық» категорияларының мәні мен мазмұнын оның қоғамда оның ішінде саяси жүйеде орын алуын зерттеу кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

«Тұрақтылық» категориясы ең әуелі орнықтылық, тұрақты, өзгермейтін, тепе-теңдік күй ретінде қарастырылады. Уақыт өте оның әдіснамалық базасының және әлеуметтік жүйесінің парадигмалық өзгеруіне орай «тұрақтылық» түсінігінің мәні мен мағынасы да кеңейе түсті. «Тұрақтылық» (лат. тілінен Stability – орнықты) түсінігінің этимологиялық мәні жүйені орнықты, тұрақты дамуға жеткізетін; қандай да болмасын бірқалыптылықты сақтау, тұрақтылыққа сүйену; қандай да болмасын үрдістің ритмикасы, құрылымының орнықтылығы деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кездегі ғылыми әдебиеттерде «тұрақтылық» өзгермейтін қатаң тұрақтылық күйінде емес, өзгерістің, тұрақтылықтың динамикасы, жоғары деңгейдегі реттілігі ретінде қарастырылады.

Саяси жүйеге қатысты «тұрақтылық» сөзі оның өзінің құрылымын сақтай отырып, сыртқы және ішкі өзгерістердің

шарттарында тиімді қызмет ету мен дамуға мүмкіндік беретін қалыпты жағдайы. Тұрақты саяси құрылым теориясына сәйкес қоғамның көпшілік бөлігі мен қоғамды басқарудың институттарына және биліктегі барлығына қатынастағы «қолдаудың» жоғары деңгейін көрсетеді. Көптеген саясаттанушы ғалымдар пікірі бойынша егер саяси режимдегі институттар мемлекет азаматтарын ортақ идеяға біріктіре алса, онда тұрақтылықтың орын алу мүмкіндігі жоғары деп қарастырады [38].

Тұрақты мемлекетке тән нәрселер а) ұлтқа тиесілі бөлінетін сезім; б) басқару түрінің үздіксіздігі; в) басқаратын элиталардың біртіндеп ретімен ауысуы; г) билік құрылымының балансын сақтау үшін тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің болуы; д) оппозицияның тиімді жұмыс жасауы үшін көппартиялық жүйенің қызмет етуі; е) орта таптың басым болуы [39]. Ал саяси тұрақтылық дегеніміз: «Бұл сыртқы және ішкі әсерлер жағдайында, өзінің құрылымын және қоғамдық өзгеріс үрдістерін бақылауға қабілеттілігін сақтай отырып, тиімді жұмыс істеуге және дамуға мүмкіндік беретін қоғамның бір қалыпты жағдайы» [40].

Қоғамдық тұрақтылыққа қатысты әлеуметтік және саяси ғылымдар тарихына жүгінер болсақ, Аристотель «Саясат» еңбегінде әр түрлі көзқарастағы қоғамдық құрылымдарды жүйелендіре отырып, мемлекеттің дұрыс және бұрыс формаларын бөліп көрсетеді. Дұрыс (тұрақты) форманың негізі ретінде қоғамдық мүддені ескеру, әсіресе мемлекетте қызметтік орынды анықтауда халық мүддесін алдыңғы орынға қою мәселесін қарастырды [41]. Аристотель бойынша қоғамдық мүдде – саяси әділеттілік, адамдардың консенсустық түсіністігі мемлекетте қоғамдық тұрақтылықтың орнауына негіз болады.

Қоғамдық келісім мәселесін ең алғаш алға тартқан ағылшын зерттеушісі Т. Гоббс. Ол өзінің «Левиафан» деген еңбегінде қоғамның табиғи жағдайын – «адам адамға жау» деп тұжырымдайды. Қоғамның табиғи жағдайы Т. Гоббс бойынша өз ішінде тұрақсыздық пен өзіндік жою тенденциясы жүріп отыратын үрдіс. Осы тенденция жаппай орын алмауы үшін адамдар бір-бірімен келісімге келуі қажет. Адамдар арасындағы келісім –

бұл шындығында өзара түсіністік пен тұрақтылыққа алып келетін құндылық ретінде қарастырылады [42]. Тұрақтылықтың жаңаша интегралды концепциясы Т. Парсонстың өзгерістің функционалды теориясы ғылымға үлкен серпіліс алып келді. Т. Парсонстың өзгеріс теориясы «қоғамдық тұрақтылық» түсінігінің мазмұнына кешенді түрде талдау жасайды.

Әлеуметтік жүйеге құрылым ретінде мінездеме беруде ол «тұрақтылық» түсінігін пайдаланады. «Тұрақтылық» Т. Парсонс бойынша – бұл жүйедегі жүйешіктердің «кіріс» пен «шығыстың» өзара үйлесімділікте алмасуы мен өзара тепе-теңдік үрдісі, ал бір жағынан жүйенің сыртқы ортамен арадағы тепе-теңдігі қарастырылады [43]. Бірақ Т. Парсонстың функционалды теориясын оның шәкірті Р. Мертон сынға алады. Ол қоғамның әлеуметтік жүйесіне зерттеулер жүргізе отырып, қоғамның ассиметриялы қатынасына басты мән береді. Әлеуметтік жүйенің мүлде тұрақтылықта болмайтынын, керісінше, әлеуметтік құрылым әлеуметтік қақтығыстар тудыратынын алға тартады [44].

Саясаттанушылар көзқарасы бойынша жалпы қоғамдық тұрақтылыққа жетудің негізгі екі жолы бар: күш көрсету арқылы мәжбүрлеу мен диктаторлық және *демократия қағидаларын барынша кеңейту* арқылы. Бірінші жол заңды не заңсыз түрде күш көрсетуді қолданады. Мәжбүрлеу арқылы орнатылған тұрақтылық ұзақ өмірлік және берік болмайды, ол белгілі бір идеология мен саяси күштің қол астында болады және қоғамның көпшілік бөлігінің мүддесін айқындауға қауқарсыз. Мұндай үлгідегі тұрақтылық азаматтардың және оппозицияның қатысуынсыз «жоғарыдан» орнатылады. Ал екінші жолда қоғамның және саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету консенсус принципі, кең әлеуметтік база және плюрализм дәстүріне сүйенген демократия механизмдері негізінде амалға асырылады. Ол негізгі әлеуметтік-саяси күштердің мүдделерінің келісіміне сүйенуді жоспарлайды [45].

Саясаттану ғылымында тұрақтылыққа қатысты: саяси тұрақтылық, саяси жүйенің тұрақтылығы, тұрақты әлеуметтік-саяси даму, тұрақты режим, тұрақты билік, тұрақты саясат

тіркестері ретінде қолданылады. Жалпылама түрде «саяси тұрақтылық» дегеніміз – бұл қоғамдық факторлар мен мақсатқа бағытталған белгілі шаралардың ықпалымен амалға асатын қандай да саяси үрдістің тұрақтылығы, орнықты жағдайы.

XX ғасыр саясаттану ғылымында саяси тұрақтылық мәселесіне мән беру барынша арта түсті. Батыс саясаттануында қалыптасқан «саяси тұрақтылыққа» қатысты белгілі анықтамаларды сараптайтайтын болсақ. Біріншіден, «тұрақтылық» қоғамда дағдарыс жағдайының алдын алудағы мемлекет мүмкіндігін бағалау, шынайы қауіптің және легитимсіз зорлықтың болмауымен сипатталады. Аталған түсінікті нақтылай келе, шотландық зерттеуші Ф. Били саяси тұрақтылықты қоғамдық жүйенің өмір сүруіне және «бірегейлігіне» қауіп төндіретін жағдайдағы саяси организмнің өзін-өзі сақтау қабілеттілігі ретінде қарастырады [46].

Ағылшындық К. Даудинг пен Р. Кимбер тұрақты саяси жүйе деп өзінің зорлықпен жоюды алдын алуын сақтап қалу қабілетін атайды. Сондықтан олар бұл түсініктің әртүрлі деңгейі болмайтынын ескеріп, тұрақтылық бар не жоқ деп қарастырады [47]. Бұл әрине өте даулы тұжырымдама, өйткені қауіп жағдайындағы саяси жүйе өзін-өзі қорғауда әртүрлі жолдарды қолдануы мүмкін. Тұрақтылық пен тұрақсыздық өзінің әртүрлі деңгейінде қатар өмір сүруі мүмкін. Көптеген саясаттанушылар тұрақтылық формасының классификациясын оның жетістікке жету жолымен көрсетеді.

Дж. Яворски «минималдық» және «демократиялық» тұрақтылық арасындағы шекті енгізеді. Біріншісі, мемлекет аумағында азаматтық соғыстың немесе қарулы қақтығыстың басқа түрінің болмауы. Мұндай тұрақтылық түріне авторитарлы әдіспен қол жеткізілуі әбден мүмкін. Өз кезегінде «демократиялық» тұрақтылық көптеген батыс саясаттанушылары айтқандай демократиялық құндылықтарды қабылдай алу қабілеті, өзгермелі қоғамдық көңіл-күйге бейімделу. Бұл көзқарас бойынша тұрақтылық демократия функциясы болып табылады. Ол өзіне азаматтық қоғам арқылы мемлекетті басқаруда азаматтардың қатысуын қамтиды [48].

Тұрақтылық белгілі бір биліктің ұзақ уақыт бойы қызмет жасауы мен билік жүргізуі ретінде де түсіндіріледі. Бұл сәйкесінше оның қоғамдағы өзгерістерге сәтті бейімделе алу қабілеттілігімен сипатталады. Неміс саясаттанушысы Э. Циммерман биліктік тұрақтылықты саяси басшылардың мемлекетті басқаруда барынша тиімді әрі ұзақ басқаруы ретінде қарастырады. Ол осындай тұрақтылыққа жетудің бірнеше заңдылықтарын бөліп көрсетеді [49].

Демократиялық мемлекеттерде тұрақтылық Конституциялық реттіліктің болуымен сипатталады. С. Хантингтон тұрақтылықты «реттілік қосылған сабақтастық» формуласымен анықтайды. Ол аталған мақсатқа жетуде ұзақ уақыт бойы өзінің мәндік мінездемесін сақтаудағы билік моделінің даму жетістігі деп санайды. Біздің пікірімізше тұрақтылық мұнда биліктің легитимділігінің салдары ретінде көрініс береді. Бұл нұсқа легитимділік факторының қатаң детерминантты тұрақтылығы болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген саясаттанушылар саяси жүйенің тек заңды жұмыс жасауын ғана емес, сонымен қатар саяси жүйедегі азаматтарға қолдау жасау мен олардың фундаменталды құндылықтарын көтеру мәселесін алға тартуда. Американдық ғалым Д. Сиринг осы мәселені зерттей келе, оның бірнеше заңдылықтарын бөліп көрсетеді. Олардың ішінде атап өтетіні: қаншалықты саяси қатысу деңгейі жоғары болған сайын, соншалықты оған саяси «ойын ережесінің» қоғамға қолдауы жоғары болады; нақты саяси нормалар мен процедуралардың: бекітілген негізгі әлеуметтік күштердің қоғамдық пікір, қоғамдық белсенділер; сайланбалы лауазымдардың кандидаттар, парламент мүшелері; тікелей саяси институттар қолдауы мен әлеуметтік-экономикалық статус-квоның сақталуымен байланыс орната алады [50]. Тұрақтылық саяси жүйеде құрылымдық тұрғыда өзгерістің болмауы немесе оны басқара алу қабілеті тұрғысынан да түсіндіріледі. Сонымен қатар саяси күштер арасындағы баланс (теңдік) ретінде де анықталады.

Саяси тұрақтылықтың теориялық концепциясын қарастыруда әлеуметтік контекстке және саяси тұрақтылықтың негізгі

факторларына басты мән берілді. Американдық саясаттанушылар Э. Дафф пен Д. Маккамонт саяси тұрақтылық пен тұрақсыздықты талдай келе, төмендегі мәселелерді қолдану керектігін атайды. Біріншіден, халықтың саяси үрдіске қатынасы. Екіншіден, саяси жүйенің өзіндік ішкі қорлары. Олар тұрақтылықтың келесі критерилерінен көрініс береді: әлеуметтік көмектің әлеуметтік мобилділіктен басым болуы; экономикалық дамудың жоғары деңгейі; табыстардың теңдей үйлестірілуі; саяси резервтік мүмкіндіктің болуы; азаматтарды саяси өмірге тартуды қамтамасыз ететін көп мүшелі институционалданған саяси партияның таралуы.

Тұрақтылық көп жағдайда экономикалық дамудың деңгейіне тікелей тәуелді бола бермейді. Біріншіден, экономика мен мемлекет арасындағы тығыз байланысқа сүйенген қоғамдық тәртіп, ол репрессивті және абсолютті анық емес болуы мүмкін. Екіншіден, мемлекетте модернизация кезеңінде өмір сүрушілер үшін, экономикалық өсім жиі тұрақсыздандыратын фактор болып табылады [51].

Француз әлеуметтанушылары М. Крозье мен Э. Фридберг тұрақтылықты оның ішінде саяси тұрақсыздықты бюрократиялық ұйыммен жұмыстағы қашып құтылмайтын дефектілер ретінде қарастырады. Олардың ойы бойынша өз күшіне сүйенген бюрократиялық ұйымдардың қызметі мен дамуы өз ішінде және қоғамда тұрақсыздық пен бейберекетсіздікке алып келеді [52]. Батыстық саясаттануда тұрақтылық ұғымы бірнеше амалдар негізінде талданылады. Ең алдымен, саяси тұрақтылық талдауы басқару жүйесінің бірқалыптылығы, азаматтық тәртіп, басқарудың легитимділігі және сенімділігі сияқты сипаттамалар жататын, күрделі, жүйелік білім болып табылады. Бұдан басқа тұрақтылық тек салыстырмалы түрде, салыстырмалы мағынада, сапалы салыстырмалы өлшемдерде ғана қарастырылады.

Саяси тұрақтылық жалпыға белгілі мағынада легитимділік күштеу қауіп-қатерінің немесе мүмкіндігінің болмауымен түсіндіріледі; бұл жағдайда мемлекет дағдарыстық кезеңдерді шешу мүмкіндіктері мен амалдарына ие. Жалпылай мағынада қарастырғанда, саяси тұрақтылық дегеніміз саяси жүйе өзінің

басқару, қорғау, нығайту және басқа да функцияларын тиімді орындау мүмкіндігін білдіреді. Саяси тұрақтылық өз функцияларын тиімді орындау мүмкіндігі бар саяси субъектілердің байланысының бір бүтін жүйесін көрсетеді. Саясаттануда тұрақтылықтың ішкі саяси, аймақтық және халықаралық-саяси түрлерін бөліп көрсетеді.

Саяси тұрақтылық саяси жүйенің өзегі болып табылып, бүтіндікті, сапалы сипаттамаларды және тиімді қызмет атқару мүмкіндіктерін сақтауды білдіреді. Саяси жүйе өзінің қызметтерін орындаудың негізгі белгілері, олар қоғамдағы әлеуметтік-саяси қарбаластың төменгі деңгейде болуы, үлкен келіспеушіліктердің болмауы, тұлғаның еркін дамуы, әлеуметтік топтардың жағдайының әлеуметтік тұрақтылығы, ішкі және сыртқы факторлар әсерінен болған келеңсіз жағдайларды қайта қалпына келтіру болып табылады.

Саяси тұрақтылықты қарастыру барысында үкіметтің тұрақтылығына (бірінші деңгей), саяси режим тұрақтылығына (екінші) және халықтың ортақ тұрақтылығына байланысты деңгейлерін бөліп көрсетуге болады [53]. Саясаттану ғылымында билік легитимділігінің үш деңгейі көрсетіледі, олар: идеологиялық, құрылымдық, және персоналдылық. Легитимділіктің идеологиялық деңгейі қоғамда барлық халық көзқарастары мен түсінігіне сәйкес билік режиміне негізделген. Идеологиялық легитимділіктің мағынасы билік пен халықтың ұлттық-мемлекеттік қызығушылықтарына ортақ негізделген идеологияны жалпыға түсіндіру көмегімен биліктің ақталуы арқылы түсіндіріледі. Идеология биліктің саясатын әлеуметтендіретін насихат арқылы енгізіледі.

Азаматтардың билік өкілдерінің заңдылықтарына, қызмет атқаратын нормаларды реттеу нормативтеріне деген сенім мен сенімділік легитимділік биліктің құрылымдық деңгейінде пайда болады. Билік құрылымдары бекітілген дәстүрлер мен орнатылған ережелерге сәйкес құрылатын тұрақты қоғамдық жүйеге құрылымдық легитимділік тән. Легитимділіктің персоналдық деңгейі билік өкілдерінің жеке қасиеттерімен тікелей байланысты. Легитимділіктің бұл түрі жалпы халық ұғымында ұлттық көшбасшы, идеал ретінде қабылданатын көшбасшыны толықтай

қолдауға негізделген. Заманауи жағдайларда тиімділік негізіндегі легитимділік – билікке деген сенімділік пен оны азаматтардың қолдауындағы маңызды фактор.

Саяси мәдениеттің жоғарғы деңгейі – азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің құрылуы үшін ең негізгі қажетті шарттың бірі, ал саяси мәдениеттің даму факторы қоғам мен мемлекеттің демократиясы мен гуманизациясы болып табылады. Саяси мәдениет мемлекет қауіпсіздігінің маңызды элементі болып табылады, себебі қоғамдық мәдениет қоғамның құраушылары болып табылатын жекелеген тұлғалардың сапалы түрде орнығуына әсер ететін ақпараттық үрдістерді дамыта отырып, әдеуметтік идеалдарды өндіру арқылы интеллектуалдық құндылықтардың жолсерігі рөлін орындайды. Мәдени стереотиптер негізінде қоғам мен оның әлеуметтік топтарының қалыптасуына әсер ететін азаматтық өзара теңдесу пайда болады.

Тұрақтандыру факторларының қатарына президент, парламент және үкімет институттары, сонымен қатар биліктің заңдылық, атқарушы және соттық бұтақтарға бөлінуі жатады. Жоғарыда аталған факторлардың қосындысы қоғамның тұрақты және бірқалыпты дамуына кепіл болады. Полиэтникалық құрылымдағы мемлекет үшін ішкі саяси тұрақтылық шарттарын сақтауда этникалық топтар арасындағы келісімнің алар орны ерекше.

Тұрақтылық мемлекеттік институттар деңгейінде, сондай-ақ қоғамдық институттар деңгейінде де жүйелі өзгерістерді қарастыратын динамикалық жағдай ретінде қарастырылуы тиіс. Мемлекет пен қоғам арасында екіжақты байланысты келістіретін және қолдайтын тұрақты қарым-қатынас болуы қажет. Дамыған саяси жүйелерде қарым-қатынас тұрақтылығы үкіметтік билік, орташа буын өкілдері, қоғамдық-саяси қозғалыстар және т.с.с қоғам мен мемлекет арасындағы делдалдар әрекетіндегі азаматтық қоғам институты мен әлеуметтік арналар қызметіне негізделген.

Көптеген жас тәуелсіз мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда да ішкі саяси тұрақтылықтың өмір сүру қорлары әр түрлі әсерлерден жасанды түрде қорғайтын саяси жүйенің жабықтығына негізделген. Демократиялық даму сәйкесінше

саяси мәдениет дәстүрінің болғандығын ұйғарады [54]. Саяси тұрақтылық бұл – мемлекеттің саяси жүйесінің өзгермейтін қатаң қағидаға негізделген тұрақты дамуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістерін, дамуын қоғамдық-саяси ортада қалыптасқан тұрақтандырушы фактор ретінде қарастыру.

Саяси тұрақтылықтағы басты нәрсе – билік құрылымдары қызметінің легитимділігінде, айқындылығында, тиімділігінде, байқалатын саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарының тұрақтылығында, мінез-құлық типтерінің үйреншіліктегілігінде, саяси қатынастардың бір қалыптылығында байқалатын тәртіпті қамтамасыз ету. Қарқынды түрде даму үстіндегі Қазақстан мемлекеті үшін де қоғамның тұрақтылығы, мемлекеттің ұйысуы, қоғамның топтасуы, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету негізгі мәселеге айналып отыр.

Саяси тұрақтылық дегенде біз ұйымдасқан, келісілген, саяси құрылым қызметінің орнықтылығы және белгілі бір сапалы тұтастық шегінде болуды түсінеміз. Ол тұрақты әрі үздіксіз жүріп отыратын үрдіс және қоғам өмірі құрылымының саяси дағдысы ретінде көрініс береді. Сонымен қатар ол ішкі және сыртқы саяси қатынастардағы динамикалық жағдай қалпында да сипатталады. Аталған жағдай саяси жүйеге өзінің базалық мінездемесі және даму тенденциясы мен негізгі бағыттарын сақтауға мүмкіндік береді.


Ішкі саяси тұрақтылықтың критеріі әртүрлі институттар мен қоғамдық топтардың және мемлекет пен оның азаматтарының мүдделерінің келісім деңгейі ретінде қарастырылады. Ол сандық және сапалық параметрлермен сипатталады және негізгі индикаторлардың шектік белгілерінің құрамы мен ауытқуымен анықталады.

Өз кезегінде ішкі саяси тұрақтылықтың үш деңгейін бөліп көрсетуге болады. Бірінші деңгей – саяси басшылықтың тұрақтылығы. Екінші деңгей – саяси режимнің тұрақтылығы. Үшінші деңгей – қоғамның, халықтың саяси тұрақтылығы. Мұнда мемлекеттің территориялық тұтастығының сақталуы,

азаматтардың құқықтық тәртібі мен жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен бостандықтарын реттеу мәселелері қамтылады.

Тұрақтылыққа нұқсан келтіру (тұрақсыздық) саяси жүйенің орнықтылығы мен қызметіне қандай да болмасын қауіп пен қатер алып келеді. Саяси тұрақтылықты жан-жақты, толық зерттеу үшін оны аумағы, түрі, субъектісі, әдісі мен құралы бойынша классификациялап бөліп қарастыру маңызды.

Сурет 1 – Саяси тұрақтылықтың түрлері



Жоғарыдағы саяси тұрақтылықтың бөліністері мен ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығының бірнеше өзіндік спецификасын атап өтуге болады. Біріншіден, аталған жүйедегі барлық өзгерістер негізінде қоғам субъектілерінің мүдделерінің өзгерісі жатыр. Мүдделер арасындағы баланс қоғам жағдайының тұрақтылығы мен үйлесімділігіне алып келеді немесе керісінше. Екіншіден, қоғамдық дамудағы әлеуметтік-экономикалық күштердің тұрақты жетіліп отыруы мен оның қарым-қатынасының артуына серпін береді. Саяси жүйе өзгереді және тұрақты түрде дамып отырады.

Үшіншіден, бұл жүйедегі өзгерістер субъективті фактордың ықпалына қатты ұшырайды. Мұнда мақсатқа бағытталған саяси еркіндік саяси өзгеріске алып келеді. Төртіншіден, қоғамның өзгеруі кезеңдік өзгеріске тәуелді, ол оның қоршаған ортаға, халықаралық қатынастарға бейімделе алуы. Осы жағдайға сәйкес саяси жүйенің тұрақтылығы орнайды.

Қоғамның саяси тұрақтылығы ондағы қалыптасқан нормалар мен құндылықтардың жүйелілігі мен бірқалыпты дамуында. Саяси жүйе тұрақтылығының өзі қоғамдық үрдістерді басқарудың жоғарылауына, әлеуметтік-саяси реттілік пен түсіністікке негізделеді. Биліктің тұрақтылығы туралы айтқанда салыстырмалы түрде не әртүрлі саяси жүйеге, не алдыңғы өмір сүрген режимге байланысты екенін айтуға болады. Саясаттану саласында *тұрақты*, *орташа тұрақты*, *тұрақсыз* режимдер болып бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзінің қоғамды басқару мүмкіндіктері мен қоғамдық тәртіпті реттеудің жолдары, өзін-өзі сақтау мен дамытудың мүмкіндіктері бар.

Саяси режим тұрақтылығы басқару жүйесін сақтау, азаматтық тәртіпті бекіту, басқару саласындағы легитимділікті сақтау мен сенімділікті қамтамасыз ету секілді өте күрделі мәселелерді қамтиды. Сондықтан жалпылама түрде биліктің әлеуметтік өзгерістерге бейімделе алуы, саяси күштердің теңдігі мен сәйкестілігі сияқты белгілі бір саяси үрдістер сипаттамасымен анықталады. Осы тұрғыда тұрақтылықтың негізгі критерийлері: үкіметтің билікте отыру уақыты, партияларға ықпалы, көппартиялық деңгейі.

Саяси режимдегі тұрақтылық – күрделі құбылыс, ол басқару жүйесінің сақталуын, азаматтық тәртіптің бекітілуін, басқарудың сенімділігін (тиімділігін) және заңдылығын сақтауды қамтамасыз етеді. Осы критерийлеріне қарай тұрақтылық: биліктегі үкіметтің мерзімі, оның заң шығарушы ұйымдардағы партияның негізі, көппартиялық, парламенттегі күштің бытыраңқылығы және басқаларды қамтиды. Тұрақтылыққа жету үшін қолданылатын тәсілдер кең диапазонда қарастырылады: азаматтардың еркін саяси белсенділігін күш көрсетуге дейін көтеру және арттыру.

Тұрақтылықтың өзгеру мен реформаға қатысы жоқ, бірақ олардың іске асуының нақты тәртібін жорамалдайды. Әсіресе, ол қоғамдағы заңсыз күш көрсетудің болмауын, мойындалмаған қоғамдық күштердің билеуін қадағалайды. Осы орайда қоғамның өзіндік қорғауға деген тұрақтылығы биліктегі әлеуметтік жүйеге сай келетін, жұртшылықтың көңіл-күйіне қарай оның әлеуметтік-экономикалық үрдістегі шоғырлануын және олардың тиімділігін қамтамасыз ететін ұйымдардың сақталуын қарастырады.

Тұрақтылықтың факторларына келесілерді жатқызамыз: биліктегі конституциялық тәртіпті және заңдылық режимін қолдаудың болуы; биліктің тиімді әрекет жасауы, мәжбүрлеу күштерінің ыңғайлап қолданылуы; биліктегі ұйымдарда шынайы құрылымдық өзгерістердің болмауы; ойластырылған және тиімді үкіметтік стратегиялардың жүргізілуі, оппозицияларға биліктің төзімді қолдауы және қарым-қатынасы, халықтың стандартсыз идеяларға төзімділік деңгейі (толеранттылық); үкіметтің өзіне тиісті негізгі қызметтерін атқаруы.

Тұрақтылыққа қарсы тұрақсыздық, көбіне, сапалы реформалардың, қоғамдағы және биліктегі қағидашыл өзгерістердің болуына себепкер болады. Тұрақсыздықтың факторларына: қоғамдағы мәдени және саяси ыдыраушылықтар; биліктің жеке азаматтың қажеттілігін ескермеуі; қарама-қарсы идеологиялық позицияларды ұстанған партиялардың қатты теке-тіресі; ұйымдардың күнделікті өмірде қоғамға бейәдеп идеялар мен формаларды ұсынуы.

Әдеттегідей, саяси жүйеге қатысты және олардың жеке элементтері мен өзара қарым-қатынастары, сонымен қатар саяси жүйедегі орны туралы әр халықтың көзқарастары, идеялары, ұстанымдары болады. Саяси институттар саяси сана мен тәртіптің нақты стереотиптерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді, оны күшейтілген түрде келесі ұрпаққа жеткізеді. Басқаша айтқанда, саяси жүйе саяси мәдениеттің даму жағдайы мен деңгейіне сәйкес болады, немесе саяси жүйе нақты саяси мәдениеттің шеңберінде жүзеге асады.

Шынайы тарихи үрдістің негізінде нақты бір саяси жүйеге қатысты халық бағытының, ұстанымдарының, көзқарастары мен

идеяларының өзгеруі олардың іс-әрекеттерінен көрініс тапқан (нақты бір саяси институттарға және олардың басшыларына сенімсіздік танытуы, оппозициялық әсерлердің күшеюі, саяси белсенділіктің өсуі). Сондықтан саяси сана мен тәртіп стереотиптерінің өзгеруі сәйкесінше саяси жүйенің өзгеруін талап етеді. Басқаша айтқанда, алдымен саяси мәдениет өзгереді, содан соң – саяси жүйе.

Әдетте, саяси жүйедегі өзгеріс саяси лидерлер тарапынан жүзеге асса, онда олар халықтың наразылығын күтеді. Саяси мәдениеттің өзгеруі саяси жүйенің трансформациялануына әкеп соғады. Осылай, кең ауқымды реформалардың болуына себепші болады. Егер осы реформалар экономиканың дамуына әсер етсе, саяси жүйенің әлеуметтік базасы өсіп, ол тұрақтанады. Демократиялық мемлекеттерде саяси мәдениеттің өзгеруіне тек мемлекет басшылары ғана емес, сонымен қатар оппозиция да әсер етеді. Мұндай жағдайда екі тарап бір ортақ шешімге келіп, соның негізінде саяси жүйеге белгілі бір өзгерістер әкеледі.

Саяси жүйе өзінің ресурстары арқылы тұрақтылықты сақтайды. Бірінші кезектегі саяси тұрақтылықты – реттеушілік, екіншісін – экстракциялы деп атаймыз. Реттеушілік мүмкіндік – ол саяси жүйенің индивидтер мен топтардың жүріс-тұрысын басқаруы, реттеуі арқылы азаматтық қоғамның орнауына әсер ете алуы. Ол тікелей міндеттеу, яғни, заңдар, үкімдер, бұйрықтар арқылы ықпал етсе, ал жанама міндеттеу арқылы, баға мен кредит тұрақтылығын реттеу, қоғамдық пікірге ықпал ету арқылы әсер ете алады.

Экстракциялы саяси тұрақтылық дегеніміз мемлекеттің азаматтық қоғамнан табиғи, адами интеллектуалды ресурстарын шығарып алуы. Бұл жүйеде басқару билігіне сайлау жүйесінің орын алуы, адамдарды мемлекеттік және әскери қызметтерге, партиялық аппаратқа, экспертті-сараптамалық қызмет шақырып тағайындайды. Саяси жүйенің бюджетті толтыратын механизмдері салық салу, демеушілік сияқты институттармен іске қосылған. Қазақстан экстракциялы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуді соңына дейін игермеген.

Саяси тұрақтылықтың бұзылуы (дестабилизация) көлемді және сапалы болуы мүмкін. Бірінші жағдайда ситуативті көрініс алады және саяси жүйе өзінің сапасын жоғалтпайды. Ал екінші жағдайда тұрақтылықтың бұзылуы кризиске әкеледі, ол өз кезегінде басқарушылық технологияның немесе саяси жүйенің өзгеруіне себепші болады. Саяси тұрақтылықты біз саяси құрылымның ұйымдастырылған, келісілген, тұрақты жұмыс істеуі деп білеміз. Ол – үрдістер қиылысындағы тұрақтылық, қағида мен ритуал қоғам өміріндегі саяси үйреншікті жайттар. Саяси тұрақтылықтың ішіндегі әртүрлі институттар мен қоғам топтары мемлекет және оның барлық азаматтарының келісілген тұрақты деңгейі, соның критерийі болып табылады.

Саяси тұрақтылықтың үш түрлі деңгейін атап өтуге болады. Бірінші, ол – саяси биліктегілер (оның ұзақ билік етуі, негізгі өзгермейтін құрамы) тұрақтылығы. Екінші деңгей – саяси жүйе тұрақтылығы (қазіргі уақытта саяси кризистің болмауы). Үшінші деңгей – қоғамның, халықтың саяси тұрақтылығы. Мұнда мемлекеттің территориясы, бірлігі, тәртіптің сақталуы, жеке бас қауіпсіздігі, бостандықтары мен құқықтарының сақталуы басты орынға ие.

Үшінші деңгейлі саяси тұрақтылықты зерттеу – ең қиыны. Дәл сол деңгей тұрақтылығы көпдеңгейлі, қиын динамикалық жүйе тұрақтылығына сәйкес келеді. Бірінші және екінші деңгейлі саяси тұрақтылықтың сақталуы қоғамның тұрақсыздығы мен құлдырауына тікелей байланысты. Тек осы үшінші деңгейлі саяси тұрақтылық – халық өмірінің жақсаруына жағдайлар жасалған кезде ғана ішкі саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік жүйесін жасауға болады.

Қоғамның тұрақтануы оның консолидациялануынсыз мүмкін емес. Консолидация қоғамның тұрақты қалпына, қоғам жағдайына байланысты оған ортақ мақсат пен мүдде, әрекеттердің келісіліп істелуі, соның іске асуына, сақталуына, қорғануына және әлеуметтік құндылықтарды сыни тұрғыда қайта қарауына жағдай тудырады. Шынайы консолидация ол тек ұлттық бірлік негізінде ғана бола алады. Ол қандай да бір билік басындағы адамдар тобы емес, жалпы халық немесе халықтың басым бөлігі болуы қажет.

Қоғамның саяси тұрақтылығы – көптеген саяси-әлеуметтік міндеттер туындысы. Ол дегеніміз, әлеуметтік тәртіп, бірыңғай құқықтық алаң, мемлекеттік қызметтер мен азаматтар арасындағы сенім деңгейі, өмір сапасы мен деңгейі. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығы көптеген саяси ұйымдар мен институттар арқылы іске асады.

Әлеуметтік-саяси даму үрдістерінде мынадай жағдайлар орын алады, әлеуметтік орта ықпалымен саяси мәдениет өзгереді. Ондай жағдай саяси жүйе қоғамдағы кризисті белгілерге жол бергенде орын алады. Сонда әлеуметтік орта арқылы саяси мәдениетте өзгерістер болады; ол саяси жүйеге қарсы болмақ. Саяси сананың өзгеруі адамдардың тәртібіне байланысты. Олар қоғамдық жұмыстар мен саяси партияларға белсене араласады. Митингтер мен демонстрацияларға шығады. Егер саяси лидерлер кризистік белгілерді жоюды іске асырса, саяси жүйені өзгертсе, яғни, бір-біріне сәйкес етіп, олар эмоциялық жолмен дами береді. Егер олар ештеңе байқамаса, белгілі бір қоғам бөлігінде саяси мәдениет сапалы түрде өзгереді. Мұндай жағдайда қоғамдағы саяси күштердің өзгеруіне жаңа күштер өздерінің әсерін тизігіп, даму революциялық жолмен жүреді.

Саяси басқару әр қоғамда, елде, аймақта, тарихи кезеңдерде әр түрлі формада болады. Бір формадағы саяси басқару институттары басқа елде іске аспауы не болмаса басқаша қолданылуы мүмкін. Басқаша айтқанда, бір елдерде ол легитимді, ал енді бір елдерде легитимді емес. Саяси басқарудың кез-келген формасының ұзақ өмір сүруі оның қоғамдағы заңдылық деңгейіне байланысты. Сонымен қатар саяси басқару формасының ортақ заңды формасы жоқ. Саяси басқару заңдылығы сол елдің ұлттық, аумақтық және географиялық ерекшеліктерімен байланысты болады. Әр қоғамда саяси басқаруды мойындау және қолдау орын алған. Мұның түбірін қоғамдағы саяси мәдениеттен, яғни, белгілі бір қауымдастыққа жататын азаматтардың жалпы саяси әрекетінен іздеу керек [55].

Ресей саясаттанушысы К.С. Гаджиев саяси мәдениеттің де кейде мынадай шеңберде қарастырылатынын өз кезегінде атап кетеді: белгілі бір жағдайда қоғам мүшелері басқару түрінің

зандылығын қабылдап, оған өздерін саяси тұрғыдан әрекетсіз сезініп, сол ойын тәсілдерін мойындағанын аңғартады [56].

Қоғамның саяси мәдениетін сараптағанда, саяси тәртіпте оның элементтері мен негізі басты рөл атқарады. Осыған байланысты саяси мәдениеттің келесідей элементтерін көрсетуге болады:

– басқарушы институттардың символын, ресми тұлғаларын бағалау;

– биліктің толығымен ашық болуын талап ету;

– «ойын ережелеріне» қатынасы, ондағы индивид пен қоғам және мемлекет ұстанымдары;

– көптеген жылдар және замандар бойы қалыптасқан саяси дәстүр, саяси тәжірибенің қолданыстағы нормасы;

– әртүрлі саяси қоғамдық институттар арасындағы концепциялар мен тұжырымдар.

Әлеуметтік құрылым – белгілі жағдайда саяси мәдениеттің белгілі типтік бейнесі. Дегенмен, қоғамның өзі соны құрайтын жекелеген элементтер саяси мәдениеттің тасымалдаушылары болып табылады. Қоғамның әлеуметтік құрылымының түрленуі оның саяси мәдениетінің өзгеруіне әкеп соғады. Мұндай байланыстардың түрі көп жағдайда әлеуметтік катаклизмалар дәуірінен көрініс береді. Көптеген халықтардың басым бөлігі революциялық әрекеттерге араласпайды. Бірақ елдің барлық тұрғындары үлкен эксперименттердің нысаны болып қалады. Соның нәтижесінде материалдық пайданы бөлу тәртібі өзгереді және қоғамдық саяси жүйенің әлеуметтік құрылымы түрленуге ұшырайды. Саяси мәдениет саяси сананың және тәртіптің тұрақты өзгермейтін стереотипі болып табылады. Сондықтан оны жою мүмкін емес. Әлеуметтік құрылымды өзгерту саяси мәдениеттің өзгеруіне әкеп соғады.

Революциялық даму типіне сәйкес, кері байланысты, яғни, саяси мәдениеттің өзгеруі қоғамдағы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне себепші. Онда екі түрлі даму жолы бар. Біріншіден, саяси биліктегілер реформа жасауға қызығушылық танытады. Оны барлық әлеуметтік институттар арқылы іске асыра отырып, реформалардың мағынасы мен мақсатын түсіндіреді. Іске асыру

жолы – күтілген нәтиже. Немесе саяси мәдениет әлеуметтік орта мен саяси биліктер әсерінен өзгереді. Ондағы әлеуметтік катаклизмаларды болдырмау үшін саяси әлеуметтік реформаларды жүзеге асырады.

Саяси мәдениеттің жіктелу түрі оның субъектілеріне (алып жүрушілерге) қатысты. Оған тұрақтылықтың, саяси мәдениеттің типологиясын жатқызамыз. Бастапқы нүктесі қоғамның біркелкілігі болып табылады. Қоғам біркелкі және саяси мәдениеті гомогенді болса, онда ол салыстырмалы түрде тұрақты болады. Егер субмәдениеттің басым көпшілігінің әлеуметтік біркелкілігі айқын болмаған жағдайда, ондай қоғам тұрақсыз. Әлеуметтік топтар бастапқыдан-ақ тұрақтылыққа негізделген (орта тап), және олар – үнемі тұрақсыздықтың көзі (маргиналдар). Осы екі топтың қоғамдағы қатынасы арқылы қоғамның қаншалықты тұрақты екеніне баға беруге болады. Саяси мәдениет типологиясы мен қоғамның ішкі жүйесінің өзара байланысын зерттей келе, біз тұрақты қоғамның өміріне қажетті шарттарды қиыстыру қажет деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтып кеткендей, әлеуметтік топтар және халықтар қоғамды құрайды. Және олардың әрқайсысына тән саяси мәдениеттері бар. Осы саяси мәдениеттілік көрсеткіштің негізінде қоғамға тән менталитет, мәдениет, дәстүр, өмір салты оны басқа қоғамнан ерекшелеп тұрады. Бұл топтардың арнайы қызығушылығының барлығына қарай ерекшеленуі деп қарастырамыз. Қоғамның саяси мәдениеті топтар мен халықтардың механикалық қосындысы емес, олардың тепе-теңдігі. Мұндай қызығушылық тепе-теңдіктері қоғамның біркелкі жағдайында орын алады. Біркелкі қоғам – гомогенді саяси мәдениеттің тасымалдаушысы. Егер қоғамда көптеген субмәдениетке жіктелу ортаға шықса, тепе-теңдік бұзылып, тұрақсыздық орын алады.

Қоғамның өзін-өзі дамытуына және реттелуіне бейім болған жағдайда сол жүйенің әртүрлі элементтерімен байланысы нығая түседі. Ондай байланысты саяси мәдениет жүзеге асырады. Оны біз саяси жүйе, экономикалық жүйе, қоғамның әлеуметтік мәдени мінезі және саяси мәдениеттің даму деңгейі деп танымыз. Ұзақ даму

үрдісі нәтижесінде сол қоғамға оптималды пропорциялар болып табылады. Осы параметрлер оқылып, сол қоғамның көрсеткіштері болады. Жүйе тепе-теңдігін сақтау үшін ыңғайлы байланыстар болуы қажет. Яғни, жағымсыз тенденциялар бастапқы кезінде байқалып, жойылуы қажет. Соның нәтижесінде тұрақты және жақсы дамуға жағдай жасалады.

Саяси тұрақтылық ол сыртқы және ішкі қарым-қатынастың динамикалық күйі. Ол саяси жүйенің негізіндегі мінездемелерін сақтап қалуға әсер етеді. Саяси тұрақтылықтың негізгі атрибуттары олар: жүйелілік, динамика, үрдістердің экстремалды болмауы, субъектілердің белсенді рөлі, басқарушылық және қауіпкертер төндіретін факторларға жауап бере алатын мүмкіншілік.

Саяси тұрақтылық критерийлерінің деңгейі – саяси қызығушылық пен іс-әрекеттің келісушілігі. Әлеуметтік ушығу тұрақсыздыққа әкеледі, ондағы құбылыстарды басқару мүмкіндігінен айыруы мүмкін. Кез-келген мемлекетте, қоғамда, саяси жүйеде өзіне тән оптималды саяси тұрақтылығы болады.

Міне, осылай қоғам тұрақтылығы үшін екі шарттың сақталуы қажет. Қоғамның біртүрлілігі және өзара қарым-қатынастың ыңғайлылығы. Оның бәрін гомогенді саяси мәдениет іске асырады. Біздің ойымызша, бұл екі шарт арасында байланыс бар, олар бір-біріне өмір сүрмейді. Қазіргі заманғы саяси мәдениет қоғам жүйесінің жекелеген элементтерімен байланысты. Оның шарты сол, әрбір элементтер саяси мәдениеттің даму деңгейіне сай болуында. Саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы саяси әлеуметтену үрдісінде жүзеге асады. Бұл үрдістің басты мақсаты қоғамдық жүйені тұрақтандырушы адам топтарын сақтау және оларға жағдай жасау.

Саяси тұрақтылық – көптеген саяси міндеттердің туындысы. Олар әлеуметтік тәртіп, бірыңғай құқықтық алаң, мемлекеттік басқару органдары мен азаматтар арасындағы сенім деңгейі; өмір сапасы мен деңгейі, қауіпсіздігі мен денсаулықтары, көптеген саяси институттар және қоғамдық ұйымдар арқылы іске асады. Мемлекет қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатпайынша, болып жатқан және алда болатын проблемаларды

шеше алмайды. Осы байланыс арқылы ғана әр түрлі әлеуметтік топтағы адамдардың қызығушылығын қанағаттандырып, қоғам тыныштығына жете алады. Саяси тұрақтылық үрдісінің орнауында қоғамдық бірлестіктер айтарлықтай орын алады. Қоғамдық жұмыстарға жекелеген адамдар қоғамдық бірлестіктер арқылы белсене араласып, мемлекеттік билік және жергілікті басқару органдарының қалыптасуы мен қызмет етуіне әсер етеді.

Бұл – тек тұрақты қоғамда ғана болатын құбылыс. Онда заңдылық сақталады, ол қоғамдық жүйе элементтері арасындағы байланыс арқылы көрініс табады. Кризис кезінде қоғамдық жүйе тепе-теңдіктен айрылады. Ондағы жекелеген элементтер қатты өзгереді, немесе көбіне олар болмайды да. Сондықтан елді кризистен шығару, тұрақты және тең қоғам орнату үшін қоғамды тұрақтандыратын заңға негізделуі керек.

Саяси мәдениет пен саяси тұрақтылықтың өзара арақатынасын сараптай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- Әлеуметтік әрекеттер мен байланыстар, оның тәртібі, тұтастығы, тұрақтылығы және әлеуметтік өмірдің алдын-ала жоспарлануы негізінде әлеуметтік құндылық пен нормалар мәдениетке тоғысып, шешуші рөл атқарады. Тек осы мәдениет құндылықтары мен нормалары арқылы ғана адамдар өзара қарым-қатынаста өздерін айқындап, бекітіп, дамыта алады.

- Саяси мәдениетке – сол мемлекеттің қоғам санасындағы элементтері мен феномендері кіреді. Олар қоғамдық саяси институттар және саяси үрдістермен байланысты. Олардың қалыптасуы мен жұмыс істеуі сондағы мемлекеттік және саяси институттардың, саяси үрдістердің адамдардың саяси тәртібіне бағдар болады.

- Саяси мәдениеттің басты тәсілі – әлеуметтену үрдісі. Саяси әлеуметтену, бір жағынан, тұлғаның саяси жүйемен талап етілетін нормалар, құндылықтары, рөлдері арқылы бекітіледі. Екінші жағынан, саяси әлеуметтену жаңа саяси білім және тәжірибе арқылы болады. Осылардың үйлесуі бір жағынан, саяси жүйе тұрақтылығы, ал екінші жағынан, қалыпты өзгеруі.

- Тұрақтылық өзгерістер мен реформаларды жоққа шығармайды, ол белгілі бір тәртіппен іске асырылады. Бұл мағынадағы

тұрақтылық – ол қоғамның сол билік ұйымын сақтауында. Әлеуметтік жүйе, қоғамның дұрыс көңіл-күйі, әлеуметтік-экономикалық үрдіс интеграциясын қамтамасыз етіп, әсерлі етеді.

- Тұрақтылық факторларына келесілерді жатқызамыз: билік пен конституциялық тәртіптің сақталуы; биліктің қалыпты дамуында орынды күш қолдану; биліктің ұйымдасуында айтарлықтай маңызды құрылымдық өзгерістің болмауы; мемлекеттің стратегиясын ойланып және нәтижелі етіп іске асыру; оппозицияға биліктің шыдамдылығы (толеранттылығы); үкіметтің өз міндетін орындауы;

- Тұрақсыздық факторларына келесілерді жатқызамыз: қоғамның мәдени және саяси бөлінуі; азаматтардың қажеттіліктерінің билікпен орындалмауы; партиялардың бәсекелестігі, онда идеологиялық позициялардың әралуандығы; қоғамға жат идеялар мен формалардың ұсынылуы;

- Саяси режим тұрақтылығы – ол қиын құбылыс. Ол дегеніміз – жүйенің басқаруды сақтап қалуы, азаматтық тәртіптің бекітілуі, басқарудың заңды және сенімділігіне байланысты.

- Тұрақтылық және өмір сүрушілік оның саяси мәдениетіне байланысты. Қоғамның барлық мүшелері оның құндылықтарын бөлісуінде, ортақ шешімнің, бірауыздылықтың болуымен сипатталады.

- Саяси мәдениет саяси жүйенің қызмет жасауына өте жоғары деңгейде ықпал етеді. Әсіресе оның бағытын анықтауда, қоғамның тұрақты дамуы мен жетістікке жетуінде мағыналық-құндылықтық рөлін атқарады.

- Саяси мәдениетті әлеуметтік институт ретінде саяси сараптайтын болсақ, саяси мәдениет өзінің құндылықтық бағдары арқылы қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақтылығын нығайтудың саяси-әлеуметтік тетіктерін құрайды. Әлемдік саясаттану ғылымында саяси мәдениеттің құндылықтық бағдарын азаматтардың саяси жүріс-тұрысын, іс-әрекеттерін болжаумен, саяси жүйенің тұрақтылығын азаматтардың саяси бағыттарымен тікелей байланыстырып түсіндіреді.

- Саяси мәдениет өзіне саяси білім, құндылықтық бағдарлар, әлеуметтік тұлғаның жүріс-тұрыс үлгілерін қамтитын

болғандықтан, азаматтардың саяси білімінің жоғары, жүріс-тұрыс үлгілерінің тұрақты және құндылықтық бағдарларының айқын болуы, қоғамның тұрақты дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылады. Ал, керісінше азаматтардың саяси білімінің төмендігі мен саяси құндылықтарының айқынсыздығы қоғамдық тұрақсыздыққа әкеліп соқтырады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік құрылысты қалыптастыру жолында, егемендікті бекітуде, саяси тұрақтылықты нығайту барысында күрделі үдерістерден өтті. Көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстан мемлекеттің саяси тұрақтылығын камтамасыз етуде елдегі ұлттар мен этностардың теңдігін сақтау мақсатында этносаралық және конфессияаралық келісім мәдениетін алға тартты.

Өз кезегінде бұл республикамыздағы саяси жүйені демократияландыру үдерісін жалғастырып, әлеуметтік-экономикалық реформаларға қажетті шарттар жасады. Сондықтан қоғамымыздағы бейбіт өмір мен қоғамдық келісім мемлекет басшылығы мен барлық қазақстандықтардың біріккен күш-жігерінің нәтижесі деп толық сеніммен айтуға болады.

Біріншіден, саяси жүйе сүйенетін, тұрғындар құндылығын жоғарылататын қоғамдағы саяси өмірді демократияландыру саяси тұрақтылықтың негізгі сипаттамалық белгілеріне ие. Осыған байланысты Қазақстан Республикасындағы саяси құрылыс мәселелеріне қатысты консенсус қазақстандық қоғамға тән құбылыс. Бұл демократиялық қоғамдық басқарудың қажеттіліктерін таныта түседі.

Екіншіден, саяси тұрақтылық реформалардың тереңдігімен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінің жоғарғы деңгейін қалыптастырумен сипатталып, өткізіліп отырған реформаларды халықтың қолдауы көрсеткішін айқындайды. «Посткризистік әлем» институтының 2009 жылдың ақпанында өткізген «PostКСРО: үкіметтердің дағдарысқа қарсы қимылдарын бағалау» атты зерттеулерінің нәтижесі бойынша бұрынғы КСРО мемлекеттері арасындағы Қазақстан Республикасының тұрғындары болашақтан бақуатты өмірді күтеді. Бүгінгі кезеңде еліміз азаматтардың осы

әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстар атқаруда.

Үшіншіден, саяси тұрақтылықтың маңызды құрамдас бөлігі азаматтық қоғамның жоғарылығын, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өзара байланыс сапасы және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру талаптарының деңгейін танытады. Аталған көрсеткіштердің төменгі деңгейі қоғамдағы шиеленісті туғызып, саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Жалпы ішкі қақтығыстар кез келген мемлекеттер үшін аса қауіпті құбылыс. Бұл іс басындағы билікті ығыстыру мақсатындағы бейконституциялық процестерге итермелейтіндігі белгілі. Сонымен қатар, ішкі қақтығыстар әлеуметтік-экономикалық және психологиялық нәубет. Өйткені азаматтар өз күш-жігерін прогресс жолына емес, өздерінің иррационалды мінез-құлқын дамытып, қоғамдық дамуға кері ықпал етеді.

Төртіншіден, саяси тұрақтылыққа жету құқықтық және моральдық нормаларды, ұлттық дәстүрді танытатын саяси мәдениет деңгейіне байланысты. Модернизация келіссөздер жүргізудің мәдениетін қалыптастыру мен толерантты сананы тәрбиелеудегі жаңа дағдыларды дайындауды қажет етеді. Сондықтан Қазақстанда өркениетті үнқатысу мен пікірталастарды ұйымдастыруда мүмкін болған әңгімелесу алаңдары ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында саяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің үйлесімді әдістері мен бейбіт мәдениет идеясы насихатталуда. Қазақстанның қауіпсіздік жөніндегі аса ықпалды ұйымға төрағалығы «Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» ұранымен өтіп жатқандығы айқындалу үстінде.

Бесіншіден, қоғам тұрақтылығы мемлекет лидерінің нақтылы тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, мемлекет басында тұрған саяси лидер қоғамдағы келісімді қамтамасыз еткенде ғана өз легитимдігін жоғарылатады. Өйткені, тек қана ол қоғамдағы жан-жақты қарама-қайшы ойларды татуластырып, біріктіре алады. Қоғамды модернизациялау кезеңінде лидерлер тұрақтылық факторларын нығайтып, жаңа өзгерістердің бастамашысы болып қала бермек. Осы шарт-

тарды лидерлер саяси бағытты айқындап, қоғам дамуының стратегиясын қалыптастырып, оны орындау құралдарын анықтайды. Елбасымыздың осы жолдағы саясаты латентті қарама-қайшылықтар профилактикасына бағытталып, тұрақтылықтың қосымша ресурстарын қалыптастыруы айқындалады [57].

Қорытындылай келе, әлемдік саяси мәдениет үлгілерін қарастыра келе, біріншіден, саяси мәдениеттің деңгейі сол мемлекеттің саяси жүйесіне, режиміне тікелей байланысты. Екіншіден халықтың менталитеті мен саяси құндылықтарына. Үшіншіден халықтың саяси сауаттылығы мен бағдарларына байланысты. Ал қоғамның саяси тұрақтылығы мемлекеттің саяси жүйесі мен азаматтардың саяси мәдениеті мен бағдарларына байланысты екендігіне көз жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977. – С.368
- 2 Finer H. Governments of great European powers. A comparative study of the governments and political culture of Great Britain, France, Germany and Soviet Union. – London, 1956. – P.46.
- 3 Almond G. Comparative political systems // The Journal of Politics. – 1956. – Vol. 18, № 3.
- 4 Almond G. and Verba S. The Civic Culture: political Attitudes and Democracy in Five Nations. – Princeton, 1963. – P.53.
- 5 Political culture and political development. – Princeton, 1965. – P.7.
- 6 Алмонд Г.А., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Политические исследования. – 1992. – № 4. – С.122-130.
- 7 Алмонд Г.А., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Политические исследования. – 1992. – № 4. – С.132.
- 8 Вайчич В. Понятие политической культуры // Политическая наука. Проблемно-тематический сборник. – 2000. – № 4. – С.141-155.
- 9 Pay L. Political culture and Political development // Political culture and Political development. – Princeton, 1965. – P.7.
- 10 Devine D. The political Culture of the United States. – Boston, 1972. – P.187.
- 11 Parsons T. Shils E. Toword a General Theory of Action. – Cambridge, Mass: Harward Univer. Press, 1951. – P.58.

12 Вятр Е. Социология политических отношений / пер. с польск.; под ред. и с предисл. Ф.М. Бурлацкого. – М.: Прогресс, 1979. – С.259.

13 Липсет С.М. Политическая социология. Американская социология. Перспективы, проблемы, методы. – М., 1972. – С.203.

14 Алешина Е.А. Политическая культура студенческой молодежи современного российского общества: состояние, тенденции, пути формирования. дис. ... канд.полит.наук. – М., 2006. – С.26.

15 Андреева Г.М. Социальная психология. учебник. – М., 1995. – С.344.

16 Манхейм К. Человек и общество в век образований. – М., 1991. – С.75.

17 Kavanagh D. Political Science and Political Behaviour. – L.: George Allen Unwim, 1983. – P.50.

18 Бурлацкий Ф.М. Политическая система общества: понятие и элементы // Политические системы современности. – М., 1978. – С.12.

19 Кейзеров Н.М. Политическая и правовая культура. – М., 1983. – С.16-17.

20 Иовчук М.Т. Некоторые особенности политической культуры социализма. Проблемы политической науки. – М., 1985. – С.45.

21 Шегорцов В.А. Политическая культура: модели и реальность. (Политико-социологические очерки). – М., 1990. – С.13.

22 Артемьев А.И. Социология личности. – Алматы, 2001. – 244 с.

23 Биекенов К.У. Методологический и социологический анализ политической культуры хозяйственного руководителя: автореф. ... док. соц.наук. – Алматы, 1993. – 40 с.

24 Шалабаев Ж.А. Проблемы политической культуры казахстанского общества на современном этапе: дис. ... канд.полит.наук. – Алматы, 1998. – С.41-48.

25 Абдикерова Г.О. Социологический анализ проблема политической социализации личности: автореф. ... канд. соц. наук. – Алматы, 1997. – С.12.

26 Бадачони Д. Политическая культура и культура демократии // Общественное обозрение. – 1979. – №-7. – С.8.

27 Almond G.A., Verba S. The Civic Culture. – Princeton, 1963. – P.17

28 Пивоваров Ю.С. Концепция политической культуры в современной науке. – М.: ИНИОН, 1996. – С.9-10.

29 Грачев М.Н. Указ. Соч. – М., 1976. – С.106.

30 Мамут Л.С. Политическая культура и политическое сознание // Политические системы современности / отв. ред. Ф.М. Бурлацкий, В.Е. Чиркин. – М.: Наука, 1978. – С.43-53.

31 Гуляев Л.Н. Указ. соч. – М., 1988. – С 88.

32 Политическое сознание трудящихся в условиях перестройки и ускорения социально-экономического развития / ред.кол.: Ж.Т. Тощенко и др. – М., 1998. – С.12-13.

33 Уледов А.К. Перестройка и сознание. – М., 1988. – С.59.

34 Политическая культура: теория и национальные модели / отв. ред. К.С. Гаджиев. – М., 1994. – С.94.

35 Шпенглер О. Закат Европы: очерки морфологии мировой истории. // В 2 т. – М., 1998. – С.156.

36 Политическая культура: теория и национальные модели / отв. ред. К. С. Гаджиев. – М., 1994. – С. 62.

37 Алмонд Г.А., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Политические исследования. – 1992. – № 4. – С.122-134.

38 Постникова Л. Политическая стабильность // Политология: взгляды на современность. – М., 1996. – Вып. 9. – С.31.

39 Общая и прикладная политология: учебное пособие. / под общей редакцией В.И. Жукова, Б.И. Краснова. – М.: МГСУ; Изд-во «Союз», 1997. – 522 с.

40 Әбсаттаров Р.Б. «Саяси тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік: жүйелік талдау. // ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтік ғылымдар және саясаттану сериясы. – 2012. – № 2. – С.156

41 Аристотель. Сочинения // В 4-х т. – М., 1984. – Т.4. – С.378-379.

42 Гоббс Т. Избр. соч. – М., 1991. – Т.2. – С.250.

43 Парсонс Т. Функциональная теория изменения // Американская социологическая мысль. – М., 1994. – С. 465.

44 Современная американская социология. – М., 1994. – С. 83.

45 Яковлев И.П. Системно-динамические особенности российского общества // Социально-политический журнал. – 1993. – № 5/6. – С.6-7.

46 Bealey F. Stability and Crisis: Fear About Threats to Democracy // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 6. – P. 687.

47 Dowding K.M., Kimber R. The meaning and Use of Political Stability // European Journal of Political Research. – 1983. – Vol. 11, № 3. – P.15

48 Jaworsky J. Ukraine Stability and Instability // McNair Paper 42. INNS. – 1995, August. – P.3-4.

49 Zimmerman E. Government Stability in Six European Countries During the World Economic Crisis of the 1930: Some Preliminary Considerations // European Journal of Political Research. – 1987. – Vol. 15, № 1. – P.32.

50 Searing D. Theory of Political Socialization: Institutional Support and Deradicalisation in Britain // European Journal of Political Research. – 1996. – Vol. 16, part 3. – P.43.

51 Duff E., Mc Camant J.F. Measuring. Social and Political Requirements for System Stability in Latin America // The American Political Science Review. – 1968. – Vol. 12, № 4. – P.31.

52 Crosier M., Friedberg E. L'Acteur et le Systeme. – Princeton, 1977. – P.69.

53 Кажыгельдин А.М., Дзлиев М.И., Потрубач Н.Н. Безопасность социума (словарь-справочник). – М., 1997. – С.98.

54 Ахметжанова Г.К. Политическая стабильность в условиях формирования новой идентичности (на примере РК). дис. ... канд. полит. наук. – Алматы, 1998. – С.30-32.

55 Дибиров А.З. Политическая культура и модели легитимности государственной власти. – М., 2003. – С.123.

56 Гаджиев К.С. Введение в политическую науку. – М., 1997. – С.145.

57 Насимова Г.О. Саяси тұрақтылық – қоғам жаңғыруының негізі. // Егемен Қазақстан. – 2010, қараша, 26. – № 439-442.

2 ЦИФРАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗГЕРУІ

Айтымбетов Нүркен Ысқақұлы

Саясаттану ғылымы саласында саяси мәдениет теориясы өте күрделі және кең ауқымды түсінік болып табылатындығы алдыңғы тарауларда айтылды. Ол адамзат баласы қалыптастырған жалпы мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табыла отырып, қоғам ішінде қалыптасқан азаматтардың саяси көзқарастары, мінез-құлықтары мен құндылықтарын өз бойына қамту арқылы жалпы мәдениеттен ерекшеленеді. Осылайша, саяси мәдениет белгілі бір қоғамның тарихи тәжірибесімен байланысып қана қоймай, сол қоғам мүшелерінің саяси өмірімен біте қайнасып жатады. Азаматтардың саяси мәдениеті қоршаған ортада түрлі факторлардың ықпалынан үнемі өзгеріске ұшырап, үздіксіз жаңарып отырады. Оған әлемнің кез-келген елінде мемлекеттің қалыптасуы мен ондағы азаматтық институттардың саяси даму тарихына шолу жасай отырып көз жеткізуге болады. Осы тарауда жастардың саяси мәдениетінің заманауи цифрлы технологиялардың ықпалынан өзгеріске ұшырау тенденциялары тереңінен қарастырылатын болады. Аталмыш тарауды жазу барысында жоба шеңберінде зерттеу тобымен жүргізілген зерттеу жұмысының қол жеткізілген нәтижелері негізге алынды.

Жаһандық цифрлы өзгерістердің туындауының тарихи алғышарттары

Посткеңестік елдердің соңғы отыз жылдық тәуелсіздік тарихында ұлттық мемлекеттік құрылысты қалыптастыру үрдісінде өзіндік жаңа саяси мәдениетті құру оңайға түспей отырғандығын көруге болады. Олай деуіміздің себебі азаматтардың санасында орныққан кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтарын тазартып, оның орнына жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру күрделі үрдіс болып табылды. Оған қоса соңғы уақытта әлемде ерекше жыл-

дам қарқынмен жүріп жатқан демократияландыру, жаһандану мен түрлі интеграциялық үрдістер мен тенденциялар кез-келген қоғамнан уақыт талабына тезірек бейімделуді және заман ағымына үнемі ілесіп отыруды талап етіп отыр. Осы орайда посткеңестік елдердің бірі болып табылатын Қазақстан әлемде орын алып отырған жаһандық тенденциялардың дамуынан тыс қала алмайтындығы анық. Нәтижесінде соңғы уақытта қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті бірнеше саясаттану ғылымы саласында саяси мәдениет теориясы өте күрделі және кең ауқымды түсінік болып табылатындығы алдыңғы тарауларда айтылды. Ол адамзат баласы қалыптастырған жалпы мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып табыла отырып, қоғам ішінде қалыптасқан азаматтардың саяси көзқарастары, мінез-құлықтары мен құндылықтарын өз бойына қамту арқылы жалпы мәдениет-тен ерекшеленеді. Осылайша, саяси мәдениет белгілі бір қоғам-ның тарихи тәжірибесімен байланысып қана қоймай, сол қоғам мүшелерінің саяси өмірімен біте қайнасып жатады. Азаматтардың саяси мәдениеті қоршаған ортада түрлі факторлардың ықпалынан үнемі өзгеріске ұшырап, үздіксіз жаңарып отырады.

Оған әлемнің кез-келген елінде мемлекеттің қалыптасуы мен ондағы азаматтық институттардың саяси даму тарихына шолу жасай отырып көз жеткізуге болады. Посткеңестік елдердің соңғы отыз жылдық тәуелсіздік тарихында ұлттық мемлекеттік құрылысты қалыптастыру үрдісінде өзіндік жаңа саяси мәдениетті құру оңайға түспей отырғандығын көруге болады. Олай деуіміздің себебі азаматтардың санасында орныққан кеңестік саяси мәдениеттің қалдықтарын тазартып, оның орнына жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру күрделі үрдіс болып табылды. Оған қоса соңғы уақытта әлемде ерекше жылдам қарқынмен жүріп жатқан демократияландыру, жаһандану мен түрлі интеграциялық үрдістер мен тенденциялар кез-келген қоғамнан уақыт талабына тезірек бейімделуді және заман ағымына үнемі ілесіп отыруды талап етіп отыр.

Осы орайда посткеңестік елдердің бірі болып табылатын Қазақстан әлемде орын алып отырған жаһандық тенденциялар-

дың дамуынан тыс қала алмайтындығы анық. Нәтижесінде соңғы уақытта қазақстандық қоғамның саяси мәдениеті бірнеше факторлардың ықпалынан күрделі трансформациялық өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Соның ең басты факторларының бірі болып цифрлы технологиялардың қоғамдық өмірдің барлық саласына етене енуі болып табылады. Қазақстанға цифровизация ең алдымен экономикалық өсім мен әлемдік сахнада елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажет. Алайда, технологиялық жаңашылдық пен цифрлы мәдениеттің кеңінен таралуы жас ұрпақтың мінез-құлық стратегиясының өзгерісіне алып келетінін әлем ғалымдары мойындап отыр.

Е.В. Бродовская, Т. Хуанг есімді ғалымдар өздерінің бірігіп жүргізген ғылыми зерттеуінде мынандай қорытындыға келеді: «Барлық саланы жаппай цифрландыру» жылдамдығы мен технологиясы едәуір деңгейде цифрлы ұрпақтың өмір сүру стилі мен құндылықтар жүйесін қарқынды түрде өзгерте бастады» [1, б. 7]. Аты аталған ғалымдар қазіргі жас ұрпақтың интернет кеңістігінде өздерінің көп уақытын өткізуі мен цифрлы технологияларды жаппай қолдануы әсерінен олардың өмірлік бағыт-бағдары мен ұстанымдары өткен ұрпаққа қарағанда мүлдем өзгеше екендігін анықтаған. Сондықтан да бүгінгі күні ғылым саласында қазіргі жастарды атауда цифрлы ұрпақ «digital generation», цифрлы азамат «digital citizen» деген жаңа терминдер жиі пайдаланылып, олардың мәдениетін цифрлы мәдениет «digital culture» деп бөлу кең қолданысқа енген.

Жалпы «Цифрлы экономика» терминін ең алғаш ғылыми айналымға 1995 жылы американдық ақпараттандырушы Николас Негропonte енгізді. Осы жылы Негропonte «Цифрлы болу» (Being Digital) атты еңбегін жарыққа шығарып, аталмыш кітапта цифрлы медиа болашақта біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналады деген болжам жасайды. Оның пікірінше қоршаған әлем мен адам қолдан жасаған виртуалды әлем арасындағы шекара мүлдем жойылып, олар бір-бірімен өзара араласа келе бітеқайнасып, адам өмірінің біртұтас ортасын қалыптастырады [2]. Ал 1999 жылы АҚШ-та президент Клинтонның жеке

тапсырысы бойынша өткен цифрлық экономика бойынша әлемдік конференциядан кейін ғылыми есептер жинағы жарық көрді [3]. Осылайша, қоғамдық өмір айналымына «цифрлық үкімет», «цифрлық даму» ұғымдары алғаш рет ене бастады.

Сол сияқты француз философы Пьер Леви өз еңбегінде [4, б. 31] цифрлы технологиялардың себебінен туындайтын жағдайларды, сондай-ақ, одан болатын қоғам үшін теориялық және практикалық себеп-салдарларды талдауды ұсынды. Бәрінен бұрын, Леви тарихтың әртүрлі кезеңдерінде әліпби, кітап басу өнері, жалпыхалықтық басылымдар, телеграф және телефон, радио және телевидениенің ең алғаш пайда болуы әсерінен орын алған өзгерістерді есепке ала отырып жаңа технологиялардың әлемдік қауымдастықты өзгертіндігін айтты. Сонымен қатар ол қазір және болашақта орын алатын өзгерістермен байланысты негізгі мәселелерді ашып көрсетті. Цифрлы дәуірдің маңызды аспектілері үй жағдайында жеке компьютерлерді жаппай қолдануы нәтижесінде көрініс беретіндігі туралы пайымдады.

Осы орайда қазіргі әлемнің күнделікті тәжірибесінде орын алып отырған жаппай цифрландыру үрдісінің жағымды және жағымсыз салдарларын салыстыра отырып зерттеу өте маңызды. Бұл Қазақстанда жаңадан басталған жаппай цифрландырудан туындауы мүмкін қауіп-қатерлерге алдын ала дайын болуға және дер кезінде дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заманауи коммуникациялық технологиялардың дамуы мен олардың халықтың саяси мәдениетіне әсерін зерттеу бойынша «цифрлық көшбасшы елдер» қатарына кіретін дамыған елдердің тәжірибесі Қазақстан үшін ерекше маңызды.

Жаһандық цифрландыру үрдісі мемлекеттік саяси институттардан бастап азаматтық қоғам институттарына дейін қамтитын салада қызмет сапасы мен тиімділігін арттырушы ба-сты құралдардың бірі болып саналады. Мемлекеттердің саяси-экономикалық, тарихи географиялық және тағы да басқа өзіндік даму ерекшеліктеріне қарамастан цифрландыру үрдісінде озық нәтиже көрсетіп келе жатқан елдердің тәжірибесі мен білімі тиімді ортақ тәжірибе болып табылады. Жаһандану үрдісі қарсаңында

халықаралық тәжірибеде цифрлық қызмет көрсетудің озық үлгісін ең алдымен жеке меншік алпауыт компаниялар көрсетті. Атап айтқанда, Гугл, Майкрософт, Фейсбук және сол сияқты ірі трансұлттық корпорациялар мен компаниялар халыққа цифрлы дағдыларды қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарды.

Бертін келе, мемлекет басшылары мен саясаткерлер цифрлық трансұлттық корпорациялар тәжірибесін мемлекеттік қызмет саласына енгізе бастады. Тіпті, мемлекеттік қызметті цифрландыру барысында, некеге тұру, ажырасу және жылжымайтын мүлік алудан басқа қызметтердің барлығы цифрлы болуы қажет деген қағида жаппай қолданысқа енуде. Мемлекеттік билік институттары өз бетімен ауқымды цифрлы қызметтерді қалыптастыра алмауы анық. Алайда, олар үкіметтік емес азаматтық қоғам институттарының қатысуымен қоғамдық талқыға сала отырып іске асыратын болса және осы салада өзара біріге әрекет ететін болса тиімді нәтиже көрсетуіне болады.

Қоғамдық сананың жаңғыруы мен адам капиталының дамуы аясындағы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының рөлі

2017 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында мемлекет және қоғам алдына цифрландыруға негізделген ең дамыған 30 елдің қатарына кіру бойынша тапсырма қойды. Елбасы мемлекеттің экономикасын дамыту үшін озық заманауи цифрлы технологияларды қоғамның әртүрлі саласына белсенді түрде енгізудің маңыздылығын баса атап өтті. Оның пікірі бойынша жаппай цифрландыру бірінші кезекте елдегі барлық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен ел тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажет. Сонымен қатар Н. Назарбаев ғылым зерттеу институттары, жоғары оқу мекемелері базасында және инновациялық кластерлер шеңберінде кәсібі жоғары мамандар даярлау мен күзіндетті орталықтарды дамытуды да басты назарда ұстау қажеттілігін айтты [5, б. 65].

Осы жылы ҚР Үкіметі елдің Үшінші жаңғыруы шеңберінде 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік

бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қарқынын жылдамдату және орта мерзімді келешекте цифрлы технологияны қолданудың есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, Қазақстан экономикасының келешекте цифрлы экономиканы құруды қамтамасыз ететін дамудың арнайы жаңа траекториясына өтуіне жағдай жасау болып табылады. Өз кезегінде қазіргі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің дамуы үшін цифровизацияның маңыздылығын бірнеше мәрте нақтылап көрсетті. Атап айтқанда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын алдағы уақытта жаңа тәжірибе есебінен қайта қарастыруға тапсырма берді [6].

Бүгінгі күні қазақстандықтар Тұңғыш Президент бастап берген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының алғашқы нәтижелерін өздерінің күнделікті өмірлік тәжірибесінде көріп отыр. Заманауи цифрлы технологиялар елдің әрбір азаматының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді, олар күн өткен сайын біздің өміріміздің әр түрлі салаларын көбірек қамти түсуде. Атап айтқанда қазақстандық жастар заманауи цифрлы технологияларды жылдам игеру арқылы аталмыш жаһандық үрдістің барлық игіліктерін қолдануға мүмкіндік алып отыр. Оған қоса бүкіл әлемде орын алып отырған пандемия салдарынан білім беру саласының онлайн форматқа ауысуы, жастардың заманауи технологияларды қолдану аясының кеңеюі мен ғаламтордың оларға тигізетін ықпалының одан әрі артуына септігін тигізді.

Қазіргі таңда цифрлы технологиялардың қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларына етене енуі әлемдік экономикада басты тенденцияға айналды. Атап айтқанда, мемлекеттік басқару саласында цифрлы технологиялардың кеңінен қолданыс табуы мемлекеттік аппараттың бір мезетте бірнеше операцияларды орындауға мүмкіндік беру отырып қызмет көрсету саласының жұмысын жеңілдеті түсуде. Мемлекеттік басқару жүйесіне цифрлы технологияларды енгізу – бұл іс-әрекеттер мен қызметтерді «қашықтан басқару формасына» көшіру ғана емес, сонымен қатар үлкен деректерді цифрлық тұрғыда басқару, кең ауқымдағы

ақпаратты игеру немесе «сандық миграция» болып табылады. Қазақстан жағдайында соңғы жылдары цифрлық технология мен цифрландырудағы жаңалықтарды мемлекеттік-әлеуметтік басқару жүйесіне белсенді түрде ендіру ғылыми зерттеу орталықтары мен қоғамда азаматтар арасында да белсенді түрде талқыланып келеді.

Цифрлы технологияларға жаппай өту барысында көптеген елдер мемлекеттік бірегей бағдарлама арқылы жүйелі түрде жаңа кезеңге қадам басты. Әлемдік банк зерттеу мәліметіне сүйенер болсақ 2030 жылға қарай әлемдік экономиканың 40 пайызы цифрлық платформаға ауысады [7]. 2016 жылы Еуропалық Одақ елдері «4.0 Индустрия» бағдарламасын қабылдады. Өз кезегінде Еуразиялық Экономикалық Одақ елдері де одақ аясында «ортақ цифрлық аймақ» қалыптастыру арқылы қызмет көрсетудің, тауар айналымының ортақ базасын қалыптастыруды көздеп отыр [8].

Қазақстан үкіметі 2017 жылы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қабылдаған тұста 1200-ден аса шалғайдағы елді мекендерді жоғары жылдамдықты ғаламтор желісіне қосу, электронды сауданы жолға қою, еншілес инвестиция жүйесін қалыптастыру сынды нақты 17 міндеттемені 2018-2022 жылдары жүзеге асыруды міндет етіп қойды. 2022 жылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту индексі бойынша – 30 орын, 2025 жылға дейін 25 орын, 2050 жылы ең озық 15 ел қатарына кіруді жоспарланды [9].

Қазақстан ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша 2020 жылы Бостондық Портуланс Консалтинг Групп компаниясының дерегінше дамушы 134 елдің ішінен 56 орынды иеленеді [10]. Осы орайда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2022 жылы электронды үкіметті дамыту бойынша БҰҰ рейтингінде 28 орынға көтерілу қажет деген алдына мақсат қойды. Тізім үш критерий бойынша анықталады: халықты сапалы интернетпен қамту деңгейі мен интернет қызметтерінің сапасы, АКТ инфрақұрылымының дамуы және адами капитал. Тізімде көтерілу үшін онлайн режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдауды негізгі басымдық ретінде алынды.

2021 жылы халықаралық ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту индексі бойынша Қазақстан 42 орынды иеленді. Алайда кейбір қазақстандық шынайылықты ескеретін болсақ, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы алғашқыда көрсетілген міндеттемелерді толық жүзеге асыруға дәрменсіз күйінде қалып отыр. Қазақстанда цифрландыру үкіметтің мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті жандандыруынсыз және цифрлық технологияларды кәсіпорындардың бизнес үдерістеріне енгізуінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының фундаменталды базасы мобильді үкімет пен креативті қоғамды қалыптастыруға негізделгендігі анық. Бағдарлама стратегиялық тұрғыда елдегі ең негізгі салалар: өнеркәсіп, логистика, электр энергетикасы, агроөнеркәсіптік кешен және IT секторларына технологиялық мобильді импульс беріп, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы цифрландыру үрдісі елдегі үшінші жаңғырудың өзегі болып табылады. Цифрлық дәуірге арналған индустрияны қалыптастыру Қазақстан үшін «Индустрия 4.0» қалыптастырудың алғышарты болады деген сенім басым. Үкіметтің «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы 2022 жылға қарай ғаламтордың ену жылдамдығын 82,3 пайызға дейін жеткізуді көздеп отыр. Елде мобильді желілер кеңеюде, бірақ Economist Intelligence Unit мәліметінше 2020 жылы Қазақстан инклюзивті интернет индексі бойынша 3G қызметтері халықтың 88 пайызына ғана қол жетімді, ал 4G қызметтері 75 пайызға дейін жетті. Бірнеше ұялы байланыс провайдерлері қамту кезеңінде бесінші буын (5G) қызметтерін пилоттық түрде енгізу жоспарланып отыр [11].

Адами капиталды дамытуға білім беру жүйесін әлемдік озық тәжірибеге сәйкес жаңарту арқылы қол жеткізу қазіргі таңдағы барлық дамыған елдер тәжірибесінде жиі кездесетін тренд. Үкімет орта білім беру бағдарламаларын робототехникаға, виртуалды шындыққа және 3D басып шығаруға енгізу және халыққа цифрлық қарапайым дағдыларды беру мен оқыту курстарын ұйымдастыру үшін қайта қарауды қолға алып отыр. Бұл сала адам капиталы мен

әлеуметтік капиталды қалыптастыруда өте маңызды рөлге ие болатыны сөзсіз. Азаматтарды кәсіби тұрғыда қайта даярлау жоғары кәсіби стандарттарға сай болуға және бәсекелестік заманында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін жаңа талап.

Адами капитал дегеніміз – бұл жекелеген азаматтардың экономикалық, әлеуметтік және жеке мүдделері үшін қажет болып табылатын білімі, дағдысы, таланты мен қабілеттерінің жиынтығы. Адам капиталы жеке тұлғалық қалыптасудан бастап, кең ауқымды тұтас мемлекеттің әлеуметтік әлеуетін анықтауда басты көрсеткіш болып саналады. Дәстүрлі түрде адам капиталын саралауда азаматтардың сауаттылық индексі, ғылым мен білімдегі жетістіктерден бөлек, ХХІ ғасырда халықтың цифрлы сауаттылығы, жастардың ақпараттық технологияларды кеңінен меңгеріп, әлеуметтік саяси процестерге қолдануда негізгі көрсеткіш. Қазақстан үшін экономика мен мемлекеттік құрылымды цифрландыру мемлекеттік стратегиялық дамуда басты приоритет.

Бүгінгі күні Қазақстан Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда саяси әлеуметтік институт қызметтерін цифрландыруда айтарлықтай тиімді нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Алайда, COVID-19 пандемиясы кезінде интернет жылдамдығы мен жұмыс тиімділігі қолданушылар ауқымының бірнеше есе артқандығы себепті төмендеді. Цифрлы қоғам қалыптастыруда азаматтардың интернетке қолжетімділігі, мобильді және кабельді интернет байланысының біржақты шешілуі үлкен рөл атқарады.

Жалпы халықтың 42 пайызы ауылдық жерлерде тұратын еліміз үшін интернетке қол жетімділік қазіргі дейін өзекті проблема күйінде қалып отыр. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында үкімет 2018 жылдың соңында ауылдарға тұрақты интернет байланысына 60 миллиард теңге (160 миллион доллар) қаржы бөлді. Соңғы 3 жылда 2,4 миллион ауыл тұрғындары интернетке қосылды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік схемасы бойынша орындалатын бұл жұмыс барлық ауылдардың үштен бірін талшықты-оптикалық технологиямен, ал қалғандарын WiMax (микротолқынды пешке қол жеткізу үшін дүниежүзілік өзара әрекеттесу) базалық станциялары арқылы қосты [12].

Қазақстандықтардың электронды бағдарламаларды қолдануындағы жоғары белсенділігіне қарамастан, жеке деректердің ақпараттық қауіпсіздігі мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Ақпаратты жоғалтудан қорқу немесе жеке мәліметтердің қауіпсіздігіне күмәнмен қарау ел тұрғындарының порталды пайдалануына негізгі техникалық кедергі болуда. Биометриялық деректермен және ұялы телефондардың қорғалған SIM карталарымен сәйкестендіру шаралары арқылы азаматтар жеке деректерін мемлекет бақылауындағы ақпарат базасына беруден қорқады.

Электронды үкімет парадигмасы мемлекеттік қызмет электронды түрде жүзеге асырылатын бір терезе қызметіне негізделген. Осылайша, азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді жеңілдету, стандарттау, оларды әлдеқайда тиімді және ашық ету. Индустриялық дамудың постиндустриалды кезеңіне өту қоғамның бүкіл өмірінің, соның ішінде экономикалық, әлеуметтік және саяси бағыттардың өзгеруіне әкелетіні сөсіз. Азаматтар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас қалай өзгереді деген сұраққа жауап бере отырып, біз электронды үкімет ашықтықты, есептілікті, үкімет пен қоғам арасындағы алшақтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы компонентті арттырады деп сенімді түрде айта аламыз. Электронды үкімет – бұл мемлекет пен азаматтар арасындағы және мемлекеттік органдар арасындағы олардың ақпараттық технологиялардың көмегімен үйлестіруді қамтамасыз ететін өзара іс-қимылының бірден-бір тетігі. Бұл механизм мемлекеттік қызметтерді алу үшін күту уақытын қысқартуға және әр түрлі ресми құжаттарды қабылдауды жеделдетуге, мемлекеттік қызмет менеджменті тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

1990 жылдардың ортасында әлемнің көптеген елдері қазіргі заманғы шарттарға сәйкес келмейтін мемлекеттік басқарудың дәстүрлі үлгілерін қайта қарау қажеттілігіне тап болды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, электрондық үкіметті құру кезеңдері мен жобаларын әзірлеу, оны жүзеге асырудың әр түрлі модельдері қолданылады. Электронды үкіметті құрудың барлық шарттары мен шешімдеріне сәйкес келетін ортақ модель жоқ, өйткені, әр елдің өзіндік ерекшеліктері мен басымдықтары бар. Дамыған елдердің бірқатарында заманауи азаматтық қоғам мен ашық мемлекеттік

басқаруды қалыптастырудың негізгі элементтерінің бірі – электронды үкімет жүйесі.

2006 жылдың 12 сәуірінде Қазақстанда электронды үкімет жүйесі қабылданды. Қазақстан электронды үкімет жобасы арқылы алғаш цифрлы технологияларды мемлекеттік менеджмент саласына алып келгенде әлемнің бірнеше мысалдарын негізгі ала отырып, соның ішінде Сингапур, Эстония және Ұлыбритания сында елдердің тәжірибелерін ескере отырып жасады. Бүгінде Қазақстан электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша БҰҰ-ның жаһандық рейтингісінде 33-ші орынды иеленеді. Қазақстандықтардың электронды үкімет порталын пайдалану кезіндегі белсенділігіне қарамастан, жеке деректердің ақпараттық қауіпсіздігі мәселесі әрқашан өзекті болып қалуда.

Мемлекеттік-әкімшілік процестерін толық цифрлық формаға өткізудегі негізгі кедергі – халықтың интернетке қолжетімсіздігі мен цифрлық технологиялардың дәстүрлі институттар құндылықтарына сай келмеуінде жатыр. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында цифрлы қоғамды қалыптастыруда адами капиталды қарастыратын институционалды тетіктер мен ұзақ мерзімді болашақта цифрлық экономиканы құруды қамтамасыз ететін экономиканың жаңа даму траекториясына көшу жағдайлары егжей-тегжейлі қарастырылмаған.

Цифрлық трансформация қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алуы керек, ол үшін қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кеңінен таралған цифрлық технологияны енгізуді тұрақты түрде қамтамасыз ету қажет. Үкімет экономикалық цифрландыру бағдарламасын қолдана отырып, еңбек өнімділігінің деңгейін жылдан-жылға арттыруды жоспарлап отыр. Бұл үрдіске өндірістің тиімділігін қамтамасыз ететін, реагенттердің шығынын бақылайтын, жабдықтың тоқтап қалуын азайтатын және төтенше жағдайларды тез анықтайтын және жоюға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе қажет.

Қазақстан әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру жолында XXI ғасырда өмір сүру деңгейі мен заманауи технологияларды, оның ішінде барлық салада цифрлық технологияларға

көшуде жоғары деңгейге тең болуы тиіс. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын неғұрлым жылдам ендіру мен оны табысты іске асыру үшін шет мемлекеттерден озық тәжірибелерін ескеру қажет. Қазіргі уақытта Қазақстан электронды қолтаңбаны қолданғанымен, бірақ барлық тұрғындар онымен толықтай қамтылмаған.

Біздің зерттеуіміз бойынша «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен басқа да мемлекеттік стратегиялық құжаттарда қоғамдық өмірдің цифрлануында мемлекеттік бағдарлама өзінің толық міндеттемелерін орындай алмай отыр. Нақты, 4 саладағы мемлекеттік цифрландырудың құрылымдық мәселесі анықталды: денсаулық сақтау, экономика және сауда, білім беру, құқықтық-заңнамалық салалар. Бұлардан бөлек негізгі кедергі мен айқын карама-қайшылық – бұл цифрландыру міндеттері мен халықтың тұрақты, сапалы интернетке қол жеткізу бөлігінің арасындағы айырмашылығында жатыр.

Қазақстанда әрбір 100 қала тұрғынының 13-і мен 100 ауыл тұрғынының 6-ы ғана кең жолақты интернетке қол жеткізе алады, ал 882 ауылдық елді мекенде ешқандай интернет байланысы жоқ [13]. Алайда бағдарлама әзірлеушілер «қазақстандық экономиканы цифрландырудың қазіргі орташа деңгейі кедергі емес, дамуда сапалы серпіліс жасау мүмкіндігі бар екеніне сенімді. Ел өміріндегі әлеуметтік және технологиялық шындық пен виртуалды «Цифрлық Қазақстан» арасындағы алшақтықты «нақты сектордағы» құрылымды мәселелер ашық көрсетуде.

Бағдарламада цифрлық экономикаға көшу үшін тиісті құзыреті бар мамандар қажет екендігі анық көрсетілгенімен, мамандарды дайындаудың жолы мен «цифрлы сауаттылық» қалыптастыру жолдары егжей-тегжейлі ұсынылмаған. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін «цифрлық сауатсыздықты жою» мәселесі мемлекет тарапынан барынша қолға алыну керек. Барлық деңгейлерде, атап айтқанда бастауыш мектептерден бастап колледждер мен жұмыс орындарына дейін пайдаланушыларға «цифрлық дағдылар» мен АКТ құзыреттілігін үйрету орнына қысқа мерзімді тренингтермен шектелген.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында бұл бағытта адами капиталды дамытатын шаралар немесе «болашақтың цифрлық

экономикасын құруды», Қазақстан экономикасының мүлдем жаңа даму траекториясына өтуіне жағдай жасауды қамтамасыз ететін басқа да ұзақ мерзімді перспективалық институционалдық шаралар қарастырылмаған. Бағдарламаның мазмұнын қарастыра отырып жалғыз мақсат – «БҰҰ АКТ даму индексі бойынша Қазақстанның 30 елдің қатарына енуін тездету» екені анық. Менеджмент, маркетинг және әлеуметтік коммуникация салаларында цифрландырды қарастыру және оларды бейімдеу жөніндегі жұмысқа «қадам басу» және интеграцияның гуманистік негіздерін анықтамау саяси әлеуметтік тұрғыда цифрлық шынайылыққа өтуде жүйелі проблемалар негізін салатын болады.

Әлемнің озық отыз ел экономикасының қатарына қосылу үшін Қазақстанға экономиканы әртараптандыруға белсенді түрде көшіп, өзінің келесі өскелең ұрпағының заманауи дағдыларын қалыптастыра алатын экономикалық моделін қайта қарау қажет. 2011 жылдан бастап, ел астанасы мен өзге өңірлерде ақпараттық технологиялар саласындағы стартаптарға жүйелі қолдау көрсетіліп келуде. 2021 жылы 1 қыркүйекте мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев 2030 жылға дейін елімізге 100 мың ақпараттық технологиялар саласында мамандар қажет деп атап өтті [14]. Ұлттық стратегиялық бағдарламада да, цифрландыру стратегиясында да Қазақстан үкіметінің даму траекториясында цифрландыру негізгі басымдық беріліп отырған сала. Себебі дәстүрлі экономикалық жүйенің трансформациясының басты қозғаушы күші экономиканы цифрландыру болып табылады. Адам капиталын көтеруде, цифрлы технологиялар саласындағы мамандарға сұраныс күн санап артып келеді.

Азаматтардың қоғамдағы әлеуметтік статусы мен алған білімінен бөлек олардың табысты болуы бірнеше айнымалы факторларға тікелей байланысты. Соның бірі кең ауқымды мүмкіндіктер мен еңбек етуге жайлы ортаның болуы деп айтуға болады. Қазақстанда белсенді, еңбекке қабілетті халықтың білім деңгейі ЕО мен ЭЫДҰ елдері үшін орташа деңгейден едәуір жоғары. Білім беру саласындағы ұзақ мерзімді жетістікке қарамастан, Қазақстанда еңбекке қабілетті халық басқа елдердің

халықтары мен ЭЫДҰ-ға қарағанда цифрлық сауаттылық, есеп пен сыни ойлау индексі бойынша төмен. Іс жүзінде, PISA-ның соңғы нәтижелері бағалауға қатысқан барлық 39 елдің ішінде Қазақстанда цифрлық сауаттылығы бойынша үлгерімі төмен ересектердің үлес салмағы жоғары, ал санақ бойынша ересектердің көрсеткіші ең төменгі деңгейде екенін көрсетті. Еңбекке қабілетті ересектердің тек 16%-ы ғана күнделікті жұмыс барысында сандық технологияларда еркін қолданатынын көрсетсе, бұл көрсеткіш ЭЫДҰ және ЕО елдерінде орташа есеппен 30% құрап отыр [15].

Бұл жағдай ұлттық стратегияларда сипатталғандай ересектерге білім беру мен қайта даярлау барысында салалық біліммен шектеліп ғана қоймай, тұлғалық дағдыларды қоса меңгерудің маңыздылығын көрсетеді. Жастар арасында цифрлық дағдыларды қалыптастыру арқылы адам капиталын көтеру бойынша мемлекет тарапынан жүзеге асып келе жатқан бірнеше бағдарламаны атап өтуге болады. Мысалы, «Еңбек жол картасы 2020» бағдарламасы, барлық азаматтарды техникалық біліммен 6 ай мерзімде қайта даярлауды жолға қойды. Алайда, адам капиталын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын жобада, жұмыс берушілер тарапынан да, азаматтар тарапынан да қайта білім алып, кәсіп меңгеруде немқұрайлық басым болып келуде.

Қорыта келе қазақстандық азаматтардың білімі мен қабілетін халықаралық стандарттарға сай етіп қалыптастырып, адам капиталын дамыту қажет. Адами капиталын дамыту және халықтың заманауи техникалық дағдыларын арттыру басты ұстанымдардың біріне айналуы тиіс. Осы орайда жастар арасында кәсіптік білім беру мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеру деңгейін көтеру адам капиталын қалыптастырудың негізі екені анық. Ол үшін білім сапасы мен адам капиталында көтеруде қала мен ауылдық білім беру орталықтарында сапа айырмашылығын жою, білім беру саласына ақпараттық-сандық технологияларды жаппай енгізу негізгі басым бағыттардың бірі.

Қазақстандық жастардың саяси белсенділігінің артуына цифрлы технологиялардың ықпалы

Қазақстан өзінің отыз жылдық тәуелсіздік тарихында күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйенің өзгеріске ұшырауының бірнеше кезеңін бастан өткерді. Осы тәуелсіздік жылдары бойында қазақстандық қоғамда жастар елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласа қоймады. Көп жағдайда жастар елімізде орын алып отырған саяси үрдістерді сырттан пассивті бақылаушы түрінде өзін көрсетті. Қазақстандық жастардың саяси өзгерістерге осылайша немқұрайлы қарауын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Негізгі факторлардың ішінде қазақстандық сарапшылардың пікірі бойынша саяси мәдениеттің «бағынушылық» түрі тән болды.

Алайда заманауи цифрлы технологиялардың қоғамдық өмірге белсене енуі әртүрлі ақпараттың елде жылдам таралуына жол ашты. Бұл әлемдік тренд елімізде экономикалық дамуды, халықтың әртүрлі мемлекеттік қызмет түрлерін алу үрдісін жеңілдетіп ғана қойған жоқ, сонымен қатар қазақстандық жастардың саяси санасына да тікелей ықпал ете бастады. Статистика бойынша қазақстандық жастардың басым бөлігі өздерінің бос уақытын Интернетте, әлеуметтік желілерде бір-бірімен байланыс жасау, түрлі ақпараттар алу және қосымшаларды пайдалану үшін өткізетіні анықталды [16, б. 3]. Интернет арқылы еркін таралатын ақпараттар ағымына оңай қолжетімділік қазақстандық қоғамның бүгінгі бетбейнесін түбегейлі өзгертіп жатыр деген гипотеза жасауға болады. Осы бөлімде қоғамдық өмірдің көптеген саласын цифрландыру барысында қазақстандық жастардың саяси көзқарастары мен идеяларының, саяси мінез-құлқы мен бағыт-бағдарларының өзгеру ерекшеліктері қарастырылады.

Статистикалық мәліметтер мен мемлекеттік құжаттардың SWOT-талдау әдісі жүргізілді. Қазақстандағы цифровизацияның даму тенденциялары мен оның жағдайына жан-жақты баға беруге, олардың әлсіз тұстары мен күшті жақтарын, әлеуетті мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін айқындауға талпыныс жасал-

ды. Сонымен бірге қазақстандық жастардың саяси белсенділігін анықтауда әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін салыстыра отырып пайдаландық. Сол арқылы қазіргі заманғы цифрлы технологиялардың қазақстандық жастардың саяси белсенділігіне ықпалын анықтауға тырыстық.

Қазақстандық ақпараттық кеңістікте, соның ішінде әлеуметтік желілерде жарық көрген материалдарды контент-талдау негізінде жастардың саяси көзқарастарының даму белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Контент-талдау көмегімен алынған мәліметтер қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруімен байланысты әлеуметтік желілердегі әртүрлі фактілер мен тенденцияларды айқындауға жағдай жасайды.

Әлеуметтік ғылымда саясатқа қатысу немесе араласу азаматтардың саясатқа ықпал етуге ұмтылатын қызметі ретінде анықталады. Бұл әдетте күнделікті тәжірибеде азаматтардың саясатқа белсенді қатысуында, олардың мүдделері мен құқықтарын қорғауда көрінеді. Американдық теоретик Р.Далтон «Саяси белсенділік тенденциясы тек қатысу деңгейіндегі өзгерістерді ғана емес, саяси әрекет стиліндегі өзгерістерді білдіреді» – деген пікір білдіреді [17, б. 94]. Бұл медиалық орта өзгергеннен кейін саяси қатысу нысандары да өзгереді дегенді білдіреді. Расында да, бүгінгі күні қоғамға көз салатын болсақ азаматтардың саяси қатысу мүмкіндіктерінің құрылымы түбегейлі өзгергенін байқауға болады.

Қазіргі әлемде адам өмірінің барлық саласын белсенді цифрландыру әлемдік жаһандану процесінің жемісі болып табылады. Цифрлық экономикаға көшумен жаңа әлем біз ойлағаннан әлдеқайда жылдам өзгере бастады. Цифрлық технологиялар бастапқыда қолданылған академиялық ғылым мен өнеркәсіптік саланың шегінен шығып, қоғам дамуының тиімділігін жан-жақты арттыруға ықпал етті. Қазіргі кезде цифрлы технологияларды халықтың әртүрлі топтары, оның ішінде жастар да белсенді өздерінің күнделікті өмірінде жиі пайдаланады. Атап айтқанда, жастар бір-бірімен байланыс, ақпарат алу, оқу және тағы да басқа да салаларда цифрлы технологиялар жиі қолданылады. В. Эстафьевтің

пікірінше, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға көшу бірте-бірте қазіргі қоғамдық қарым-қатынастардың маңызды элементіне және жас ұрпақтың саяси дамуының маңызды факторына айналады [18].

Интернет азаматтарға қолжетімді жаңа платформаларға қатысуға бірегей мүмкіндік береді. Яғни, аталмыш платформада саяси қатысудың дәстүрлі әдісімен салыстырғанда онлайн петиция жасауға немесе өз пікірін білдіруге аз уақыт жұмсайды. Осыған орай, бірқатар авторлар әлеуметтік желілерде таратылған ақпарат жастардың саяси өмірге араласуға қызығушылығын оятуы мүмкін деген тұжырым жасайды [19, б. 6]. Өйткені, белгілі бір жағдайларға байланысты халықтың басым бөлігі дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы саяси көзқарасын білдіру мүмкіндігінен айырылды. Сондықтан жастардың немесе азаматтық қоғамның белсенді өкілі үшін виртуалды кеңістік саясатқа белсенді араласудың баламасы ретінде қарастырылады. Ол ең алдымен әлеуметтік желілер ұсынатын ақпараттың жылдамдығы, қолжетімділігі, сенімділігі сияқты көрсеткіштермен анықталады. Салыстырмалы түрде Facebook интернеттегі саяси пікірталастарға қатысу үшін халықты қоғамдық-саяси ақпаратпен қамтамасыз ететін негізгі осындай байланыс желісіне айналды.

Алайда, цифрлы технологиялардың жағымсыз салдарлары қоғамды бағытынан адастыратын және елдің қарапайым азаматтарының мінез-құлқы мен көңіл-күйіне жағымсыз әсер ететін деструктивті саяси көзқарастардың, жалған ақпараттардың таралуына жола ашып отыр. Олар айла-шарғы жасаушы және арандатушы ақпараттың, жалған (фейк) жаңалықтардың және т.б. қоғамда көптеп таралуына алып келді. Осындай жалған ақпараттарға халықтың кейбір бөлігі сенгендіктен қоғамдағы түрлі наразылықтардың туындауына жола ашады.

Нил Хоу мен Уильям Штраустың ғылымда танымал ұрпақтар теориясына сәйкес 1995-2012 жылдары дүниеге келген және цифрлық ортада әлеуметтенген бүгінгі жастар Z ұрпақтары қатарына жатқызады [20]. Z ұрпақтарының ерекшелігі өзінің шыдамсыздығымен және Интернет кеңістігінде жылдам қарым-

қатынас жасау әдетіне байланысты проблемаларды дереу шешуге ұмтылуымен сипатталады. Осыға байланысты Z ұрпағы олардың саяси санасына теріс әсер ететін көптеген заманауи ақпараттық арналар тарататын тенденциялық ақпарат арқылы оңай айла-шарғы жасаудың объектісіне айналуы мүмкін деген ғылыми қауымдастық арасында үлкен қауіп бар [21, б. 23].

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (TikTok, You Tube, Instagram және Telegram) қысқа жазбалар мен бейнероликтердің кең таралуы өскелең ұрпақтың клиптік санасының қалыптасуына белгілі бір деңгейде ықпалын тигізуде. Ақпаратты толыққанды емес және үстірт қабылдау өскелең ұрпақ үшін қауіпті, себебі ол жастардың үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, логикалық негізделген қорытындылар жасау қабілеті мен дағдыларын дамытуға кедергі жасайды.

«Клипті ойлау» ұғымы өткен ғасырдың 1990 жылдары пайда болды, ол адамның айналадағы шындықты қысқа және айқын бейнелер түрінде қабылдау, оларды бір бейнеклипке біріктіру қабілетін сипаттайды [22, б. 789]. «Клип мәдениеті» терминін алғаш рет сонау 1980 жылы американдық мәдениеттанушы Э. Тоффлер ұсынған, оны «болашақтың жалпы ақпараттық мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырған болатын. Сол кезде оған ойлау жүйесіне сәйкес адамдар үшін жайлы және ақпараттар тізбегінің шексіз жарқырауына негізделген түбегейлі жаңа құбылыс» – деген анықтама берді [23].

Ресейлік ғалым М.А. Мирзоян жасөспірімдердің санасына әлеуметтік желілердің әсер ету дәрежесін анықтау және келеңсіз салдардың алдын алу мақсатында 13 пен 24 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен университет студенттері арасында эксперимент жүргізді. Зерттеуші ғалымға мынандай қорытындылар жасауға алып келді: «Блогерлер көпшілікке ойын-сауық контенті мен саяси идеяларды насихаттайды. Жастар оларға табынғандықтан, негізгі идеялардың саналарына қалай енгенін байқамай қалады. Тағы бір манипуляция технологиясы – шындықты әдейі қасақана бұрмалау, әсіресе, көп жағдайда арандатушылар бұл іс-әрекетінде қауесеттер мен болжамдарды жиі пайдаланады. Олардың басты міндеті –

мүмкіндігінше көп қолдаушы адамдарды өз жағына тарту және арнаға жазылушылар санын арттыру болып табылады [24].

Қазақстандық жастардың әлеуметтік желілердегі белсенді саяси қатысуын зерттеуде қолданылатын теориялық концепциялардың ішінде желілік тәсіл маңызды рөл атқарады. Желілік тәсілдің теоретиктері қоғам мүшелерін біріктіретін байланыстардың объективті моделін зерттеу керек деп санайды. Кең әлеуметтік мағынада алып қарайтын болсақ желі (сеть) – бұл дегеніміз байланыс арналары арасындағы белсенділік ағындары арқылы жасалған және қолдау көрсетілетін қызмет кеңістігі. Әлеуметтік желіде отыратындар өздерінің мақсаттарына бірлесіп қол жеткізу үшін бірлескен іс-әрекеттерді жүзеге асыруды қалайды. Олар бір немесе бірнеше аумақта екі немесе одан да көп тәуелсіз қатысушылардың ресурстары мен құзыреттерін бөлісуді көздейтін келісімдер жиынтығын құрайды [25, б. 72].

Кейбір авторлар интернет-технологиялар саяси қатысу деңгейі мен сапасын өзгертуге қабілетті деген гипотезаны ұсынады. Солардың қатарында Н.А. Ряченко, И.В. Мирошниченко желілік кеңістік әртүрлі қоғамдық-саяси акторлар арасындағы желілік ақпараттық кеңістік ішінде конструктивті бәсекелестіктің қалыптасуына ықпал етеді деп санайды [26]. Желілік тәсілге сүйенетін болсақ цифрлы коммуникациялар табиғаты және олардың мобилизациялық мүмкіндіктері желілік қауымдастықтың көлемімен шектелетіні анық.

Қазіргі жағдайда Қазақстан экономикалық даму мен әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етуде цифрландыру үрдісін тиімді дамытуға баса мән беруде. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2021 жылы Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының біріккен мәжілісінде: «Цифрландыру барлық жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі элементі, ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың құралы» – деген пікір білдірді [27]. Сонымен қатар елдегі цифрландыру үрдісіне көңілі толмайтындығын айтып, цифрлы технологияларды енгізуді тиімді дамыту бойынша Үкімет алдына бірнеше рет жаңа тапсырмалар қойған болатын.

Қазақстанда алғаш рет цифрлы технологияларды дамыту еліміздің үшінші жаңғыруы шеңберінде 2017 жылы Үкімет «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту негізінде қолға алынды. Бұл бағдарламаның мақсаттары Қазақстан Республикасы экономикасын дамытудың қарқынын жылдамдату және орта мерзімді келешекте цифрлы технологияны қолданудың есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, Қазақстан экономикасының келешекте цифрлы экономиканы құруды қамтамасыз ететін дамудың арнайы жаңа траекториясына өтуіне жағдай жасау болып табылады [28]. Аталмыш тренд қазақстандық үкімет тарапынан қазіргі әлемдік экономиканың дамуының қозғаушы күші ретінде және алдыңғы дамыған елдер қатарына қосылудың бірден-бір жолы ретінде қабылданды.

Цифрлы технологияларды ендіру бойынша жұмсалған күш-жігер халықтың саяси мәдениетіне тікелей әсер ете отырып бұрынғы қоғамның бет-бейнесінің түбегейлі өзгерісіне алып келді. Бәрінен бұрын, олардың ықпалына саяси мәдениеттің цифрлы нұсқасын иеленуші ретінде біздің жастар ұшырайды. Ұялы телефон арқылы қолжетімді Facebook, Twitter и YouTube сияқты әлеуметтік желі құралдарын кең көлемде қолдану ақпараттың жылдам таралуына және саяси мақсаттарға қолжеткізуде азаматтық қоғамның шапшаң ұйымдасуына жол ашты.

Қазіргі уақытта отандық ақпараттық кеңістікте интернет қоғам белсенділерінің саяси мақсаттарын, қоғамдық пікірін, наразылық көңіл-күйін білдіретін құралына айналып отырғанын атап өтуге болады. Әлеуметтік желілер ел аймақтарындағы түрлі қалыңдықтар, митингілер мен жаппай наразылықтар кезінде қазақстандық жастарды жұмылдыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, кейіннен «Қанды қаңтар» деген ресми атауға ие болған Қазақстанда 2022 жылғы қаңтар оқиғасы кезінде әлеуметтік желілер ерекше рөл атқарды. Жастардың саяси топтасуын тоқтатудың негізгі шарасы ретінде құқық қорғау органдары наразылық білдірушілерге қарсы жауап ретінде бүкіл ел бойынша жаппай интернетті өшіруден бастады.

Қазақстанда орын алған қаңтар оқиғасын 2011 жылы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың көптеген мемлекеттерінде

орын алған араб көктемімен салыстыруға болады. Қазіргі заманғы Facebook, Twitter және YouTube сияқты әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану араб әлемінің жас қолданушыларына авторитарлық режимге наразылықтарын білдіруге мүмкіндік берді [29]. Бұл әлеуметтік желілер бұрынғы саяси жұмылдыру тәжірибесінде беймәлім тиімді құралға айналды. Нәтижесінде жаппай наразылықтар бірқатар араб елдерінде (Тунис, Египет, Ливия және Йемен) ескі авторитарлы режимнің құлауына әкелді. Кейінірек халықаралық қауымдастық әлеуметтік желілердің араб жастарының саяси санасына тигізген ықпалын, соның салдарынан араб мемлекеттеріндегі оқиғалардың орын алғандығын мойындады.

Қазақстанда интернеттің таралу ауқымы соңғы бірнеше жылда күрт өсті, бұл саяси және әлеуметтік ақпараттың жаңа көздерінің пайда болуына әкелді. Ұялы телефондар арқылы қол жеткізуге болатын Facebook, Twitter және YouTube сияқты әлеуметтік медиа құралдарын кеңінен қолдану ақпарат таратуда және саяси мақсаттарға жету жолында азаматтық қоғамды ұйымдастыруда серпіліс тудырды. TNS деректеріне сәйкес, 2020 жылдан бері қарай әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны өскені байқалады. 2021 жылдың қаңтарында 12 млн адамды құраса, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басынан бері қарай санағанда 26%-ға (2,5 млн адам) артқанын көрсетеді. 2020 жылы әлеуметтік желілер өздерін кез келген аудиториямен байланыстың негізгі арнасы ретінде көрсетті. Жалпы, Қазақстанда 2021 жылы әлеуметтік желіні қолданушылардың үлес салмағы 63,5 пайызды құрап отыр [30].

Цифрландыру мен әлеуметтік желілердің жастардың саяси белсенділігіне ықпалының қазақстандық өзіндік ерекшелігі бар екендігін көз жеткізуге болады. Егер жоғарыда келтірген Р. Дальтонның тұжырымдарын еске алатын болсақ, цифрландыру нәтижесінде саяси әрекеттер стилінде бірқатар өзгерістердің көрініс беруі саяси қатысудың артуын білдіреді. Бұл бізге нәтижесінде әлеуметтік желілердің соңғы кездері Қазақстан қоғамындағы шектеулі медиа-ортада саяси қатысудың жаңа аренасына айналып отырғанын түсінуге көмектеседі. Оның үстіне, әлеуметтік желілер

саяси өмірде, атап айтқанда, саяси жұмылдыру мен саяси қатысуға ықпалы туралы мәселе қазақстандық қоғамда пікірталас тудырып отырғандығын байқадық. Бұл пікірталастарды біз бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарық көрген материалдарға контент талдауын жүргізу барысында байқадық. Осы мәселеге қатысты қазақстандық қоғамда қалыптасқан үш көзқарасты салыстыра отырып талдайтын болсақ, олардың әрқайсысы зерттеу деректерімен дәйектеледі.

PaperLab қазақстандық зерттеу тобы «Белсенділер 2.0. Цифрлы технологиялар заманындағы Қазақстандағы азаматтық белсенділіктің трансформациясы» тақырыбында зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде топ жетекшісі, қазақстандық әлеуметтанушы Серік Бейсембаев мынадай қорытындыға келеді: «Осындай құбылыстың пайда болуы ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуымен тығыз байланысты. Мәселен, жылдан жылға әлеуметтік желілерде өз пікірін білдіріп, белсенділік танытып жатқандар көбейіп келеді» [31].

Ал «Қазақстандағы жастардың саяси қатысуы: цифрлық технологиялардың рөлі» тақырыбында берген сұхбатында «Қазақстан жастар ақпараттық қызметі» қоғамдық қорының төрағасы Ирина Медникова қазақстандықтардың саяси үдерістерге қызығушылығы артып келе жатқанын атап өтті. Алайда, бұл жастардың елдің саяси өміріне шынайы қатысуға дайын екендігін білдірмейді деген көзқарасты ұстанады [32].

Танымал қазақстандық әлеуметтанушы, ҚР Тұңғыш Президентінің Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институт сарапшысы Айман Жүсіпова болса осыған байданысты былайша пікір білдіреді: «Қазақстанда азаматтардың іс жүзінде және әлеуметтік желілерде де саяси және азаматтық белсенділігінің төмен деңгейі байқалады. Қазақстандықтар көбінесе әлеуметтік желілерді жеке уақытын өткізу және жақын адамдармен қарым-қатынас жасау мақсатында пайдаланады [33].

Жоғарыда аты аталған үш сарапшы да саяси қатысу мен жұмылдырудың әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Бейсембаев С. жастардың саяси тақырыптар мен оқиғаларды талқылауда,

өз пікірін білдіруде белсенділігінің артқанын байқады. Ал Жүсіпова А. болса ең алдымен қоғамдағы азаматтық және саяси белсенділікке баса назар аударады, оның ойы бойынша жастар негізінен монополиялық саяси субъекті саналатын атқарушы биліктің қызметіне қарсы берген жауабы деген пікір ұстанады. И.Медникованың саяси процестерге қызығушылықтың артқандығы, бірақ нақты іс-әрекеттерге көшуде белсенділіктің жоқтығы туралы көзқарасы әлеуметтік желілерде өз пікірін білдіру белсенділігін және «жоғарыдан» бағытталған саяси қатысудан алшақтауды айтарлықтай дәйекті түрде көрсетеді.

Осылайша, қазақстандық сарапшылар қауымдастығы арасында интернет кеңістігі қаншалықты қазақстандық жастардың саяси белсенділігінің балама алаңына айналғаны туралы ортақ пікір жоқ деп айтуға болады. Біздің ойымыз бойынша, мәселе жаңа цифрлық технологиялардың дамуының салдарлары мен олардың жалпы қазақстандық қоғамға тигізетін әсеріне объективті ғылыми бағаның жоқтығында деп санаймыз. Сонымен қатар, жастардың қоғамда саяси көзқарасын білдіруде «жоғарыдан» бағытталған мемлекеттік билік органдарымен келісілген ресми бұқаралық ақпарат құралдар арқылы жеткізу тиімсіз құрал екендігін көрсетеді. Осы орайда ешқандай шектеуге келмейтін әлеуметтік желілер жастардың саяси көзқарасын білдіруде негізгі құралға айналып отыр десек қателеспейміз.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей жаппай цифрлы технологиялардың ендірілуі елде тұрғындардың, соның ішінде жастардың әлеуметтік желілерде саяси белсенділігінің өсуіне алып келді. Бүгінгі күні жалпы алғанда қоғамға цифровизацияның ықпалын, сондай-ақ, қазақстандық жастардың саяси бағыт-бағдарының қалыптасуы мен мінез-құлық стереотиптерінің өзгеруін зерттеу қажеттілігінің маңызы артып отыр. Бұл Қазақстанда цифрлы технологияларды ендірумен байланысты жастардың елдің саяси өміріне белсене араласуының жағымды мүмкіндіктері мен біз беймәлім жаңа қауіп-қатерлерді айқындауға, тұрақсыздықтың алдын алуға және жастардың саяси санасының қалыптасу үрдісін дұрыс арнаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Осы бағытта алға қойған мақсат соңғы уақытта Интернет, әлеуметтік желілер қаншалықты деңгейде қазақстандық жастардың саяси белсенділігі мен саяси қатысуының альтернативті жолы бола алатындығын анықтау болып табылды. Сонымен бірге жалпы цифровизация үрдісінде жастардың арасында жаңа саяси көзқарастар мен идеялардың, саяси мінез-құлық пен бағыт-бағдарлардың пайда болу белгілерін анықтау алға қойылды. Нәтижесінде әлеуметтік желілердегі жарияланымдар мен электронды БАҚ материалдарына жүргізілген контент-талдау соңғы уақытта жастардың елдегі саяси мәселені талқылауға қызығушылығын оятып отырғандығын байқауға мүмкіндік берді. Әсіресе, олар елдегі саяси оқиғаларды талқылауда азаматтық қоғамның бір бөлшегі ретінде белсенді азамттар қатарында әлеуметтік желілерді негізгі құрал ретінде пайдаланатындығы анықталды.

Әлемдік деңгейде цифрлы экономика саласында көршілес Ресей көш бастап тұрмағанмен, посткеңестік кеңістікте ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды қоғамдық өмірдің түрлі салаларына енгізу қарқыны бойынша алдыңғы қатарда. Осы орайда ресейлік тәжірибе мен қазақстандық тәжірибені салыстыра кетсек, Ресейде цифрлы технологияға негізделген экономиканың жаңа моделін дамытудың алғышарттары 2017 жылы шілде айында бекітілген «Ресей Федерациясының цифрлы экономикасы» ұлттық бағдарламасынан бастау алады. Бағдарлама шеңберінде 2024 жылға дейін жаңа цифрлы технологияларды қоғамның түрлі салаларында енгізу мен дамыту бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі мақсат-міндеттері нақты анықталып қойған болатын.

Бүгінгі күні осы салада атқарылып отырған іс-шаралардың ба-сым бағыт-бағдары экономикалық өсім мен технологиялық даму бойынша әлемдік деңгейде бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету. Атап айтқанда жаппай цифрландыру ресейлік өнеркәсіптің қайта жандануына, инвестициялық климаттың жақсаруы мен инфрақұрылымның дамуына қолайлы жағдай жасап отыр. Дегенмен, бұл үрдістің кең ауқымды түрде іске асуының екінші бірі қыры цифрландыру ықпалынан қоғамдық қарым-қатынастардың трансформацияға ұшырауы болып табылады. Оған басты се-

беп азаматтардың жаңа технологияларға бейімделуі мен цифрлы сауаттылықты арттыру, заман талабына сай кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Осы орайда гуманитарлық сала бойынша ресейлік ғылыми қауымдастықты қоғамда жаңа цифрлы технологияларды дамыту нәтижесінде жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалын бағалау мен беймәлім қауіп-қатерлерге алдын ала болжам жасау мәселесі қызықтырып отыр. Ресейлік зерттеуші А.А. Лисенкованың пікірі бойынша қазіргі уақытта ресейлік қоғамда цифрлы сауаттылықты тек дамытып қана қою жеткіліксіз. Елдегі барлық инфрақұрылымды уақыттың жаңа талабына сай бейімдеу қажет. Бұл тұрғыда жаппай цифрландыру үрдісі шеңберінде социомәдени салада орын алатын түрлі өзгерістерді түбегейлі зерттеу керек, ол үшін цифрлы технологиялар саласы бойынша зерттеушілер мен сарапшыларға қолдау көрсету арқылы зерттеу базасын құру қажет [34, б.221].

Цифрлы технологиялар халықтың басым бөлігіне ақпараттың жылдам жетуі мен оның қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдай бүгінгі күні заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгерген және оған бейім ресейлік жастардың саясатқа белсенді түрде араласуына алып келді. Осыған байланысты ресейлік қоғамның цифрлы дамуға ерекше жылдам қарқынмен өтуіне байланысты цифрлы технологиялардың жастардың саяси мәдениетіне ықпалының арта түсуі де айқын көрініс тауып отыр. Себебі, қоғам ішінде өзара қарым-қатынастар нәтижесінде пайда болатын кез-келген өзгерістердің ықпалына саяси мәдениет тез ұшырайтындығы белгілі.

Басты себептердің бірі бүгінгі күні виртуалды цифрлы алаң әр түрлі ақпараттардың таралуына және олардың бірнеше мәрте қаралуына мүмкіндік береді. Соның көмегімен кез-келген адамның өзінің саяси көзқарастарын білдіруге, жеке пікірін ашық айтуға тең дәрежеде құқы бар. Тіпті осы алаңдар арқылы қоғамда қандай да бір саяси тұлғаның имиджін көтермелеуге, қоғамдық ұйымдардың мүдделерін көрсетуге, тікелей эфирлер жүргізуге, жарнамалар жасауға және таға да басқа көптеген мүмкіндіктерді туындатып отыр.

Әлеуметтік виртуалды интернет-ағандарды қолдану арқылы өздерінің арттарынан мыңдаған, кейде миллиондаған ерушілер жинаған ресейлік танымал блогерлер, қоғамдық пікірдің көш-басшылары немесе «инфлюенсерлер» деп аталады. Олар жастардың саяси көзқарасы мен саяси мәдениетінің қалыптасуына тікелей әсер ете алады [35]. Олардың барлығы дерлік осы ақпарат таратудың заманауи цифрлы құралдарының көмегімен елде қоғамдық пікірді қалыптастырып, жастардың саяси санасына ықпал етіп отыр.

Бұл үрдістің теріс жағы ресейлік жастар арасында саяси сауаты төмен жас ұрпақтың санасы түрлі саяси күштердің, топтардың ықпалында қалып отырғандығын білдіреді. Олар өздерінің жеке мақсат-мүдделеріне жету жолында әлеуметтік желілер арқылы жастарға теріс саяси көзқарастар мен пікірлер таратуы мүмкін. Нәтижесінде қазіргі жастар виртуалды кеңістік арқылы таралатын әлеуметтік-психологиялық қысым жасау жолымен теріс пиғылды топтардың құрбанына айналып кету қаупі ресейлік зиялы қауымды алаңдатуда. Бұл өз кезегінде елдегі саяси тұрақтылық пен азаматтардың қауіпсіздігіне белгілі бір деңгейде залал келтіруі ықтимал.

Бұдан шығатын қорытынды жастардың әлеуметтенуіне жауап беретін дәстүрлі институттардың рөлі айтарлықтай деңгейде өздерінің маңызын жоғалту үстінде, оларды біртіндеп цифрлы технологияларға негізделген заманауи ақпараттық-коммуникативтік жүйелер ығыстырып шығаруда деген пікір бар. Сонымен бірге көптеген қазіргі ақпарат құралдарында таралатын және жастардың саяси санасына жағымсыз әсер ететін біржақты ақпараттар арқылы жастар манипулятивті өзара әрекеттің объектісіне айналады деген қауіп те жоқ емес.

Ресейлік ғалым А.О. Лапшиннің пікірі біздің жоғарда айтқан ойымызды толықтыра түседі. Оның ойынша цифрландыру жағдайында виртуализация жастардың саяси оқшаулануына алып келеді. Олардың арасында «клиптік сана» құбылысының пайда болады, түбінде ұлттың денсаулығын құртатындығы туралы айтады. Бұл тек мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік мәселесі

ғана емес, атап айтқанда мемлекетті сақтап қалуға қатысты басты проблемалардың бірі. Автор цифрландырудан туындайтын қауіп-қатерлерді жан-жақты баяндай келе: «Жаһандану мен цифрлы қоғаммен байланысты қауіп-қатерлердің көпшілігіне біз әзірше нақты баға бере алмаймыз. Ғалымдар мен сарапшылардың міндеті оларды анықтау, олардың адамға, қоғам мен әдемдік тәртіпке тигізетін теріс ықпалын азайту. Барлық эволюциялық үрдістерге бейімделуіміз қажет, олардың жағымды жақтарын пайдаланып, жағымсыз жақтарын алып тастауымыз керек» – деген ұсыныс тастайды [36, б. 68].

Осыған орай бүгінгі күні ресейлік әлеуметтік және саяси институттар алдында тұрған басты міндет саяси сауатты ресейлік жастар буынын қалыптастыру мен тәрбиелеу бойынша ұзақ мерзімді тиімді стратегияларды іске асыру болып отыр. Жастар күнделікті өмірде шешім қабылдаған кезде өздерінің алған біліміне сүйену керек, сыни ойлау қабілеті болуы тиісті, барлық мәселелерді рационалды және демократиялық тәсіл тұрғысынан қарастыруы тиіс [37]. Сонымен бірге әлемде цифровизация үрдісінен туындаған трансформация жағдайында ақпараттық қауіпсіздік саласына қатысты заңнамалық негіздерді қайта қарау мен олардың уақыт талабына үнемі сай жетілдіріп отыру қажет.

Жоғарыда айтылған цифрлы технологиялардың әсерінен ресейлік жастардың саяси мәдениетінің өзгеру мәселесі қазақстандық жастарға да тән сипат. Қазақстанда соңғы уақытта цифрлы технологияларды ендіру бойынша атқарылған іс-шаралар жастардың саяси мәдениетіне тікелей әсер ете отырып, бұрынғы қоғамның бет-бейнесінің түбегейлі өзгерісіне алып келді. Ұялы телефон құралдарын кең көлемде қолдану арқылы қолжетімді әртүрлі әлеуметтік желілер ақпараттың жылдам таралуына және саяси мақсаттарға қолжеткізуде азаматтық қоғамның шапшаң ұйымдасуына жол ашты. Сонымен бірге цифрлы технологиялардың жағымсыз салдарлары қоғамды бағытынан адастыратын және елдің қарапайым азаматтарының мінез-құлқы мен көңіл-күйіне жағымсыз әсер ететін деструктивті саяси көзқарастардың, жалған ақпараттардың таралуы болып табылады.

Оған біз әр жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірінде орын алып отырған түрлі тұрмыстық, ұлтаралық және этносаралық наразылықтар мен шиеленістердің орын ауында әлеуметтік желілердің ерекше рөл атқаратындығына күә болдық. 2020 жылы Жамбыл облысында болған «Қордай оқиғасы» кезінде жастардың жылдам топтасуына әлеуметтік желілерде таралған ақпараттың ерекше ықпал еткендігі белгілі болды. Оқиғаға қатысты ақпаратты қасақаны бұрмалап көрсету жолымен халық тыныштығына іріткі салу және арандату белгілі бір топтардың мүддесі болып табылады.

«Covid-2019» инфекциясы таралған пандемия тұсында да тұрғындарды жаппай вакциналауға қатысты алуан түрлі жалған ақпараттарда кеңінен таралды. Интернет арқылы таралған осындай фейк ақпараттар халық арасында вакцинаға қарсы теріс көзқарас қалыптастырды. Бұл жаппай вакциналауға қарсы мемлекеттік саясаттың толық іске асуына белгілі бір деңгейде өзінің кедергісін келтіргені анық. Осы сияқты қатерлерге мемлекет жаңа қазақстандық шынайылықты есепке ала отырып сәйкесінше жауап қатуы және әрекет етуі тиіс.


Осылайша, цифровизация үрдісі бүгінгі күні бір жағынан біріктіруші және топтастырушы қызмет атқарса, екінші жағынан қоғамда одан әрі бөлініске алып келеді және теңсіздік пен сегрегацияның жаңа түрін тудырады [19, б. 217]. Сондықтан цифрлы экономиканың дамуымен байланысты өзекті мәселелерді зерттеу, болжам жасау қазақстандық ғылым-сарапшылық қауымды қатыстыру арқылы да іске арырылуы қажет. Әсіресе, жаңа заманауи озық технологиялардың қарыштап дамуының салдарларын және олардың қоғамға және жалпы мәдениетке ықпалын ғылыми тұрғыда бағалау қажет. Сол арқылы мемлекеттік органдар цифрлы технологиялардан туындайтын қауіп-қатерлердің алдын алып, оған тиісті деңгейде жауап қата алуы тиіс.

Цифрландыру және жастардың саяси белсенділігінің әлеуметтанулық өлшемдері

2018 жылдың қазан-қараша айларында Қазақстанда 7-ші толқынның «Дүниежүзілік құндылықтарына шолу» (2017-2020) шеңберінде зерттеу жүргізілді. Сауалнама саясат мәселелері бойынша деректер жинауды да қарастырды. Жалпы еліміз бойынша Республикалық маңызы бар 3 қалада (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) және еліміздің барлық 14 облысында 18 жастан асқан 1276 адамнан сауалнама алынды. Оның ішінде 18-29 жас аралығындағы сұхбаткерлер саны 308 адамды құрады. Сауалнамаға қатысқан жастардың үштен екі бөлігі қалалы жерлерде (64,6%) және үштен бірі ауылды жерлерде (35,4%) тұрады.

Саясат олардың өмірінде қаншалықты маңызды деген сұраққа әрбір оныншы жас сұхбаткер (10,7%) өте маңызды деп жауап берді. 18-29 жас аралығындағы сұхбаткерлердің үштен бірінен сәл астамы (37,3%) саясат олар үшін «маңызы жоқтан гөрі маңызды» деп жауап берді. Жастардың үштен бірі үшін (31,8%) саясат «маңыздыдан гөрі маңызды емес». Әрбір бесінші сұхбаткер (18,2%) саясат мүлдем маңызды емес деп санайды (1-суретті қараңыз).

1-сурет. Жас топтары бойынша адамдардың өміріндегі саясаттың маңыздылығы



Көріп отырғанымыздай, WVS 7 сауалнамасына сәйкес саясат маңыздыдан гөрі маңызды емес. Алайда оған әлі де қызығушылық танытқандардың үлесі өте жоғары. Сонымен қатар, жастар үшін елдегі саяси күн тәртібі 30 жастан асқан тұрғындарға қарағанда маңыздырақ. Сонымен бірге, жастардың қарама-қайшы екі бөлікке

бөлінуі туралы сенімді түрде айтуға болады: біріншісіне саясат маңызды және қызықты болса, екінші бөлігіне саясаттың маңызы жоқ және қызықты емес. Жастар арасындағы осындай бөліну басқа да саяси мәселелерге қатысты сақталады және бұл туралы бұдан әрі көрсетілетін болады.

Үздік саяси көшбасшы ерлер ме әлде әйелдер ме деген сұрақ бойынша жас сұхбаткерлердің пікірі екіге бөлінді. Ер адамдар әйелдерге қарағанда саяси көшбасшы рөлін жақсырақ атқарады деп санайтындардың үлесі 48,4% құраса, сұхбаткерлердің 45,8%-ы қарсы пікірді ұстанды. Жас сұхбаткерлердің 42,2% саясатқа қызығушылық танытты. 54,8% саясатқа қызығушылық танытпады. Сонымен бірге, саясат құрдастарымен кездесу кезінде талқыланатын мәселелердің бірі болып табылады. Осылайша, сұхбаткерлердің 6,5% достарымен саясат туралы жиі сөйлесетіндерін атап өтті. 57,9% саясат туралы сирек сөйлессе, ал әрбір үшінші сұхбаткер (32,5%) ешқашан саясат туралы сөйлеспейтіндігін атап өтті.

Сауалнама нәтижелері бойынша жастардың басым көпшілігі (82,8%) саяси партияларға мүшелік етпейді. Сұхбаткерлердің 8,8%-ы саяси партиялардың белсенді емес мүшелері болса, тек 1,6%-ы белсенді мүшелері болып табылады. Көріп отырғанымыздай, саясатқа қызығушылық танытқандар мен оған саяси партиялар арқылы белсенді қатысатындардың үлес салмағы арасындағы айырмашылық айтарлықтай үлкен. Жастардың оқумен айналысуына байланысты белсенділігі төмен деп айтуға болады, алайда жоғары оқу орындарында да «Jas Otan» жастар қанаты бар, сондай-ақ саяси партиялар жастарды өз қатарларына белсенді түрде тартып жатыр.


Мұндай жағдай 2021 жылы «Сайлау туралы» Заңға толықтырулар енгізілгеннен кейін ерекше өзектілікке ие болды. Осылайша, заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, «партиялық тізімде жиырма тоғыз жасқа толмаған әйелдер мен адамдардың саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауы тиіс» [38]. Сонымен қатар, 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік

негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев «толыққанды нәтиже алу үшін депутаттық мандаттарды бөлу кезінде осы квотаны міндетті түрде есепке алу туралы норманы заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет» деп мәлімдеген болатын [39].

Объективті әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей жастардың саяси белсенділігінің төмен деңгейі дамушы демократия жағдайында жол берілмейтін жайт болып табылады. Осыған байланысты мемлекет жастарды қоғамның саяси өміріне, соның ішінде шешім қабылдау үдерісіне белсенді түрде тартып жатыр.

Саясатқа мүдделіліктің жоғары деңгейі жастардың саяси институттар мен мемлекеттік билік органдарына деген сенім деңгейінде де көрініс табады. Сонымен, WVS 7 нәтижелеріне сәйкес сұхбаткерлердің 71,7%-ы Үкіметке сенеді, 27,3%-ы сенбейді. Жас сұхбаткерлердің үштен екісі (66,6%) Парламентке сенеді, ал әрбір үшінші сұхбаткер (30,9%) орталық өкілді органға сенбейді. Соттарға қатысты жағдай да осындай: 65,3% сенеді, 33,4% сенбейді. 18-29 жас аралығындағы сұхбаткерлердің жартысынан көбі (56,1%) саяси партияларға сенеді, сонымен бірге оларға сенбейтіндердің де үлесі жоғары (41,2%) (2-суретті қараңыз).

2-сурет. Жастардың саяси институттарға деген сенім деңгейі



Қазіргі жастардың, оның ішінде қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі адамдарға Интернет немесе әлеуметтік желілер арқылы қолжетімді саяси қатысудың кейбір нысандарына тарту болып табылады. WVS 7

сауалнамасының нәтижелері қазақстандық жастардың Интернетті және әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, саяси белсенділік танытудағы тәжірибесінің төмен екендігін көрсетеді. Сонымен, сұхбаткерлердің тек 13,0%-ы саясат пен саяси оқиғалар туралы ақпарат іздегенін, тек 4,9%-ы электронды жолдаулар мен өтініштерге қол қойғанын атап өтті. Жауап бергендердің тек 1,0%-ы саяси акцияларды ұйымдастыруға қатысқандарын және басқа адамдарды оларға қатысуға үгіттегенін айтты. Бұл көрсеткішті саяси партиялардың белсенді мүшелері болып табылатын сұхбаткерлердің үлесімен салыстыруға болады. Жастардың саяси белсенділігі саяси қатысудың институционалды шеңберіне сәйкес келді деп болжауға болады. Мысалы, «Nur Otan» партиясына жататын «Jas Otan» жастар қанаты пандемияға дейінгі кезеңде (2020 жылғы наурызға дейін) оқитын жастарды тарта отырып, жаппай іс-шараларды белсенді өткізіп отырды. Іс-шаралардың республикалық ауқымы жастардың белгілі бір бөлігінің саяси, патриоттық сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысуына ықпал етті.

Сонымен бірге, біз жастардың саяси белсенділігінің артуының күәсі болып отырмыз және бұл наразылық белсенділік болып отыр. Келесідей сұрақ туындайды: бұл зерттеу нәтижелерінде неге көрінбеді? Жастар қазақстандық қоғамның едәуір көп бөлігі болып табылады - 2021 жылдың басындағы жағдай бойынша ҚР-да жастар саны 3 739 883 адам болған [40]. Мүмкін, бұл сұхбат берушілердің сенімсіздігімен, олардың саяси акцияларға қатысу фактілерін жасырумен немесе саяси себептер бойынша қудалаудан қорқу себебінен наразылық акцияларын ұйымдастырып, өткізетіндердің қолдауымен байланысты шығар.

1-кесте. Интернетті және әлеуметтік желілерді пайдалана отырып,
саяси іс-қимыл жасауға дайын болу (%)

	Саясат және саяси оқиғалар туралы ақпаратты іздеу	Электрондық өтініштерге, петицияларға қол қою	Басқа адамдарды қандай да бір саяси акцияны ұйымдастыруға немесе оған қатысуға үгіттеу	Саяси акцияларды, іс-шараларды, наразылық қозғалыстарды ұйымдастыру
Жасады	13,0	4,9	1,0	1,0
Жасай алар еді	28,9	16,6	14,6	8,8
Қандай да жағдайға қарамастан, жасамас еді	43,5	60,1	66,6	71,1
Жауап беруге қиналды	9,4	12,0	11,7	13,0

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық жастар арасындағы саяси белсенділік тәжірибесі нақты саяси акцияларды ұйымдастырумен және оларға қатысумен емес, саясат пен саяси оқиғалар туралы ақпарат іздеумен байланысты. Жас сұхбаткерлердің 28,9%-ы АКТ-ны қолдана отырып, саясат пен саяси оқиғалар туралы ақпаратты іздеуге дайын екенін, әрбір алтыншы сұхбаткер (16,6%) электрондық өтінішке немесе петицияға қол қоюға дайын екенін, әрбір жетінші сұхбаткер (14,6%) әлеуметтік желілерде басқа адамдарды саяси акцияларға қатысуға үгіттеуге дайын екенін, ал сұхбаткерлердің 8,8%-ы интернет пен әлеуметтік желілердің көмегімен саяси іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуға дайын екенін атап өтті (1-кестені қараңыз).

Жас сұхбаткерлердің көпшілігі қандай да жағдайға қарамастан, саясат туралы ақпаратты (43,5%) іздемейтіндіктерін, электрондық өтініштер мен петицияларға қол қоймайтындарын (60,1%), басқа адамдарды саяси акцияларға қатысуға үгіттемейтіндерін (66,6%)

және саяси акциялар, іс-шаралар мен наразылық қозғалыстарды ұйымдастырмайтындарын (71,1%) атап өтті. Сондай-ақ, жауап беруге қиналғандардың саны өте көп – 9,4%-дан 13,0%-ға дейін. Бұл саяси акцияларға нақты немесе виртуалды қатысу аясында белгілі бір белсенділік түріне немесе қолдауға ауыса алатын әлеуетті көрсетеді.

Егер WVS 7 зерттеуі Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға сырттай баға берсе, онда ҚР-да жүргізілген тақырыптық зерттеулерге назар аударған жөн. Осылайша зерттеулердің бірінің нәтижелері «Қазақстан жастары – 2020» ұлттық баяндамасында көрсетілген [41]. «Жастар саясатында одан әрі нысаналы индикаторларды қалыптастыру» әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелері [42] 2020 жылдың I жартыжылдығында жастардың қоғамның саяси өміріне қалыпты қызығушылығын көрсетеді. Жас қазақстандықтардың 70,8%-ы саяси тақырыпқа әртүрлі дәрежеде қызығушылық танытады. Олардың ішінде 17,8% күн сайын саяси жаңалықтарды қадағалап отырады, оннан үшеуі (29,1%) саяси оқиғаларды аптасына 1-2 рет, әр төртіншісі (23,9%) айына 1-2 рет бақылайды. 29,2% саясатқа мүлдем қызығушылық танытпайды (3-суретті қараңыз).

Сауалнама әдіснамасы мен құралдарындағы айырмашылықтарға байланысты осы көрсеткіштерді WVS 7 нәтижелерімен салыстыруға болмайды. Бірақ 2020 жылы жиналған (WVS 7 деректері 2018 жылы жиналған) «Жастар» F3O деректері жастар арасында қоғамның саяси өміріне қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Мұны ішінара пандемиядан туындаған карантиндік шаралармен түсіндіруге болады. Пандемия кезінде билік пен қоғам елдердің ішкі проблемаларына көп көңіл бөлді. Сонымен қатар, саяси дискурс жастарды саясаттың маңызды және қабілетті субъектісі ретінде белсенді түрде атай бастады. Оған қоса, жастардың белсенділігі тек әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер ретінде ғана емес, саяси қызметкерлер ретінде де артып келеді.

3-Сурет. Жастардың саясатқа қызығушылық деңгейі



«Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ деректері

Білім деңгейі мен саясатқа қызығушылық арасындағы байланыс байқалады (2-кестені қараңыз). Жас азаматтың білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол саясатқа көбірек қызығушылық танытады. Тиісінше, білім деңгейі неғұрлым төмен болса, қоғамның саяси өміріне деген қызығушылық соғұрлым төмен болады. Сонымен қатар, сауалнама қандай да бір түрде мектеп оқушыларына, яғни кәмелетке толмаған жастарға қатысты болғанын атап өткен жөн. Орта және жоғары мектеп оқушылары саяси іс-шараларға аз дәрежеде қатысатыны анық. Сондықтан елдің барлық жас топтарын зерттеумен қамту кезінде білім деңгейімен байланыс орынды болар еді. Осыған байланысты білім деңгейі мен 29 жасқа дейінгі топ шеңберіндегі саясатқа деген қызығушылықтың тікелей байланысы туралы қорытынды жасалуы мүмкін, бірақ ол жастарды саясатқа белсенді қызығушылық танытатын әлеуметтік топ ретінде сипаттамайды. Көріп отырғанымыздай, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жастар елдегі саяси өмірге жиі қызығушылық танытады.

2-Кесте. Білім деңгейі бөлінісінде саяси жаңалықтар
мен оқиғаларға қызығушылық (%)

	Бас- тауыш	Аяқтал- маған орта	Орта	Т және КБ	Аяқтал- маған жоғары	Жоғары	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
Қызығамын	4,8	4,9	11,2	19,7	17,3	28,7	30,0
Белгілі бір дәрежеде қызығамын	9,5	18,1	31,1	31,1	30,6	32,4	32,5
Өте сирек қызығамын	33,3	28,6	26,0	23,2	24,9	19,1	22,5
Мүлдем қызықпай- мын	52,4	48,4	31,6	26,0	27,2	19,9	15,0

«Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ деректері

Жастардың саясатқа жеткілікті түрде жоғары қызығушылығы жас қазақстандықтардың елдегі саяси оқиғалар туралы ақпаратты қайдан алатыны туралы ақпараттың негізгі көзін анықтауды талап етеді. Қарастырылып отырған «Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ зерттеуінің нәтижелері жастар үшін саяси ақпараттың негізгі көзі Интернет және әлеуметтік желілер болып табылатыны туралы айқын фактіні растайды (4-суретті қараңыз).

4-сурет. Қазақстандағы саяси оқиғалар туралы ақпарат көздері



«Рухани Жаңғыру» ҚҚДИ деректері


Әлеуметтік желілермен (61,5%), отандық веб-сайттармен (33,3%) қатар республикалық телеарналар жастар үшін саяси ақпараттың маңызды көзі болып табылады – оның төртеуі (39,1%) ақпаратты осы дереккөзден алады. Бұл сауалнама барлық жас топтарын қамтымайды, сондықтан сауалнама нәтижелерін кең аудиторияға экстраполяциялау мүмкін емес.

Интернетке қолжетімділік жастарға шетелдегі саяси жағдайды зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас қазақстандықтар шетелдік саяси акцияларды қолдайды. Мысал ретінде BLM (Black Lives Matter) қозғалысымен ынтымақтастықты, Алексей Навальныйдың жақтастарына деген жанашырлықты келтіруге болады. Алайда, саяси белсенділіктің мұндай формалары бейресми қатысуға жатады. Бұл мәселе қазіргі уақытта аз зерттелген болып табылады.

Қазіргі қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің маңызды элементі қоғамның саяси өміріне институционалдық қатысу мәдениеті болып табылады. Бұл мемлекеттік қызмет саласындағы жұмысты, сайлау үдерісіне өкілді лауазымға үміткерлер ретінде қатысуды қамтиды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің саны 20 504 адамды құрады (5-суретті қараңыз). Оның ішінде 10 754 адам орталық мемлекеттік органдарда, 9750 адам жергілікті атқарушы органдарда еңбек етті. 2011 жылмен салыстырғанда 10%-ға төмендеу байқалады.

5-Сурет. Жыл басындағы жағдай бойынша 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің саны



ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша

«Қазақстан жастары – 2020» ұлттық баяндамасында атап өтілгендей, мемлекеттік қызметте жастардың жалпы санының азаюымен қатар басшылық орындарда жастар санының төмендеуі байқалады. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің мәліметінше, 2015 жылы 29 жасқа дейінгі 1880 мемлекеттік қызметші басшылық лауазымдарда болған, бірақ 2020 жылы бұл көрсеткіш 17%-ға төмендеген. Мұндай көрсеткіштер мемлекеттік қызметшілердің 29 жастан табиғи түрде асу үдерісімен байланысты.

Осыған мемлекеттің жас азаматтарды мемлекеттік басқару саласындағы жұмысқа белсенді түрде қолдауы мен тартуымен байланысты. Әкімшілік және саяси лауазымдарда жас мемлекеттік қызметшілер пулын қалыптастыру үшін жағдайлар жасалып жатыр. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметтегі жастар санының азаюы мемлекеттік органдардың штат санының қысқаруы және мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерісін цифрландыру жағдайында жүретінін ескеру қажет. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік қызметшілер санын қысқарту бойынша тапсырма берді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік сыңайлы сектор қызметшілерінің саны 25%-ға қысқаруы тиіс [43].

Жастардың мемлекеттік басқаруға институционалды қатысуы сапалы өзгерістерге ұшырап жатыр. 2019 жылы Президенттік жастар кадр қорына жұмысшылар іріктелді, сонда 300 «кадр» таңдалды. 2021 жылы 2.0 Президенттік жастар кадрлық қорына қатысу үшін конкурс жарияланды. Бұл ретте, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге қойылатын үлгілік біліктілік талаптарында білім деңгейі бойынша талаптардан басқа, жеке бағанада президенттік жастар кадр қорына мүшелік ескеріледі. Осылайша, бұл механизм «қордағы кадрларға» артықшылық береді, өйткені ол біліктілік талаптарында қарастырылған белгілі бір лауазымдардағы ең аз жұмыс тәжірибесінің шектелімін жеңуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметшілер санын қысқарту қажеттігі туралы айта келе, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев үнемделген қаражат жалақыны арттыруға бағытталатынын атап өтті. Сонымен қатар, мемлекеттік

қызметшілер жұмысының тиімділігін бағалаудың факторлық-балдық шкаласы енгізілетін болады.

Жастарды тарту тек атқарушы билік саласында ғана емес, өкілдік салада да жүреді. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы кезінде партиялардың сайлау тізімдерін қалыптастыру кезінде әйелдер мен 29 жасқа дейінгі азаматтар үшін 30% квота енгізілді. Бірақ депутаттық мандаттарды бөлу кезінде бұл қағидат сақталмайды. 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев гендерлік және жас квотасын ғана емес, сонымен қатар өкілді органдардың құрамына қосымша қажеттіліктері бар азаматтарды қосу арқылы инклюзивтілікті қамтамасыз ету үшін тиісті тапсырма берді.

ҚР заңнамасына сәйкес, өкілетті органдар саяси партиялардың өкілдерінен құрылатынын ескеру маңызды. Жастарды сайлау үдерісіне депутат лауазымына үміткер ретінде тарту оларды саяси партиялардың құрамына енгізуді көздейді. Өз кезегінде, партиялар ең белсенді және заң шығару қызметіне дайын жастардың пулын қалыптастыру үшін ішкі іріктеу жүргізеді.

«Рухани жаңғыру» ҚҚДИ мәліметтері бойынша, 2020 жылы жастардың басым көпшілігі (92,9%) саяси партияларда тұрмаған, аз бөлігі (4,5%) саяси партиялардың мүшелері болған, бірақ олардың қызметіне қатыспаған. Өз кезегінде 29 жасқа дейінгі саяси партиялардың белсенді мүшелерінің үлесі бар болғаны 0,8%-ды құрады. Жастардың саяси партияларға мүшелікке мүдделілігі төмен екені байқалады. Бұл өз кезегінде саясатқа деген төмен қызығушылықты білдірмейді. Жоғарыда келтірілген әлеуметтанулық зерттеулердің деректері жастардың қоғамның саяси өміріне деген жоғары қызығушылығын көрсетеді. Жастардың қызығушылығы мен олардың саясатқа нақты араласуы арасындағы айырмашылық наразылық әлеуетінің деңгейін көрсетеді.

Тіркелген саяси партиялардағы жастардың төмен үлесі олардың осы саяси институтқа деген сенімсіздігін көрсетуі мүмкін. Бұл жанама түрде өкілді билік – ҚР Парламенті мен

мәслихаттарға деген сенімге де әсер етеді, өйткені олар саяси партиялардың өкілдерінен құралады. Сонымен қатар, Үкімет, сондай-ақ жекелеген мемлекеттік органдардың басшылығы ҚР Парламенті депутаттарының қатысуымен құрылады, бұл да жастардың атқарушы билікке, атап айтқанда, жалпы мемлекетке деген сеніміне әсер етуі мүмкін. Сол арқылы жастардың саяси партияларға деген сенімінің төмендігі партия қызметіне қатысуды жастарды саяси әлеуметтендірудің тиімді нысаны ретінде қарауға негіз бермейді.

Жастардың биліктің ресми институттарына деген сыни көзқарасы саяси белсенділік пен қоғамның саяси өміріне қатысу тәжірибесін виртуализациялауда көрінеді. Жастар үшін «батырманы басу арқылы» цифрлық белсенділік таныту технологиялық шешімдердің қолжетімділігіне ғана емес, сонымен қатар ой еркіндігін білдіру кезінде жасырындық сақтау тұрғысынан да қолайлы. Осыған байланысты жастардың виртуалды саяси белсенділігінің материалдық негізін – ақпараттық инфрақұрылымын қарастыру маңызды.

Қазақстан жастарының саяси мәдениеті зерттеушілердің тұрақты бақылауында. Ф. Эберт қорының қолдауымен екі зерттеу тобы құндылықтар мәселелері бойынша жастарға сауалнама жүргізді, бұл қазақстандық жастардың саяси перспективаларға деген көзқарастарының прогрессивті сипатын нақты түрде растамайтын нәтижелер көрсетті.

2020 жылы Фридрих Эберт қорының (Германия) тапсырысы бойынша BISAM Central Asia әлеуметтік зерттеу жүргізді, оған Қазақстанның барлық облыстарынан, республикалық маңызы бар қалаларынан және астанасынан 14 пен 29 жас аралығындағы 1000 жас жігіттер мен қыздар қатысты. Зерттеу нәтижелерін «Талар» қолданбалы зерттеулер орталығы түсіндірді. Зерттеу қорытындылары қазақстандық жастардың дәстүрлі құндылықтар мен өмір сүру құндылықтарын ұстануға бейім екенін көрсетті.

Саясат, белгілі болғандай, жалпы қазақстандық жастар үшін үлкен рөл атқармайды. Қазақстандық жастардың әлеуметтік белсенділігі «төмен» деп бағаланды. Соған қарамастан қазақ-

стандық жастардың белсенді саяси ұстанымының болуы (29,6%) және азаматтық іс-қимылдарға қатысуы (19,8%) маңызды. Қазақстан жастары азаматтық бірегейлікке мән береді, олар тұрғылықты жерлерімен тығыз байланысты. Респонденттердің 81,8%-ы өздерін туған қаласының немесе ауылдарының азаматы деп санайды. Қазақстандық жастардың құндылықтар құрылымында дәстүрлі көзқарастар басым: 86,1% өздерін болашақта некеде және балаларымен елестетеді, ал жас респонденттердің басым көпшілігі өздерін белгілі бір дәрежеде дінге сенім білдіруші деп санайды [44].

Авторлар тобы Дина Шарипова мен Серік Бейменбетовтің тағы бір зерттеуі Қазақстан жастарының саясатқа деген көзқарасын анықтады. Бұл зерттеу үшін деректер жинау 2020 жылдың 17 ақпанынан 9 сәуіріне дейін жалғасты. 14 пен 29 жас аралығындағы 1000 қазақ жастары сауалнамаға қатысты. Деректерді жинау үш арнада – бетпе-бет сұхбат, телефон арқылы сауалнама және онлайн сауалнама арқылы жүзеге асты. Сандық зерттеу Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысының елді мекендеріндегі жастармен жүргізілген 10 тереңдетілген сұхбатпен толықтырылды.

Шарипова Д. мен Бейменбетов С. зерттеу нәтижелері қазақстандық жастардың туыстарымен және достарымен саясатты талқыламауды жөн көретінін растады. Жастар мен олардың ата-аналарының саяси көзқарастары сәйкес келеді. Жастар ғаламторды, телевизияны, әлеуметтік желілерді саясат туралы ақпараттың ең маңызды көзі деп санайды. Саясатқа қызығушылық болғанымен, саяси белсенділік әлі де төмен. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша парламенттік сайлауға респонденттердің тек үштен бірі ғана қатысқаны, 4,7 пайызы ғана саяси тақырыптағы петицияларға қол қойғаны, ал басым бөлігі (69,5 пайызы) ешқашан қатыспағаны белгілі болды. Сонымен қатар әрбір бесінші жас (20,6%) болашақта мұндай іс-шараларға қатысуы мүмкін екенін жоққа шығармайды [45].

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазақстандық жастар мемлекетке үлкен үміт артады. Респонденттердің көпшілігінің пікірінше,

мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге (88,5%), жастардың жағдайын жақсартуға (88,4%), әлеуметтік әділеттілік пен барлығына арналған әлеуметтік жеңілдіктерге (87,9%), қоршаған ортаны сақтауға (88,0%) назар аударуы керек. Мемлекеттік органдардың өкілдері азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үдерісіндегі ұстанымын сипаттай отырып, мемлекетке тәуелділік ұғымына жиі жүгінеді. Жастар неғұрлым өткір мәселелерді шешуде мемлекеттің белсенді ұстанымын талап етеді. Бір жағынан, бұл факторды азаматтық қоғамның дамуына кері әсерін тигізетін патернализм мен тәуелділікке деген сұраныс пен инерцияның сақталуы деп бағалауға болады. Екінші жағынан, мұндай күтулер жергілікті мемлекеттік органдардың шын мәнінде тиімділігінің төмендігімен, жүзеге асырылып жатқан қолдау бағдарламаларының декларативті сипатымен байланысты болуы мүмкін. Бұл болжам тақырып шеңберінде тереңірек бағалауды қажет етеді. Сондай-ақ бұл зерттеу қазақстандық жастардың өздерін негізінен туған жері – қала, елді мекен немесе ауылмен байланыстыратынын растайды. Атап айтқанда, мұндай бірегейліктің түрі ұлттық және аймақтық бірегейліктен басым болады.

Дамушы және дамыған демократиялық елдерде жастардың саяси мінез-құлқында ортақ сипаттамалармен қатар, мәдени тұрғыдан анықталған ерекшеліктер бар. Цифрландыру жан-жақты, тіпті жаһандық процесс ретінде құндылықтар құрылымына ғана емес, олардың иерархиясына да әсер етеді. Нәтижесінде саясат бір елдің ішінде де, басқа елдердегі де жағдай туралы саяси ақпаратты таратудың жоғары динамикасына байланысты бүкіл әлемдегі жастар өмірінің маңызды аспектісіне айналууда. Қоғамдық өмірді цифрландыру барлық әлеуметтік топтардың, әсіресе жастардың саяси мәдениетінің өзгеруіне әсер еткені анық. Саяси қатысуды жаңғырту процесі бірнеше нақты тенденцияларға сәйкес жүреді.

Қаржылық, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы цифрландырудың жоғары қарқынына қарамастан, саяси белсенділікті цифрландыру біржақты жүруде. Саяси мәдениетті цифрландыру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық құрамдас

бөлік басым болса, жастардың ел ішіндегі және шетелдегі саяси оқиғаларға тұрақты қызығушылығы сақталады. Кейбір мемлекеттік қызметтер тек электронды түрде көрсетіледі, бұл мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіне жүгіну жиілігін арттырады, бірақ әрекеттің мәжбүрлі сипатына байланысты оны жастардың немесе басқа да әлеуметтік топтардың цифрлық технологияларға басымдық беруі ретінде қарастыруға болмайды.

Цифрландырудағы ақпараттық-коммуникациялық үрдісті қазақстандық жастардың саяси мәдениетін трансформациялау жолындағы бірінші кезең ретінде қарастыруға болады. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстандағы саяси белсенділік көрсеткіштері экономикасы дамыған елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. 7-ші толқынның WVS деректері 2018 жылы жүргізілгендіктен ескірген деп болжауға болады, ал 2019-2022 жылдары Қазақстанда халықтың саяси белсенділігінің артуы байқалды. 2000 жылы Ф.Эберт қорының қаржылық қолдауымен зерттеушілердің әртүрлі топтары жүргізген құндылықтарды зерттеу деректері қазақстандық жастардың дәстүрлі құндылықтар мен өмір сүру құндылықтарына көбірек бейім екенін көрсетті. Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін төмен бағалаумен қатар жастар ең өзекті мәселелерді шешуде, оның ішінде жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда мемлекеттің жетекші рөл атқаруы қажеттігін атап көрсетеді. Өз кезегінде жастардың бір бөлігі электронды петицияларға қол қою сияқты саяси белсенділік нысандарына қатысуға дайын. Ол үшін Қазақстанда инфрақұрылым құрылуда, сонымен қатар мамандандырылған веб-сайттарда жасалған петицияларға көптеген қол жинау тәжірибесі жинақталған. Осыған қарамастан, электронды петицияларға қол қою әлі ресми деңгейге өткен жоқ, бұл қол қоюшылардың жеке деректерінің құпиялылығын бұзу және айла-шарғы жасау қаупімен байланысты болуы мүмкін.

Қазақстандық жастардың саяси мәдениетін цифрландыру тәуекелдері күн тәртібіндегі жергілікті және шетелдік мәселелердің саяси ақпараттық тоғысуымен байланысты. Бұл өз кезегінде қазақстандықтардың ел ішіндегі жағдайды қабылдауын бұрмалауы

мүмкін. Атап айтқанда, Украинадағы оқиғалар туралы жаңалықтар көпәтносты қазақстандық қоғамда руссофобиялық көңіл-күйдің өсуіне ықпал етуі мүмкін. Виртуалды саяси шындық географиялық шекараларды жояды, қазақстандықтарды әлеуметтік желі лентасы қалыптастыратын «ақпараттық кеңістікке» түсіреді және мүдделі емес тараптарды өңірлік және жаһандық ауқымдағы процестерге тартады.

Қазіргі Қазақстандағы саяси реформалардың күн тәртібінде делиберативті демократияның институционалдық құрамдас бөлігін дамыту арқылы шешім қабылдау процестеріне азаматтардың қатысуын арттыру мәселесі тұр. Саяси пікірталасқа қатысу – қазіргі қазақстандықтардың саяси мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігіне айналуға. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, билік сендіргендей, Ұлттық құрылтайдың кеңейтілген форматына функцияларын беру арқылы өзінің тарихи миссиясын орындады. Сонымен қатар әрбір орталық және жергілікті органның жанында қоғамдық кеңестер жұмыс істейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев заңнамалық негізі бар электрондық дауыс беру жүйелерін әзірлеуге және енгізуге алғышарт бола алатын сайлаушылардың электрондық деректер базасын әзірлеуді тапсырды. Басқаша айтқанда, саяси реформалардың кешенді бағдарламасы саяси белсенділіктің жекелеген түрлерін цифрландыруды, мемлекеттің осы мәселеде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауын көздейді, сонымен бірге азаматтық белсенділікті арттыруға, азаматтардың, әсіресе жергілікті деңгейде, орта мерзімді жоспарлау процесіне қатысуына және жалпы маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер шығаруға ат салысуына ықпал етеді.

Қазақстандық жастардың саяси мәдениетін цифрландырудың келешегі қазірдің өзінде анықталған электронды петициялардан, электронды дауыс беруден, сондай-ақ виртуалды кеңістіктегі белсенді саяси коммуникациядан көрінеді. Цифрландырудың күтілетін әсері сөз бостандығы мен ерік-жігерді дамытуды, экстерриториялық мобильділікке қарамастан саяси оқиғаларға үнемі қатысуды, сондай-ақ елдің, аймақтың және әлемнің са-

яси өмірінен үнемі хабардар болуды көздейді. Сонымен қатар басқа елдердің ақпараттық ықпалы арқылы ішкі саяси жағдайды тұрақсыздандыру қаупі де артып отыр. Осыған байланысты цифрландыру қарқыны қазақстандық жастардың саяси мәдениетін жаңғырту мәселесінде басымдыққа ие болмауы керек. Процестердің жоғары динамикасы жастардың тұрақтылықты білдіретін дәстүрлі құндылықтарға басымдық беретінін көрсетеді. Осыған қарамастан, жаңғырту үдерістері әрдайым азаматтардың көз алдында жүзеге асуы тиіс, себебі дискурсивті құрылым арқылы жастардың прогрессивті бөлігі ұмтылатын қазіргі қазақстандықтың жаңартылған мәдениетінің бейнесі қалыптастырылатын болады.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер саяси ақпарат көзі ретінде

Жастардың виртуалды саяси белсенділігінің негізгі кеңістігі әлеуметтік желілер болып табылады. Әлеуметтік желілер көбінесе дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында (теледидар, баспасөз, радио) дайындалған және жарияланған ақпараттың қайталаушысы рөлін атқаратынын есте ұстаған жөн. Отандық веб-сайттар да қайталаушы ретінде әрекет етеді, өйткені олар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарынан пресс-хабарландырулар мен жаңалықтарды қайта жазады. Елдегі және шетелдегі саяси жағдайға авторлық талдау жасалатынын атап өтуге болады, бірақ оны әлеуметтік желілердегі және мессенджерлердегі шағын сарапшылар тобы жүзеге асырады. Мессенджерлердің (WhatsApp, Telegram) ақпарат көзі, дәлірек айтқанда ақпарат таратушылар ретіндегі рөлі жыл сайын артып келеді. Отандық сарапшылардың басым бөлігі YouTube және Telegram-да ұсынылған (3 және 4-кестелерді қараңыз).

3-Кесте. Қазақстандағы саясат туралы YouTube арналары

YouTube-арна	Жазылмандар саны	Жарияланымдар жиілігі	Қарау саны
Ермек Нарымбай	367 мың	Күніне бірнеше рет	1,5 – 42 мың
ЗаНамиУжеВыехали	294 мың	Аптасына 1 рет	42 – 335 мың
Гиперборей	79,2 мың	Аптасына 2-3 рет	5 - 93 мың
Тіл кеспек жоқ	78,4 мың	Аптасына 1 рет	5 - 104 мың
AuditoriumQZ Досыма Сатпаева	27 мың	Айына 1 рет	1,3 – 123 мың
НеКурултай	8 620	Аптасына 3 рет	200 - 12 мың
Ертысбаев Live	5 640	Аптасына 2 рет	1 - 8,2 мың

Интернет-кеңістіктің артықшылықтары сараптамалық қоғамдастыққа Қазақстандағы саяси күн тәртібінің түрлі мәселелері бойынша қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етуге мүмкіндік береді. Бұл формат цензураның болмауымен, ұтқырлықпен және жеделдікпен, аудиторияға кеңінен қол жеткізумен, контентті таратудың (share) ыңғайлы тәсілімен, сондай-ақ кері байланыс мүмкіндігімен ерекшеленеді. Виртуалды саяси коммуникацияның барлық артықшылықтары интернет-ресурстарды саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің қолындағы тиімді құралға айналдырады.

4-кесте. Қазақстандағы саясат туралы Telegram-арналар

Telegram-арна	Жазылмандар саны	Жарияланымдар жиілігі	Қарау саны
Kaliyev channel	29 925	Күніне 1-3 рет	4 - 29 мың
Kozachkov offside	22 195	Күніне бірнеше рет	3 – 20 мың

ABISHEV ANALYTICS	5 806	Күніне 1-2 рет	2 – 5 мың
Казакстан и все-все-все	4 591	Күніне бірнеше рет	1 - 3 мың
ERLAN KARIN	2 700	2 аптада 1-2 рет	2 - 31 мың
Данияр Ашимбаев	2 408	Күніне бірнеше рет	1 – 2 мың
Shalkar Nurseit Report	420	Айына бірнеше рет	300 - 1000

Кестелерде арналар тақырыптары саясатқа маманданған кейбір қазақстандық авторлардың мысалдары ғана келтірілген. Жалпы, саясат мәселелері бойынша виртуалды байланыс тәжірибесінің таралуы – оның дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда артықшылықтарына байланысты өте жоғары. Сонымен қатар, виртуалды кеңістік қазіргі қазақстандық жастардың саяси белсенділігінің негізгі өрісіне айналып отыр.

Қазір байқалып отырған Қазақстанның саяси алаңында жастардың белсенділенуі 2019 жылғы 21 сәуірдегі акциядан кейін басталды. Сол кезде Бейбарыс Толымбеков пен Ася Тулесова Алматы қаласындағы марафон кезінде #adilsailayushin және #у меня есть выбор хэштегтерімен «Шындықтан қашып құтылмайсың» деген жазуы бар плакатпен демонстрация көрсетті [46]. Оларды тұтқындау және үкім шығару бүкіл ел бойынша жастар қосылған «Oyan, Qazaqstan» қозғалысына түрткі болды. Көбіне Алматы қаласында тұратын наразылық білдірген жастарды ажырату басталды. «Oyan, Qazaqstan» Азаматтық құқық қозғалысының құрылуы 2019 жылдың 5 маусымында жарияланды [47].

Болашақта жастардың наразылық әрекеті митингілер, шерулер, онлайн-жарияланымдар аясында жүзеге асырылады. Саяси акцияларды ұйымдастыру, сондай-ақ азаматтарды олардың қатысуына тарту үшін әлеуметтік желілер, атап айтқанда Facebook және Instagram-дағы «Oyan, Qazaqstan» ресми аккаунттары пайдаланылды. Наразылық толқыны жаңа қозғалыстардың пайда болуына ықпал етті (Тіркелмеген Республикалық партия, Хақ, Қыран және

басқалар). Бұл қозғалыстардың белсенділігі виртуалды болды, белсенділер ақпараттық және насихаттық жұмыстарға баса назар аударды. Пандемия және карантиндік шаралар кезінде бұқаралық шаралар өткізуге тыйым салынды. Осы кезеңде жастардың наразылық бастамаларының белсенділігі төмендеді. Мұны соңғы 6-12 айда әлеуметтік желілердегі осы қозғалыстардың аккаунттарында жариялау белсенділігінің болмауынан байқауға болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік саясатқа байланысты инфрақұрылымдық шектеулер де бар. 2019 жылдан бастап әрбір гаджет үшін бірегей болып табылатын мобильді құрылғының сәйкестендіру кодын (IMEI) Қазақстан азаматтарының жеке сәйкестендіру нөміріне тіркеу міндетті болды. Бұл шара коммуникациялардағы, оның ішінде онлайн коммуникациялардағы жасырындыққа қарсы күрес ретінде қабылданды. Freedom House-тың желідегі бостандық туралы баяндамасы жеке интернет-ресурстарға қол жеткізуді шектеу, журналистердің қызметіне кедергі келтіру немесе шабуыл жасау және басқа да көптеген фактілерге назар аударады. Нәтижесінде Freedom House Қазақстандағы Интернетпен жағдайды «еркін емес» деп сипаттайды [48]. Дегенмен, Н.Ә.Назарбаевтың ҚР Президенті өкілеттігін тоқтатуынан туындаған елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне жастардың наразылық реакциясының прецеденті [49] қазақстандық жастардың жоғары жұмылдыру әлеуетін көрсетеді. Сонымен қатар, жастар арасында белсенділерге жанашыр немесе қолдау көрсететін әлеуметтік қабат қалыптасып келеді.

2019-2020 жылдар кезеңіндегі жастардың виртуалды наразылық қозғалысының ерекшелігі: 1) бұрын әрекет еткен және әрекет етуші оппозициямен байланыстың жоқтығының декларациясы; 2) Алаш Орданың саяси қайраткерлеріне және Желтоқсан белсенділеріне бір мезгілде сілтеме жасай отырып, консерватизм мен дәстүршілдікті теріске шығару; 3) Батыс қоғамдастығының назарын аудару бойынша тиісті жұмыспен демократиялық (Батыс) құндылықтар мен идеалдарға сүйену (әлеуметтік желілердегі ағылшын тіліндегі жарияланымдар); 4) жастарды саяси пікірталасқа және саяси акцияларға саяси патриот қоғамның саяси өміріне

белсенді қатысуы керек деген постулатқа негізделген үгіт-насихат жұмыстары арқылы тарту.

Жүргізілген талдау нәтижесінде төмендегідей маңызды қорытындылар мен нәтижелерге беріледі:

Қазақстандық жастар ел ішіндегі саясатқа қызығушылық танытады және өздерінің хабардарлығын арттыру үшін қолда бар барлық ақпарат көздерін (дәстүрлі және электрондық БАҚ) пайдаланады. Тиісінше, жастар жалпы Интернет желісіне және жеке интернет-ресурстарына қолжетімділікті шектеу жағдайларына жіті назар аударады. Мұндай реакцияны ішінара түсіндіруге болады, өйткені жастар үшін цифрландыру жағдайында ақпаратқа қол жеткізу құқығы іргелі болып табылады. Жастар ақпарат алу құқығын қорғап қана қоймай, оны белсенді пайдаланады.

Соңғы 10 жыл ішінде мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері ретінде жастар санының азаюы байқалады. Мұның себептеріне 29 жасты еңсерудің объективті процестерін де, жастардың әкімшілік мемлекеттік қызметтен кетуін де жатқызуға болады. Мемлекет жастарды әлеуметтік-саяси үдеріске тарту бойынша шаралар қабылдап жатыр: 2.0 Президенттік жастар кадрлық резервіне қабылдау жарияланды, «ҚР-дағы сайлау туралы» заңда ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы кезінде саяси партиялардың сайлау тізімдерін қалыптастыру кезінде әйелдер мен жастар үшін 30% квотаны міндетті түрде сақтау туралы норма енгізілді.

Жастар саяси партиялардың қызметінде өте төмен белсенділік танытады. Жастарды волонтерлік қызметке тарту жөніндегі шаралар 2020 жылы орын алды, қазіргі уақытта бұл жағдаяттық сипатқа ие болып отыр. Жалпы, жастар саяси қатысудың институционалды формаларына аз қызығушылық танытады. Бұл саяси институттарға, мемлекеттік органдарға және сайланатын мемлекет тұлғаларына деген сенім деңгейінде де көрініс табады.

Жастардың наразылық көңіл-күйі виртуалды саяси белсенділікте көрініс береді. Виртуалды азаматтық қозғалыстар алаңдарында жастар пікірталастарға қатысады, болып жатқан оқиғаларға өз көзқарасын білдіреді, пікірлестерді табады. Со-

нымен бірге, виртуалды кеңістіктегі жастардың наразылық қозғалыстарының саяси белсенділігі төмендегенін байқауға болады. Бұл жүйелі саяси платформа болмаған жағдайда қысқа мерзімге белсендіруге мүмкіндік беретін жастардың жоғары жұмылдыру әлеуетін көрсетеді. Қазақстанда жастардың әлеуметтік-саяси үдерістің субъектісі ретінде қалыптасуы үшін тиісті ұйымдастырушылық, идеологиялық және қаржылық ресурстар қажет.

Осы орайда әлеуметтік медиа саласы да өзінің күрделі даму эволюциясын бастан өткеріп жатыр десек қателеспейміз. Әлеуметтік медианың пайда болуы мен дамуы азаматтардың қоғам өміріне араласуы мен диалогтың жаңа формаларына, географиялық және уақытша шектеулердің жойылуына, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етті. Бұл факторлар электронды демократияның теориялық негіздері тәжірибе жүзінде қазіргі қоғамның өзгермелі технологиялар мен әлеуметтік шынайылықтардың дамуына қалайша тез бейімделуін көрсетеді. Электрондық демократияның негізгі тұжырымдамалық белгілеріне мыналар жатады:

- Электрондық дауыс беру. Сайлау мен референдумда АКТ қолдану. Бұл онлайн дауыс беруді, электронды бюллетеньдерді, санау жүйелерін және алаяқтықтан қорғауды қамтамасыз ету;

- Электрондық жариялылық және қатысу. Азаматтарға онлайн платформалар арқылы өз пікірлерін білдіруге, талқылауларға қатысуға және ұсыныстар жасауға мүмкіндік беру. Бұған ашық форумдар, электронды петициялар және онлайн кеңестер беру;

- Электрондық мониторинг және қадағалау. Мемлекеттік қызметті бақылау, сыбайлас жемқорлықпен күресу және ашықтықты ілгерілету үшін АКТ пайдалану. Бұл ашық деректер жүйелерін, электронды есеп беруді және мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың мониторингін қамтамасыз ету;

- Электрондық білім және ақпарат. АКТ арқылы азаматтардың ақпарат пен білімге қол жеткізуін қамтамасыз ету. Бұл онлайн курстарды, сандық кітапханаларды және интерактивті ресурстарды қамту;

- Деректерді қорғау және киберқауіпсіздік. Ақпараттың қауіпсіздігін және азаматтардың деректерін қорғауды қамтамасыз ету. Бұл кибершабуылдардың алдын алу, жеке ақпаратты қорғау және дауыс беру құпиясын қамтамасыз ету шараларын қамту.

Жоғарыда айтқандай, электронды демократия азаматтардың саяси үдерістерге қатысу белсенділігін арттырып, ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдетеді. Дегенмен, қазіргі кезде электронды демократияның қауіпті тұстары да жоқ емес. Мәселен, азаматтар АКТ-ға біркелкі емес қолжетімділік, киберқауіпсіздік қатерлері және сайлаушыларды алдаудың ықтимал мәселелері сияқты қиындықтарға жиі тап болып отырады. Сондықтан электронды демократияны жүзеге асыру оның тиімділігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін тиісті құқықтық, техникалық және әлеуметтік тетіктерді әзірлеуді талап етеді [3, б. 165].

Қазіргі кезде елімізде саяси саланы дамытуда электронды демократияның маңызы жылдан жылға артып келе жатқанын атап айту керек. Ең алдымен ақпараттық технологиялар мемлекет ішінде билік пен халық арасында көпір қызметін атқарып, саяси ықпалды күшейтіп отыр. Электрондық демократия азаматтарға саяси шешімдер қабылдауға тікелей әсер ету мүмкіндіктерін жасайды, саяси өкілдермен өзара әрекеттесу және сайлауға қатысу үшін көбірек жағдай жасайды. Атап айтқанда электронды

демократияның онлайн платформалары мен құралдары азаматтарға өз пікірлерін білдіруге, қоғамдық талқылауларға қатысуға және белсенді азаматтық ұстанымды арттыруға септігін тигізеді.

Тағы баса айтатын жайт электронды демократия саяси процестер, заңнама және шешім қабылдау туралы кең ауқымды ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде кез келген қоғамда ашықтық пен көпшілік пікірді ескеруге және онымен санасуға ықпал етеді. Оның себебі цифрлы технологиялар азаматтарға саяси құрылымдардан көбірек ашықтық пен есеп беруді талап етуге, саяси процестерді бақылау мен қадағалау жүйесін жақсартуға қолайлы жағдай тудырады.

«Электрондық үкімет» дегеніміз мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнес саласы мен басқа да билік тармақтарымен ақпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынасты өзгертуге тырысу. Бұл технологиялар алуан түрлі мақсаттарға қызмет ете алады: азаматтарға мемлекеттік қызметтерді көрсетуді жақсарту, бизнес пен өндіріспен өзара іс-қимылды жылдамдату, ақпаратқа қол жеткізу арқылы азаматтардың мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейту немесе мемлекетті тиімді басқаруды арттыру және тағы сол сияқты. Нәтижесінде қол жеткізілетін артықшылықтар сыбайлас жемқорлықты азайту, ашықтықты күшейту, кірістің жоғарылауы немесе шығындардың азаюы және тағы сол сияқты болуы мүмкін.

Электрондық демократия Қазақстанда мемлекет дамуының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан үкіметі соңғы жылдары азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын, ашықтықты және әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында елдің саяси жүйесіне заманауи ақпараттық технологияларды барынша белсенді түрде енгізуде. Ақпараттық технологиялардың дамуымен және саяси өмірге белсенді қатысатын жастардың санының өсуімен Қазақстан Республикасында жастар саясатын цифрландыру өзекті әрі маңызды бола түсуде. Цифрландыру іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды, оның ішінде цифрлық технологияларды, элеуметтік медианы және жастардың саяси үдеріске қатысуы үшін электронды платформалар кеңінен пайдаланылады.

Қазақстанда азаматтық белсенділік пен электронды қатысуды үкімет пен қоғам арасындағы түрлі сұрақтар бойынша байланысты жақсарту үшін қосымша құрал ретінде және болашақта орын алуы мүмкін әлеуметтік шиеленіс пен қақтығыстың алдын алу үшін қолдану көзделуде [3, б. 88]. Шын мәнінде электронды демократияның қазіргі саяси саланы дамытудағы рөлін айқындау Қазақстан Республикасындағы жастар саясатын цифрландыруды зерттеудің негізгі аспектілері болып табылады. Осы факторлардың барлығы Қазақстан Республикасының тиімді инклюзивті өсімі үшін маңызды болып табылатын демократиялық принциптерді дамыту мен саяси саладағы азаматтық қатысуды нығайтуға ықпал етеді. Электрондық демократияның теориялық негіздері қоғамдағы әлеуметтік және технологиялық өзгерістердің дамуын көрсететін ішінара көрсеткіштерге ие.

Электрондық демократияны дамытуда цифрлық технологиялар басты рөл атқарады. Олар ақпаратты тарату, өзара әрекеттесу және азаматтардың саяси үрдіске атсалысуына мүмкіндіктер береді. Электрондық демократияны дамытудағы цифрлық технологиялардың негізгі қызметіне жеке-жеке тоқталып өтетін болсақ, онда мынандай белгілерге назар аударуға болады.

Біріншіден, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл дегеніміз цифрлы технологиялар – саяси процестер, үкімет қызметі мен шешімдері туралы ақпаратқа жылдам және оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Интернет, әлеуметтік желілер, электронды платформалар және басқа да байланыс құралдары азаматтарға әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат алып, өзіндік пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, цифрлық технологиялар азаматтардың саяси процеске белсенді қатысуы үшін тиімді құралдарды қамтамасыз етеді. Онлайн платформалар мен әлеуметтік желілер азаматтарға өз пікірлерін білдіруге, талқылауларға қатысуға, ұсыныстар енгізуге және шешім қабылдау процесін қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл онлайн дауыс беруді, электронды петицияларды, пікір қалдыруды және форумдарда идеялармен бөлісуді қамтуы мүмкін.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар саяси процесте ашықтық пен жариялылыққа ықпал етеді. Олар үкіметке өз қызметі,

бюджеттері мен шешімдері туралы ақпаратты жариялауға мүмкіндік береді. Ашық деректер мен электронды мониторинг жүйелері азаматтарға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметін тексеруге және бақылауға жағдай жасайды.

Төртіншіден, цифрлы технологиялар азаматтар, үкімет пен басқа саяси субъектілер арасындағы байланысты жақсартуға көмектеседі. Олар ақпаратты тиімді таратуға, онлайн кеңестер беруге және пікірталастар ұйымдастыруға, бейне және аудио конференциялар арқылы кездесулер мен кездесулер өткізуге мүмкіндік береді.

Осы бағытта бүгінгі күні көптеген елдерде тәжірибе жүзінде іске асырылып жатқан жобалардың бірі – электронды дауыс беру жүйесі. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 128/164 қаулысымен Электрондық сайлау жүйесін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңымен реттелмейтін бөлігінде пайдалану ережелерін бекітілді [4]. 2009 жылы Қазақстанда алғашқы пилоттық жобалар жүзеге асырыла бастады. Электронды дауыс толығымен іске асатын болса азаматтарға сайлау учаскелеріне бармай-ақ дауыс беруге мүмкіндік туғызар еді және сайлауды бұрмалау мен бұрмалау қаупін азайтары сөзсіз. Алайда, Қазақстанда азаматтардың шешім қабылдауға қатысуы саласындағы электронды бастамалар соңғы кездері белсенді дамып келеді.

2006 жылы 12 сәуірде Қазақстанның электронды үкіметі (eGov.kz) «Интерактивті мемлекеттік қызметтердің бірыңғай жүйесі» сайты іске қосылды. Жылдан жылға порталда жаңа қызметтер мен сервистер пайда болуда, бұл азаматтардың құжаттарын алу мен рәсімдеуді жеңілдетіп отыр. Сонымен бірге азаматтар заңдарға өзгерістер мен толықтыруларды талқылауға қатыса алады, идеялар мен бастамаларды ұсынып, мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпарат ала алады. Қазіргі таңда электронды үкімет инфрақұрылымы арқылы 700-ге жуық қызмет түрі көрсетіледі екен [5]. Сондай-ақ бұл веб-сайт азаматтар мен мемлекеттің өзара

әрекеттесу процесін жеңілдететін және жеделдететін төлқұжат алу немесе автокөлікті тіркеу сияқты түрлі мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, электронды демократияның белсенді дамуына қарамастан, Қазақстанда әлі де болса кемшіліктер бар. Оған қазақстандық қоғамда кейбір қарсы шығушылардың пікірі бойынша электронды дауыс беру жүйесі дауыс беру құпиясын толық қорғамайды және хакерлердің шабуылдарына осал деп санайды. Сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізуге және азаматтардың қатысуына шектеулер бар, әсіресе компьютер және интернет дағдылары шектеулі адамдар үшін.

Жалпы, Қазақстандағы электронды демократияның азаматтардың саяси өмірге қатысуын арттыру және мемлекетпен өзара әрекеттесуді жеңілдету сияқты жағымды жақтары да жоқ емес. Дегенмен, бұл салада толықтай табысқа жету үшін қауіпсіздікті, қолжетімділікті және барлық азаматтардың ақпарат пен мемлекеттік қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін жүйені жетілдіруді жалғастыру қажет. Сондықтан Қазақстандағы электрондық демократияға дамытуға қатысты ірі бастамаларға мыналар жатады:

- Электрондық петиция жүйесі. Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік органдарға өз идеяларын, мәселелерін және өтініштерін онлайн режимінде жіберуге мүмкіндік беретін электронды петиция жүйесі енгізілді. Бұл азаматтардың шешім қабылдаудағы ашықтығы мен белсенді қатысуына ықпал етеді.

- Онлайн қоғамдық кеңес. Қазақстандық мемлекеттік жүйеде қоғамдық кеңестерді онлайн режимінде өткізу мүмкіндігі де бар. Азаматтар түрлі заң жобалары мен шешімдерге өз ұсыныстары мен ескертулерін енгізіп, оларды талқылап, шешім қабылдауға үлес қоса алады.

- Мемлекеттік шығыстардың электрондық мониторингі. Электрондық жүйелер арқылы мемлекеттік шығыстарды азаматтар қадағалап, бақылай алады, бұл мемлекет қаражатын тиімді пайдалануға және сыбайлас жемқорлықты азайтуға ықпал етеді.

- Электрондық байланыс пен әлеуметтік желілерді дамыту. Қазақстанда ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілерді

қолданудың артуы азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуына да ықпал етеді. Көптеген мемлекеттік органдар мен көшбасшылар қоғаммен байланыс орнату, онлайн консультациялар жүргізу және саясатты қорғау үшін әлеуметтік медианы пайдаланады.

- Азаматтарды электронды қабылдау. Қазақстандағы электронды демократияның маңызды элементі азаматтарды электронды қабылдауды дамыту болып табылады. Азаматтар мемлекеттік органдардың онлайн-платформалары арқылы өз өтініштерін жібере алады, бұл оларға мемлекеттік органдардың әртүрлі деңгейлеріне сұрақтарын, мәселелерін немесе ұсыныстарын жолдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, Қазақстандағы электронды демократия саяси және әкімшілік процестерді азаматтар үшін қолжетімді және ашық етуге ұмтылады. Бұл халықты саяси өмірге араластыру деңгейін жақсартуға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ол үшін жоғарыда аталған шаралардан басқа Қазақстанда электрондық демократияны дамыту бойынша атқарылуы тиіс келесі іс-шараларды атап өтуге болады:

- Мобильді қосымшаларды көптеп әзірлеу. Соңғы жылдары Қазақстанда мобильді қосымшалар белсенді түрде дамып келеді, бұл азаматтардың саяси процеске көбірек араласуына жағдай жасайды. Бұл қосымшалар саяси партиялар, сайлау науқандары, мемлекеттік бағдарламалар және басқа да маңызды оқиғалар туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- Қоғамдық мәселелерді талқылауға арналған электронды алаңдар құру. Қазақстанда азаматтар әртүрлі қоғамдық-саяси және экономикалық мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіретін, идеялары мен пікірлерімен бөлісетін электрондық пікірталас алаңдары әзірленуі керек. Бұл жалпы жұртшылықты маңызды мәселелерге тартуға көмектеседі және азаматтық диалогқа мүмкіндік туғызады.

- Электрондық референдумдар мен консультациялар өткізу. Қазақстанда маңызды шешімдер қабылдау үшін электронды референдумдар мен консультацияларды жиі ұйымдастыру керек. Азаматтар заңнамадағы өзгерістерге, реформаларға немесе басқа

да маңызды бастамаларға қатысты мәселелер бойынша кез келген уақытта онлайн дауыс бере алатын мүмкіндігі болу керек.

- Электрондық білім беру мен ақпараттық сауаттылықты дамыту. Электрондық демократия үшін жауапкершілік білім беру мекемелеріне де жүктеледі. Қазақстанда азаматтарға интернетпен, цифрлы технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге және елдің саяси өміріне қатысу үшін интернет-ресурстарды тиімді пайдалануға көмектесетін электронды білім беру мен ақпараттық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстар жүргізілу керек.

- Деректерді қорғау және киберқауіпсіздік. Электрондық демократияның дамуына байланысты азаматтардың деректерінің қауіпсіздігіне және киберқауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Қазақстанның мемлекеттік жүйесі ақпаратты қорғау және азаматтардың жеке өміріне кепілдік беру үшін тиісті заңнама мен технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қабылдау керек [6]. Қазақстан электрондық қатысу жүйелерін жетілдіру, неғұрлым ашық және жауапты үкіметті қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың шешімдер қабылдауға, саяси өмірге және елдің болашақ дамуына белсенді қатысуын ынталандыру арқылы электрондық демократияны дамытуды жалғастыруда.

Осы орайда электронды демократия концепциясын жүзеге асыруда көрші елдердің озық тәжірибесіне көз жүгіртуге болады. Цифрландыру саласында көшбастап отырған мемлекеттердің қатарындағы Эстонияның электронды демократия мысалын қарастыруға болады. Бұрынғы кеңестік жүйеде болған Эстония қазіргі кезде ақпараттық технологиялар мен электронды демократияны қолдануда ең озық елдердің бірі болып табылады. Эстонияда азаматтар (E-Residency) деп аталатын электронды сәйкестендіруге қол жеткізе алады [7]. Бұл шетелдік азаматтарға Эстонияның мемлекеттік қызметтеріне және бизнес-ортаға электронды түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірегей жүйе. Электронды жеке басын куәландыратын құжат арқылы адамдар елде болмай-ақ құжат алып, келісім-шартқа отыра алады, банк шоттарын ашып, бизнес жүргізе алады.

Эстония да ұлттық деңгейде электронды сайлау өткізеді. Азаматтар электронды сәйкестендіру арқылы онлайн дауыс бере ала-

ды. Дауыс берудің бұл форматы азаматтардың сайлауға қатысуы мен қолайлылығын арттырады, сайлау өткізуге қажетті уақыт пен ресурстарды қысқартады. Сонымен қатар, Эстонияда электронды басқару жүйесі әзірленді. Ол азаматтарға онлайн-платформа арқылы мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуге, сұраныстар жіберуге, ақпарат алуға және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе мемлекеттік қызметтерге қарапайым және ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді, бюрократияны азайтады және азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылдың ашықтығын арттырады.

Эстониядағы электронды демократияның тағы бір мысалы – электронды петиция жүйесі. Азаматтар онлайн-платформа арқылы өтініш жазып, мемлекеттік органдардан кері байланыс ала алады. Бұл азаматтарға өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіруге, сондай-ақ шешім қабылдауға ықпал етуге мүмкіндік береді. Жалпы, Эстониядағы электронды демократия азаматтарға мемлекеттік қызметтерге оңай және ыңғайлы қол жеткізуге, сайлау мен шешім қабылдауға қатысуға, онлайн платформалар арқылы мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе басқа елдерге, соның ішінде Қазақстанға электронды демократияны дамытуда және азаматтық қатысу жүйесін жетілдіруде пайдалы бола алады.

Келесі бір посткеңестік елдердің бірі саналатын Украинадағы электронды демократия туралы айтатын болсақ. 2016 жылы ProZorro Украинада енгізілген ең алғашқы электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі. Бұл жүйе сатып алу процесінің ашықтығы мен тиімділігін арттырады және азаматтарға бюджет қаражатының жұмсалуын қадағалауға және бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол ашықтықты жақсартатын, сыбайлас жемқорлықты азайтатын және бәсекелестік ортаны қамтамасыз ететін орталықтандырылған мемлекеттік сатып алу платформасын ұсынады.

Украинада азаматтардың саяси шешімге қатысуы, дауыс беруі және мемлекеттік органдармен кері байланыс үшін әртүрлі электронды жүйелер мен платформалар әзірленіп, енгізілді. Оған

айқын мысал ретінде «Дія» электронды қызметтердің бірыңғай порталын айтуымызға болады. Бұл туралы Украина Президенті В. Зеленский «Украина 30. Цифровизация» Жалпыукраиндық форумында сөйлеген сөзінде электронды демократияға алғашқы қадам деп атап айтты [8].

Украина мемлекеттік қызметшілерге табысы туралы декларацияны онлайн тапсыруға мүмкіндік беретін электронды декларациялау жүйесін енгізді. Бұл мемлекеттік қаржыны неғұрлым ашық және жауапты басқаруға ықпал етеді. Сонымен берге азаматтарға онлайн платформа арқылы өз ұсыныстарын, сұрақтары мен алаңдаушылықтарын білдіруге мүмкіндік беретін электронды петиция жүйесі бар. Бұл шешім қабылдауға азаматтық қатысуға және азаматтарды маңызды мәселелер төңірегінде жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Украина электронды дауыс беру бойынша да бірнеше пилоттық жобаларды жүзеге асырды, соның ішінде кейбір сайлау округтеріндегі сайлауда электрондық дауыс беру жүйелерін пайдалану. Бұл азаматтарға қашықтан дауыс беруге мүмкіндік береді және сайлауға қатысудың ыңғайлы әрі қолжетімді әдісін ұсынады. Дегенмен, кез келген елдегі сияқты, Украинадағы электронды демократия да қиындықтар мен шектеулерге тап болады. Олардың кейбіреулері азаматтардың электронды қатысу туралы хабардарлығы мен қатысуының жеткіліксіздігі, сондай-ақ қауіпсіздік пен деректердің құпиялылығы мәселелерін қамтиды.

Осы қиындықтарға қарамастан, Украина азаматтардың кеңінен қатысуын ынталандыратын, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыратын электронды демократияны дамытуды жалғастыруда. Саяси үдерісте ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану демократиялық институттарды нығайтуда және азаматтардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруын жалғастыруда.

Келесі бір өз ішінде инновациялық технологияларды дамытып отырған Жапонияда электронды демократия елдің саяси жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Жапония азаматтардың қатысуын, ашықтықты және саяси тиімділікті жеңілдету үшін

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) белсенді түрде пайдалануда. Жапонияда электронды қатысу мен дауыс берудің әртүрлі жүйелері әзірленіп, енгізілді.

Мысалы, «Juki Net» деп аталатын электронды дауыс беру жүйесі 2002 жылы іске қосылды және азаматтарға әртүрлі мәселелер бойынша жергілікті жерде өз қалауларын білдіруге мүмкіндік береді. Осы бағытта Жапонияда электронды өтініштер жүйесі іске қосылды. Ол азаматтардың түрлі мәселелер бойынша өз ойларын, ұсыныстарын немесе алаңдаушылықтарын білдіріп, мемлекеттік органдарға жолдауына мүмкіндік береді. Бұл азаматтарға шешім қабылдауға үлес қосуға және саяси процесте тыңдауға мүмкіндік береді. Жапониядағы электронды демократияның тағы бір маңызды аспектісі – ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық технологияларды пайдалану. Бұл азаматтар үкімет жұмысы, парламенттегі істер және мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын онлайн платформаларды құруды қамтиды.

Дегенмен, кез келген елдегі сияқты, Жапониядағы электронды демократия да қиындықтар мен шектеулерге тап болады. Олардың кейбіреулері технологияларға қол жеткізудің тең емес бөлінуін, деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығынан қорқуды, сондай-ақ азаматтардың кең массасын қатысу мен қамту қиындықтарын қамтиды.

Осы туралы цифрландыру саясаты бойынша министрлер кабинетінің арнайы кеңесшісі, профессор Мурай Джун (Murai Jun): «Juki Net платформаны қолдануда жапондық азаматтардың жеке мәліметтерін қолдану мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасымен бетпе-бет келдік. Сондықтан біз жапон қоғамына және демократия мен мәдениетіне сәйкес келетін цифрлы қоғам құруымыз керек» – деп пікір білдірген болатын [9]. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, Жапонияда электронды демократия саяси процеске азаматтардың көбірек қатысуына, ашықтық пен ашықтыққа ұмтылуын жалғастыруда. Ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану және электронды платформаларды дамыту Жапонияға осы мақсаттарға жетуде алға жылжуға мүмкіндік береді.

Жалпы, жоғарыда келтірілген мысалдар электронды демократияны дамытудың әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Олар азаматтарға шешім қабылдауға қатысуға мүмкіндік береді, ақпарат пен мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді жеңілдетеді, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есеп беруіне ықпал етеді. Бұл инновациялар посткеңестік елдердегі демократиялық процестер мен азаматтық белсенділікті нығайтуға көмектеседі.

Осылайша электрондық демократияны енгізудің салыстырмалы талдауы нәтижесінде оның мынандай артықшылықтарды бөліп көрсетуге болады:

- Қолжетімділікті арттыру. Электрондық демократия ақпаратқа, мемлекеттік қызметтерге кең қолжетімділікті және шешім қабылдауға қатысуды қамтамасыз етеді. Бұл азаматтарға жиналыстарға немесе мемлекеттік мекемелерге тікелей қатыспай ақ онлайн қатысуға мүмкіндік береді.

- Азаматтардың қатысуын жақсарту. Электрондық платформалар мен құралдар азаматтардың қоғамдық және саяси өмірге белсенді қатысуына ықпал етеді. Азаматтар өз пікірлерін білдіріп, идеяларын ұсына алады, онлайн кеңестерге қатыса алады, тіпті дауыс беруге де қатыса алады.

- Транспаренттілік пен есеп беруді жақсарту. Электрондық демократия шешім қабылдауда ашықтық пен жариялылыққа ықпал етеді. Азаматтар үкіметтің қызметін бақылауға, бюджет шығыстарын бақылауға, мемлекеттік органдардың жұмысын бақылауға мүмкіндік алды. Бұл жауапкершілік деңгейін арттырады және ықтимал сыбайлас жемқорлық әрекеттерін азайтады.

- Уақыт пен ресурстарды үнемдеу. Электрондық жүйелер қатысу және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу процестерін жеңілдетеді және жылдамдатады. Енді азаматтарға кезекке тұру, құжат толтыру немесе кеңселерге барудың қажеті жоқ. Бұл уақытты үнемдейді және бюрократиялық жүктемені азайтады.

Электрондық демократия дамытудың кемшіліктеріне шолу жасайтын болсақ, төмендегідей қауіп-қатерлерді тізіп шығуға мүмкіндік береді:

- Цифрлық бөлінушілік. Электрондық демократияның басты қиындықтарының бірі – компьютерлерге, интернетке және

техникалық сауаттылыққа қол жеткізудің біркелкі бөлінбеуі. Халықтың кейбір топтары, әсіресе аға буын немесе білім деңгейі төмен адамдар электрондық жүйелер мен қызметтерді пайдалануда қиындықтарға тап болуы мүмкін.

- Киберқауіпсіздікке қатер. Электрондық демократияның дамуымен желілік қауіпсіздік қатерлері пайда болуда, соның ішінде хакерлер шабуылдары, кедергілер және деректерді бұрмалау. Электрондық демократияға деген сенімнің жоғалуының және жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін Интернет инфрақұрылымы мен азаматтардың деректерін қорғау маңызды міндет болып табылады.

- Жеке байланыс пен сенімнің жоғалуы. Саяси процесте жеке қарым-қатынас пен физикалық қатысудың болмауы азаматтардың басқа қатысушылармен жеке байланысы мен өзара әрекеттестігі сезімін жоғалтуға әкелуі мүмкін. Бұл электрондық демократияның сенімділігі мен тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

- Манипуляция және жалған ақпарат. Электрондық платформа-ларды пайдалану манипуляция және жалған ақпараттың таралуы мүмкіндігін арттыруы мүмкін. Ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу мүмкіндігі және жалған аккаунттарды құрудың қарапайымдылығы электрондық жүйелердің сенімділігі мен объективтілігіне күмән тудыруы мүмкін [10].

Жалпы алғанда, электронды демократияның артықшылықтары бар, бірақ сонымен бірге кейбір қауіп-қатерлер мен шектеулер де жоқ емес. Азаматтардың мүдделерін қорғау мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін электрондық жүйелерді әзірлеу және енгізу кезінде осы факторларды ескеру маңызды. Қазіргі әлемде электронды демократия шешім қабылдау, азаматтардың қатысуы және мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу тәсілдерін өзгертетін маңызды үрдіске айналуда. Жаңа ақпараттық технологиялар мен Интернет азаматтардың саяси өмірге белсене араласуы мен маңызды шешімдер қабылдауға тікелей қолжетімді болу үшін бар жағдайды жасауда.

Сонымен ойымызды түйіндейтін болсақ, электрондық демократияның бірден бір маңызды аспектісі ретінде соны-

мен азаматтардың қолжетімділігі мен қатысуының артуын бірнеше мәрте жоғарыда атап айттық. Ақпараттық технологиялар азаматтарға саяси процестер, заң жобалары, мемлекеттік бағдарламалар және басқа да маңызды мәселелер туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Олар желілік платформалар мен әлеуметтік желілер арқылы өз пікірлерін білдіре алады, идеялары мен пікірлерін ұсына алады. Бұл қатысуға кедергілерді азайтады, саяси процесті қолжетімді етеді және азаматтардың шешім қабылдауға үлес қосуына мүмкіндік береді.

Электрондық демократияның келесі аспектісі ретінде ашықтық пен есептілікті бөліп көрсетер едік. Онлайн сервистер мен платформалар мемлекеттік органдардың жұмысы, заң жобалары, бюджет шығыстары және басқа да саяси аспектілер туралы ақпаратқа тікелей қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Азаматтар үкіметтің қызметін қадағалап, заңдар мен бағдарламалардың орындалуын қадағалап, сауалдар мен арыз-шағымдармен билік органдарына хабарласа алады. Басқарудың ашықтығы мен мемлекеттік органдардың жауапкершілігі артып келеді, бұл азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді қарым-қатынасқа жағдай жасайды.

Соңғы маңызды аспектісі азаматтардың елдің саяси өміріне қатысуына қажетті уақыт пен ресурстарды қысқарту. Электронды жүйелер азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара тікелей әрі жылдам әрекеттесуіне, сұраныс жіберуіне, ақпарат алуына және мемлекеттік қызметтерді онлайн режимінде алуға мүмкіндік береді. Бұл бюрократиялық жүктемені және ресми рәсімдерге кететін уақытты азайтады. Азаматтар кезекке тұрып, құжат толтырудың орнына, кез келген жерден және ыңғайлы уақытта өзіне қажетті қызметтерді ала алады [11].

Дегенмен, электрондық демократияның артықшылықтарымен қатар қиындықтары мен шектеулері де бар. Ең басты проблема ол – цифрлық теңсіздік. Ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуына қарамастан, кейбір азаматтар компьютерге немесе интернетке қол жеткізе алмауынан, сондай-ақ ақпараттық сауаттылық деңгейінің төмендігінен электронды жүйелерді пайдалануда әлі де қиналуы мүмкін. Сондықтан ақпараттық технология-

лар мен ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге күш салу қажет.

Қауіпсіздік пен деректердің құпиялылығы мәселелерін де ескеру қажет. Электрондық платформалар мен жүйелерді қолданудың артуымен киберқауіпсіздік қатерлері, соның ішінде хакерлік шабуылдар, деректерді бұзу және азаматтардың жеке ақпаратын теріс пайдалану сияқты қауіптер туындауда. Деректерді қорғау және құпиялылық электрондық демократияда сенім мен сенімділікке қол жеткізу үшін маңызды.

Сонымен қатар, электрондық демократия сенім мен заңдылық тұрғысынан қиындықтарға тап болуы мүмкін. Жеке қатысу мен қарым-қатынастың болмауы азаматтардың жеке байланысы мен қатысу сезімін жоғалтуға әкелуі мүмкін. Электрондық демократияны қорғау үшін ықтимал манипуляциялар мен жалған ақпараттар туралы алаңдаушылық бар, өйткені ашық платформалар теріс пайдаланылуы және жалған ақпаратты тарату үшін пайдаланылуы мүмкін.

Электрондық демократияның тағы бір қиындығы – азаматтардың саясатқа белсене араласу мәселесі. Электрондық платформалар азаматтардың сайлауға қатысуы мен дауыс беруіне мүмкіндік бергенімен, кейбір зерттеулер көрсеткендей, көптеген азаматтар әлі де саясатқа белсенді түрде қатыспайды және электронды демократия мүмкіндіктерін толығымен пайдаланбайды. Бұл әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, соның ішінде ақпараттың жетіспеушілігі, мәдени факторлар немесе саясатқа жалпы бейқамдық.

Электронды демократияның қоғамның саяси өміріне қатысуды, ашықтықты және есептілікті нығайтуда айтарлықтай әлеуеті бар екені сөзсіз. Дегенмен, бұл цифрлық теңсіздікті азайту, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың сенімін арттыру және белсенді қатысуды ынталандыру бойынша тұрақты жұмысты талап етеді. Оқыту бағдарламаларын, ақпараттық науқандарды ұйымдастыру және инновациялық платформаларды құру осы қиындықтарды жеңуге және қазіргі қоғамдағы электрондық демократияның толық әлеуетіне қол жеткізуге көмектеседі [12, б. 15].

Электрондық демократия қазіргі саяси ландшафттың ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың артуы әртүрлі елдерде электрондық демократияның дамуын ынталандырады. Ол азаматтардың мемлекетпен қарым-қатынасын, саяси процестерге қатысу және шешім қабылдау тәсілдерін, сондай-ақ саяси жүйедегі ашықтық пен есептілікті өзгертеді.

Қорытындылай келе, электрондық демократия саяси процестерді қолжетімді, ашық және жауапты ете отырып, қазіргі қоғамда барған сайын маңызды рөл атқаруда. Ол азаматтарды тыңдауға және шешім қабылдауға қатысуға мүмкіндік береді, қоғамдық көшбасшылықтың тиімділігін арттырады және неғұрлым қатысу және инклюзивті қоғамға қарай ілгерілеуді жеңілдетеді. Цифрландырудың тигізетін жағымды мүмкіндіктерін атайтын болсақ, әлеуметтік желілерде саяси оқиғалар мен бастамаларды талқылау, жеке пікір білдіру болып табылады. Бұл сөзсіз келешекте халықтың жаппай мемлекеттік органдардың шешімін талқылауға жол ашады, электронды демократияның сипатын білдіреді. Жалпы, Қазақстанда электрондық демократияны одан әрі дамыту үшін өз тарапымыздан келесідей ұсыныстар жасар едік:

- Азаматтардың хабардарлығын арттыруға көңіл бөлу керек. азаматтарды электронды демократияның мүмкіндіктері туралы белсенді түрде хабардар ету маңызды, олар мемлекет ұсынатын қолжетімді онлайн платформалар, құралдар мен қызметтер туралы хабардар болуы керек. Жаппай ақпараттық науқан, азаматтарды электронды қызметтерді пайдалануға оқыту және қолдау саяси процеске қатысуды арттыруға көмектеседі.

- Жастардың электронды демократияға қатысуды арттыру маңызды. Жастардың электронды демократияға белсене қатысуға шақыруға және оны жеңілдетуге ерекше назар аудару керек. Жас азаматтар жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілерді қолдану арқылы белсенді қатысушы бола алады. Жастар өз ойларын білдіретін, маңызды мәселелерді талқылайтын және онлайн консультацияларға қатыса алатын арнайы алаңдарды құру олардың назарын саяси үдеріске аударуға көмектеседі.

- Деректерді қорғауды және киберқауіпсіздікті күшейту қажет. Электрондық қатысудың артуына байланысты азаматтардың деректерін қорғауға және киберқауіпсіздікке ерекше назар аудару қажет. Заманауи шифрлау технологиялары мен қауіпсіздік шараларын әзірлеу және енгізу ықтимал қауіптер мен теріс пайдаланудың алдын алуға көмектеседі.

- Кері байланыс тетіктерін дамыту керек. Электрондық құралдар мен қызметтердің тиімділігі мен тиімділігін бағалау үшін азаматтар мен мемлекет арасында кері байланыс тетіктерін құру маңызды. Сауалнамалар жүргізу, қанағаттанушылықты бағалау және кері байланыстарды жүйелі түрде жинау және талдау азаматтардың қажеттіліктеріне негізделген электронды демократия жүйесін жақсартуға көмектеседі.

5. Азаматтық қоғаммен ынтымақтастықты күшейтуге мән беру пайдалы. Электрондық демократияны дамытуға тәуелсіз баға беру және көмек көрсету мақсатында тәуелсіз азаматтық қоғам ұйымдарымен, сарапшылармен және белсенділермен белсенді ынтымақтастық жасау маңызды. Азаматтық қоғам ұйымдарын электронды платформалар мен құралдарды әзірлеуге және мониторингілеуге тарту озық тәжірибелерді енгізуге және неғұрлым инклюзивті, ашық және демократиялық жүйені қамтамасыз етуге көмектеседі.

Осы жоғарыда айтылған құнды идеялар мен ұсыныс-тілектерді жүзеге асыру және Қазақстанда электронды демократияны одан әрі дамыту азаматтардың өз елінің дамуына белсенді қатысуға және ықпал етуіне кең мүмкіндіктерге ие болатын анағұрлым серпінді және инклюзивті саяси жүйені құруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Электронная демократия <https://ru.wikipedia.org/wiki> (Қаралған уақыт 23.06.2023).

2 Ровинская Т. Электронная демократия в теории и на практике. мировая экономика и международные отношения, 2013, № 12. – С. 84-96.

3 И.Н. Кирякова. Правовые аспекты использования современных информационно-коммуникационных технологий для развития обще-

ственного контроля в Республике Беларусь. Вестник Полоцкого государственного университета, Экономические и юридические науки. Конституционное право. Теория права. – № 14. – С. 163-167.

4 Об утверждении Правил использования электронной избирательной системы в части не регламентированной Конституционным законом Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040003038> (Қаралған уақыт 30.06.2023).

5 Электронное правительство РК – 11 лет во благо населения. 12 апреля 2017. https://egov.kz/cms/ru/news/egov_11years (Қаралған уақыт 03.07.2023).

6 Baurzhan Bokayev, Zhuldyz Davletbayeva, Aigerim Amirova, Zhanar Rysbekova, Zulfiya Torebekova and Gul Jussupova Transforming E-government in Kazakhstan: A Citizen-Centric Approach. The Innovation Journal: The Public Sector Innovation Journal, Volume 26(1), 2021, article 2. – P. 1-21.

7 Piia Tammppuu, Anu Masso, Mergime Ibrahim, Tam Abaku. Estonian e-residency and conceptions of platformbased state-individual relationship. Trames, 2022, 26 (76/71), – P. 3–21.

8 Первый шаг к электронной демократии: портал «Дія» запускает электронные петиции. 17 мая 2021. <https://delo.ua/business/pervyj-shag-k-elektronnoj-demokratii-portal-dija-381933/> (Қаралған уақыт 11.07.2023).

9 Murai Jun. The “Digital Transformation” Digitalization Policies Implemented by Japan’s Digital Agency Have Not Necessarily Failed. Society, No.68 Dec. 28, 2021. <https://www.japanpolicyforum.jp/society/pt2021122820174711790.html> (Қаралған уақыт 13.07.2023).

10 Electronic democracy (“e-democracy”) Recommendation CM/Rec (2009) 1 and explanatory memorandum. – P. 3-88. https://www.coe.int/t/dgap/democracy/Activities/GGIS/CAHDE/2009/RecCM2009_1_and_Accomp_Docs/6647-0-ID8289_Recommendation%20on%20electronic%20democracy.pdf (Қаралған уақыт 13.07.2023).

11 Kassen, M. (2016). E-government in Kazakhstan: A Case Study of Multidimensional Phenomena. Routledge, London. – P. 3-133.

12 Yerlan Amanbek, Ilyas Balgayev, Kanat Batyrkhanov and Margaret Tan. Adoption of e-Government in the Republic of Kazakhstan. Journal of Open Innovation: Technology, Market and Complexity. 2020. 6, 46; – P. 1-26.

6 ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Тухмарова Шырынкул Кішкентайқызы

Қазақстанда жаппай цифрландыру экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейту мен халықтың тұрмыс жағдайын жақсартудан туындаған уақыт талабы. Цифрлы экономиканы тиімді құру үшін ең алдымен білім саласын цифрландыру керек түсінікті. Себебі экономиканы дамыту жаңа инновациялық технологияларды жетік меңгерген мамандарды қажет етеді. Осы қажеттіліктердің орнын толтыратын білім беру саласы. Білім саласын ақпараттандыру мен цифрландыру оқыту үрдісіне заманауи цифрлы технологияларды белсенді енгізу немесе қолдану дегенді білдіреді. Осылайша білім саласы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, бір жағынан, білім беру әдісін үнемі жетілдіріп отырса, екінші жағынан, цифрлы экономиканы дамытатын мамандар дайындап шығарады. Сондықтан экономика саласының даму үрдісі білім беру үрдісімен өзара тығыз байланысты екені анық.

Қазақстан Республикасында ең алғаш білім саласын ақпараттандыру немесе компьютерлеу үрдісі 1997 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президенті үкімімен бекітілген «Орта білім саласын ақпараттандыру бағдарламасынан» бастау алады [1]. Осы бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру саласын ақпараттандыру бес негізгі кезеңнен тұрды және осы бағыттағы жұмыстарды 1997-2002 жылдар аралығында іске асыру жоспарланды.

Бірінші кезең. 1997-1998 оқу жылдар аралығында қалалар мен аудан орталықтарындағы базалық орта мектептерді компьютерлермен жабдықтау көзделді. Білім саласын басқарудың ақпараттық жүйесін құру, компьютерлік оқу бағдарламаларын әзірлеу, білім саласында жаңа технологиялардың өңірлік орталықтарын кеңейту мен күшейту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Екінші кезең. 1998-1999 оқу жылдары еліміздегі орта мектептерді жаппай компьютерлеу үрдісі басталды.

Үшінші кезең. 1999-2000 оқу жылдары еліміздегі орта мектептерді толығымен компьютерлеу жұмысын аяқтау жоспарланды.

Төртінші кезең. 2000-2001 оқу жылдары барлық негізгі мектептерді компьютерлеу жүргізілді.

Бесінші кезең. Соңғы кезеңде 2001-2002 оқу жылдары қалған мектептердің түрлерін компьютерлеу жұмыстары іске асырылды. Негізінен бастауыш мектепті компьютерлермен жабдықтау, сонымен білім саласын басқарудың ақпараттық жүйесін құру жұмыстары аяқталды. Аталмыш бағдарламаны іске асырудың барысында елімізде 8197 мектептің 4103 мектебі компьютермен жабдықталды, оның ішінде 2367 ауыл мектептері болып табылады. 2001 жылдың соңына қарай 4094 мектепті заманауи компьютерлік технологиялармен жабдықтау көзделді.

2001 жылы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметінің N 1037 қаулысымен «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданды. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық білім берудің сапасын көтеруге, азаматтарға білім алудың барлық деңгейлері мен сатыларында бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіруге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасында білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын құру болып табылады. Алға қойылған мақсаттарға жету және білім берудің бірыңғай ақпараттық ортасын тиімді пайдалану үшін мынадай неғұрлым маңызды міндеттерді осы тұжырымдамада кешенді шешу қажет деп тапты:

1) Оқу процесінде мемлекеттік тілде әзірленген қазіргі заманғы электрондық оқу материалдарын жасау, тарату және енгізу, оларды дәстүрлі оқулықтармен біріктіру, сондай-ақ сүйемелдеуші және қолдау құралдарын әзірлеу. Оқыту мақсатындағы ақпараттық тех-

нологиялар құралдарының сапасын, оларды стандарттау мен сертификаттауды қамтамасыз ету;

2) Мейлінше жаңа ақпараттық технологияларды оқу процесінде пайдалануға қабілетті, мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогтік, әкімшілік және инженерлік-техникалық мамандарын даярлау;

3) Мемлекеттік білім беру мекемелерін есептеу техникасы құралдарымен, қазіргі заманғы электрондық оқу материалдарымен, сондай-ақ ғаламдық ақпараттық желілерге қол жетімділігі бар құралдармен қамтамасыз ету;

4) Барлық деңгейдегі білім беру мен біліктілік арттырудың ақпараттық жүйесі мен ресурстарын, сондай-ақ, білім беру саласының ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және технологиялық орталықтарын біріктіретін Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын құру;

5) Ақпараттандыру процесін ғылыми қамтамасыз ету, ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің қазіргі заманғы білім беру әдістемесін әзірлеу;

6) Білім беру саласында мемлекеттік басқару мен реттеудің бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымын құру, оның инфрақұрылымын қалыптастыру;

7) Әлемдік ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігіне төнген қатерлерді жоюға және олардың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыру [2].

Жоғарыда еліміздің білім саласын ақпараттандыру саласында қабылданған нормативтік заңнамалық актілер, бағдарламалар мен тұжырымдамалардың бағыттарын жан-жақты қарастыра отырып, отандық білім беру саласын ең алғаш уақыт талабына сай ақпараттандыру жұмысының нәтижелерін негізгі үш көрсеткішпен бағалауға болады. *Біріншіден*, барлық жалпы орта білім беретін оқу мекемелеріне «Ақпараттық жүйелер» (Имформатика) міндетті оқу пәні ретінде енгізілді. *Екіншіден*, ақпараттық жүйелер пәнін оқытатын мұғалімдер қайта дайындықтан өтті. *Үшіншіден*, орта білім беретін мекемелер жаппай компьютерлермен жабдықталды.

Жаһандық ақпараттық кеңістікке өтуге ең алдымен жасалған осы үш қадам қазақстандық білім саласын жаппай ақпараттандыру мен қоғамдық саларды цифрландыруға жол ашты.

Бүгінгі күні елімізде цифрландыру отандық білім беру саласында негізгі тренд бола отырып, білім берудің барлық деңгейінің қызметін ұйымдастырудың ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Атап айтқанда білім сапасын бақылау мен оны арттыру, оқытушылардың еңбек қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында білім беретін мекемелерді компьютер, планшет, интерактивті тақта және жоғарғы жылдамдықтағы Интернет желісімен жасақтап отыру бірінші кезекте тұрған міндет болып табылады. Сол арқылы келешекте білім берудің ашықтығы мен жүйелігін қамтамасыз ету, оның сапасын үздіксіз жетілдіріп отыру көзделеді.

Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында цифрландыруды жүйелік мәселелерді түбегейлі шешудің бірден бір жолы ретінде көрсетті. Президенттің пікірі бойынша Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс. Бұл тапсырманы шешу үшін кадрлық потенциалмен тікелей жұмысты күшейту қажет. Жолдаудың сапалы білім беру атты бөлімінде Президент «Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн» – деп атап айтқан болатын [3].

Осы жылы ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев Үкіметтің кеңейтілген отырысында қашықтықтан оқыту үшін қажетті ақпараттық жүйелердің сапасын арттыру бойынша «Цифрлы ұстаз» жобасының іске асырылатыны туралы хабарлады. «Цифрлы ұстаз» – шағын мектептерде кейбір пәндерді онлайн оқыту және автономды цифрлы оқулықтарды (ұялы қосымша негізінде) енгізу. Сонымен қатар білім беру саласында қызметтерді цифрландыру, мектептерде оқушыларға орын жетіспеушілігін жою, ерекше білім беру қажеттіліктеріне зәру балаларды қолдау, мектептерде жаңа факультативті пәндерді енгізу және қосымша секцияларды ашу, техникалық және кәсіби білім беру бойынша жұмыс жалғасады деп мәлімдеген болатын [4].

Цифрландыру шеңберінде жұмыс тек орта білім беретін мектептермен ғана шектелмей еліміздің жоғарғы оқу орындарын да жаппай қамтуда. ҚР Ғылым және білім министрлігі «Цифрлы университет» моделін болашақта елімізде енгізуді іске асыруды жоспарлап отыр. Елімізде цифрлы университет моделін құрудың басты шарты – университеттерде басқару үрдістерін цифрлы технологиялардың көмегімен трансформациялау болып табылады. «Цифрлы университет» моделі білім беру үрдісіне ең үздік заманауи технологияларды енгізу, онлайн-платформаларды кеңінен қолдану, жеке білім беру траекториялары мен курстарды, жаңа мүмкіндіктер кеңістігі мен форматтарды енгізуді көздейді.

Вице-министр Камиль Акатовтың айтуы бойынша қазіргі жағдайда заманауи тенденциялардың ықпалын есепке алатын болсақ, қоғам новаторлық технологиялық инновациялардың куәгері болып отыр, атап айтқанда цифрлы сыныптар, оқуға арналған платформалар, оқуды басқару жүйесі және тағы басқалар пайда болды. IT-технологиялар білім беру жүйесінің бір бөлігіне айналғалы қашан. Оның пікірінше «Цифрлы университет» моделі негізгі 4 бағыттан тұрады: мәліметтер негізінде басқару жүйесі, цифрлы білім беру технологиялары, жеке білім беру траекториялары, цифрлы экономика компетенциялары [5].

Осыған орай бүгінгі күні отандық білім беру саласында әлемдік тренд саналатын «цифрлы мектеп», «цифрлы университет», «цифрлы ұстаз», «цифрлы студент», «цифрлы оқушы» және тағы басқа да жаңа терминдер жиі қолданысқа түсіп отыр. Осы терминдердің мәніне терең үңілетін болсақ, цифрлы мектептердің дәстүрлі мектептерден айырмашылығы бар екенін көз жеткізуге болады. Теория жүзінде цифрлы университеттер мен мектептерде оқу бағдарламалары онлайн форматқа ауысады. Оқулықтар мен материалдар электронды формаға өтіп, білім алушылар өз бетімен білімін жетілдіру үшін қолжетімді онлайн курстар ұйымдастырылады. Өз алдына жеке ақпараттық ресурстар мен платформалар құрылып, оған кез келген білім алушы еркін электронды білім беретін материалдарға ие бола алады.

Келесі кезекте тағы бір өте маңызды мәселе білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жетілдіру болып табылады.

Алайда бәрімізге белгілі жайт қазақстандық орта және жоғарғы білім беру мекемелерінің басым көпшілігі заманауи техникалық құралдармен (компьютерлер, планшеттер мен интерактивті тақталар) жеткілікті түрде жабдықталмаған және сапалы интернет байланысымен толықтай қамтамасыз етілмеген. Бұл дегеніміз онлайн қашықтықтан оқыту форматында білім беруге өтуге мүмкіндік бермейтіні сөзсіз. Оған біз әлемде жаппай таралған «COVID-19» пандемиясы салдарынан орын алған карантиндік шектеулер кезінде отандық білім беру саласының барлық деңгейін қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру кезінде күә болдық.

Осы тұста отандық білім беру саласы қашықтықтан оқыту форматына көшуге қай жағынан алып қарасақ та дайын болмады. Білім беру мекемелерінің техникалық жабдықтау деңгейінен бөлек педагогтардың заманауи технологияларды игеру қабілеті де ойлантарлық жағдай. Яғни, білім беру үрдісінде цифрлы технологияларды тиімді қолдана білу оқытушыларға тікелей байланысты. Ол үшін оқытушыларды білім беру үрдісінде электронды материалдарды тиімді қолдану бойынша қайта дайындықтан өткізу маңызды. Осы бағытта 2021 жылы 2 тамыздан 31 қазан аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі Еуропалық білім қорымен біріге отырып педагогтардың цифрлы қабілетін арттыру мақсатында тегін цифрлы курстар ұйымдастырды. Осы уақытқа дейін 2000 мыңға жуық педагог өзінің кәсіби шеберлігін арттырып, арнайы мастер-класстарға қатысып курстан өтті.

Аталмыш курс барысында қазақстандық педагогтар білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша Финляндия мен Оңтүстік Корея тәжірибесін қолданды. Педагогтарға цифрлы білім беру технологияларын қолдану арқылы сабақты жобалау әдістерін үйретті. Сондай-ақ, Ұлттық білім беру базасының мәліметтерін қолдануға машықтандырып, ActivStudio, Pictochart, Jamboard, Prezi, Fliprity сияқты цифрлы бағдарламалармен жұмыс жасай алу қабілетіне баулыды [6].

Шын мәнінде білім саласын цифрландыру саясатының практикада тиімді іске асуы оқытушылардың заманауи технологияларды игеру қабілетіне тәуелді. Ақпараттар ағымының өте жылдам ағыны кезінде педагогтардың өзгерістерге дер кезінде бейімделе

алуы мен дұрыс өзіне қажетті ақпаратты таңдап ала білу қабілеті, олармен жұмыс істеп және оларды өңдеп, білім беру саласында ұтымды қолдана білуі – қажетті қабілет болып табылады. Бұл өз кезегінде кез келген білім алып жатқан болашақ маман иесінің сапалы дайындалып шығуына ықпалын тигізбей қоймайды. Сондықтан қазіргі жаһандану заманында жылдам өзгерістер педагогтардан білім беру бағдарламаларын уақыт талабына сай үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Осы туралы ресейлік ғалым В.С. Москалюк білім беру саласының кез келген деңгейінде нақты қабілеттерді игеру іске асырылады, алайда цифрлы компетенцияларды үйрену мен оларды жаңартып отыру өмір бойы тоқтаусыз іске асырылатын үрдіс деген пікір білдіреді [7]. Ғалым пікірімен келіспеске болмайды, өйткені қазіргі цифрлы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың күн санап жаңарып, өзгеріп отырған заманында заман ағымына ілесіп отыру педагогтардың өз бетінше көп жұмыс жасау мен өзін өзі жетілдіріп отыруды қажет ететіні сөзсіз.

Жалпы цифрлы технологиялар білім саласын тиімді ұйымдастыру мен бақылауда ұстауға мүмкіндік жасайды. Соңғы уақытта отандық білім беру саласында мультимедиялық оқу материалдарын кең көлемде қолдану білім беру үрдісін қызықты әрі мағыналы өткізуге көмектесіп отыр. Бұл өз кезегінде оқытушының мүмкіндігін арттырып, білім берудің сапасы мен жан-жақтылығын қамтамасыз етеді. Алайда қазіргі таңдағы қазақстандық шынайылықты есепке алатын болсақ, цифрлы технологиялар мен сапалы интернет желісіне қолжетімділік мәселесі жаңа бір «теңсіздік» мәселесін туындатып отыр. Қалалық жерлер мен шағын елді мекенде интернет жылдамдығы мен оның сапасы ерекше айырмашылыққа ие. Еліміздің қалалық жерлерінде 4G немесе 5G интернет желісімен қамтамасыз етілген болса, ауылды жерлер мен елді-мекендерде интернет сапасы өте төмен немесе мүлдем жоқтың қасы екендігін айтуымыз керек.

Сорос-Қазақстан қорының қаржылық және сарапшылық қолдауымен PaperLab зерттеу орталығының сарапшылары жүргізген «Орталық Азия елдеріндегі білім саласындағы теңсіздіктің жаңа қырлары: мәселені өлшеуден саясатты өзгертуге дейін»

– деп аталатын талдау жұмысында алынған нәтижелер біздің пікірімізді растайды. Қоғамдық пікірді талдау нәтижесіне сәйкес көпшілік санада цифрлы теңсіздік мәселесі пандемия уақытында өте өзекті бола түсті. Әсіресе, Интернет, гаджеттер және Цифрлы қабілеттің жетіспеушілігі білім үрдісінің сапасының төмендеуі сын көтермейтін деңгейге дейін жетті. Дегенмен мектептердің офлайн режиміне қайта оралуы осы проблемаларды шешеді деген үміт болған.

Алайда, зерттеу нәтижесі көрсеткендей цифрлы теңсіздік пандемияға дейін де және одан кейін де өзінің ықпалын тигізуді жалғастыра беретіні анықталды. Өйткені еліміздің жергілікті шалғай елді-мекендерін сапалы интернетпен қамтамасыз ету орасан зор қаражатты талап ететіндіктен экономикалық жағынан тиімсіз болып қалып отыр. Оның себебі Қазақстанда елді-мекендердің орналасу аумағы бір-бірінен алыс қашықтықта, тіпті жүздеген шақырымды құрайды және тұрғындар саны өте аз. Оған қоса ол жерлерде ұстаздардың өздерінің білімін, кәсіби шеберлігін жетілдіруге, білім берудің жаңа тәжірибесімен танысуға мүмкіндіктері шектеулі [8, б. 19].

Жоғарыда айтылған «цифрлы теңсіздік» отандық білім саласында өз таңбасын қалдырмай қоймайды. Себебі заманауи технологиялармен жабдықталған және жылдам сапалы Интернетпен қамтамасыз етілуі жағынан қала мектептері ауыл мектептерінен әлдеқайда алда. Цифрлы технологияларды күнделікті білім беру үрдісінде қолдану бойынша да қабілет қалалық оқытушы мен ауылды жерлердегі оқытушылар арасында айырмашылық үлкен екені рас. Сондықтан цифрлы теңсіздік оқушылар пен оқытушылар арасында білім саласында келешекте туындайтын біркелкі емес көрсеткіштерге жола ашатыны анық.

Егер әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген пікірлерге назар салатын болсақ, жалпы қазақстандық қоғамда цифрландыру үрдісіне қатысты тұрғындар арасында әр түрлі бір-біріне қарама-қайшы көзқарастар бар. Тұрғындардың кейбір бөлігі қашықтан оқытуды қолдаса, екінші бір басым бөлігі оған үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған орай «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты

(ҚҚДИ) қазақстандықтар арасында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Зерттеуге қатысқан респонденттердің 57,4% онлайн оқу форматтына көңілдері толмайтындығын білдірген. Олардың 26,7% онлайн оқуға қанағаттанса, 16% бұл жағдаймен таныс емес екендігін айтқан. Осы жүргізілген зерттеулер нәтижесіне қарайтын болсақ қоғамда басым көпшілігі қашықтан оқыту форматын қолдамайды [9].

Қашықтан немесе онлайн оқыту терминдері бүгінгі күні қоғам ішінде тең қолданылып жүр. Оқудың екі түрі де заманауи ақпараттық технологиялардың көмегімен оқытушы мен білім арасында қашықан қарым-қатынас жасау деген білдіреді. Қашықтан оқыту ертерек пайда болған оқудың формасы (радио, телевидение, пошта арқылы байланыс) болса, онлайн оқу қазіргі таңдағы жаңадан пайда болған көптеген технологиялардың жетістігін қолдану ақылы іске асырылатын оқудың түрі. Ол негізінен Интернет, телефон, планшет және компьютердің көмегімен түрлі қосымшаларды (Zoom, Teams, Google Meet және т.б.) пайдалану арқылы оқытушы мен оқушы арасындағы байланыс қамтамасыз етіледі. Кей жағдайда онлайн оқуды көпшілік әдебиеттерде «электронды оқу» деп те атап жүр.

Келесі бір қазақстандық Demoscope қоғамдық пікірдің экспресс-мониторинг бюросы Қазақстандағы қашықтан немесе онлайн білім беру тақырыбында 2020 жылы сауалнама жүргізген. Сауалнамаға 14 облыс пен республикалық маңызы бар қалалардан 1100 адам, оның ішінде 25% ер адам, 75% әйел адам қатысқан. Сауалнама жүргізу кезінде көптеген қазақстандықтарды қашықтан оқыту формасы оларды толғандыратындығын айтқан. Респонденттердің онлайн білім беруді бағалауда екі топқа бөлінген, яғни, қолдайтындар немесе қарсылар. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей 43% қашықтан оқытуға үзілді-кесілді қарсы, 38% қашықтан оқу форматына түсінікпен қарайды. Онлайн форматты қажетті шара ретінде толықтай қолдайтындардың үлес салмағы тек 16 % ғана құраған [10].

Әлеуметтік желілер мен бұқаралақ ақпарат құралдарында таралған әр түрлі қазақстандық қоғамдық пікірлерге сәйкес онлайн форматқа көңілі толмайтындардың басым бөлігі білім алушылардың

оқу үлгерімі төмендейді деп ойлайды. Олардың ойы бойынша, бір жағынан, оқытушы мен оқушы арасында тікелей байланыс болмайды деп санаса, екінші жағынан, кейбір отбасылар балаларын компьютер, планшет, телефон және жоғарғы жылдамдықтағы интернет желісімен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ екендігін алға тартады.

Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей еліміздің жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері арасында пандемия кезінде қашықтықтан оқу форматына үйреніп, бейімделіп қалғандар да жоқ емес. Оны пандемия аяқталғаннан кейін бастапқы кезде біршама қазақстандық университеттер тарапынан студенттерге таңдау еркіндігі берілген кезде, студенттердің басым бөлігі онлайн форматты таңдаған болатын. Алайда, кейінірек бұл таңдау еркіндігі университет басшылығы тарапынан офлайн форматта білім беруге жаппай көшіру арқылы толықтай жойылды.

Онлайн форматты қолдайтындар көбіне қашықтан білім алу уақыт және қаржы үнемдейді, қауіпсіз, қолайлы деп санайды. Заманауи технологиялық құралдардың арқасында оқу орнына барып немесе оқытушы мен топтың оқу кестесіне бейімделіп қажет емес. Кез-келген уақытта және өзіңе қолайлы жерде білім алуды жалғастыра берсе болады. Қажет болса атақты шетелдік жоғарғы оқу орындарында білім алып, олармен қашықтан байланысты іске асыруға болады. Ол үшін бір қаладан екінші қалаға, бір елден екінші елге қатынап қажет емес, сондай-ақ, пәтер және транспорт шығыны болмайды. Қазіргі кезде (Coursera, Interra, HTML Academy, Udemu және тағы басқалар) сияқты онлайн платформа-ларда алдын ала түсіріліп және жазылып қойылған видеокурстарды қарау арқылы, түрлі салалар мен қоғамға қажетті мамандықтар бойынша білім алып, курстың аяқтағаны туралы диплом немесе сертификат алып шығуға болады.

«Елорданың білім белестері – тәуелсіз Қазақстан келешегі» атты білім беру саласының өкілдеріне арналған форумында Астана қаласының білімін модернизациялау орталығының жетекшісі Сабыржан Мадиев осыған қатысты өзінің пікірін білдірді. Оның пікірінше: «Пандемиядан кейін білім саласы аралас оқу форматына көшті. Жалпы пандемия кезінде қашықтықтан оқыту себебінен бүкіл әлемде білім деңгейі төмендеп кетті. Барлық мемлекеттер,

соның ішінде Қазақстан жарты жыл бойы бар күшін салып жатыр, мектеп оқушылары сыныпта отырмады, өзінің сыныптастарымен бірге жұмыс жасамады, оқытушыны көрмеді.

Бұл өзінің ықпалын тигізбей қоймайды. Бір жағынан қашықтан оқыту жүйесі болмаса, оны ойлап табу керек болды. Не үшін? Біздің өмірімізге қазіргі цифрлы әдістерді тезірек енгізу үшін. Біз түсінеміз егер бала ауырып қалса, бұрын ол сабаққа қатыспай қалатын. Енді ол үйде отырып-ақ қосылып, оқу бағдарламасынан хабардар болып, ұстазбен интерактивті түрде қарым-қатынас жасай алады. Балада қандай бір проблема туындаған жағдайда, ол оқуға бармауына болады, балалар үйде қашықтан оқуын жалғастыра береді» – деп санайды [11].

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры болып көп жылдар бойы қызмет атқарған педагогика ғылымдарының докторы Такир Балықбаевтың пікірінше онлайн оқытудың тиімді және тиімсіз тұстары бар. Осы туралы ол өзінің Facebook әлеуметтік желідегі парақшасында жазба қалдырды. Оның ойынша онлайн оқытудың ұтымды тұстары: «Қашықтан білім алу оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда кез келген оқушы жүктелген тапсырманы өзі дер кезінде орындап тапсыруы тиіс. Бұл оның болашақта білікті де білімді мамандық иесі атануына әсер ететін дағдылардың бірі. Сонымен қатар егер бұрын цифрлы технологияларды бәрі жаппай меңгере алмаған болса, енді әрбір студент игеретін болады».

Ал ұтымсыз тұстарына мыналар жатады: «Әсіресе, жоғары курс студенттері үшін оңай болмайын деп тұр. Осы уақытқа дейін олар университет қабырғасында теория жүзінде жан-жақты білім алған болса, енді соңғы курста өтуі тиіс тәжірибе жұмыстары ақсайды. Мәселен, өткен жылы төртінші курс студенттері аптасына төрт күн мектепте сабақ беріп, мол тәжірибе жинап жыл соңында толыққанды маман иесі атанып шыққан болатын. Дегенмен, бі-рінші тоқсаннан кейін мектептер қалыпты жұмысқа көшетін болса мәселе шешімін табады». Сондықтан қашықтан оқыту әдісі жаппай жүргізілмеуі керек, керісінше аралас форматта, яғни жартылай оффлайн және жартылай онлайн жүргізу керек деп санайды [12].

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде айтылған көптеген ой-пікірлер және әлеуметтік сауалнама нәтижелерін, білім саласындағы сарапшылардың пікірлерін ескере отырып, отандық білім саласына цифрлы технологияларды енгізу, соның ішінде қашықтан оқытудың кемшіл тұстары мен тигізетін қауіп-қатерлерін және де артықшылықтарын өзімізше жүйелеп және таразылап көруге болады. Ең алдымен елімізде білім саласына цифрлы технологияларды енгізуден туындайтын жағымсыз ықпалдарды төмендегідей ретпен көрсетуге мүмкіндік береді:

- Білім алушының ойлау қабілеттінің төмендеуі. Кез келген адам баласы өз бетімен ақпарат іздеуді тоқтатқан кезде ойлау қабілетінің әлсіреуіне алып келетін сөсіз;

- Шығармашылықтың тоқырауға ұшырауы, өз бетімен жұмыс жасау шығармашылық қабілеттерді шыңдаудың бастау көзі, ол тоқтаған жағдайда сөзсіз шығармашылық дағдарысқа жол ашады;

- Жас ұрпақтың дене құрылысының дамуында проблемалардың пайда болуы. Компьютер алдында ұзақ отыру, көру қабілетінің төмендеуіне, омыртқа сүйектерінің қисаюы мен физиономияға кері әсері болады;

- Қоғамда «Цифрлы теңсіздіктің» пайда болуы, ірі қалалар мен елді мекендерде жылдам интернетке және заманауи техникалық құрал-жабдықтарға қолжетімділіктің әр түрлі деңгейде болуы, цифрлы теңсіздіктің туындауына жағдай жасайды;

- Педагогикалық үрдіске цифрлы технологиялардың енгізудің дамыған әдісінің жетіспеушілігі, сол себепті педагогтардың заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру жағынан цифрлы ортаға тез бейімделе алмауы;

- Цифрлы білім беру ортасының ресурстарын жан-жақты қолданумен оқытатын тиімді авторлық әдістің жоқтығы. Білім саласында заманауи мобильды құралғыларды, гаджеттерді, интерактивті құрал-жабдықтарды, веб-сервистерді, мобильді қосымшалар мен альтернативті бағдарламалық қамтамасыз етулердің жетіспеушілігі;

- Тікелей және қашықтан ақпараттық өзара ықпалдасуды қамтамасыз ететін цифрлы білім беру ортада студенттерге оқудың формасы мен әдісін таңдауға мүмкіндіктің болмауы.

Алайда, уақыт талабына сай әлемдік бәсекелестікке төтеп беру үшін отандық білім саласын ақпараттандыру мен цифрлы технологияларды енгізудің білім сапасын арттыруда пайдасы орасан зор екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан біздің оқытушылар мен білім алушылар жаңа мүмкіндіктер мен талаптарға сай және оған тез арада бейімделе білуі тиіс. Сондықтан жоғарыда білім саласын ақпараттандыру мен цифрландыру үрдісінің жағымсыз тұстарын жүйелеп көрсетсек, енді ұтымды тұстарын жіктеп көрейік:

- Қашықтан оқу бір мезетте бірнеше жоғарғы оқу орнында немесе білім беру платформаларында оқуға мүмкіндік береді, яғни, білім беру бағдарламаларын таңдап, он толықтай игеру арқылы қашықтан диплом немесе сертификат алып шығуға болады;

- Оқытушы мен білім алушы арасында ақпарат алмасу мен байланыс орнату үрдісі күшейеді, оған арақашықтық мен уақыт айырмашылығы ешқандай кедергі келтіре алмайды, кез келген уақытта немесе жерде ақпарат алмасуға мүмкіндік туындайды;

- Цифрлы технологиялардың білім саласына етене енуі және оған қолжетімділік педагогтардан уақыт талабына сай білім берудің заманауи әдістерін игеруді талап ететін болады. Ескі оқыту жүйесінен алшақтап, жаңаша білім беру әдісіне көшуді және өз қабілетін үнемі шыңдап отыруды қажет етеді;

- Онлайн оқыту нәтижесінде уақыт үнемдеуге мүмкіндік туындайды, оқу орнына бару үшін жолға кететін уақытты және қаржылай шығынды қысқартуға мүмкін береді. Сонымен бірге көптеген респонденттердің пікірі бойынша онлайн оқу оффлайнға қарағанда әлдеқайда қауіпсіз болып табылады.

Осылайша ашық ақпараттық деректер қорын талдау негізінде автор тарапынан білім саласына цифрлы технологияларды енгізудің жағымды және жағымсыз тұстары көрсетілді. Қазақстан Республикасында білім беру саласына цифрлық технологияларды енгізу және отандық білім беру бағдарламаларын заманауи технологиялар арқылы онлайн оқыту, оның ішінде желілік нысанды пайдалана отырып, барлық деңгейлерде іске асыру ковид-карантин кезеңінде кері әсер етті. Білім берудің дәстүрлі әдісінен онлайн форматқа бірден көшуіне байланысты білім беру саласы жаңа

цифрлық өзгерістерге техникалық және әдістемелік жағынан дайын болмады.

Қоғамдық өмірдің барлық саласына цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізу қазақстандық қоғамда қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесінде сөзсіз өзгерістерге әкеледі. Әсіресе, интернетте бос уақытын көбірек өткізетін қазақстандық жастардың санасы мен мінез-құлқы айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Жастарды әлеуметтендірудің дәстүрлі институттары, мысалы, отбасы, оқу орындары және т.б. ықпалын айтарлықтай жоғалтуда, олар ішінара цифрлық технологияларға негізделген заманауи ақпараттық-коммуникациялық жүйелер ығыстырып, орнын басуда. Осылайша, цифрлық әлеуметтену келешекте дәстүрлі әлеуметтенуді ішінара ауыстырады деген болжам жасауға болады. Жаңа цифрлық орта қазіргі жастардың әлеуметтік, тұлғалық және психикалық дамуына жағымды және жағымсыз әсер барын ешкім жоққа шығара алмайды.

Материалдарды талдау нәтижесінде негізінде төмендегідей қорытынды келдік. Жоғарыда айтылған онлайн форматтың жағымсыз және кемшіл тұстарына қарамастан, болашақ білім беру жүйесіндегі заманауи цифрлық технологияларды жетілдіруде ұзақ мерзімді перспективада білім беру платформаларының қашықтықтан оқыту форматын жаңғырту бойынша жұмысты жетілдіруді жалғастыру қажет. Жастар арасында сыни ойлауды және ұрпақ тәжірибесімен сыналған тұрақты адамгершілік принциптеріне негізделген әлеуметтік мінез-құлық нормаларын дамыту маңызды. Осы жағдайда ғана жастарда әртүрлі көздерден алынған ақпаратты пайдалана отырып, қоғамдық-саяси және күнделікті өмірде болып жатқан оқиғаларды ұтымды талдап, объективті бағалауға мүмкіндік беретін қабілеттер мен құзыреттіліктер қалыптасады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Программа информатизации системы среднего образования. Утверждено распоряжением Президента Республики Казахстан от 22 сентября 1997 г. № 3645. http://old.unesco.kz/rcie/data/progr_inf1997.htm (дата обращения: 8.07.2023).

2 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз N 1037. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001037_ (қаралған уақыт: 08.07.2023).

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 жыл. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshyshy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakistan-halkyna-zholdauy-183555>

4 Проект “Цифровой учитель” в Казахстане. 8 сентября 2021 года. <https://mobilaser.kz/proekt-cifrovoy-uchitel-v-kazahstane/technologies/innovation/> (дата обращения: 13.07.2023).

5 Мейрамбек Байгарин. Модель цифрового университета внедряют в Казахстане. 14 декабря 2022 г. https://www.inform.kz/ru/model-cifrovogo-universiteta-vnedryat-v-kazahstane_a4013057 (дата обращения: 13.07.2023).

6 Бесплатные цифровые курсы для педагогов разработали в МОН РК. 15 июля 2021. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/230075?lang=ru> (дата обращения: 17.07.2023).

7 Москалюк В.С. Понятие и сущность цифровизации системы образования // Наука и образование сегодня. – 2019. – №10 (45). – С. 15-17. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-isuschnost-tsifrovizatsii-sistemy-obrazovaniya> (дата обращения: 23.06.2023).

8 Алиева С., Ковязина К. Аналитический отчет. Новые грани образовательного неравенства в странах Центральной Азии: от измерения проблемы к изменениям политик. <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2022/01/pdf>. – С. 1-65.

9 Более половины казахстанцев не удовлетворены онлайн-обучением детей – исследование. https://tengrinews.kz/school_online/polovinyi-kazahstantsev-ne-udovletvoreny-onlayn-obucheniem-448489/ (дата обращения: 23.06.2023).

10 Рахимова Алия. Результаты опроса: Почти половина казахстанцев против «дистанционки». 13 октября 2020. <https://newtimes.kz/obshchestvo/118624-rezultaty-oprosa-pochti-polovina-kazakhstantsev-protiv-distantsionki> (дата обращения: 25.06.2023).

11 Кузекбай А. Как повлияло дистанционное обучение на школьников и учителей - мнение экспертов. 17 ноября 2021. https://www.inform.kz/ru/kak-povliyalo-distancionnoe-obuchenie-na-shkol-nikov-i-uchiteley-mnenie-ekspertov_a3863573 (дата обращения: 27.06.2023).

12 Түлектер үшін онлайн оқытудың тиімді және тиімсіз тұстары. 08.09.2020. <https://www.kaznpu.kz/kz/12709/press/> (дата обращения: 30.06.2023).

7 АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ ЗАМАНЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ӘЛЕУЕТІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Ысқақ Оралбек Ереванұлы

Ақпарат өз алдына ресурстық тұрғыдан ең маңыздыларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттер арасындағы коалициялық қатынастардың дамуына ықпал ететін факторлар қатарында десек болады. Нарықтық уақытта бәрі де әділ мәлімдеме «Кім ақпаратқа ие болса, ол әлемге иелік етеді» деген тұжырымдама аясында күресуде. Қай кезде де қолда бар ақпаратты тиімді пайдалану қажеттілігі бірінші орынға шығады. «Ойын теориясы» және «оңтайлы басқару теориясы» дұрыс шешімді қабылдауға мүмкіндік береді. Әр түрлі жанжалды және жанжал алдындағы жағдайлары дұрыс шешімдер ғана реттей алады [1, б. 8].

Жанжалдарды зерттеуде біздер: анализдеу, компаративистика, k-study, талдау сынды *әдістерді* пайдалана аламыз.

Әртүрлі жүйелердің дамуында жалпы заңдылықтардың болуына байланысты оларды зерттеуге болады. Математикалық әдістермен шешуге арналған проблематиканы математикалық модельдеу саласы жақсы қарастыра алады. Бұл математикалық модельдеу математиканың келесі саласы арқылы құрылады. Модельдеу барысында жасалатын іс-әрекеттерді бірнеше сатыға бөлсек болады:

1. Операцияларды зерттеу (зерттеу бөліміне сәйкес ойын теориясы оның бөлігі болып табылады).

2. Операцияларды зерттеу (IO). Адамның әртүрлі қызмет ету салаларында шешім қабылдау процесін қолдайтын математикалық құрал ретінде пайдаланылады.

Бұл операция өз кезегінде шешім қабылдаушыны ғылыми әдістермен алынған қажетті сандық ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін барлық құралдарды сипаттайды. Математика

мен әртүрлі әлеуметтік-экономикалық пәндердің тоғысында операцияларды зерттеу үрдісі қалыптасты [1, б. 46-47].

Алдымен қақтығыстар туралы ғылыми түсінік XIX ғасырда пайда болып, XX ғасырда толық қалыптасты. Қақтығыстардың пайда болуында алғашында әлеуметтік мәселелер жатты. Олар кейіннен өз бойына психологиялық, саяси, мемлекеттік сипаттарды жинады. Қол жетімді емес ресурстарға деген бәсекелестік қақтығыстанушылардың пікірінше ахуалдарға алып келеді. Өмір сүруші таптың біріншісі билеуші буржуазия болса, екіншісі қудаланушы жұмысшылар табы. Бұл қақтығыстар кейде нәсілдік, діни, ұлттық, саяси және т.б. белгілерге ие болып жатады [2].

Қазіргі қақтығыстар теориясының дамуын 4 кезеңге бөлуге болады: алғашқы кезең (XIX ғ. – XX ғ. ғ. 30-жылдары), екінші кезең (XX ғ. 30-60 жылдары), үшінші кезең (XX ғ. 60-90 жылдары), заманауи кезең (XX ғ. 90-жылдарынан қазірге дейін). Қақтығыстар теориясының іргесін қалаған ұлы әлеуметтанушы Р. Дарендорф әлеуметтік қақтығыстар теориясы мен индустриалды қоғамдағы қақтығыстар теориясын өмірге әкелді. 1959-жылы индустриалды қоғамдағы тап аралық қақтығыстар атты әйгілі еңбегін жазды. 1988-жылы заманауи әлеуметтік қақтығыстар атты келесі кітабын жазып, қоғамдағы қақтығыстарды мойындауға шақырды. Ол XX ғасырдағы қақтығыстарды зерттей отырып, классикалық теорияның шынайы өмірде жұмыс жасамайтындығын алға тартты [3].

Әлемдік тәжірибедегі қақтығыстану саласының зерттелуі. Л. Козер, М. Дюверже қақтығыстар теориясына байланысты зерттеу жасады. Л. Козер 1956-жылы «әлеуметтік қақтығыстардың функциясы», 1964-жылы «әлеуметтік теория» атты кітаптарын жазды [4]. Әлеуметтік қақтығыстар аясында дүниеге жаңа ережелер мен заңдарды әкеле алады. Біріншіден, қақтығысқа түсушілер тарапынан белсенділікті бәсеңдетіп, негативті эмоциялардың шығуына жол берілуі тиіс. Екіншіден, қақтығыстар кезінде адамдар бір-бірін жақсырақ танып, көп функционалдылығын арттырады деді. Ал, М. Дюверже 1951-жылы «саяси партиялар» кітабында партияға байланысты байланысты өзінің үш заңын қарастырды.

Дюверже заңдары – саясаттанудың бір қарастыратын саласына айналды.

Сайлаудағы мажоритарлы жүйенің қалай жұмыс жасайтыны туралы айтты. Округтегі адам ол бойынша өз дауысын тек бір адамға бере алады. $50 + 1$ принципіне сәйкес партияның қалай жеңіске жете алатындығын жан-жақты қарастырған. Структурлы функционализмнің теориясы АҚШ-та 40-жылдары доменантты белгіні иеленді, қақтығыстар маңызды мәнге ие болған жағдайда ауқымды күйзелістерге алып келуі мүмкін. Нәтижесінде көптен қалыптасқан қоғамдық тәртіп өзгерістерге ұшырайды. Функционализм теориясы жалпы – қоғамдық аспектілерді жекелеген институттар негізінде есепке алып, олардың нормасы мен өздеріне лайық рөлін ескереді [5, б. 109].

Қоғамның функционалды моделін анализдеу және бағалау барысында Т. Парсонс (1902-1979), Д. Рекс қақтығыстарды тәртіпсіздіктер мен жүйесіздіктің қайнар көзі бола алады деді [6]. Қақтығыстарға әлеуметтік аномалия ретінде баға беріп, мақсаты ретінде түрлі әлеуметтік құрауыш элементтер арасындағы қақтығыссыз күйді қолдау деп есептеді. Бұл әлеуметтік құбылыстар арасындағы тепе-теңді пен өзара түсінушілікті қалыптастыра алады. Т. Парсонс өзінің әлеуметтік іс-әрекет теориясында жазып, әлеуметтік ғылымды математикаландыруға талпынды. Өз еңбегінің тілінің күрделілігі мен өміршең еместігі үшін Т. Парсонстың еңбегі алғашқыда өзге әлеуметтанушылардың тарапынан жиі сынға ұшырады [7].

Өткен ХХ ғасырдың 60-жылдары К. Боулдинг қақтығыстар теориясына байланысты өздерінің жаңа ұстанымдарын жазған. Ол қақтығыстарды түгел қамтып, қақтығыстар туралы жеке оқудың дүниеге келуіне жағдай жасады. Қақтығыстардың жалпы теориясы деп аталатын теориясы «Қақтығыстар және қорғаныс: жалпы теория» кітабы ретінде 1962-жылы жарыққа шықты [8, б. 56]. Ол бойынша қақтығыстар жалпы категория, ол әлеуметтік құбылыстарды түсінуге көмектесетін базалық түсінік. Динамикалық моделінде қақтығысқа түсушілердің позициялары мен ұстанымдарын есепке алу керек деді. Д. Локвуд болса, 1958-жылы «қара мундирдегі

жұмысшы» атты еңбегінде әлеуметтік қақтығыстарды талдады. Д. Рекс секілді сол кезде Д. Локвудта структурлы функционализмге байланысты көптеген ғылыми дискуссияларға қатысты [9].

Әлеуметтік қақтығыстар мен әлеуметтік топтарға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың эмперикалық талдау стратификациясына байланысты еңбектенді. Бұл заманауи вебекиандық таптардың теориясының өмірге келуіне үлес қосты. Заманауи әлеуметтанушы Н. Талеб әлеуметтік құбылыстардың мемлекетке қалай әсер ететіндігі туралы жазды. 2010-жылы «Қара аққу» кітабы аясында әлеуметтік ортада туындайтын кейбір келеңсіз жағдаяттарды айтып, оларды қалай болдырмауға және мемлекеттің өз мүддесіне пайдалана алатындығына сараптама жүргізді. «Сынғыштық» және «беріктілік» атты еңбектерінде әлеуметтік қақтығыстарға әкеле алатын себептер циклін мысалға келтірген. «Беріктілікті» ол өз еңбегінде стрессорға көрсете алатын иммунды реакция дейді [10, б. 91-92].

Отандық қақтығыстану саласы. Елімізге бұл ғылым тәуелсіздік алған жылдары келе бастады. Алғашқы дәріс оқушылар тарих және әлеуметтану ғылымдарының ғалымдары болатын. «Қазіргі өндірістік қақтығыстар және олардың Р. Дарендорф теориясындағы көрінісі» атты 1996-жылы Г.Г. Исмуханова өзінің диссертациясын жазды. Еңбегінде Р. Дарендорф теориясы сынға алынып, қазіргі қоғамда қаншалықты жұмыс жасай алатындығы қарастырылды. Замануи қоғамдағы қақтығыстарға ғылыми баға беріліп, теорияның өміршендігі мәселелері зерттелді. Бұл ресми түрде 1996-жылы елімізде тұңғыш қақтығыстар теориясына байланысты жазылған еңбек. С.М. Акимбеков 1999-жылы «Ауған түйіні және Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі» [11], Е.Т. Карин 1999-жылы «Қазақстанның қауіпсіздігінің ішкі саяси аспектілері» [12], Б.Д. Жумакаева 2004-жылы «XX ғасырдың 90-жылдарындағы Ресей мен Қазақстанның саяси модернизациясындағы тарих тәжірибесі» [13], кейін Г.О. Насимова «Саяси қақтығыстардың алдын алу және шешу технологиясы (Қазақстан Республикасының мысалында)» атты диссертацияларын қорғады [14]. Бұл еңбектерде сәйкесінше: әлеуметтік, тарихи, халықаралық қатынас және саяси

аспектілер жатты. М.Т. Лаумулин 2003-жылы «Орталық Азиядағы геосаясат және Қазақстан республикасының қауіпсіздігі» атты докторлық жұмысын тәмамдады [15]. Осы ғалымдардан елімізде конфликтология ғылымы бастау алды. Кейіннен конфликтология ғылымы елімізде қанат жайды деп айтсақ та болады. Б.Д. Жумакаева халықаралық қатынастар тұрғысында екі елдің саяси модернизациясына компаративистикалық зерттеу жасады. С.М. Акимбеков, М.Т. Лаумулин, Г.О. Насимова және т.б. еңбектерінде ұлт қауіпсіздігі мәселелері зерттеліп, қақтығыстың алдын алуға байланысты болжалды анализ жұмыстары жүргізілді.

Қ.К. Тоқаев «Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы кезеңіндегі Қазақстан республикасының сыртқы саясаты» еңбегінде сыртқы саясатқа қатысты қақтығыстарға байланысты зерттеу жүргізген [16]. Отандық ғалымдар М. Сеңгірбай посткеңестік кеңістіктегі ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу мәселесін еңбегінде көрсетсе [17], Е. Исмаилов еңбек жанжалдарын зерттеді [18]. Ал, Е.К. Алияров мемлекеттің ақпараттық саясаты мен қауіпсіздігі мәселесіне байланысты көптеген ғылыми мақалаларын жарыққа шығарған [19]. Еліміздегі көші-қон миграция жағдайында туындайтын қақтығыстарға орай Л. Деловарова айналысып келеді. Еліміздің қақтығыстанушылары бүгінде: Ұлыбритания, АҚШ, Ресей мемлекеттерінің шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуда. Соның нәтижесінде Отандық қақтығыстар теориясына байланысты модель жасалды деп есептеуге болады [20].

Бұл академиялық еңбектер шетелдік еңбектерден өз құндылықтары бойынша кем емес. Мұндай қарқынмен жақын арада қақтығыстар теориясының елімізде өзіндік үлгісі қалыптасып, Еуропалық және американдық қарқынға ілесе аламыз. Қақтығыстар теориясының дамып отыруында оған математикалық модельдеудің қосылуы үлкен нәтиже күттіреді. «Жаңа Қазақстанда жанжалдардың алдын алу үшін математикалық модельдеу» атты өз диссертациямды жазу барысында ақпараттық технологиялар дамыған жаңа замандағы конфликтілік жағдайлардың толыққанды эволюциялық күйді бастан өткергендігіне көз жеткіздім. Қазіргі замандағы түрлі қақтығыстардың өткен ғасырдағы қақтығыстардан

мазмұны мен табиғи структуралық өзгешеліктерінің бар екенін байқау да қиын емес. Ол үшін жаңа қарқын қажет, неге десеңіз қоғам күн өткен сайын өзгеруде.

Әлеуметтік кеңістіктегі болатын әртүрлі деңгейдегі жанжалдар мен қақтығыстарды позитив пен негатив атты екі топқа бөлу арқылы оларды дифференциалдау барысында функция жазықтығына көшіруге тырысамын. Көптеген конфликтінің бастауы әлеуметтік мәселеден туындайтынын ескеріп, классикалық қақтығыстар теориясының авторларының еңбектеріне сүйенуім қажет. Сапалық көрсеткішті сандық тұрғыға ауыстыру үшін статистикалық деректемелер керек те болады. Р. Дарендорф, Л. Козер, Т. Парсонс, Н. Талей теорияларын толықтай заманауи қақтығыстарға қолдану қажеттілігі күн өткен сайын төмендеуде. Жаңа Қазақстан үшін қақтығыстану саласының да жаңа әлем тәжірибесіне сәйкес жаңаруы қажет.

Жаңа мыңжылдықтың басталуы қарсаңында Қазақстан ресми әлем мемлекеттерінің тарапынан тәуелсіз ел ретінде танылып, бірінші кезекте халықаралық саяси аренада өз қолтаңбасы мен жолы айқындалған ел ретінде танылу мәселесі тұрған еді. Үлкен жобаны мемлекеттік тараптан бірден қолға алғанымен, оның іске асуы үшін ондаған жылдардың керектігі де белгілі болды. Технологиясы озық дамыған Батыстық үлгідегі либерализм мен американдық капитализмнің ширек ғасырға жуық уақыт бойы саналарында коммунизмдік идеология тұрақтап қалған жергілікті халықтың көкейлеріне бірден қонуы үлкен мәселе туғызатыны анық болды. Еуразия құрлығында үстемдік құрған Кеңес үкіметінің өзара тәуелсіз 15 мемлекетке ыдырауы коммунизмдік идеологиядан басымдықтың капитализмге ауыса бастағанын көрсетті. Қазақстан үкіметі құрылысымен кейбір даулы шекара мәселелері шешілді. Кеңес дәуіріндегі біртұтастылықты сақтауға талпынған Беловеж келісімінен соң посткеңестік кеңістіктің үлкен құрлығында ТМД ұйымы құрылды. Әр Кеңес үкіметінің құрамынан бөлініп шыққан бұрынғы одақтас мемлекеттер арасында өз төл мәдениеттері мен құндылықтарына, тарихи бастауларына қайта оралуға бағытталған жарыс басталып кетті десек болады. Мемлекеттік стандарт, тіл,

білім, жастар саясаты, ұлттық мәдениет, медицина және спорт бойынша зерттеу жұмыстарының жүріп кетті. Конституциямыздың да шетел тәжірибесі негізінде күшке енгенін білеміз. Әсіресе, жаңа саяси элитаны қалыптастыруға бағытталған жастар саясатына байланысты мемлекеттік бағдарламалардың дүниеге келуі арқылы жастардың саяси белсенділігін көтеру көзделді [21].

Өйткені жастар кез-келген мемлекеттің қозғаушы поршенді жасыл ресурсы болып табылатыны көпшілікке мәлім. Көптеген елдерде мемлекеттік жүйенің, саяси элитаның, үкімет басшысының ауысуына сол елдердің жастары себепкер болды. Мысалы ретінде: Прага көктемі (1968-жыл), Париждың қызыл мамыры (1968-жыл), Санкт-Петербургтегі студенттер маршы (1899-жыл), Кәріс қызыл от ошағы (1950-жыл), Гватемаладағы антисоциальды жүйе (1954-жыл), Римдегі ультраоңшыл сәнділер көтерілісі (1968-жыл), Пекиндегі танктерге қарсы ереуіл (1989-жыл), бүгінгі таңдағы Лондон студенттер ереуілдері (2010, 2012, 2014) қарастырылса болады. Көріп отырғанымыздай, жастардың мемлекеттің саяси өміріне араласуы үлкен өзгерістер мен жаңа бағдарламалардың жүзеге асуына алып келеді. Кейде тұтас мемлекеттер мен империялардың тағдыры да шешіліп жататыны бар. Алматы қаласында 1986-жылдың желтоқсан айында өткен студенттердің ереуілі кейіннен тарихта «Желтоқсан оқиғасы» ретінде қалып, алып Кеңес Одағының құлдырауын тездеткен жағдай болатын.

Мемлекеттік дамудың классикалық тұрғыда эволюциялық және революциялық екі түрінің бар екенін білеміз. Эволюциялық дамуды бастан кешіріп жатқан мемлекеттер аталмыш мақсатты орындау үшін көп уақытын жұмсайтыны белгілі. Еуропалық көп елдердің дамуына революциялық жол үлкен серпін бергенін білеміз. Олардың қатарына Джеймс Уаттың игілігімен жүзеге асқан өндірістік революцияны жатқызсақ болады. Бу машинасының көмегімен саясаттың жаңа арнаға бұрылуын қамтамасыз етті. Нәтижесінде жастар жұмыспен қамтылудың жаңа түрімен танысып, өз талаптарын мемлекеттің сұранысына айналдыра алды. 1755-жылы Солтүстік Америка құрлығындағы Англияның 13 колониясы тәуелсіздік жолында Лондондағы королева үстемдігіне

қарсы шығып, американдық революцияны жасамаған жағдайда қазіргі таңда АҚШ секілді алып мемлекеттің тарих сахнасында әбден болмауы да мүмкін еді. Көп ғасыр бойы үстемдік құрып келе жатқан ескі шіркеу билігіне қарсы Т. Мюнцер, М. Лютер сынды жаңаша ойлайтын тұлғалар қарсы көтерілмесе, Еуропа бүгінгі таңда үшінші әлем елдерінің қатарында да қалып қоюы мүмкін еді. 1789-жылы болған Ұлы француз революциясы демократияның Еуропада кең етек жаюына алып келді. Жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрі ХХ ғасырдың 40-50-жылдары ғылыми-техникалық революцияның (ҒТР) басталуына себеп болды.

Бірақ та революцияға ақыл араласпай, қатігез күш қана қолданылса, ол мемлекеттің дамуын толықтай кешеуілдетіп жіберуі мүмкін. Көп жағдайда сынға ұшыраған ескі саяси элитаның биліктен кетіп, жұмысқа икемді жаңа топтардың билікке келуімен тәмамдалып жатады. Жаңа топ толыққанды саяси элитаға айналғанша халықтың сеніміне кірулері үшін алға қойған мақсаттарын толыққанды орындауға барлық күштерін жұмылдыратыны белгілі. Американдық саясаткер Г. Киссенджердің пайымдауынша, мемлекеттің бір қарқынды дамып отыруы үшін белгілі уақыт сайын билеуші саяси элитаның жаңа топпен ауысып отыруы тиіс немесе билеуші саяси элитаға бәсекелестік тұрғыдан қабілетті, тепе-теңдікті ұстап отыратын оппозициялық екінші күштің болуы қажет. Біз әлем тәжірибесінен бұл жерде американдық үкімет басына келуге бәсекелес демократтар мен республиканшылдарды, ағылшындық консерваторлар мен лейбористерді көре аламыз. Оппозиция болмаған жағдайда мемлекеттің күн тәртібіне қойған бағдарламалары өз сапасын жоғалтып, жүзеге асырылуға тиісті мерзімді өз өнімдерін бере алмай қалу қаупі бар.

Кез-келген мемлекетте жастарға қатысты саясат ерекше орын алып, назардан тыс қалмайды. Неміс әлеуметтанушыларының пікірінше, адам жасы ұлғайған сайын мемлекеттің қандай да ұстанатын саясатына мойынсұнушылық басым бола түседі немесе өз заманының идеологиясын батыл ұстанушы күйінде қалады. Ал, жаңаша ойлайтын жастар үшін өз мемлекеттерінің саясаты,

келешекте қай мамандық бойынша жұмыс жасайтындықтары және өзге елдермен салыстыру секілді өзіндік сараптамалық ойлары алдыңғы орында тұрады. Ағылшын математигі С. Хокингтың ойынша әр мемлекеттің үкіметі өз саясатын жүзеге асырып, биліктегі мерзімдерін ұзартулары үшін алдын-ала жастар тарапынан төне алатын қауіптерді залалсыздандыруды қолға алады. Ол бұны саяси шахматтағы гарди қою өнері немесе астыртын қулық деп атайды.

М. Ганди өз күнделігінде жастарын жоғалтқан мемлекеттің келешегі бұлыңғыр деген. Расымен-ақ жақсы өмір іздеу мақсатында көптеген өзге елдердің жастары Батысты бетке алып, жұмыс барысында тұрғылықты мекендерін ауыстырып, көші-қон миграциясын тоқтатар емес. Бұл қауіп біздің мемлекетті де айналып өткен жоқ. Сеул қаласының әкімшілігінің мәлімдеуінше, Оңтүстік Кореяда қазіргі кезде 40000-нан астам Қазақстандық жастар жұмыс істеп, солардың 30% сол елдің азаматтығын алуға қызығушылық танытқан. Ал, бұл дегеніміз келешекте бұның алдын алмаған жағдайда жоғарыдағы сандардың өсуіне әкеледі деген сөз.

Өндіріс пен жұмыспен қамтамасыз ету орындарының шалғайда орналасқан провинциалды мекендерде аз немесе тіптен болмауы алдымен ішкі миграцияны күшейтеді. Елімізде соңғы он жылдықта ауыл шаруашылығы тоқыраушылыққа ұшырап, жастар санының сол мекендерде күрт кемулеріне байланысты ақсап тұр. Малға азық бағасының соңғы 13 жылда 33-45 есеге өскенін байқай аламыз. Егерде 2010-жылы шөп бағасы 10-15 мыңды ғана құраса, қазір бағасы шарықтап 450-500 мыңды құрау үстінде.

Мемлекет ішкілік өнімдерін қымбаттатып алған жағдайда, сапасы төмен бірақ бағасы арзан көрші мемлекеттің нарығына тәуелділікке түсетіні мәлім. Шалғай мекендерде негізгі жұмыс көздерінің жергілікті әкімшілік кеңсесі, мектеп, балабақша, аурухана, полицейлік учаскілер мен мал шаруашылығы екендігін жақсы түсінеміз. Қалада оқыған мамандығымен туған ауылында жұмыс табылмайтынын түсінген көп жастар жалақысы көп деген оймен үлкен Астана, Алматы, Шымкент секілді мегаполистердің төңіректеріне шоғырланып, әлеуметтік өмірге маргиналды

топтардың келуін қамтамасыз етеді. ондай топтардың көбеюі мемлекеттік саясатқа көп жағдайда тұрақсыздық әкелуі мүмкін. Өйткені, қалада баспаналы бола алмай алаңсыз күн кешкен ауылын сағынып, қанша жыл тұрғанымен өзін қалалық сезіне алмайды. Ал, ауылға келген шағында жалақысы молдау қала өмірін аңсайды. Нәтижесінде көтеріліске, ереуілге дайын көңіл-күй үстінде жүрулері мүмкін. Дәлел ретінде 2013-жылы қыркүйек айында Алматыда өткен Қ. Нұртас концертін айтсақ болады. Концерт тамашалауға келген залдың көпшілігі әртіске көңілдері толмай, ойын-сауық кешендерін түгел дерлік қиратуға көшкендері бар. Қолға түскен тәртіпсіздікке жауапты адамдардан сұрақ-жауап алу барысында көпшілігінің баспана жалдап тұратындықтары, жабылмаған несиелері, жұмыссыз жүргендері анықталған болатын. Бір қызығы, біршамасы не үшін тәртіпсіздік орын алып жатқандығын түсінбей, орын алып жатқан қиратушылықтарға өз еріктерімен қосылып кеткен.

Британдық Н. Паркер ондай маргиналды топтардағы адамдарды қай кезде жарылатыны белгісіз бомбаларға, ал шоғырланған топтарын миналық далаға теңейді [21, б. 78]. Сонымен қатар еліміздегі маргиналды топтардың 65%-дан астамын жастар құрап отыр. Бұндай көрсеткіштің келешекте жоғарылауы жоспарланбаған себепсіз ереуілдерге ұласуына әкеп соғу ықтималдылығының жоғары болуымен қауіпті. Өз бағдарымызды қалыптастыру үшін бізге әлем тәжірибесіне көбірек үңіліп, соңғы он жылдықтарда болып жатқан халықаралық саяси өзгерістерден сабақ алғанымыз дұрыс.

Ғылымдағы пропорционалдылықты эмперикалық симметриямен біркелкі түрде қарастырып, қатар зерттеген дұрыс. Кез-келген материяның симметриялы пішінде болуы материялық емес әлеуметтік құбылыстарға да көшуі заңды. Кейде ғылыми зерттеу еңбектерінде терминологияға мазмұн қоса беріліп жататын жағдайда ол өзінің бастапқы функционалдылығынан айырылып қалуы мүмкін. Микроэкономикаға симметрия макроэкономика болатыны сөзсіз, сол секілді мемлекетішкілік саясатқа мемлекетсыртқылық саясат, ашық жанжалға жабық жанжал және

т.б. Мазмұнды терминологияға беру барысында оның симметриялы жұмыс жасай алуы немесе жұмыс жасай алмауын параллель ескерген жөн секілді.

Жастар саясатының негізгі проблематикалық мағынасы мемлекет ішіндегі жастардың саяси белсенділігі туралы айтылса, ал симметриялық тұрғыда халықаралық стандарт бойынша сынға ұшырауы да мүмкін. Неге десеңіз, симметриялы түрде бұл термин көшірілген жағдайда, қарттар саясатына ауысады. Ал, әлемдік тәжірибеде «қарттар саясаты» тақырыбы қарастырылмайды немесе сұранысқа ие емес. Тақырыптың симметриялы түрде зерттелуінің бір пайдасы – салыстырмалы, компаративистикалық зерттеу әдісін қолдануға тиімді. «Жастар саясаты» туралы ғылыми зерттеу еңбектерін жазу барысында алдымен тақырыптың атауына емес, негізгі проблематикалық мазмұнына көңіл бөлген дұрыс секілді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, кейде жастардың саясатқа тікелей араласуымен мемлекет тағдыры шешіліп, мемлекет ішіндегі түбегейлі өзгерістердің жандануы басталып жатады. Диктатуралық сипаттағы елдерде жастардың саяси белсенділігі қатаң назарға алынып, бақылау үстінде болатыны мәлім. Ондай жүйедегі үкімет үшін жастардың саяси сауатының төмен болғаны тиімді. Бірақ, оның нәтижесі мемлекеттің дамуының баяулауына әкеліп, көп жағдайда оң нәтиже көрсете алмай жатады. Американдық зерттеу саяси институтының зерттеу жұмыстарының қорытындысына сүйенсек, жастар арасындағы саяси сауаттылықтың аздығы мен саяси белсенділіктің төмендігі Шығыс және Латын Америкасы, Кариб бассейнінің елдеріне тән құбылыс [22, б. 34-36].

Жаңа құрлықтағы даму үрдісі де осы жерден екі түрлі деңгейде жүзеге асқандығын білеміз. Мәселенің түп мазмұнымен айналысқан АҚШ дамудың ең қарқынды шыңына көтерілгенін көрсек, ал Латын Америкасының дамуы басқа жолға түсті. Мәселе мазмұнымен тікелей айналыспаған жағдайда, ол мәселенің шешіліп кетуі екі талай. Ал, мәселенің мазмұнына сәйкес атау берілмесе, ол ғылыми антисимметризмге, яғни адасушылыққа алып келеді.

Қазақстан республикасы секілді әлемнің жас мемлекеті үшін 32 жыл ішінде өз сара жолын қалыптастыру қиынға соқты. Тарихи тәжірибеден қарасақ, Жапония үшін оның жүзеге асуы үшін 50 жыл, Қытайға 62 жыл, ал Малайзияға 54 жыл қажет болды. Бұл жерде уақыттың тығыздығынан басқа бір бөлек ескеретін жәйттер де бар: еліміздің саяси тәжірибесінің молдығы не аздығы, жоғары деңгейдегі халықаралық ұйымдардағы белсенділігі, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы және т.б.

Әр дамыған мемлекет өз тәжірибесінде құнды ресурс ретінде өз табиғи қазба байлықтарын емес, сол мемлекетті құраушы жастарын есептейді. Мемлекеттің өз жастарының неғұрлым білімді және саяси белсенді болуы оның келешектегі өміршеңдігін ұзартады. Ал, еңбек етуші ойлы жастарын жоғалтуы – өзге көрші елдердің жастарының еңбек өнімділігіне тәуелділікке алып келеді. Одан біркелкі мемлекет саясаты өзгеріп кетуі мүмкін. Сол үшін әр мемлекеттің ең басты миссиясы ретінде өз мемлекетінің жастарының қорғауға алынуы, құлшыныстарын қолдауы секілді іс-әрекеттер жиынтығы танылады. Жастардың орындайтын тағы ең бір өзекті функцияларының құрамына – мәдениет тасымалдығыштық қабілеті жатады.

Жапонияда өз жастарының саяси белсенділігін арттырып, оны мемлекет пайдасына жұмыс жасатуы үшін «Мэйдзи» реформалары жүзеге асырылған болатын. Білімді жапон жастары ғылымның әр саласы бойынша алдыңғы қатардағы Еуропа және Америка университеттерінде білім алып, сол тәжірибені өз елдеріне әкелген болатын. Кейіннен студент жастар жапон аралдарында өз білімдерін пайдалану барысында жапон экономикасын аяққа тұрғызды. Отарланушы әлемнің үшінші қатарындағы елден отарлаушы әлемнің алдыңғы қатарындағы елге айналды. Кейіннен бұл жапондық үлгідегі даму жобасы Азияның: Малайзия, Тайвань, Оңтүстік Корея, Сингапур, Біріккен Араб Әмірліктері сынды елдерінде де қолданылды.

Бұл құбылысты «мәдени проекциялау» немесе «мәдени параллелизм», «параллель көшіру» деп атасақ болады. Дамушы Шығыс елдері өзге дамыған елдерде білім алған жастары

арқылы мемлекеттің дамуына қажетті өзге мәдениетті өз төл мәдениеттеріне проекциялады. Бұл дегеніміз өз менталитетіне мен болмысына зиян келтірмейтін жат мәдениеттің қажетті ғана тұстарын алып, Шығыс қоғамында пайдалануға икемді етті.

Бұл үрдісті «мәдени фильтр» деуге болады. Бұндай «мәдени филтрсіз» жат мәдениетті қабылдаушы мәдениеті әлсіз өзге мемлекет халқы түгелдей мәдениеті күшті өзге елмен ассимиляцияланып кетуі мүмкін. Кей жағдайда бұл үрдіс дұрыс емес жүзеге асса, мемлекеттің «мәдени иммунитетінің» әлсіреуіне әкеледі. «Мәдени иммунды жүйе» дегеніміз әр мемлекетті құраушы титулды нацияға тән өзге мәдениетті ұстанушы халыққа ассимиляцияға қарсы тұрушылық қабілеті. Оның деңгейінің жиі ауысуы мемлекет жастарының патриотизмдік сезімдерінің жиі өзгеруіне әкеліп жатады. Патриотизмдік сезімдер ереуілі ұлтжандылық деңгейден ұлтшылдыққа өтіп кетпеуі үшін жиі бақылауда болуы тиіс.

Қазақстан республикасының бірінші кезекте «мәдени иммунитетті» күшейтуі ұлттық салт-дәстүрлердің қайта жандануына жол ашады. Сол мақсатта жастарды қолдау акциялары ұйымдастырылып, «Рухани жаңғыру» секілді бағдарламалар да жүзеге асырылды. Философ Р. Декарттың айтуынша патриотизмге тура апарар жол – тарих, мәдениет және дәстүр. Ең бірінші осы мәселе аясында 2004-жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы да жұмысын істеп, өз жемісін берген болатын. Төл әдебиет өкілдерінің еңбектерінің насихатталуы арқылы ҚР жастарының ұлтшылдығы жаңадан тәуелсіздік алған 1991-жылғы еліміздің жастарына қарағанда әлдеқайда жоғары артып, Кеңес дәуірінде әлсіреген ұлттық мәдени иммунитетіміз күшейген еді.

«Мәдени иммунитеттің» күшеюі «мәдени тазартқыштың» (фильтр) жұмысын да жеңілдетеді. 32 жыл ішінде біз бұл сатылардан толық өттік. Өткен ғасырдың 90-жылдары жас мемлекеттің келешегіне сенбеушіліктен шетелге көшкен (қазақтардың жеке өзін қарастырғанда) жастардың үлесі қазіргіге қарағанда 34 есеге азайғандығын көреміз. Оның тағы бір көрсеткіші ретінде ҚР-ға Кавказ бен Орта Азия елдерінің азаматтарының жұмыс бабымен келіп, кейін ҚР азаматтығын алып қалып қойып жатқандығын

да айта аламыз. Өмір сүру сапасының ТМД елдерінің ішінде алғашқы үштікке енуі оның тағы да бір дәлелі болмақ. Өмір сүру сапасының жоғары болуы жаңа мигранттардың келуіне қолайлы орта қалыптастыратыны бар. Ресей мен Украина арасындағы жан-жалда халықаралық дейгейде салынған санкциялар салмағынан Қазақстанға Ресей федерациясынан 2022 жылдың күз айынан бастап 2 млн-ға жуық уақытша мигранттар келді. Бұның жасанды миграция екендігін ескергеніміз жөн. Табиғи миграция экономикаға оң әсер етсе, жасанды миграция тек зиянын ғана тигізеді. Табиғи миграция кезінде мемлекетке қажетті мамандық иелері келеді. Ал, Қазақстанның мысалында керісінше әсер берді, ол пәтер бағаларының аспанға ұшып, жергілікті халыққа қолжетімді болудан қалуымен есте қалды.

Бізде қазіргі таңда дамыған өзге мемлекет тәжірибесін өз «мәдениетімізге проекциялау» этапы басталып кетті. Осы мазмұндағы ойларын ҚР президенті «Жаңа Қазақстан» туралы баяндамасында айтқан еді. Жастардың саяси белсенділігін көтеру мақсатында үкіметтің елімізде мемлекет саясатына жастардың тікелей араласа бастауына қолдау жасауы – мәселенің атаудан етістікке (теория жүзіндегіден тәжірибеге) ауысуын көрсетеді. Қазақстан президенті жанынан құрылған ҚСЗИ жастардың саясаттағы рөліне байланысты зерттеу жұмыстарын өнімді атқаруда.

Мемлекет бағдарламасының тез жүзеге асуы мен таралуы өз кезегінде жастардың саяси белсенділігіне байланысты. У. Черчилль жастарды аға буын халық өкілдері мен үкімет арасындағы соғысты бастаушы және бітімге келтіруші күшке теңеген болатын [23, б. 8]. Жаңаша ойлайтын жастардың мемлекет саясатымен тікелей араласуы мемлекеттің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызады. М. Тэтчер егер ескі билік жүйесі өзгеріссіз ұзақ жылдар бойы билік басында болса, мемлекеттік қайыршылыққа ұшыратады деген болатын. Н. Талейтың пікірінше, ондай билік жүйесі өз қамын және ұзақ мерзімділігін ойлап, мемлекет ішіндегі мәселелерге немқұрайлы қарағандықтарынан жастар тарапынан табанды қарсылыққа ұшырайды деген.

Ли Куан Ю бір сұхбатында мемлекет өзіне өзі донор бола алуы тиіс дейді. Адам ағзасындағы қанның қаншалықты тез жаңаруы пайда әкелсе, биліктің де солай жаңаруы мемлекетке пайдалы дейді. Ескі билік егер ұзақ билесе, ұйыған қан секілді мемлекет формасындағы организмге өз кесірін тигізеді. Ал, жастар мемлекетке нағыз қажетті үкіметтік механизмді тез іске қосушы, һәм организмге тез оттегі тасымалдаушы сұйық қан секілді деп айтқан болатын. Бұдан мемлекет тағдырының жастарға тікелей байланысты екенін көре аламыз. Олардың саяси өмірдегі белсенділігі мен саясатқа атсалысуы мемлекет үшін кезекті бағдарламалардың жандануын немесе мазмұндық өзгеруін де әкелуі мүмкін.

Әр дамыған мемлекеттің қоғамы үшін қақтығыс кезекті нормаға ие құбылыс ретінде белгілі. Қалыптасқан теорияларға арқа сүйесек, қақтығыс арқылы қоғам дамып отырады, ал қақтығысы жоқ қоғам дағдарыс түрлеріне ұшырайды. Себебі, заманауи позитивті көп жетістіктер белгілі қақтығыстар негізінде дүниеге келді. Философиялық түсініктеме берсек, тек қозғалыстағы материя тірі күйде бола алады. Ал, қозғалыс күйін жоғалтқан кезде ол өліге айналады. Яғни, қақтығыс өз кезегінде мемлекет ішіндегі қозғалысты тудыратыны хақ. Адам бойындағы тез жүгірген қан секілді, қозғалыстар легі үлкен мемлекет сынды макро әлеуметтік организмнің мүшелерінің (сот, медицина, білім, БАҚ, үкімет және т.б.) қарқынды дұрыс жұмыс жасауына себеп болады. Материялық нүктелер жиынтығын құрайтын әлеуметтік кеңістік үшін қозғалыс негізгі қозғаушы күш формасына жатады.

Тек XX ғасырда Еуропа әлеуметтанушылары зерттеу еңбектері нәтижесінде дамып, кейін саясаттану ғылымынан бөлініп шыққан конфликтология ғылымы үшін қақтығыстар генезисі мен эволюциясы негізгі зерттеу объектісіне жатады. Алғашында қақтығыстарды болуға тиісті нормал құбылыс ретінде қарастырып, оған түсініктеме жасауға қадамдар жасалды. Жас ғылым дами келе, бертін келе қақтығыстарды басқаруға болады деген шешімге келгені анық. Яғни, қақтығыстар ушығып кеткен жағдайда, стихиялы саяси хаостың алдын алу үшін оны басқарудың қажеттілігінің туындағанын байқаймыз. Дегенмен қақтығыстарды

шешу немесе болдырмау секілді ойлар өз күшін жоғалтып, доминантты позициясын жоғалтты. Ойды түйінділесек, қақтығысты шешуге болмайды, тек басқаруға немесе қақтығыс болдырмайтын мерзімді ұзартуға болады. Қақтығыс өз табиғатында жасанды жолмен үшінші күштердің араласуын көтере бермейтін өте нәзік әлеуметтік құбылыс десек те болады. Қақтығыс белгілі уақыт ішінде ғана толқын тәрізді шарпып өтіп, тоқтайды делінеді. Жасанды жолмен алдын алған жағдайда, ол толық шешілмей алдағы уақытта бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін.

Сол үшін дамыған елдер қақтығыстарға заңды сипат беріп, барынша қадағалауға алғаны бар. Саяси партиялар арасындағы қақтығыстар да сайлау барысында заңды түрде қадағалау арқылы жүзеге асырылып, оларға кедергі келтірілмейді. Үкімет оппозициясы да ішкі қақтығыс белгілерін бойына жинаған, мемлекеттің өзгеруіне позитивті энергиясы бар макро жүйе іспетті. Оппозицияның дұрыс айтқан сындары барысында үкімет өз қателіктерінің алдын алып отырады. Ал, оппозициясы жоқ мемлекеттерде даму тенденциясы екі бағытта жүзеге асуы мүмкін: мемлекет халқы ауыр диктатуралық режимде өмір сүріп, өмір құндылықтарын жоғалтады немесе ызасы қайнаған халық тарапынан ауыр мемлекет ішінде азамат соғысы басталып кетуі мүмкін [23, б. 76-78]. Өрбуі мүмкін екі түрлі жағдайдың да ұтымды тұстарының жоқтығын байқаймыз. Мысалы ретінде, өмір сүруінің соңғы жылдарында көтерілістерге ұласып кеткен КСРО немесе адам өмірінің құндылығы төмен бағаланатын КХДР мемлекетін айтсақ болады.

Әсіресе, қақтығысты тасымалдаушылар арасында жастар үлкен пайызды құрайды. Олар өздерінің мобильділігімен және ересек буын өкілдеріне қарағанда ұйымшылдылығымен, батылдығымен ерекшеленеді. Жаңа мыңжылдықта қазіргі жастардың өткен ғасырдағы жастардан білім деңгейі бойынша әлдеқайда алда екендігін және көздерінің ашықтығын ескерген жөн. Бұл басты үш фактор жастардың өзара үкімет талаптары мен бағдарламаларына сараптамалық ойлау жұмыстарын тәуелсіз жүргізулеріне көмектесе алады. Өткен ғасырда жастар өз белсенділігі мен бойынша ере-

сек буыннан көп артықшылықтарымен ерекшелене алмаса, қазіргі жастар өз бетінше білім алуға, тәжірибе алмасуға өте икемді.

Жаңа буын өкілдерін «Z өкілдері» деп атау қалыпқа енді. Қазіргі таңдағы қақтығыстар өткен дәуірдегі қақтығыстардан ерекшеленетіндігін түсінгеніміз де абзал. Қақтығыстар эволюциясының соңғы ширек ғасырда адамзат технологиясының дамығаны тәрізді күрделі формада дамығанын көре аламыз. Діни экстремизм, маргинальды ереуілдер, біржынысты шерулер, құмар тәуелділік, буллинг секілді қақтығыстар өткен ғасырда болмағанын білеміз. Ескірген конфликтологиялық қақтығыстарды шешуге болмайды деген тұжырымдамадан бас тартып, оларды болдырмауға қадам жасамаған жағдайда, келесі жүзжылдықтағы жаңа қақтығыс түрлерін бақылауда ұстау мүмкіндігін болмайтын тәрізді.

Жастардың мобильділігі дегенде олардың қақтығысты тасымалдау барысындағы лездігін түсінгеніміз абзал. Жаңа дәуірде әлеуметтік желілер әр уақыт сайын жанданып, ескісін жаңа түрі ауыстырып отырған кезде ақпараттың сол әлеуметтік желілерді пайдаланатын жастар арасында тез тарайтынын білеміз. Жастардың саяси белсенділігін де соңғы уақытта анықтау қиынға соқпайды. Белгілі саяси жағдайға байланысты талқыланған мәселені ютуб секілді іздеуші желіге терген жағдайда каналдың төменгі жағында жазылған комментарийлерді оқу барысында біз жастардың аталмыш оқиғаға қалай баға беретіндігін, қалай ойлайтындығын біле аламыз.

Бұның бір тиімді тұсы ескі әлеуметтік әдістер мен әдіснаманы қолданудан зерттеушіні босатады. Қақтығыстардың жаңа генезистік эволюциясын эмперикалық зерттеуге әдістер мен әдіснамалардың да жаңа түрлері керек. Жаңа күндегі заманауи қақтығыстарды бақылау үшін көне әдістер оң нәтиже бере алмауы мүмкін. Қарапайым өмірлік кездейсоқ жағдайды қарастырған болайық, белгілі мекендегі 100 адамнан ертеңгі күндегі көтеріліске шығатындығы немесе шықпайтындығы сұхбат күйінде сұралса, олардың 30% шығамыз, қалған 70% шықпаймыз десін дейік. Адамдық фактордың үнемі жауап берушінің дұрыс жауап беруіне кедергі келтіретінін білеміз. Белгілі үшінші күштерден сескенген

күйі шықпаймыз деуі де мүмкін. Ал шынайы көтеріліс басталған кезде сұхбат бергендердің 70% шығып, қалған 30% шықпай да қалуы ғажап емес [23]. Я болмаса көтеріліске шығамын деген адамдар тобы үшін келесі күні жоспардан тыс кезекті шаруалар шығып қалып, өз жоспарларын ауыстырып жібере алатынын ескергеніміз жөн. Көріп отырғанымыздай, таза нәтижеге қол жеткізу үшін ескі методология тиімсіздеу. Әлеуметтік кеңістіктегі әр саяси оқиғадан жастар әрдайым алғашқылардың бірі болып хабардар боп отырады.

Бұндай жаңа өзгерістер қарапайым жаңа ғасырдағы қақтығыс түрінің өзіне де жастар арасында өрбіген жағдайда стихиялы түрде сипат бере алады. Ал, мәселе түбегейлі басқару аймағынан шығып кетсе, ол мемлекеттік тәртіпсіздіктер мен келеңсіз күтпеген ауыр жағдайларға әкеле алады. 2022-жылдың қаңтар айында елімізде орын алған қақтығыстың аз уақыт ішінде барлық қалалар мен облыстарға тез тарап, қатысушылар санының бірнеше жүз адамнан бірнеше жүз мың адамға дейін өсіп кетуінен стихиялы екенін түсінеміз. Тенгри ньюс сайтының мәлімдеуінше, қаңтардағы қақтығысқа қатысқандардың 76% Қазақстан республикасының жастары құраған. Бұл қақтығыс өз масштабы мен мерзімі бойынша ең қантөгісті және адам шошырлық қақтығыс болып танылды. Қаңтар оқиғасынан қақтығысқа қатысушылардың мобильділігін, жаңаша ойлайтындықтарын көреміз. ҚР жастарының мемлекет өміріндегі әр өзгерісті назардан тыс жібермей үнемі бақылап отыратыны, олардың жеке көзқарастарының қалыптасқаны мен саяси белсенділіктерінің жоғары екендігін білдік.

Аналитикалық қимылдарын мобильды түрде жүзеге асыру үшін және үкіметке өз талаптарын қою кезіндегі қарсылықтарын көрсету үшін Алматы сынды мегаполисте қақтығысқа қатысқан жастардың қала өмірі үшін стратегиялық маңызды сипатқа ие орындарына үлкен топтармен шабуыл жасап, басып ала бастады. Стихиялы түрде әлеуметтік желідегі ақпараттарды сараптап, аз уақыт ішінде үкіметті тығырыққа тірегені бар. Бірақ біз қақтығысты аяқ астынан өзінен өзі болып кетті дей алмаймыз. Әр қақтығыс бірден болмай, оған деген себептердің біртіндеп жина-

лып, кейін жабық күйден ашық күйге ауысып барып титтей бір себеп нәтижесінде жанартаудай жарылып кететіндігімен қауіпті. Жабық күйдегі қақтығыс көңіл-күйіндегі жастарды көтеріліске шығуға түрткі жағдай жасау қиын емес. Ондай уақытта бар жағдайды арам пиғылды мемлекетке жаны ашымайтын үшінші күштер әбден пайдаланып кетуі мүмкін [23, б. 207-209].

Мемлекет үшін ауыр қантөгісті қақтығыстан кейін мемлекет басшысы, президент Қ. Тоқаев үкіметі «Жаңа Қазақстан» жобасын бастауға мәжбүр болды. Қақтығыстың мемлекеттік жүйені өзгерте алғыш мінезге ие екенін біз осы тұстан да көріп отырмыз. Қазақстан жастарының саяси белсенділігінің деңгейін анықтау жұмыстары жүргізіліп, жоғары деңгейде екендіктері анықталған болатын. Саяси белсенділік қақтығысты туғызатын өз сипаты бойынша әлеуметтік кеңістіктегі қозғаушы энергия тәрізді. Энергияның бір денеден екінші денеге тез өтуі секілді қақтығыс уақытындағы негативті эмоция да алаңдағы адамдар санына байланысты өз жылдамдығымен тез тарай алады. Қақтығысты басуға мемлекеттік тараптан күш қолданылса, демографияның өсіміне айтарлықтай шығын келетіні рас. Ал, жағдай ушығып кеткен жағдайда ол қазіргі дамыған заманда күтпеген азаматты соғысқа не үкіметтің ауысуына әкеле алады.

Саяси көңіл-күйдің жоқтығын және саяси белсенділіктің шамадан тыс жоғарылауын тудыратын өз нәтижелерін оң бермеген бағдарламалар қайтадан жүзеге асырылса, қақтығыстың алдын алуға кеш емес. Елімізде тәуелсіздік алған жылдардан жұмыс жасап келе жатқан саяси зерттеу институттары мен сараптамалық жұмыс жасау орталықтары да жастардың саяси белсенділігін жоғарылатуға және конфликтілік деңгейдің шамадан тыс артуына шек қоюға немесе бақылауда ұстауға талпынған бірнеше мемлекеттік шеңбердегі саяси бағдарламаларын жаңартып келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, әлем тәжірибесінен білетініміз – қазіргі заман саяси қақтығыс ахуалдары өткен ғасырдағыға қарағанда әлдеқайда жетілген және масштабтық өрлеуінің жоғары күйімен ерекшеленеді.

Ақпараттық заманда әлеуметтік өмірдегі адамдар тобын біздер: ақпараттарды тасымалдаушы және ақпараттарды

қабыдаушы секілді екі үлкен топқа бөліп қарастырсақ болады. Ақпараттарды тасымалдаушы топтардың мерзімдегі ақпарат көздерінің дұрыстығы қаншалықты тексеріліп жатқандығы мен қайдан алынғандығы, субъективтілігі мен объективтілігі, мақсаты мен міндеттері қатаң бақылауда болуы екіталай. Ақпарат өз бойына: экстремистік, радикалдык, бүлік бастаушылық, араздастырушылық, үкіметке сенімсіздік туғызушылық, хаостық, конфликтілік секілді біршама негативке алып келетін мінез-құлықтарға ие бола алады. «Кім ақпаратқа ие болса, сол әлемді билейді» деген заманауи мақал тіркесінде де шындық жатқанын байқаймыз. Әсіресе, әлеуметтік желілер күні бүгінде ақпараттарды тасымалдаушы адамдар арасындағы ең үлкен көпір қызметін атқарып отыр.

-Заманауи ақпарат тасымалдаушы мессенджерлердің қатарына: твиттер, ватсапп, фейсбук, инстаграм, вконтакте, тикток, вайбер, телеграм, эмэйл поштасы, ютуб, однокласники, агент, друговкруг және т.б. жатады. Кейде жергілікті мемлекеттік заң мекемелеріне белгілі әлеуметтік желідегі ақпаратты таратушы тұлғаның аты-жөнін рәсімдейтін мәліметтерді алу да қолжетімді болмай жатады. Диккенстың пікірінше, әлеуметтік желілер әлемде үстемдік еткен кезден бастап, қылмыстар саны өткен ғасырға қарағанда 14 есеге жоғарылап отыр екен [24].

Енді әлеуметтік желілердің саяси ахуалдың өрістеуіне және конфликтілік жағдайдың қалыптасуына қатысы қаншалықты деген сұрақтың да туындауы орынды. Конфликтілі көңіл-күйдегі адамның өңдеуден өтпеген ақпаратының әлеуметтік желілер арқылы желі қолданушылар арасында үлкен жылдамдықпен тарайтындығын білеміз. Тель-Авив әскери зерттеу институты мамандары ондай кезде әр оныншы адамның көтеріліске не конфликтіге тез араласып кету ықтималдылығының өте жоғары екендігін айтып көрсеткен. Яғни, әр қоғамдағы халықтың оннан бірі үлесінің жанжалға жақын көңіл-күйде болатынын көре аламыз. Бейбіт күнде ондай адамдар аздықта болғандықтан, саны көп позитивті адамдар арасында көрінбей де өмір сүрулері мүмкін. Ал ахуал жағдайында массалық үлестерінің динамикалық өсуі

оординаталық қарқынмен дамып, өз қастарына позитивті адамдар тобын да оңай ерте алатын қабілетке ие болады. Американдық саясаткер К. Райстың пікірінше, осындай маргиналды топтар өкілдерінің басым көпшілігі қызыл тілді харизмаға ие. Қалған әлеуметтік топтар өкілдері аяқ астынан орын алған ахуал жағдайында не үшін алаңда жүргендерін де түсінбей қалулары мүмкін. Біртұтас массалық психологияға ерік берілгенде адамзат баласының мәдени этикасының артында көрінбейтін табиғи қатігездік жанданады.

Үлкен демонстрациялар кезінде қарапайым адам да өзінің жалғыз еместігін және заңмен жазаланбайтындығын түсініп өз өмірінде жиналған сәтсіздіктермен есеп қайырғысы келіп кетуі де ғажап емес. Жаңа ғасырда әлеуметтік желілерді жиі пайдаланатын және саяси көзқарастарының жаңашылдығымен ерекшеленетін бұл – жастар болып есептеледі. Колумбиялық университет зерттеушілері бүгінгі таңда әлеуметтік желіде өз тәулігінің жартысына жақын уақыт өткізетін американдық жастардың үлесінің жалпы жастар үлесінен 1/5 құрайтындығын анықтап, алаңдаушылық танытып отыр. Осыған ұқсас көрсеткіш елімізде де жоғарылау үстінде.

Әлеуметтік желілер тек ақпарат көздерін дұрыс емес тасымалдауға көмектесіп қана қоймай, жастарды мәдени диградацияға да ұшыратып жатқанын көреміз. Реалистік өмірден қаншалықты адам алыстаса, соғұрлым ол өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарай алмайтын апогеяға жетеді. Мұндай адамдар тобы конфликтілік жағдайларға бейім және көп жағдайда конфликтілік алғышарттарды өз бойларында тасымалдаушылар болып келеді. Жастар арасындағы әлеуметтік желіге тәуелділік олардың саяси белсенділігінің төмендеуіне, саяси процесстерге дұрыс баға бере алмайтын деңгейге жетуіне алып келеді. Сонымен қатар жастардың компьютерлік ойындарға, түрлі геймпадарға да тәуелділігі арту үстінде. Түрлі құмар ойындармен санасын толтырған жастар үшін қарапайым өмір құндылығының мәні мен маңызы да қалмайды. Бұдан ондай жастардың тарапынан бейбіт күнде төне алатын қауіп пен қатердің деңгейінің жоғары екені байқалады.

Бұл мәселе өткен ғасырда Еуропа әлеуметтанушыларының тарапынан көтерілмеді, өйткені ол кезде бұл мәселе болмады. Психологтардың алаңдаушылықтарында үлкен себептер де бар. Бұл сәнді дерт адамзат баласының жақын келешекте ғылымға, білімге, спортқа, өнерге, әдебиетке деген құштарлығын түгел жойып жіберуі мүмкін. Әлеуметтік желілерде түрлі заңмен тыйым салынған тауарлардың жарнамалануы мен көптеген қылмыстардың жүзеге асырылып жатуы мемлекетті құраушы жергілікті халық үшін аса қауіпті. Әлем бойынша қазіргі таңда жастар тарапынан саяси белсенділіктің төмендеп бара жатқандығын көреміз. Жастардың қазіргі қоғамда өз орындарын табуға және жандары қалайтын жұмыспен қамтылуларына жағдай жасау мәселесі кезекті күн тәртібінде тұр. Мемлекеттің келешегінің өз жастарына тікелей байланысты екені баршаға аян. Осы тұста айтылған мәселелердің шешілмеуі саяси дағдарысқа не жаңа қақтығыстарға ұласуы мүмкін.

Біздің мемлекетте соңғы жылдары жастар назарын ұлттық саясатқа әлеуметтік желілер арқылы аударуға қадамдар жасалып келеді. Әр шенеунік белсенді әлеуметтік желіде парақшасын жүргізіп, жастармен өз тәжірибесімен бөлісе бастады. Үлкен әлеуметтік желілерде мемлекеттік парақшалар ашылып, әр Қазақстан республикасы азаматтары мен азаматшаларының арыздары мен шағымдары онлайн форматта қабылдана бастады. Бұл игі бастамалар «Жаңа Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асуына айтарлықты үлес қосары сөзсіз [25].

Жоғарыда келтірілген мәселеге дәйек көзі ретінде 2022-жылдың қаңтар айында елімізде өткен қанды ереуілді айтсақ болады. 31-желтоқсанды көтеріңкі көңілмен тойлап, жаңа жылды күтіп тойлауға әзірленген халық лезде жаңа күтпеген қанды қырғынның басталатынын білген жоқ. Таң ертесімен теледидар ұлттық каналдарында және түрлі мессенджерлерде газ бағасының 60 теңгеден 120 теңгеге дейін көтерілгендігі хабарланып, нәтижесінде жергілікті Жаңаөзен қаласының тұрғындары – мұнайшылардың ретсіз жиналған акциясына ұласты. Бұл жағдайлар жан түршігерлік жылдамдықпен еліміздің барлық төңіректеріне әлеуметтік желілер

арқылы тарап, челлендждік сипат алды. Әр облыс, қала, аудан мен ауыл тұрғындары бас көтеріп, Жаңаөзендіктерге онлайн қолдау көрсетіп жатты.

2-қаңтар күні ереуілшілер саны Жаңаөзенге жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарының есебінен екі есеге ұлғайып, өзге аймақтарда орналасқан ірі қалаларда ереуілге үкіметке қарсы шығуға үндеу хаттар тарататын адамдардың саны өсе түсті. Келесі күні радикалдық сипат алып, жастар тарапынан жекелеген топтар санының өсе бастағандығы байқалды. Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Астана, Қарағанды секілді ірі мегаполистерде көпшілік студенттердің қысқы мерзімдік каникулдарына кетіп үлгермеулеріне байланысты студент жастардың белсенділігі анықталған болатын. Алматыда кешкі сағат 5-дің шамасында көшеге шыққан жастардың саны 10000-нан асып, келесі 1-2 сағат ішінде 40 мыңға дейін көтерілген болатын. Психологиялық түрде мұндай жағдайда көптеген жастар не үшін шығып жатқандарын да түсінбеген сыңайлы [25, б. 74-75].

Өздерінің жазаланбайтындықтарын іштей сезінген жастар тобы ереуілді қолдаушы үшінші күштер жетегінде жаппай тәртіпсіздік акцияларына ашық қатыса бастады. Нәтижесінде жүздеген полицейлік көліктер өртке оранып, мемлекеттік ғимараттар қиратылды, банктер тоналды, үлкен сауда кешендері орындары шабуылдарға тап болды. Мородерлер саны тез көбейіп, жергілікті бейбіт қала тұрғындарына шабуыл жасай бастады.

Сараптама жасасақ, ереуілдің артында жастарды қозғаушы механизмдік күшке айналдырып отырған үшінші күштердің болғанын көре аламыз. Аяқ астынан пайда бола салған ереуіл кезінде жаппай тәртіпсіздік орын алғанымен, стратегиялық объектілерге шабуыл жасау секілді мақсаттар қарастырылмауы керек. Жансақтау бөліміне түскен науқастардың кейінгі берген сұхбаттарында оларға қару таратқан бір топ қарулы адамдардың ереуіл кезінде жүргендігін және соларға ұқсас өзге топтардың көтеріліс барысында жетекшілік еткендігін ести аламыз. Алғашқы соққылар қаламыздағы қару-жарақ сататын дүкендерге тиісті болды. Жаппай мұздай қаруланған ереуілшілер ұжымдық қатігездік

қадамға көпшіліктің айқайымен қалай барып қалғандарын да білмей қалған секілді. Тәртіп сақшыларын ұрып, зорлық-зомбылықтарға жол берілді. Қазақстан қызыл зонаға айналып, интернет желісі тәуліктер бойы қол жетімсіз күйде болды.

Қатысушылардың бейне баяндардан да басым көпшілігінің «мелет жастарына толмаған мектеп оқушыларынан, колледж студенттерінен де құралғандығын байқау қиын емес. Көп ереуілшілердің Алматыға өзге шалғай аймақтардан келген студенттер екені де анықталды. Алматы облысы, Жамбыл облысы, қазіргі Жетісу облысы тұрғындары Алматы қаласындағы ереуілшілердің 80%-ға жуығын құрағаны мәлім. Олардың Алматыда баспана жалдап тұратындығы, жұмыс бабымен жылдар бойы Алматыда өмір сүргенімен тұрғылықты баспанамен қамтылмағандықтары, сол үшін де үкіметке деген іштей реніштерінің өсіп, өз өмірлеріндегі сәтсіздіктер үшін саяси элитаны айыптауларына алып келді. Монографияның басында айтып өткен маргиналды топтар өкілдерінің қауіптілігі жаппай тәртіпсіздіктер орын алған тұста сол ереуілдерге қатысып кету белсенділіктерінің жоғары болуында жатыр. Ал, әлеуметтік желілерде өңделмеген ақпараттардың таратылуындағы зардаптың үлес салмағының қаншалықты екендігін осындай ереуілдер кездерінде ғана түсініп жатамыз.

Ереуілдің уақытылы тоқтамауы кезінде мемлекетте радикал топтардың ықпалымен азамат соғысының басталып кету қаупі тұрды. Нәтижесінде ОДКБ ұйымының бастамасымен шекарамызға Ресей, Армения мемлекеттерінің қарулы күштері кіруге мәжбүр болды. Қантөгіс кезінде мерт болған жастардың үлес салмағы нақты айтылмай, түрлі сайттар мен газеттерде түрлі коэффициенттерді көрсеткен болатын. Ереуіл барысында бүлінген ғимараттардың қайта жаңартуға, жойылған инфра құрылым орындарын қайта салуға қыруар қаражат жұмсалып, мемлекетке орны толмастай зиян келгені белгілі. Азаттық радиосының мәлімдеуінше үшінші күштердің қаржыландыруымен жылдар бойы радикалдық топтар дайындалған көрінеді. Азаттық радиосы журналистерінің зерттеу жұмыстарына қарағанда, қаңтар оқиғасы негізінде биліктің ауысуы жүзеге асу керек болған. Бірақ мемлекет басшысының және

саяси элитаның шұғыл түрде қолға алған жұмыстарының барысында үшінші күштердің бұл пиғылы жүзеге аспады. Біршама үлкен лауазымды тұлғалар қызметтерінен босатылды. Сонымен қатар газ бағасының жаңа жылды тойлау мейрамымен сәйкес келуі де сәйкестікке көп келмейтін тәрізді [25, б. 134].

Біз жастардың да бұл ереуілде жетекші рөл ойнағанын және көп жастардың саяси білімдерінің төмендігін байқай аламыз. Жастардың әлеуметтік желілерде тарайтын тексерістен өтпеген мәліметтерге сенгіштігі, өзге күштердің жетегінде жаппай еріп кете алғыштығы секілді жңіл қадамдарды болдырмау үшін үкімет тарапынан жіберілген қателіктерді қайта математикалық модельдеу барысында өңдеу қажет.

Мемлекеттің дамуы үшін қолайлы бағдарламалардың барлығын жастардың қолдау аясында жүзеге асырғанның бір пайдасы – қаңтар секілді қанды ереуілдер барысында саяси білімі мен белсенділігі жоғары жастар жаппай тәртіпсіздіктерге бармай, керісінше мемлекеттің амандығының күзетіне тұра алады. Еліміздің батыс өңірі саяси ереуілге ең жақын болуымен және көтерілістік сипатымен ерекшеленеді. Бір Жаңаөзен қаласында 1989-жылдан күні бүгінге дейін 4-5 ереуіл болып өткенін біле аламыз. Яғни, ондай мекендерде саяси зерттеу институттарының филиалдарының ашылып, жастардың саяси сауатын арттыру жұмыстарымен айналысуы қажет [25].

Саяси конфликтілер өз фазасында бақылаудан шыққан жағдайда, көлемді қақтығыстардың басталуына алып келеді. Сол үшін жаңа заман талабына сәйкес математикалық модельдеу механизмін қолдану қажеттілігі туындап отыр. Саяси топтар мен таптар арасындағы қақтығыстарды да модельдеу барысында олардың латентты табиғатын анықтауға мүмкіндік аламыз. Конфликтіні дұрыс сараптау үшін алдымен жақсы модельдың таңдалынып алынуы қажет. Ақпараттық технологиялар арқылы барлық саяси процесстерді модеьге салып, олардың даму тенденциясын оптималды түрде талдауға мүмкіндік аламыз. Қарапайым адам немесе мамандар топтарының мұндай сұрақтармен айналысуына ондаған айлар қажет болса, ал модельдеуге дайын

ақпараттық технология үшін тек бірер уақыт қана қажетті. Мысалы, ютуб желісіндегі белгілі конфликтіге байланысты видеолар санын, олардың уақытын, сол видеоны түсіруші авторлардың сол оқиғаға байланысты пікірлері мен түрлі комментарийлерді қалдырушы желі қолданушылардың ұстанымдарын біліп әрі сараптап шығуға адам айтқысыз ұзақ уақыт қажет. Ал, компьютерлік модель барысында бұл жұмысты іске асыру өте оңай әрі тиімді. Жұмыс жасау барысында комментарийлерді қалдырушылардың саяси көзқарастарын анықтай аламыз. Қанша үлестік пайызда желі қолданушыларының мәселеге айналып отырған тақырыпты қолдайтындығын және қаншасының қарсы екендігін білу арқылы жалпы мемлекетке шаққандағы саяси трек картаны құрастыра аламыз.

Өйткені ақпаратты өңдеу барысында шынайы халықтың саяси білімі мен саяси темпераментын да оңай біле аламыз. Кейде үкіметке ашық өз көзқарастарын айтып білдіре алмайтын адамдар тобы да өз ойларымен комментарийлерді жазу барысында ғана бөлісіп, белгілі комментарийлерді қолдап не сынап отырады. Мемлекетке деген халықтың тарапынан сенімнің қаншалықты екендігін, қаншалықты қауіп ұялата алатындығы секілді кейде әлеуметтік сұхбаттарда көзге іліге бермейтін жасырын ақпараттарға заманауи модельдеулерді қолдану барысында қол жеткізе аламыз. Мемлекеттік саясаттың қаншалықты жергілікті халықтың назарынан шығып жатқандығын білу саяси элита үшін құнды ресурс. Заманауи саясаттану ғылымына жаратылыстану ғылымдарында да қолданылатын: өлшеуіш, реттеуіш, проекциялауыш, параллель көшіргіш секілді құралдарды әлеуметтік ғылымдарда да қатар қолдана бастауымыз жөн. Ақпараттарды ақпараттық технологиялар көмегімен өңдеудің тиімділігін көрдік [26, с. 34-35].

Саяси жанжалдарды тек ақпараттар ғана емес, адамның өз ішіндегі конфликтілік жағдайлар да туғыза алады. Конфликтілік харизманы тасымалдаушы тұлғаларды әлеуметтік өмірдегі құбылысқа теңесек те болады. Әлем тарихында үлкен конфликт деп дүниежүзілік масштабта болған соғыстарды айту дәстүрге айналған. Ал, ондай конфликтілердің басында тұрған: Б. Муссоли-

ни, А. Гитлер, Ф. Франко, Н. Чаушеску, С. Хирохито, И. Сталин сынды тарихи, һәм саяси тұлғалардың бәрі де конфликттік харизмаға ие болған адамдар қатарынан болған еді.

Конфликттік потенциал да физикалық энергия ұғымымен мағыналас. Энергияның бір денеден екінші денеге оңай таралуы секілді конфликттік потенциалы және харизмасы басым адамдардың қоғамға, саяси өмірге қатысты хаостық идеологиясы әлеуметтік топтар арасында да тез тарай алады. Нәтижесінде бір идеологиямен қаруланған адамдардың санының өсуі мемлекеттік биліктің ауысуына, күтпеген саяси қатігездіктер мен түрлі революцияларға алып келе алады. Ницшенің жазуынша, ең үлкен конфликт деп соғысты қарастырған жөн. Алайда конфликт те өз бойында екі жақты қозғаушы күшке ие. Жақсы конфликт ұзақ мерзім жалғасқан латентты теке-тірестің алдын алып, екі тарапқа да оңтайлы шешімді алып келеді. Конфликттің бұл түрі қоғамның дамуына, мәдениет пен ғылымның жандануына, демократиялық принциптердің дамуына көмектеседі.

Конфликттің бұл түрінсіз адамзат өркениетінің кең құлаш жаюы мүмкін емес. Барлық өткен ғасырдағы есімдері бізге мәлім классикалық еуропалық әлеуметтанушылар конфликтсіз қоғамның өмір сүруі мүмкін емес, ол қоғам өмірінде маңызды орын алады деп пайымдаулары да сондықтан. Өркениеттің дамуы үшін Еуропа ағартушы ғалымдарының ғылыми конфликт барысында діни шіркеу қызметкерлерімен ұзақ ғасырлар бойы күрескендігі, адамзат нәсілінің теңдігі жолында өз құқықтары үшін тақты ұзақ уақыт иемденіп келген монархтарға қарсы бас көтергендіктері жатады.

Сонымен бірге күйретуші стихиялы күшке ие хаостық конфликт түрі де бар. Бұл туралы тегі палестин американдық зерттеуші Н. Талей өз еңбектерінде жазады. Позитивті (жақсы) конфликтті бақылауда ұстауға болғанымен, хаостық конфликт өз табиғатынан бақылауға көне бермейді. Ол өзінің масштабтылығымен, тез тарайтынымен, қан төгістік сипаттағы ереуілдерімен ерекшеленеді. Яғни, мұндай конфликт ушығып, өз шеңберінен шығып кеткен жағдайда мемлекет құлдырап, өмір сүруін тоқтатуы мүмкін. Не болмаса идеологиялық тұрғыда жаңа жүйеге ауысады.

Өткен ғасырдағы әлеуметтанушы ғалымдар конфликтілерден тек позитивті ғана көруге талпынғандықтарына байланысты, конфликттің хаостық табиғаты толықтай ашыла қоймады. Конфликт те өзінің даму эволюциясын бастан кешіріп, әр ғасыр сайын жаңа түрлермен толығып, жаңарып отырады. Ли Куан Ю өз мемуриалында барлық конфликтілер саясатқа алып келеді деген болатын. Бұдан көретініміз, тұлғалық, партиялық, діни, этникалық, бір жыныстылық, мемлекет ішкілік, халықаралық, идеологиялық, ақпараттық және т.б. конфликтілер де өз шеңберінен шыққан жағдайда тікелей саясатқа араласа алады. Бұл мемлекеттің біртұтастылығы мен құзіреттілігіне тікелей қауіп төндіреді. Конфликттің хаостық табиғатының зерттелуі толықтай нәтиже бермей отырғаны шындық. Бірақ оны позитивті конфликтімен бірге қарастырмай, бөліп шығарғанымыз жөн секілді [26, б. 72].

Әр конфликттің даму динамикасы стихиясы бастапқы пайда болу мекеніне байланысты түрліше болады. Дегенмен де жастар арасында конфликт аға буыны өкілдерінің арасына қарағанда үлкен қарқымен дамып, тез тарай алады. Саяси белсенділігі және саяси білімі төмен жастар тобы конфликтілік топтардың ықпалына тез өтіп кете алумен қоғам арасында тұрақсыздық тудыра алады. Ондай жастар өкілдері көп жағдайда түрлі діни ағымдардың, радикалдық топтардың, ұлттық және түрлі этникалық тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылардың қол шоқпарларына оңай айналып кете алады. Елімізде соңғы уақытта білімге деген сұраныс артқанымен, саяси белсенділік өз орнынан едәуір ғана жылжыды. Білім алуды ақпарат жинаумен шатастыратын адамдар тобы кейде радикалдық көңіл-күйдегі заңмен тыйым салынған дұрыс емес ағымдарға ілесіп кетіп жатады. Сирия соғысында Қазақстан республикасы аумағынан аттанған қазақ жастарының саны британдық сайттың мәлімдеуінше 2000-нан астам адамды құрап отыр.

Ондай идеологиямен қаруланған топтар өкілдері елге қайта оралған сәтінде қайтадан бейбіт күндегі нормал өмір шарттарына мойынсұнбаулары да мүмкін. Сондықтан өздерін қоршаған өзге туыстарын, жақындарын, достарын, замандастарын өз идеологиясына тарта бастайды. Мұндай кезде адамзат баласының өмір

құндылығы радикалық бағыттағы идеологиядан кейінгі орынға қойылып, саяси өмірге басқа көзқараспен қарай бастайды.

Көп жағдайда мұндай қадамға маргиналды топтар өкілдерінің баратынын айтқан болатынбыз. Олар өздерімен көзқарастары бірдей адамдармен тілдесіп, ортақ сәтсіздіктерге кінәлі ретінде мемлекетті есептейді және мемлекетпен есеп қайыруға дайын жүреді. Құрбандары ретінде олар өз сенімдеріне көбінесе саяси білімі жоқ жастарды қабылдайды. Жарты тәулігін әлеуметтік желіде өткізетін жастар үшін үйден шыға салысымен реалистік өмірде жолдас, серік табу мәселесі кейде қиындықтар туғызады. Ал, жат идеологияны ұстанған адамдар қатарынан әрі өздеріне бірден жаңа достар мен қолдау, қорғау тапқан жағдайда олар кейінгілерге төтеп бере алмайды.

Еліміздегі қанды қаңтар оқиғасы кезінде де осыған ұқсас жағдайларды байқасақ болады. Осындай қақтығыстарды болжау үшін бізге мәселеге арқау етіп отырған математикалық модельдеулер қажет. Американдық математик Фишердің мектебі бойынша барлық әлеуметтік өмірдегі жағдайларды ықтималдылықтар теориясы негізінде қайта қарастыруға болады. Соңғы он жылдықта болған дүмпулерді анализдеген сайын олардың функция абциссасындағы мерзімін шамалаймыз. Кез-келген мүмкін шамадағы ықтималдылығын есептеу тәрізді мемлекет ішінде келешекте болуы мүмкін конфликттің де мерзімін білуге болады. Яғни, үкімет ондай кезде алдағы болатын өзгерістерге дайын бола алады. Алдын алудың бағдарламалық жоспарлары жүзеге асырылып, адам шығынын болдырмауға тырысады.

Ақпарат өз алдына ресурстық тұрғыдан ең маңыздыларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттер арасындағы коалициялық қатынастардың дамуына ықпал ететін факторлар қатарында десек болады. Нарықтық уақытта бәрі де әділ мәлімдеме «Кім ақпаратқа ие болса, ол әлемге иелік етеді» деген тұжырымдама аясында күресуде. Қай кезде де қолда бар ақпаратты тиімді пайдалану қажеттілігі бірінші орынға шығады. «Ойын теориясы» және «оңтайлы басқару теориясы» дұрыс шешімді қабылдауға мүмкіндік береді. Әр түрлі жанжалды және жанжал

алдындағы жағдайлары а дұрыс шешімдер ғана реттей алады [26, б. 102].

Жоғарыда айтқан жастар арасындағы ақпараттық кеңістікті ойындар теориясы негізінде де математикалық модельдеуге алуға болады. Конфликттің ең өрістеген түрін егер әскери қақтығысқа әкеп соқтыратын массалық тәртіпсіздіктер ретінде қарастырсақ, сондай бейбіт емес шерулерді біз ойындар теориясы арқылы саптап аламыз.

Көбінесе көптеген жағдайлардың ішінен бір әрекет нұсқасын таңдағанда жағдайлар туындауы мүмкін, онда бірнеше қарсыластар қатысады. Тараптар, мысалы, басып алу тобы және кідірілген қарсылас рөлінде бола алады. Мұндай жағдайлар қақтығыстану ғылымында қақтығыс деп аталады. Жанжал жағдайында шешім қабылдаушы тек өзінің мүдделерін ғана емес, сонымен бірге мақсаттарын да ескеруі керек. Жалпы жағдайда белгісіз жаудың мүдделері ескерілмей, оған көңіл бөлінбегендіктен үлкен мәселелерге әкеледі. Осылайша, бұндай өте қиын сауал кезінде әрқайсысы үшін оңтайлы әрекетті таңдау жағдайы ұсынылып және жанжал жағдайына қатысушылар үшін де таңдау мүмкіндіктері беріледі.

Әртүрлі жүйелердің дамуында жалпы заңдылықтардың болуына байланысты оларды зерттеуге болады. Математикалық әдістермен шешуге арналған проблематиканы математикалық модельдеу саласы жақсы қарастыра алады. Бұл математикалық модельдеу математиканың келесі саласы арқылы құрылады. Модельдеу барысында жасалатын іс-әрекеттерді бірнеше сатыға бөлсек болады:

3. Операцияларды зерттеу (зерттеу бөліміне сәйкес ойын теориясы оның бөлігі болып табылады).

4. Операцияларды зерттеу (IO). Адамның әртүрлі қызмет ету салаларында шешім қабылдау процесін қолдайтын математикалық құрал ретінде пайдаланылады.

Бұл операция өз кезегінде шешім қабылдаушыны ғылыми әдістермен алынған қажетті сандық ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін барлық құралдарды сипаттайды. Математика

мен әртүрлі әлеуметтік-экономикалық пәндердің тоғысында операцияларды зерттеу үрдісі қалыптасты [27, б. 11].

Математикалық модельдеу саласындағы бірінші күрделі әскери-стратегиялық міндеттер Фредерик Ланчестердің тұсында пайда болды. Оның ең маңызды нәтижелерінің бірі 1916 жылы ашылған «негізгі факторлар мен сандық байланыстардағы квадраттық заңның күштік ауқымы және сандық артықшылығы, қарудың тиімділігі» деп аталатын жаңалығынан бастау алды. Бұл еңбек өте жоғары бағаланып, сол кезгі көптеген ғылыми жинақтарған енді. Ланчестердің пікірінше, жекпе-жекке бір уақытта қос тараптың кіру кезінде көрсетілетін тірі күштің сандық артықшылығы өзгеріп тұруы мүмкін. Одан да өзге даму деңгейлерінде неғұрлым жетілдірілген әлеуметтік әрі физикалық қаруды қолдану потенциалы ауысып отырады. Өйткені басты рөлді өз әскерлерінің шоғырлануы атқарады және жау күштерін бөлшектеу сегментикасы жоғары нәтиже береді. Ланчестердің квадраттық заңын қолданудың мысалы ретінде Нельсон Трафальгар шайқасындағы қарсыласу тактикасын айтсақ болады.

Ойын теориясы деп аталатын қақтығыс жағдайында шешім қабылдаудың математикалық модельдері операциялық жоспарларды әскери-тактикалық әзірлеуде кеңінен қолданыла алады. Алғашқы жұмыстар ойындар теориясы бойынша әйгілі ғалымдар Цермело мен Борель жасаған XX ғасырға тиесілі. Қазіргі ойын теориясына біздің заманымыздың ұлы ғалымы Джон фон Нейман үлкен үлес қосты. Ол негізгі идеялар мен нәтижелерді тұжырымдап дәлелдеді және ойын теориясының негізгі теоремасына жаңа аксиомалар енгізді. Осы уақыттан бастап ойындар теориясы қарқынды жылдамдықпен дами бастады.

Компьютердің жылдам дамуы және пайда болуы жанжалды ойындарды тиімді шешуге мүмкіндік берді. Теориядағы елеулі жетістіктерге қарамастан ойындар әлі де көптеген мәселелерді қамти алмай келе жатыр. Осы салада белсенді әзірленіп жатқан негізгі бағыттар:

- белгілі бір ойындардың шешімін әзірлеу;
- шешімдердің бар екендігі туралы теоремалардың дәлелі;

- шешімдерді табу әдістерін әзірлеу;
- қолданудың практикалық аспектілері.

Құрылған математикалық модель негізінде оның аналитикалық шешімінің әдістері және виртуалды, нақты шындықтағы қайта құру әдістері таңдалады [27, б. 48].

Ойын әртүрлі мақсаттарға жетуге ұмтылатын екі немесе одан да көп тараптар қатысатын қақтығыстың математикалық моделін білдіреді. Жалпы стратегиялық мүдделері бар ойынға қатысушылар айналып келгенде топтарға немесе коалицияларға біріге алады. Көбінесе ойын модельдерінде екі ойыншысы бар қарама-қарсы тараптар төңірегінде өтеді. Ойынның қатысушылары тергеу барысында қарама-қарсы мүдделері бар екі қылмыскер болуы мүмкін. Жанжалдағы стратегияны таңдау жағдайлары ойыншының әр түрлі іс-қимыл жоспарын білдіреді.

Стратегиялар азды-көпті сәтті болуы іске асу жоспарына тәуелді. Жеңіс ойыншы әрекеттерінің тиімділігінің өлшемі деп аталады. Әр түрлі нәтижелердің нәтижесін сандық түрде көрсету өте қиын. Бірақ бұл жағдайда мұқият болу қажет, өйткені ойын теориясында тек ұтыстар сандық мәліметтермен көрсетілген ойындар қарастырылады. Оның құны, қашықтығы, ұпайлары, және т. б. Ойынның нәтижесі, демек, жеңіс екені анық. Әр ойыншының қолданатын стратегияларына байланысты өзгеріп отырады. Егер нақты жағдайда мәселе туындаса, қатысушының нәтижесі толығымен өзіне байланысты болады. Бұл жағдай ойын ретінде қарастырылмайды, ал, жеңіліс теріс пайда ретінде қарастырылады. Сондықтан болашақта тек ұтыстар қарастырылады.

Әскери істе жанжалды жағдай ұсынылған кезде сипаттамаға байланысты бірқатар қиындықтар туындайды. Олар: ережелер, шарттар, ойыншылар, стратегиялар, қозғалыстар мен ұтыстар, яғни, «егер-онда» сценарийі бойынша алдағы соғыс қимылдарының математикалық моделін сипаттайды. Міндет – бұл жанжалды жағдайда нақты мақсаттарды айтарлықтай жоғалтпай формальды ойынға әкелу мүмкіндігі, шешу әдісін табу, оңтайлы модель қарастыру, есептеулер мен талдаулар жүргізу.

Практика негізінде ойын теориясы бойынша ойынның ең маңызды класы – қарсылас ойыншылар екенін ескеріп, коалицияға

кіре алмайтын коалициясыз немесе кейбір келісімдер туралы келіссөздер жүргізіп көрсеңіз болады. Маңызды коалициясыз ойынның жағдайы – ойыншылардың саны екіге тең, ал біреуінің жеңісі екіншісінің жоғалуына тең. Мұндай ойындар антагонистік немесе нөлдік қосындысы бар екі адамның ойындары деп аталады. Шынында да, егер бірінші ойыншының жеңісі V арқылы белгіленсе, онда екіншісінің жеңісі $-V$ болады және ұтыстардың жалпы сомасы $V + (-V) = 0$. Бірінші ойыншы екіншісінің шешімін білмей, бірнеше мүмкін жағдайлардың ішінен белгілі бір таңдау жасайды (екі, үш қарапайымдылық үшін). Ал екіншісі, жағдайдан хабардар болмай біріншісін таңдау туралы шешім қабылдайды. Егер жоқ болса, стратегияны орнату қажеті оң пайда, содан кейін, ең болмағанда, ең аз шығынға әкеледі [28, б. 89].

Мысал үшін таза виртуалды ойынды қарастырайық. Практикалық әскерилерге жақын стратегияларды қолданулары іс-әрекеттердің туындауына серпін береді. Жауынгерлік операцияны жүргізу барысында келесі жағдайлар орын алады:

1. Жау батыстан алға жылжиды;
2. Шығыс үш мүмкін бағыттың бірі бойынша (1, 2, 3) жүзеге асады;

3. Басып алу тобына жауынгерлік міндет жүктеледі: қарсыласқа қарсы тұру, оларға ашық жекпе-жекті таңу және жеңу.

4. Түсіру тобында үш қозғалыс бағыты бар (А, В, С). Жолдарды кесіп өту екі топ таяу өтетін орынды анықтайды.

Осылайша, соқтығысудың 9 ықтимал учаскесі бар. Олардың барлығы әртүрлі салыстырмалы биіктікте орналасқан. Басып алу тобына салыстырмалы биіктігі ең аз жерде қарсыласқа ашық жекпе-жекті енгізу тиімдірек. Қарсылас тауда өзін сенімді және қауіпсіз сезінеді. Болжалды нәтижесі кестеде көрсетілген әртүрлі биіктіктерге ие. Оптималды басып алу тобының қозғалыс бағыты қандай болуы керектігі тұрақты шамада жүзеге аспауы мүмкін. Басып алу тобы үшін жеңіс ретінде жекпе-жектің орнын таңдауды жүзеге асырудың әр жағдайында біз керісінше алынған аймақтың биіктігін қарастырамыз. Биіктіктің артуы оған стратегиялық тұрғыдан тиімді емес, сондықтан жеңіс аз болады. Алынған ұтыстардың матрицасы келесідей:

$$\begin{pmatrix} -5, 0 & -1,5 & -3,0 \\ -0,5 & -1,0 & 0,0 \\ -2,0 & -1,0 & -1,8 \end{pmatrix}$$

Түсіру тобының оңтайлы стратегиясын табу үшін келесі әдісті қолданамыз. Әрқайсысы үшін шешімнің ең қолайсыз нұсқасын табамыз. Нәтиже қарсыластың әрекеттеріне байланысты, содан кейін ұтыстардың сәулеленген мәндерінен максимумды таңдаймыз. Осылайша мәндердің кепілдендірілген ең жақсысы алынады. Қарсыластың барлық нашар әрекеттері үшін жеңіс, яғни «ең жаманның ең жақсысы» қағидаты бойынша баға берілуі тиіс. Ол үшін түсіру тобының әртүрлі бағыттарына сәйкес келетін матрицаның барлық жолдары талданады. Таңдау кезінде бірінші бағыт (а) ең нашар ұтыс -5,0; бағыт (В) – екінші жолдан ең кіші сан – 1,0; маршрут (С) – матрицаның үшінші жолының ең кіші мәні – 2,0.

Табылғандардың максимумы ұтыстардың мәні – 1,0. Осылайша, екінші бағытты таңдау (В) жекпе-жек учаскесінде болады және ол 1,0 км-ден аспайды. Бұл биіктік таңдау кезінде қамтамасыз етіліп 2-ші жолдың қарсыласы айқындалады. Басқа бағыттарды таңдау кезінде қарсылас траекториясын ауыстыруы ғажап емес. Болжамды алаңның биіктігі әлі төменде, яғни 0,5 км және 0 км қалады. Демек, екінші бағыт (В) түсіру тобы үшін ең аз шығын тұрғысынан оңтайлы болып табылады. Жаңа коэффициент – 1,0 топ үшін түсірілген ойын бағасы деп аталады.

Енді берілген жаудың әрекеттерін қарастырайық. Жанжалды жағдай және олардың оңтайлы мінез-құлық стратегиясын табуға бағытталған жағдайда модельдеудің өзге де стратегиясын пайдаланып көруге болады. Әрине, олар үлкен биіктік мәндерінде мүмкіндігінше қиын жерлерде баспана алу үшін ұмтылуы мүмкін. Сондықтан біз қарама-қарсы алгоритмнен бастаймыз. Максималды мәндерді бағандардан тапқан соң, кейін олардың ең азын таңдаймыз. Бұл өз кезегінде басып алу тобының жеңісі болады, оған қарсылас көп қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Максималды

элементтерден тұратын бағандар: $-0,5$; $-1,0$; $0,0$, ал олардың ең азы $-1,0$. Осылайша, 2-ші маршрутта қарсылас $-1,0$ -ден артық басып алу тобын жеңуге жол бермейді және жекпе-жектің салыстырмалы биіктігі $1,0$ км-ден төмен болмайды. Ойын бағасы қарсылас үшін $-1,0$. Демек, ойынның бағасы бойынша екі қарсылас бірдей түседі. Таза стратегияларды көріп отырғанымыздай математикалық модельдеулер арқылы құруға болады. Біз седла деп аталатынды нүктені таңдау барысында позициялық ерекшеліктерді естен шығарып алмауымыз керек. Егер сіз рельефті бүйірден қарасаңыз, онда седла орналасқан (В) және (2) маршруттарының қиылысында не бар екенін көруге болады [28, б. 112].

Белгілі бір стратегиядағы матрицалық ойындарды, өлшемдерді, мысалы, MS EXCEL кестелік процессорында автоматтандыруға болады. Қақтығыстану саласы дамығандықтан соңғы кездері дәстүрлі әлеуметтік көзқарастардың ескере бастағандығын көре аламыз. Аталмыш мәселеге байланысты жаңа да әдістер мен тәсілдерді пайдалану заманына келдік. Көптеген әскери және азаматтық қақтығыстарды болжауда ойын теориясы арқылы белгілі болжам нәтижеге қол жеткізе аламыз. Ойын теориясының Отандық оқулықтарға енді еніп жатқанына байланысты, зерттеу жұмыстарының аз көлемде ғана жасалынуы бұл сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтар туғызып та жатады. Бірақ ойын теориясын түсіндіру барысында кейде жанжалдарға қатысушы жақтар бір-бірін позициялық тұрғыда мойындамағандықтан жанжалдасатынын байқадық. Өздеріне ұтымды позицияға түсу алаңында еркін қимылдап, жоспарда жоқ эмоциялардың бөлінуі салдарынан болжау мүмкіндігі қиындай түсетіндігі ақиқат. Тіпті кейде ондай жағдайлар халықаралық деңгейдегі мемлекеттер арасында да кездесіп жүреді. Мысалы ретінде бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұтымды позицияға шығуы үшін Германияның «Шлиффен» жоспары бойынша Франция жеріндегі стратегиялық маңызды пункттерге Бельгия арқылы басып кіруін келтірсек болады. Адамзат баласының стратегиялық маңызды орынды иелену үшін бәсекелестігі жанжалдардың пайда болуына әсер ете алатындығына көзіміз жетті деп есептеймін.

Жаңа әлемде қақтығыстар генезисі эволюциясы жаңа қарқынмен дамып, кейде бақылау мен басқарушылықтан шығып та жатады. Ал, өткен ғасырда пайдаланылған әлеуметтік әдістер мен тәсілдер бізге бұл мәселені шешуде жақсы нәтиже бере бермейді. Сол үшін жаңа әдістерді пайдалану қажеттілігі туындары рас. Ойындар теориясы қақтығыстардың генезисінің қалыптасуына және дамуына жаңа серпін бере алады.

Конфликтілер мен конфликтілік жағдайлар барлық адам өмірінде болатын іс-қимылдар полигонындағы нәтижелерге алып келеді. Теоретикалық информатиканың дамуымен мұндай проблематиканы модельдеудің нақты әдістері пайда болды. Дегенмен де конфликтілік проблематика өзінің көлемі бойынша әрқилы, сондықтан конфликтілерді модельдеу барысында түрлі математикалық әдістерге жүгінеміз. Қолданыстағы алғашқы әдістер басқа әдістерден өздерінің бағыттары бойынша ерекшеленуі мүмкін. Бір конфликтілік сәтке пайдаланған бір математикалық модельды конфликтінің екінші түріне пайдалана алмаймыз.

Жастардың әрекетін математикалық модельдеуге салмастан бұрын алдымен матрицалап алсақ та болады. Егерде мен I мен J мағыналас жастардың әрекеті болса, олардың туғызуы мүмкін жағдаяттарын қарастырайық. J элементі I элементін сипаттай алатын қабілетке ие болсын дейік. Осы жерден орын ауыстыру комбинаторикалық заңдылығына сәйкес біз келесі математикалық өрнектер ретін аламыз: $V_{ii}, V_{ji}, V_{ij}, V_{jj}$. Бұлар әсер ету және ықпал жүргізу аймағына кіретін барлық әрекетке қабілетті жастардың көңіл-күйлері мен конфликтілік белсенділігіне жауап бере алады. Аталмыш үрдісті келесі теңдік түрінде жазсақ болады:

$$V_{ii} = IC(A_i) \quad [29, \text{с. } 13-14].$$

А объектісінің көңіл-күйін параметрлеген кезде жоғарыдағы теңдік алып, оны матрицалауға көшсек болады:

$$V = \begin{vmatrix} V_{ii} & V_{ij} \\ V_{ji} & V_{jj} \end{vmatrix} \quad \text{Матрицалау барысында әрқайсының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескерген жөн. Өйткені, } V_{ii} \text{ егер}$$

де V_{ij} - дан үлкен болса, онда V_{jj} көрсеткіші V_{ji} - дан үлкен болады. Бұл көрсеткіштер берілген есептеулердің негізгі шартта-

рына байланысты ауысып, өзгеріп те отыруы мүмкін. Жастарды көп векторлы A объектісі ретінде алайық.

Күткен нәтижеге деген сенімнің индивидетер арасында жоғалмау шартының орындалуы келесі теңдікпен өрнектеледі:

$$IC_a(t) \geq IC_a(t - dt).$$

Компьютерлік бағдарламаның талаптарын ескере отырып, сандық (математикалық) және сапалық (эксперттік) модельдеуге бейім Изингтың айналдыру моделін қолданғанымыз жөн. Белсенді A элементтер жиынтығын өз шеңберінде қарастыратын S жүйесі бар болсын. Ол кезде айналдыру моделі бізге келесі теңдікті бере алады:

$$pA = (\uparrow, \downarrow).$$

Өзара көрші элементтер үшін келесі түсінушілік шарты орындалады:

$$rG(A_i, A_j) = 1.$$

Берілген әрекеттер егер Изингтік энергия көлемімен өлшенсе, төмендегі теңсіздік қанағаттандырылады:

$$E(r_{A_i - A_j}) \geq 0.$$

Қос элементтің спиндерінің параллельдігі шарты тек келесі шарттар орындалса ғана жүзеге аса алады:

$$pA_i = pA_j (A_i \uparrow A_j).$$

Ал, антипараллельдік шарттары тек төмендегі шарт орындалса ғана мүмкін бола алады:

$$pA_i \neq pA_j (A_i \uparrow A_j).$$

Байлау бұрыштарының энергиясы нөлдік емес көрсеткіште келесі шарттар орындаса бола алады:

$$E(A_j) = \sum E_{rG(A_i, A_j)}.$$

Салыстырмалы депривация кезінде элементтер ең аз деген мөлшерде энергия шығындағысы келеді, егерде $E(A\uparrow) E(A\downarrow)$ есептеу шартына сәйкес келесі нәтижеге қол жеткізілсе:

$$P(A) = \uparrow.$$

Егерде $E(A) E(A)$ шарты есептеу барысында орындалса, онда мына нәтижені ала аламыз:

$$P(A) = \downarrow.$$

Матрица негізінде екі таңбалы формальды ойлау жүйесінің қарапайым күйін стихиялы түрде жастардың жанжалға араласуы кезінде оң нәтижеге қол жеткізуіміз үшін де пайдалансақ болады. Екі таңбалы формальды логиканы символикалық, математикалық немесе классикалық модельді ойлау жүйесі деп атасақ болады. Бұлардың көмегімен жоғарды тоқталып өткен жастардың әрекет ету үрдістерінің ауқымын кеңейту барысындағы нәтижелерді модельдей аламыз [29, б. 173].

Бұл логика екі үнемі бар элементтер жиынтығынан тұрады. Олар: ақиқат (А) және өтірік немесе жалған (Ж) айнымалылары. Түрлі логикалық амалдарды орындау операцияларының, пікірлер мен көзқарастардың мағынасында бастапқы екі айнымалы бар.

Әр жасалынған мәлемдемеге де логикалық операцияларды жасасақ болады. \bar{P} – теріске шығару, $P \vee Q$ – дизъюнкция, ал $P \wedge Q$ – конъюнкция, $P \oplus Q$ – бөлінбелі дизъюнкция болады [9]. Бұл жерде $P \leftrightarrow Q$ айнымалының қажетті бізге эквиваленттілігін көрсетсе, импликациясы $P \rightarrow Q$ арқылы өрнектеледі.

Бұл операцияларды ақиқат кестелерінде бейнелесек болады:
А кестесі. (теріске шығару операциясы кестесі)

P	\bar{P}
А	Ж
Ж	А

В кестесі. (Дизъюнкция, конъюнкция, бөлінбелі дизъюнкция, эквиваленттілік пен импликация операциялары)

P	Q	$P \vee Q$	$P \wedge Q$	$P \oplus Q$	$P \leftrightarrow Q$	$P \rightarrow Q$
Ж	Ж	Ж	Ж	Ж	А	А
А	Ж	А	Ж	А	Ж	Ж
Ж	А	А	Ж	А	Ж	А
А	А	А	А	Ж	А	А

Үйлестірімді логикада келесі заңдылықтардың қолданылғаны орынды:

1. $P \vee Q = Q \vee P$, $P \wedge Q = Q \wedge P$. Дизъюнкция және конъюнкция үшін орын ауыстыру заңы.
2. $(P \vee Q) \vee R = P \vee (Q \vee R)$, $(P \wedge Q) \wedge R = P \wedge (Q \wedge R)$. Дизъюнкция және конъюнкция үшін бірігу заңы.
3. $(P \vee Q) \wedge R = (P \wedge R) \vee (Q \wedge R)$. Дизъюнкцияға қатысты конъюнкцияға арналған дистрибутивтік заң.
4. $(P \wedge Q) \vee R = (P \vee R) \wedge (Q \vee R)$. Конъюнкцияға қатысты дизъюнкцияға арналған дистрибутивтік заң.
5. $\overline{P \vee Q} = \overline{P} \wedge \overline{Q}$, $\overline{P \wedge Q} = \overline{P} \vee \overline{Q}$. Де Морган заңы.
6. $P \vee P = P$, $P \wedge P = P$. Тавтология заңы.
7. $P \wedge (P \vee Q) = P$, $P \vee (P \wedge Q) = P$. Сіңіру немесе жұту заңы.
8. $P \vee \Pi = P$, $P \vee T = T$. Тұрақты ақиқат мәндері бар ұсыныстарға әрекет ету заңы [30, с. 34-35].
9. $\overline{\overline{P}} = P$. Қос бірдей теріске (жөкке) шығару заңы.
10. $P \vee \overline{P} = T$. Үшінші айнымалысыз жасақталған заң.
11. $P \wedge \overline{P} = \Pi$. Қарама-қайшылық заңы.
12. $(P \rightarrow Q) = \overline{P} \vee Q$. Айнымалыларды салдарлық түсіндіру заңы.

Екі жақты логика барысында құрылған тұжырымдардың дұрыс жұмыс жасауы үшін бастапқы екі кестенің амалдарды орындау кезіндегі нәтижелері жуық мәнге шығып, жоғарыда келтірілген заңдар арқылы дәлелденуі тиіс. Логикалық заңдылықтар өз кезегінде түрлі көзқарастардың позитивті не негативті көпқырлығын, эмоцияларды эквивалентке оңай ауыстыра алады [10, б. 102]. Логикалық амалдардың тізбегінің дұрыс құрылуы бізге жеке тұлғаның не әлеуметтік топтардың ойлау үрдісін формальды түсіндіре алады:

$A_1 \wedge A_2 \wedge \dots \wedge A_n \rightarrow B$. Бұл жердегі A_1, \dots, A_n , түрлі көзқарастар легі. Оперция барысында көзқарастардың нәтижесін немесе қорытынды ойды және жаңа көзқарастар легін Q әрпімен алсақ та болады [30, б. 104]. Сол кезде келесідегідей жаңа операция пайда болады:

$(P \rightarrow Q) \wedge (Q \rightarrow R) \rightarrow (P \rightarrow R)$ (импликация транзитивтілігі заңы).

$K = 3$ тұжырымдамасынан бастап көп векторлы логиканың қазіргі мәселеге байланысты ережелері қалыптасты. Бұл жерде үш өлшемді көп формальды көзқарастарды модельдеумен шектелсек те болады. Логикалық заңдылықтар тізбегіндегі конъюнкция, дизъюнкция, эквиваленттілік тұрақтылықтары мазмұнымен жете танысқан соң модельдеудің келесі сатысына өтеміз. Бастапқы қарастырған J және A айнымалыларының қасына енді жаңа B (белгісіз) айнымалысын қосамыз. Осы кезде үш өлшемді логикалық операциялар шығады, бірақ үш өлшемдіде де екі өлшемдіде пайдаланған логикалық операцияларды оңай пайдалана берсек болады.

Жастардың әрекетін кризистік сәтте модельдеу арқылы үлкен дүмпудің нәтижесін алдын ала болжауға мүмкіндік аламыз. Мемлекеттік саясатқа қаншалықты деңгейде және қай пікірді ұстанып жаңа буын жастардың атсалысатындығы туралы тек хабардар ғана болып қоймай, олардың белсенділігін позитивті жаққа бұрып, конфликтіні болдыртпауға, толық қадағалауға дәрменді боламыз.

Аталмыш мәселеге зер салу үшін математика және экономикалық есептеулер секілді жаратылыстану ғылымдарында зерттеу кезінде қолданылатын бірқатар әдістер мен әдіснамаларға мысал келтіріп көрсек. Экономикалық ахуалдарды реттеуде де эконометрикалық математика базасы негізінде жұмыс жасайтын күрделі әрі қарапайым есептеу технологиялары қолданылып келе жатыр. Кәдімгі математикалық эквивалентті егер де біздер элеуметтік эквивалентке ауыстырып, тендіктерді шешу барысында ойындар теориясының негізінде қалыптасқан метаойындар теориясын да қатар пайдалансақ болады. Бұл әдістер мен әдіснамалар өздерінің қолданысы бойынша конфликтілік жағдайдың қай деңгейде өрбіп жатқандығына байланысты пайдаланылады.

Өйткені, кейбір әдістерді барлық конфликтілік жағдайлардың алдын алу үшін қолдана берудің еш мәні болмай қалады. Сондықтан ең алдымен зерттеуші маман конфликтіні толықтай білуі тиіс.

$f(x_i, x_j)$ функциясы индивидтер арасындағы қатынасты сипаттайды, олар мұнда классикалық Гаусс үлестірімі арқылы модельденеді.

$$f(x_i, x_j) = \frac{1}{u\sqrt{\pi}} e^{-\frac{(x_i - x_j)^2}{u^2}}, \quad u = k_c^i k_s^i + k_c^j k_s^j \quad \text{әр түрлі социологиялық зерттеулерде жеткілікті түрде кеңінен қолданылады.}$$

k_s^i – ғылыми-техникалық прогрестің және i -ші жеке тұлғаның/жеке адамдар тобының даму коэффициенті.

k_c^i – i -ші әлеуметтік белсенділік коэффициенті жеке/топтық жеке.

δ – кері Кронекердің кері байланысы.

Мемлекеттік саясатты жастардың көзқарасына сүйене отырып, модельдеу барысында ғана объективті баға берілетін көрсеткіштерді ала аламыз. Әр қилы күрделі мәселені тек бір қырынан ғана танып, біз ойлаған мақсатты түбегейлі орындай алмай қалуымыз әдбен мүмкін. Кез-келген жағдаятқа математикалық мән беріп, есептеу эквивалентіне ауыстыра беруге болады. Тек дұрыс таңдалынған модельге нәтиже тәуелді болады. Өйткені социосфераға математикалық амалдарды көшіру кейде қиындық туғызады.

Өзара әрекеттесетін екі индивидтің немесе индивидтердің екі шоғырландырылған тобының (яғни, бір әлеуметтік, конфессиялық, этникалық және т.б. топқа жататын) қарапайым моделі үшін сыртқы әсерлерді, теңдеулерді ескере отырып, конфликттік жағдайда болатынын атап өтуге болады [30, с. 202]:

$$\begin{cases} \frac{\partial h(x_1; t)}{\partial t} = D[h(x_1, t) - h(x_1, 0)] + \alpha k_c^2 k_s^1 e^{\frac{\psi^2+1}{\psi}} (x_1 + x_2)^2, \\ \frac{\partial h(x_2; t)}{\partial t} = D[h(x_2, t) - h(x_2, 0)] + \alpha k_c^1 k_s^2 e^{\frac{\psi^2+1}{\psi}} (x_1 + x_2)^2, \\ \frac{dx_1}{dt} = \frac{\partial h(x_2; t)}{\partial x_2} + \sqrt{2D}\xi_1(t), \\ \frac{dx_2}{dt} = \frac{\partial h(x_1; t)}{\partial x_1} + \sqrt{2D}\xi_2(t), \end{cases}$$

Бұл жерде $\Psi = k_c^1 + k_5^1 + k_c^2 + k_5^2$, $\alpha = \frac{1}{\Psi\sqrt{\pi}}\bar{\delta}_{k_c^1 + k_5^1, k_c^2 + k_5^2}$.

Осы теңдікті одан әрі жалғастырып, дифференциалдап кетсек те болады. Бұл модельден де шығатын есептеулердің нәтижесі келесі мысал ретінде қолданылатын мета ойындар теориясының нәтижесімен бірдей болары сөзсіз. Тек бұл жерде әдістердің түрлілігі ғана бар [31].

Конфликтіні метаойындар теориясы арқылы модельдеу барысында адамдардың жеке мүдделеріне қатысты барлық конфликтіге алып келуі мүмкін шарттарды қарастырған жөн. Ойын арқылы модельдеу келесі мақсаттарда ғана жүзеге аса алады:

- Үйрету және дайындық кезеңдері;
- Басқару кезіндегі шешім қабылдаушылық;
- Индивидтің шешім қабылдауы кезіндегі үрдістерінің зерттелуі;
- Кәсіби ойындар;

1. *Үйрету және дайындау* кезіндегі ойын моделі конфликтілік болатын жағдайдың барлық кезеңдері үшін тиімді болып саналады. Мектептен мекемеге дейін жас мамандар өз қызметі бойынша ойын моделі арқылы конфликтілерді болдырмауды үйренулері керек. Ойын моделі барлық білім алушыларға стимул бола алады және белгілі топтар арасында тығыз қарым-қатынас орнатуды үйретеді. Бірақ үйретуге байланысты теориялық білім аздығы бар.

2. Басқару кезіндегі шешім қабылдаушылық өндірістік басқару жағдаятында ғана қолданылады. Ойын моделінің бұл мақсатындағы түрі өндірістік не соған ұқсас саладағы шешім қабылдаушы жетекші басшының стратегиялық жоспарланған жобасының қаншалықты іске асатындығын не іске аспау мүмкіндіктерін қарастырады. Сондықтан да ойын моделінде зерттеу барысында қол жеткізген қорытынды нәтижелерді сараптау жұмысы қатар жүзеге асырылады. Жетекшілер мен сарапшы индивидтер ойын моделіне кезекті жұмыс кезінде өзгерістер енгізіп, күтілетін нәтижені өзгерте алатындығын ұмытпағанымыз жөн. Шыққан нәтижеге арқа сүйеп болжам жасамастан бұрын қосылған өзгерістердің ауқымы мен көлемін білген дұрыс. Онымен қоса,

жақсы ұйымдастырылған ойын моделін шешім қабылдаушы топтар өкілдеріне әсер ету мақсатында да пайдалануға болады.

3. Индивидтің шешім қабылдауы кезіндегі үрдістерінің зерттелуі де алдыңғы мақсаттарға ұқсайды. Бұл ойын адамдардың іс-әрекеттеріне бұрыннан қатысты гипотезаларды тексеруге және жаңа гипотезаларды дүниеге әкелуге қолданылады. Осыған ұқсас ойындардың көмегімен жасанды интеллектті жасау секілді күрделі операциялар орындалады. Бұл орайда да аталмыш конфликтті шешу үшін жұмыс жасай алатын жасанды интеллекттер тобын анықтаған жөн. Бұны адамдар өзара қарым-қатынас кезінде де қолдануы мүмкін. Жасанды интеллекттің бір-бірінен айырмашылығы нөлдік сомадағы екі адам ойыны мен әлеуметтік кооперация арасындағы ойындармен салыстырсақ болады.

4. *Кәсіби ойындар.* Көбінесе кәсіби ойындарды уақытша сайран, көңіл көтеретін ойындармен шатастырады. Бірақ кәсіби ойындар басқа ойындар түріне мазмұны жағынан мүлдем ұқсамайды. Сондықтан да зерттеу институтының немесе өндіріс орталығының директоры бұл ойын моделінің көңіл сергітерлік өзге ойындармен ұқсас қырларының бар екендігін түсінуі қажет [31].

Конфликтілік жағдайда адамдар өздерін оптимальды ұстай алмаулары мүмкін. Әсіресе, жас ерекшеліктері төмендеген сайын конфликтіге қатысушы индивид өз сезімдеріне толыққанды ерік беріп қоюы мемлекет тәжірибесінде қалыпты жағдай болып табылады. Сезімдер ереуілі адамды кейде өзі күтпеген түрлі қиын жағдайларға да әкеп жатады. Конфликтіні бақылауда ұстау үшін психокоррективті әдістер де қолданылады. Ол өзінің дүниеге келген сәтінен бастап жастардың конфликтілі ойлау жүйесіне үлкен орын беріп, түрлілік принципі бойынша: әлеуметтік-психологиялық және конфликтілік іс-әрекетке сараптама болып екіге бөлінеді.

Жастар арасындағы конфликтілік жағдайларды үнемі бақылауда ұстауымыз үшін топтық дискуссия мен ойындық әдістерді пайдаланғанымыз абзалырақ. Рөлдік ойнау механизмінде тұлғашкілік конфликтінің: коммуникативтілік, интерактивтілік, перцептивтілік секілді үш жақтылығы маңызды болып табылады.

Өзара әрекеттесуші субъектілер жиынтығы қоғамды құрайды. Қоғамды келесі адамдардан құралатын жиынтық ретінде қарастырайық: $S_1, S_2, S_3, S_4, \dots, S_n$. Олардың өзара қарым-қатынасы спиральды жүйе іспетті. Әрқайсының жеңіске жету ықтималдылығы тек жеке өздерінің таңдаған таңдауына ғана емес, қасындағылардың да таңдауларына тікелей байланысты болады. Яғни, ұжымдық таңдаудың нәтижесі өзге жеке индивидтің өзінің жеке таңдау еркінен тыс оның не жеңіске жететіндігін, не жеңіліске ұшырайтындығын анықтай алады [31]. X ойыны шартына сәйкес ол бірнеше N мүмкін болатын шамаларға ыдырап отырауы мүмкін:

$$X = (x_1, x_2, x_3, x_4, \dots, x_n).$$

Бұл жерде x_i мүмкін таңдалымын тек S_i индивиді ғана жасай алады.

Әр ойынға қатысушы тұлға өзінің функционалды мақсаты бойынша өзге ойынға қатысушылардан ерекшеленеді. Қатысушылардың функционалды мақсатын келесі математикалық символикалар арқылы бейнелейік:

$$J_1 = f_1(x), \dots, J_n = f_n(x).$$

Бұл орайда әр ойыншының x_i таңдауын макро X_i параметрлерінің ішінен жасай алады:

$$x_i \in X_i (i = 1, 2, 3, 4, 5, \dots, n).$$

Кем дегенде екі ойыншының біреуі таңдау еркіндігін алған жағдайда ғана ол ойын болып есептеледі. Екі индивидтің қатысуымен өтетін ойын ойындардың ең қарапайым түрі болып есептеледі.

N ойыншылардың қатысуымен өтетін ойын антогонистік немесе қарама-қарсы мүдделердің ойынына айнала алады [32]. Ол кезде төмендегідей келесі шарттар орындалуы тиіс:

$$\sum_{i=1}^n f_i(x) = 0.$$

Ойын моделінің шартына сәйкес бір жақтың ұтысы екінші жақтың жеңілісіне тең бола алады.

Ойын моделінің келесі түрі болып ойынға қатысушы ойыншылардың параллель мүддеге ие болулары жатады. Егерде бәрінде бірдей ортақ мүдде болған жағдайда, ол басқаша қырынан жүзеге асады.

$$J_i = \lambda_i J_n + \gamma_i, \lambda_i \geq 0 \quad (i = 1, \dots, n-1).$$

Параллель мүдделері бар ойын моделі қарапайым құрылымдардан тұрады. Егер барлық ойыншылардың функционалдық мақсаттары аналитикалық функция арқылы көрсетілсе, онда ондай ойын моделі аналитикалық ойын моделі деп аталады. Ойын шешімін түсіну үшін келесі функцияны қарастырамыз:

$$U_i(S_1, \dots, S_n) = U_i(s), \quad i = 1, \dots, N.$$

Тепе-теңдігі өзара араласқан осындай стратегияда ойынша тек қалған ойыншылардың ортақ мүдделерімен параллель түскен жағдайда жеңіске жете алады.

Метаойындар теориясы. Конфликтілік сәттердің сарапта-малануы барысында сәйкес саяси ұстанымдар арасындағы тепе-теңдік нүктесін анықтай алуы мүмкіндігімен метаойындар теори-ясы құрылады. Саясат пен контрсаясатты таңдау арқылы ойындар бір сарынды тепе-теңдік күйде ілгері қозғала алады [32].

Н. Ховард жеңістер матрицасын алып, оны бірнеше стратегия-ларға жіктеген болатын. Саясаттың жауап бере алу іс-әрекетін және контрсаясатты таңдаған өзге ойыншылардың бастапқы ойыншылардың іс-әрекетіне жауап беру функциялары осы теорияның негізінде жатыр.

Мысалы ретінде белгілі бір мегаполисте бір қарулы жан-жалды орын алды деп есептейік. Сол мегаполисте өмір сүретін тұрғылықты жастар кенеттен аяқ астынан екі полигонға бөлінсін: бір тобы бүлік бастаған оппозициялық адамдар қатарына шықса, екінші бір тобы үкімет жағында қалсын. Математикалық есеп-теу күрделенбеуі үшін жастар үлесі тең екіге бірдей бөлінді деп ойлайық. А тобы оппозициялық топ болсын, В тобы үкімет жағына шыққан топ деп алайық. Көзқарастар мен жеке мүдделердің түрлі

болуына байланысты, екі жақтағы жастар өз көкейлеріндегі мақсат үшін бір-бірімен қақтығысқа түсе алады.

Әр топ үшін ең алдымен қарапайым таңдау тұрады: конфликтті жалғастыру немесе конфликт эскалациясын тоқтату. Егерде бірінші А тобы эскалация жасап, екінші топ эскалация жасамаса, онда екінші В тобы жеңіліске ұшырайды. Егер екі топ та бірдей эскалацияға көнсе, эскалацияға дейінгі ұстанған саясатқа қарағанда үлкен шығынға ұшырайды. Бұл ойын өз структурасы бойынша «тұтқын дилемасы» ойынына ұқсас. Оны төмендегі мысал ретінде келтірген матрицадан көрсек болады:

Екінші ойнаушы В тобының альтернативтері

Бірінші ойнаушы А тобының альтернативтері

N	E
(3, 3) деэскалация	(1, 4) II топ жеңеді
(4,1) I топ жеңеді	(2, 2) деэскалация
Нөлдік сома	Нөлдік сома

Бұл жерде E эскалацияны, N деэскалацияны білдіреді. Барлық жеңістер әр өтілетін оқиғаның мазмұнына тікелей байланысты болады. Әрбір жақтың қандай позицияны ұстанғандықтарына байланысты болуы мүмкін жеңістің стратегиялық жолдары алынады. Мысалы, А тобы болуы мүмкін стратегиялық нәтижелерді келесі топтарға бөледі: жеңіс, эскалация, деэскалация және жеңіліс [32].

Тұтқын дилемасын қарастырғанда жеңістердің жалпы суреттемесін пайдалану үшін жалпы матрица қолданылады. Ол бәсекелестікке ұмтылған кездейсоқ сәттерде тиімді. Бұны кейде тепе-теңдік нүктесі деп те атайды. Сонымен қатар диагональ бойында ойыншыларға жеңісті кезекті уәде етіп, одан да жоғары нәтижелерді алып бере алатын тепе-теңдік сақтағыш Нэш нүктесінен де басқа нүктелер бар. Тәжірибе бойынша ең жоғары жеңісті аталмыш ойынды бірнеше мәрте қайталап ойнау барысында қол жеткізуге болатындығы дәлелденген. Сюжетті қайталап ойнау барысында бастапқы ойын шарты еш өзгеріссіз қалып, ойыншылар алдыңғы қадамдарын қайталап отырады. Ондай кезде

қарсылас та бірінші ойыншының қандай қадамдар жасайтынын біліп отыруы мүмкін. Бұл парадоксты түсіндіру үшін қарапайым өмір мысалдары қажет секілді. Егерде екі жастың арасындағы жанжал күн сайын қайталанатын болса, бірінші ойыншы өзінің толық жеңісі үшін өз қарсыласының талаптарымен келісуге көнеді. Нәтижесінде екі жақта дау мен дамайлы кезеңді тәмамдайды. Бұл мысалды кеңірек түсіндіру үшін кооперативтік ойындарға көз салған жөн. Кооперативтік ойындарда ойыншылар әр ойыншының максималды пайдалы жеңіске жетулері үшін барлық стратегиялық жоспарларды қарастырып шығады. Айта кететін тағы бір жәйт, Нэш тепе-теңдік нүктесіндегі қол жеткізуі мүмкін жеңістер екінші орынға қойылады [32].

Жеке рационалдылық. Бұл орайда бірінші ойыншының максималды жеңіске және пайдаға қол жеткізу үшін таңдаған стратегиясы оның таңдаған бағанасымен сәйкес келеді. Бірінші ойыншы әр таңдауында екінші ойыншының қадамдарына анализ жасап отырады. Осыған ұқсас ойындарды N санды ойыншылар үшін де жасауға болады.

Топтық рационалдылық. Бұны кейде Парето түсіндірмесіндегі оптималдылық деп те атайды. Шыққан (a_{ij}, b_{ij}) нәтиже бұл орайда екі ойыншы үшін де ең оңтайлы болып есептеледі, егерде алғашқы нәтижеден басқа доменант бола алатын тағы (a_{nk}, b_{nk}) нәтиженің бар екені расталса толық іске аса алады:

$$a_{nk} \geq a_{ij}; b_{nk} \geq b_{ij} \quad [33].$$

«Тұтқын дилемасы» өз кезегінде индивид және топ арасындағы рационалдылықпен бірдей. Әр келесі координат өзіне дейінгі Нэш координатасына қарағанда көбірек ұтыс көреді. Бұл жердегі ұтыс конфликт барысында әр ойыншы қол жеткізуі мүмкін пайда немесе жеңіс болып табылады. Нэш ұтысы индивидуалды рационалдылық тұрғысында да ғана алынып, топтық рационалдылықты тұрақсыздыққа әкеледі.

Осы жерде көрсетілген төрт түрлі ойын теориясының қайсысы ең тиімді деген сұрақ туындайды.

Екі жақты (Е-Е) эскалацияға қолайлы Нэш ұтысы бағандар мен жолдар арасында тиімді орналасқан. Бірнеше мәрте қайталанған жағдайда бұл ойындағы тепе-теңдік нүктесі екі жақты да қолданбалы стратегиялық деэскалацияға (N-N) ыңғайлы болатындығы тәжірибелік зерттеулер барысында дәлелденген болатын. Метаойындар теориясы өзара әрекеттесуші бағандар мен жолдар арасындағы нүктелердің эскалация мен деэскалация стратегияларына сәйкес келетін тепе-теңдік нүктелеріне тең болатынын анықтады. Бұдан біздер бастапқы (N-N) нәтижесі топтық рационалдылықты қанағаттандыратынын түсінсек болады.

Тепе-теңдік нүктелерін барынша анықтап, ауқымын кеңейту үшін оппозициялық жастар тобының үкіметті қолдайтын жастар тобына қарым-қатынасын және олардың шешімдеріне қалай жауап беретіндігін немесе керісінше бағытта шексіздікке дейінгі мүмкіндіктер тізімін ретпен қарастыра бере аламыз [33].

Осындай әдістер арқылы бірнеше ойын теориясын қолдана берсек, екі жақ та екі тапқа ыңғайлы конфликтіні деэскалациялауды ойлана бастайды.

Мысалы ретінде, $f(x)$ функциясы $j = f(x)$ субъектісінің мақсаты болсын. Оптималды субъектінің қимылдары жағдайын барынша өзіне қанағаттанарлық етуінде жатады. Бұл орайда субъект $f(x)$ функциясын максималдайды:

$$f(x) = \max f(x).$$

Субъект іс-әрекеттері оның F алгоритмі арқылы бейнеледі:

$$F(x, x_{i-1}, \dots, x_0) = 0.$$

Бір оқиғаны субъект екінші бір оқиғаға ауыстыра алады.

Кез-келген F алгоритмін қолданатын қатардағы субъект өзінен күрделі динамикалық жүйені көрсете алады.

Оптимум x нүктесіне барынша аз уақыт ішінде субъекті бастапқы проблематиканың кеңейтілген нұсқасына алып келетін алгоритм $x_0 \in X_0$ оптималды алгоритм болып есептеледі.

Осы алгоритммен қаруланған субъект барлық өзі типтес субъектілер арасында ең жоғары интеллектке ие бола алады.

F алгоритмімен жабдықталған интеллект астарынан келесі функция өлшемін былай көре аламыз:

$$f(x) \in C.$$

Интеллекттің қатаң анықтамасы бастапқы жәйттердің бағытын меңзеу керек $x_0 \in X_0$.

Алгоритм берілген максимум нүктесін берілген дәлдікпен анықтай алады:

$$\|x_t - x\| < \epsilon.$$

Бұл алгоритмнен біз дискретті және үзіліссіз есептеу үрдісін келесі үлгіде көре аламыз:

$$F(x, x_{i-1}, \dots, x_{i-n}) = 0$$

немесе $F(x, x^{(1)}, \dots, x^{(n)}) = 0$. Бұл жерде F функциясы $f(x)$ функциясына және оның туындыларына стандартты операцияларды орындай алады.

Аналитикалық функциялар үшін градиентті алгоритмдер қолайлы:

$$x_{i+1} = x_i + a_i \xi(x_i),$$

$\xi(x)$ алгоритмі $f(x)$ функциясының градиенті мына жағдайда болып табылады:

$$\xi(x) = \frac{\partial f(x)}{\partial x}.$$

a коэффициенті $f(x)$ функциясының нақты коэффициенті. Процессті үдету үшін оны айнымалыға ауыстырып, оны i дискретті уақытқа немесе $f(x_i)$ функциясына тәуелді етеді.

Жастар арасындағы әр түрлі орын алатын конфликтілі жағдайларда аталмыш технологияларды пайдалансақ болады. Бұл модельдеу тек жастар арасындағы конфликтті ғана емес, барлық мемлекет ішіндегі саяси және әлеуметтік жанжалдарды реттеуге де көмектеседі. Дұрыс айнымалыларды модельдеу барысында біздер социосферадағы кеңістікке параллель жылжыту арқылы оларды дифференциалдау барысында үлкен нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Жастар тарапынан туындауы мүмкін жанжалдарды болжауға да болады.

Берілген итерациялар санында бастапқы жағдайды оңтайлыға түрлендірген барлық алгоритмдердің ішінде оңтайлысы бастапқы жағдайлардың кең ауқымында оптимумға жақындауды қамтамасыз ететін алгоритм болып табылады. Егер де бастапқы жағдайда қандай тақырып берілген болса, оның оңтайлы алгоритмі он оптималды нүктеге немесе – көрші коэффициентіне апаратын алгоритм болып табылады. Субъектіде оны сол жағдайдан ауыстыруға қабілетті алгоритмі болса, ол зердеге ие болады. Ол орналасқан жерде оңтайлы нүктеге дейін немесе оның аймағынан тыс аяқталу уақытына тең болып есептеледі.

Өйткені белгілі бір әрекет алгоритмімен жабдықталған секілді динамикалық жүйе конвергенция шарты болып табылады. Оңтайлы жағдай кеңістігінің берілген соңғы нүктесіне алгоритм динамикалық жүйе тұрақтылығы іспетті. Интеллект теориясының математикалық негізі төменде бар төменде көрсетілген динамикалық жүйелер тұрақтылығының кең теориясы. Бұл тәсілмен динамикалық жүйенің тұрақты тепе-теңдік күйі мен оның оңтайлы нүктелерінің анықтамасы қоса қарастырылады.

Интеллект теориясы мен қазіргі тұрақтылық теориясының айырмашылығы динамикалық жүйесінде жатыр. Олар максималды қанағаттандыруға қол жеткізген априори саны белгісіз, ол теорияның мақсаты оған апаратын ең қысқа жолды көрсетуі керек. Егер динамикалық жүйелер теориясында алгоритмдік жүйе қоса берілген болса, оның объективті функциясы арқылы бағаланатын процесстер өз түрлілігі ауқымы шеңберін кеңейтеді [34, б. 9].

Осылайша, интеллект теориясы алгоритмдер кеңістігіндегі оңтайландыру теориясы ретінде қарастырылады. Яғни, динамикалық жүйені таңдау теориясы ең жақсы түрде берілген тапсырманы шешуінде жатыр. Интеллект теориясына ең жақын өзін-өзі реттейтін экстремалды автоматты басқару жүйелерінің қарқынды дамып келе жатқан теориясы болып есептеледі.

Тірі тіршілік иесінің мақсатты қызметі болуы мүмкін функциясы:

$$T = f(x).$$

Мұндағы T – өмір кешу аралығы, ал x – тірі тіршілік ету салтының параметрлері. Бұл функция өте күрделі, сондықтан оның максимумын табу да күрделі болатын қызмет [34, б. 128-130].

Тағы бір тәсіл – когнитивті құрылымдарды модельдеу жанжал жағдайында оның мінез-құлқы мен таңдауына әсер ететін адам түсінігі шеңбер маңайында топтасады. Бұл тәсілдің теориялық негізі жасанды интеллект психологиясы мен әдістері болып табылады. Қақтығыс жағдайында автоматтандырылған зерттеулер мен шешімдерді қолдау үшін екі тәсілдің комбинациясы пайдаланылуы мүмкін. Психологиялық ерекшеліктері субъектілердің пайда болуына, дамуына және кең етек жаюына үлкен әсер етеді. Олардағы басты мақсат – кез-келген конфликтілі жағдайды аз ресурсты пайдалана отырып залалсыздандыру.

Адамдар ұқсас жағдайда кейбір тұрақты, қайталанатын мінез-құлық көрсетуге бейім. В.А. Лефевр өз мәлідемесінде адамның рефлексия қасиетін формальдандыратын тәсіл ұсынды. Рефлексиялық мінез-құлық теориясы психологиялық зерттеулермен дәлелденіп, әрі қарай дамығаны шындық. Бұл салада рефлексиялық мінез-құлықтың әртүрлі үлгілері салынған: моральдың екілік логикасы, ықтималдылық моделі, анық емес модельдер, жиынтықта анықталған гамма-алгебралық модельдер аралығындағы сандар және т.б. [35, б. 12].

В.А. Лефеврдың адамның (субъектінің) рефлексиялық мінез-құлқының математикалық моделі екі мәнді логикаға құрылған. Рефлексия моделі бірінші деңгейі $a_2 \rightarrow a_1$ импликациясымен өрнектеледі. Ал, екінші деңгейінің формуласы:

$$(a_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1.$$

Мұндағы a_1 – субъектінің бейсаналық ниеті, a_2 – оның өзі-өзі бағалауы (өзінің ниетін бейсаналық бағалау, бастапқы ниетті мінез-құлыққа айналдыру), a_3 – субъектінің өзі туралы идеясын өзі бағалауы.

(*) өрнегі сыртқыны бақылайтын бейненің әрекетті түрде түсіндіріледі, мұндағы $A_2 = a_3 \rightarrow a_2$ – субъектінің өз тәжірибесі және оның бейнелеуіндегі субъектінің бейнесі ретінде қарастырылады.

А субъектісінің (тұлғаның) рефлексиялық мінез-құлқының моделі функция болып табылады.

$$A_1 = f(a_1, a_2, a_3).$$

Осы теңдеу арқылы өзгеріс ауқымы түрлі жастар арасындағы қақтығыстарды шешуге не алдын алуға болады. Теңдеуді қарап отырсақ, бұл оның қысым астында A_1 -ді таңдауға дайындығын сипаттайтын a_1 күйіндегі сыртқы эквивалент десек те болады, a_2 – оның психологиялық көзқарас, ал ниеті – a_3 . В.А. Лефевр бульдік алгебрада бұл модельді формализациялауға ұсынды.

$B_1 = \langle \{0,1\}, \&, \vee, \neg \rangle$ мұндағы $\&$ – конъюнкция, \vee – дизъюнкция, \neg – терістеу және импликация операциясы ретінде енгізіледі. Ол операция: $x \rightarrow y = \neg x \vee y$.

Рефлексивті таңдаудың толық моделі жоспарларды (тілектер және т.с.с.) ескереді. Бұл жерде субъектіні функция арқылы сипаттайды.

$$A_1 = f(a_1, a_2, a_3) = (a_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1.$$

Мұндағы $A_2 = a_3 \rightarrow a_2$ – субъекттің өзін-өзі бағалауы, қазіргі жағдайдағы оның психологиялық қатынасы a_2 және a_3 арқылы суреттеледі.

Модельдеу барысындағы барлық таңдаулар реалистік болып саналады. Егер субъект өзінің ниетін (жоспарларын, тілектерін) жүзеге асыра алса, таңдау толыққанды реалистік сипат алады. Шынайы таңдау шарттары жоғарыда көрсетілген теңдеудің шешімдерін табу барысында анықталады.

$$f(a_1, a_2, x) = (x \rightarrow a_2) \rightarrow a_1 = x.$$

Реалистік таңдау шарттары келесі теңдеулерден алынады:

$$(a_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1 = a_3, \text{ ол бұдан келесі түрге ауысады:}$$

$$a_1 \leq a_3 \leq a_2 \rightarrow a_1.$$

Соңғысынан көп критериалды таңдау жағдайында нормалардың жартылай реттелген жиынтығы бойынша субъектінің үш мүмкіндігі бар болатыны шығады [35, с. 109].

1. Егерде $a_3 \rightarrow a_1 \rightarrow a_1$ болса, онда пәнді таңдау әсер ету арқылы анықталады. Бұл орайда сыртқы орта: субъект қоршаған ортаның қысымымен сәйкес келетін ниетті ғана жүзеге асыра алады.

2. Егерде $a_1 < a_2 \rightarrow a_1$ түрінде берілсе, онда субъект таңдаудың ішінара еркіндігіне ие және кейбір ниеттерін жүзеге асыра алады. Мысалы, бұл жерде ол $a_3 \in [a_1, a_2 \rightarrow a_1]$ теңдігімен реттеледі.

3. Егерде $a_1 = a_2 = 0$ болса, онда субъект таңдауда толық еркіндікке ие болады және өзінің кез-келген ниетін жүзеге асыра алады.

Егер А субъектісі В субъектісімен әрекеттессе, ол мүмкін А субъектісінің ниеті мен құтуіне әсер ету, сондай-ақ өзін қоршаған ортаға әсер ету функцияларын атқара алады. Субъектілер қатарында тек қана жастар ғана емес, сонымен бірге ұжым да, топтасқан түрлі әлеуметтік топтар мен таптар да болуы мүмкін. Барлық жекелеген жағдайларда тұлға шешім қабылдаса, топтасқан көп санды әрекетке қатысушылар тұтас күйлі бір макро организм күйінде біркелкі шешім қабылдай алады.

Ондай сәттерде бақылау мақсаты өзгеріссіз қалары анық. Сыртқы ортаға А субъектісін бақылау әрекеттеріне бағындыру немесе доминант болу шаралары жатады. В серіктесінің барлық жиынтық әрекеттері мен әсері А субъектісінің ниетін өзгертуге бағытталсын. (Аталмыш функциялар мемлекет ішіндегі жастардың конфликтілік деңгейін анықтауға қолайлы) Егер субъектілердің өзара әрекеттері сәйкесінше мына $W(, y)$ функциясы арқылы сипатталса, у бұл жерде әсер етуші В субъектісінің бақылаушылық қабілетін толыққанды сипаттай алу мүмкіндігіне ие бола алады [35, с. 132-133]. Бұл жағдайда А субъектісінің таңдауға дайындығы мына функция арқылы суреттеледі:

$$A_1 = (W(a_3, y) \rightarrow a_2) \rightarrow a_1.$$

Мұнда біз мәселе шеңберінде жинақталған конфликтілі пәннің жоспарлары кезінде ғана осындай шешімдерді қарастыра аламыз. Барлық мақсаттарды А субъектісі арқылы да іске асырауға болады. А пәнін шынайы таңдау мына теңдеуді қанағаттандыра алады:

$$\begin{aligned} A_1 &= (W(a_3, y) \rightarrow a_2) \rightarrow a_1 = a_1 \neg v a_2 \ \& \ W(a_3, y) = \\ &= (a_1 \neg v a_2) \ \& \ (a_1 \vee W(a_3, y)) = a_3. \end{aligned}$$

Осы жерден жалпы түрдегі ортақ шешім шығады:

$$a_1 \leq W(a_3, y) \leq a_2 \rightarrow a_1.$$

Соңғысы таңдаудың нақты шарттары тәуелді болады дегенді білдіреді. $W(a_3, y)$ әрекеттесу формасы бойынша алдыңғы мақсаттар орындалады, егерде:

$$W(a_3, B_3) = a_3 \vee B_3 \text{ шарты іске асатын болса.}$$

Мұндағы B_3 – В субъектісінің ниеттері (жоспарлары, тілектері және т.б.). Сонда шынайы таңдау шарты келесідегідей анықталады:

$$a_1 \vee \neg a_2 \ \& \ (a_3, B_3) = a_3.$$

Дистрибутивтік (бөлу) заңы бойынша мыналарды аналмыз:

$$a_1 \vee \neg a_2 \ \& \ a_3 \vee \neg a_2 \ \& \ B_3 = a_3.$$

Осыдан келесі шарттар туындайды:

$$a_1 \vee \neg a_2 \ \& \ B_3 \leq a_3 \leq \neg a_2 \vee a_1;$$

немесе $(B_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1 \leq a_3 \leq a_2 \rightarrow a_1.$

Егер де $W(a_3, B_3) = a_3 \ \& \ B_3$ ымыраға келуге мұқтажсыз өзара әрекеттесуді сипаттайтын болса, ол кезде шынайы таңдау шарты келесі пішіндегідей болатыны сөзсіз:

$$a_1 \vee \neg a_2 \ \& \ (a_3, B_3) = a_3.$$

Ассоциативтілік және үлестіру заңдары бойынша біз келесі теңдіктерді ала аламыз:

$$a_1 \vee a_3 \ 7(\neg a_2 \ \& \ B_3) = (a_1 \vee a_3) \ \& \ (a_1 \vee \neg a_2 \ \& \ B_3) = a_3, \text{ бұдан:}$$

келесі $a_1 \leq a_3 \leq (B_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1$ шарты орындалады.

Соңғы шарты төмендегідей іске аса алады, егер де $(B_3 \rightarrow a_2) \rightarrow a_1 = a_1$, сондай-ақ келесідегідей т.с.с. $\neg a_2 \ \& \ B_3 \leq a_1$ теңдіктер жүйелі түрде өз қызметтерін орындаса, бұнымен біз метаойындардың қаншалықты алуан түрге бөлініп, жұмыс жасай алатындығын көре аламыз [36].

Бұл рефлексивтіліктің негізгі принципін басқаруды білдіреді: субъектіні оған қоршаған орта жүктеген шешімді қабылдауға көндіру үшін таңдау кезінде оның бойында адекватты емес жоғары тек өзін-өзі бағалауды қалыптастыру керек. Конфликтология секілді жас ғылымда заманауи математикалық және есептеуіш технологияларының кеңінен қолданыла бастауы, зерттеушілердің алдына қойып отырған мақсаттарын әлдеқайда жеңілдететіні сөзсіз. Ол үшін бізге рискке алу келу қаупі бар өмірлік жаңа мәселелерді реттеу үшін математикалық қабілеті не білімі бар қазіргі мамандарды саяси зерттеу институттарына қызметке алу немесе оларды саясаттану мамандықтары бойынша оқуға қабылдау мәселелерін шешуіміз керек секілді.

Жаңа әлеуметтік құбылыстарды бастан өткеріп жатқан Қазақстан республикасы секілді ең жас мемлекет үшін қақтығыстардың алдын алу үшін әлем тәжірибесімен үнемі сабақ алмасып отырған дұрыс. Ақпараттарды көп жағдайда әлеуметтік желілерден қабылдайтын жастар үлкен конфликтілік деңгейдің ұлғаюы әсеріне тап болып, мемлекет жүйесі туралы наразы әрі тексерілмеген пікірде қалып қоюы мүмкін [36]. Жастардың саяси білімін жетілдіріп, саяси белсенділігін көтеру арқылы біз келешекте болуы мүмкін біршама мемлекет ішіндегі дүмпүлердің алдын ала аламыз.

Өз ойымды қорытындылай келе, математикалық модельдеу тұрғысындағы ойындар және метаойындар теорияларының әлеуметтік ғылымдарда қолданысы жаңа көкжиектердің ашылуына алып келеді дегім келеді. Жастар кез-келген мемлекеттің өзін құраушы жұмысқа және өндіріске ең қабілетті және негізгі сарқылу қаупі бар құнды ресурсы болып есептеледі. Мемлекет пен жастар арасында дұрыс байланыс орнатылмаған жағдайда мемлекет ішіндегі жастар үлесі күрт азайып, төмендеп те кетуі ғажап емес. Сыртқы миграцияға алып келетін ішкі миграция мәселесі секілді көкейкесті заман сұрақтарын келешекте жаңа қақтығыстарға алып келуі мүмкін шарт ретінде қарастырып, оларды модельдеу қажет секілді. Өйткені, әлем тәжірибесі бізге көрсеткендей, әрбір үлкенді-кішілі дүмпудің негізгі потенциалды ұозғаушы күші жа-

стардан құралады. Математикалық әдістердің әлеуметтік ғылымда үлкен рөл ойнайтындығы көрініп тұр. Модельдеуге келешекте өзге де теориялық жаңа әдістерді пайдаланып, қақтығыстарды жалпы не жекеше түрде модельдеуге оңай қол жеткізе аламыз. Монографиямды қақтығыстанудағы математикалық модельдеу – ақапараттық дәуірде өмір сүріп жатқан жастар арасындағы қақтығыстық деңгейді тура есептеп, оларға тура баға бере алатын, қазіргі қоғамдағы орын алып жатқан жанжалдардың табиғатын түсінуге мүмкіндік беруші ең объективті зерттеу құралы деп аяқтағым келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сысоев В.В. Конфликт. Сотрудничество. Иезависимость: системное взаимодействие в структурно-параметрическом представлении. – М.: издательство МАЭиП, 1999. – 151 с.
2. Таран Т.А. Булевы модели рефлексивного управления и их применение для описания информационной борьбы в социально-экономических системах // Автоматика и телемеханика, 2004, № 11, с. 60-173.
3. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта. – М.: издательство «Директ-Медиа», 1956. – 21 с.
4. Козер Л. Функция социального конфликта. – М.: издательство «Идея-Пресс», 2000. – 465 с.
5. Дюверже М. Политические партии. – М.: издательство «Академический проект», 2018. – 544 с.
6. Рекс Д. Key problems of sociological theory. The international library of sociology. – London: «New fetter lane», 1961. – 155 p.
7. Парсонс Т. О социальных системах. – М.: издательство «Академический проект», 2002. – 832 с.
8. Боулдинг К. Альманах. Выпуск 1. Историческая макросоциология в XX веке (сборник). – М.: издательство «Просвещение», 2000. – 758 с.
9. Локвуд Д. Solidarity and schism. The problem of Disorder in Durkheimian and Marxist sociology. – Oxford: «Clarendon press», 1992. – 451 p.
10. Талей Н. Рискаю собственной шкурой. – М.: издательство «Азбука», 2018. – 384 с.
11. Акимбеков С.М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. Электронный ресурс <https://antiterrortoday.com/>. (Дата обращения: 14. 08. 2023.)

12. Карин Е.Т. Внутриполитические аспекты национальной безопасности Казахстана. Электронный ресурс <https://www.dissercat.com/>. (Дата обращения: 14. 08. 2023.)

13. Жумакаева. Б.Д. Конфликтология. – Алматы: издательство «ТОО Эверо», 2018. – 164 с.

14. Насимова Г.О. Основные факторы и причины возникновения конфликтов в Казахстане // Человек. Общество. Право. – 2009. – №1, 59-66 с. Электронный ресурс <http://chsu.kubsu.ru/>. (Дата обращения: 14. 08. 2023..)

15. Лаумулин М.Т. Геополитика в Центральной Азии и безопасность республики Казахстан. Электронный ресурс <https://www.dissercat.com/>. (Дата обращения: 15.08.2023.)

16. Токаев. К.-Ж.К. Внешняя политика Республики Казахстан в период становления нового мирового порядка. Электронный ресурс <https://www.dissercat.com/>. (Дата обращения: 16. 08. 2023.)

17. Сеңгірбай М.Ж. Этносаралық қақтығыстардың алдын алу мен реттеудің технологиялары (посткеңестік мемлекеттер тәжірибесі). Электронды ресурс <https://www.enu.kz/>. (Дата обращения: 16.08.2023.)

18. Исмаилов Е. Трудовые конфликты в Казахстане: невыученные уроки. Электронный ресурс <https://forbes.kz/>. (Дата обращения: 16.08.2023.)

19. Алияров Е.К. Государственная информационная политика Республики Казахстан в условиях глобальной информатизации. Электронный ресурс <https://articlekz.com/>. (Дата обращения: 17.08.2023.)

20. Деловарова Л.Ф. Влияние миграции на региональное сотрудничество и устойчивое развитие в ЦА (Казахстанский контекст). Электронный ресурс <https://www.nauka.kz/>. (Дата обращения: 18.08.2023.)

21. Дмитриев А.В. Конфликтология. М.: издательство «ИИФРА-М», 2009. 336 с.

22. Петросян Л.А., Зенкевич Н.А., Семина Е.А. Теория игр. – М.: издательство «Высшая школа», 1998. – 304 с.

23. Светлов В.А. Аналитика конфликта. – Сп(б)Гу: издательство «Росток», 2001. – 512 с.

24. Покорная О.Ю. О выборе оптимальных стратегий в планировании боевых операций. // Инновации в авиационных комплексах и системах военного назначения». Вестник ВАИУ, 2009. – С. 194-198.

25. Млечин Л. Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков. – М.: издательство «Молодая гвардия», 2023. – 352 с.

26. Шагин В.Л. Теория игр. – М.: «Издательство Юрайт», 2015. – 223 с.

27. Болотский А.В. Математическое программирование и теория игр. – М.: издательство «Лань», 2022. – 272 с.

28. Мазалов В.В. Сетевые игры. – М.: «Издательство Лань», 2022. – 320 с.
29. Горстко А.Б. Познакомьтесь с математическим моделированием. – М.: издательство «Знание», 1991. – 162 с.
30. Ласло М. Вычислительная геометрия и компьютерная графика. – М.: издательство «Феникс», 2021. – 422 с.
31. Левин В.И. Логико-алгебраический подход к моделированию конфликтов // Системы управления, связи и безопасности. – 2015. – №4. – С. 69-87. URL: <http://scs.intelgr.com/archive/2015-04/03-Levin.pdf> (Дата обращения: 12.12.2022.).
32. Левин В.И. Автоматное моделирование процессов возникновения и распада коллектива // Кибернетика и системный анализ. – 2003. – №3. – С. 92-101.
33. Левин В.И. Автоматное моделирование исторических процессов на примере войн // Радиоэлектроника. Информатика. Управление. – 2002. – №12. – С. 93-101.
34. Мазалов В.В. Переговоры. Математическая теория. – М.: издательство «Когнито-центр», 2012. – 304 с.
35. Лефевр В.А. Алгебра совести. – М.: «Издательство Когнито-центр», 2003. – 411 с.
36. Шимиев Г.В. Коллективное конфликтное поведение линейных последовательностных машин // Вестник БГУ, 2009. – № 2. – С. 82-92.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталмыш ұжымдық монографияда заманауи тренд саналатын цифрландыру үрдісінің қазақстандық жастардың дүниетанымына, саяси белсенділігі мен коммуникациялық моделіне, саяси мәдениетіне тигізетін ықпалдары жан-жақты талданды. Цифрлы технологиялар, соның ішінде интернет, әлеуметтік желілер мен ұялы телефондар қазақстандық жастардың күнделікті өмірінің ажырамас бір бөлшегіне айналып үлгерді. Олар тек байланыс құралы қызметін атқарып ғана қоймай, бүгінгі күні жастардың саяси көзқарасы, ұстанымы мен құндылықтарының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Зерттеу барысында соңғы уақытта жаппай цифрландыру аясында жастардың саяси үрдіске белсене атсалысуы мен өзара әрекетінде едәуір өзгерістер анықталды. Оның басты себебі Интернет пен әлеуметтік желілер көмегімен қазақстандық жастардың маңызды саяси ақпарат көздеріне кең көлемде оңай қол жеткізе алуында жатыр. Бұл оларға сыртқы әлеммен жылдам хабардар болуына және саяси пікірталастарға үн қосу арқылы қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілер виртуалды қауымдастықты қалыптастыру арқылы өзінің пікірін білдіруге, саяси тақырыптарды талқылауға жол ашады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың бастапқыда негізгі гипотезасы былай құрастырылған болатын: «Қазақстандықтардың қоғамдық өмірінің барлық саласына цифрлы технологияларды белсенді түрде ендіруі қазіргі уақытқа дейін қалыптасып үлгерген қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің түбегейлі түрде өзгеруіне алып келеді. Бірінші кезекте қатаң өзгеріске жастардың саяси санасы мен мінез-құлқы ұшырауы мүмкін.

Екінші кезекте, қазақстандық жастардың әлеуметтенуінің дәстүрлі институттары айтарлықтай деңгейде өздерінің ықпалын жоғалту үстінде, оларды біртіндеп цифрлы технологияларға негізделген заманауи ақпараттық-коммуникативтік жүйелер ығыстырып шығаруда. Интернет, әлеуметтік жүйелер (Facebook,

WhatsApp, Instagram, Telegram, Twitter) мен т.б. арқылы түрлі ақпараттар мен пікірлердің еркін таралуы жас қазақстандықтардың жаңа саяси идеялары мен көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасайды».

Алайда, зерттеу барысында алынған қорытындылар, әлеуметтік сауалнама нәтижелері жастардың әлеуметтенуінде дәстүрлі институттардың ықпалы әлі де болса жоғары деңгейде сақталып отырғандығын көрсетті. Жуық арада цифрлы технологиялар әлеуметтену үрдісінде дәстүрлі институттарды ығыстырып шығара алмайтындығы анықталды. Дегенмен, бұл цифрландыру үрдісі жастардың дүниетанымына, саяси санасы мен көзқарасының қалыптасуына тек жағымды ықпалы бар, одан төнетін қауіп жоқ дегенді білдірмесе керек. Цифрландыру соңғы уақытта қоғамдық сана пен пікірдің қалыптасуында жалған ақпараттардың таралуына және жастардың санасының манипуляциялануына еркін жол ашып отыр.

Ұжымдық монографияда айтылған ойларды сараптай келе жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуында цифрландыру маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келуге болады. Осы зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған нәтижелер жастар аудиториясымен жұмыс жасаудың тиімді стратегияларын әзірлеуде және олардың қоғамның саяси өміріне белсене араласуына жағдай жасауға көмектеседі.

Цифрландырудың жастардың саяси мәдениетіне ықпалын келешекте зерттеу маңызды тақырып болып саналады. Алдағы уақытта зерттеудің басты бағыттарының бірі цифрлы ортаның ықпалымен жастардың саяси наным-сенімдері мен қалауларының қалыптасу үрдісін зерттеу болып табылады. Әсіресе, жастардың саяси наным-сенімдері мен олардың саяси белсенділігінің арасындағы өзара байланысты салыстыра отырып қарастыру, жастардың қаншалықты деңгейде елде саяси өзгерісті қалайтындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Осы саладағы алда жүргізілетін ғылыми жұмыстар баға жетпес құнды ғылыми нәтижелер беруі мүмкін. Медиа сауаттылықты арттыру, коммуникацияның тиімді стратегияларын әзірлеу және

сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету жастардың елдің саяси өміріне белсенді араласуында және сыни ойлау қабілетін арттыруда маңызды қадам болып табылады. Білім берудің барлық деңгейінде қазақстандық жастарға ақпараттарды талдауға, оларды фильтрлеуге және саяси ақпараттарға сыни көзқараспен қарауға тәрбиелеу керек. Сонда ғана цифрлы технологиялардан жастарға келетін бізге мәлім немесе беймәлім қатерлердің алдын алуға болады.

Ғылыми басылым

**ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ:
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖАҢА ТРЕНДТЕР**

Мұқабаның дизайны: *Б. Леспек*
Беттеу: *Ж. Рахметова*

ҚР ҒЖБМ ҒК «Философия, саясаттану
және дінтану институты» ШЖҚ РМК

Басуға 22.09.2023 ж. қол қойылды.
Таралым 500 дана. Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы: 20,12.

ЖК «ИМПУЛЬС» баспасында басылып шығарылды.
Қаскелең қ., ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл көшесі, 35 үй.

Ескертпе

Для заметок